В этом Типовом законе содержатся нормы и правила легализации и признания контрактов, согласованных с помощью электронных средств, устанавливаются принципы дефолта, применимые при разработке и исполнении контракта; определяются признаки действительности электронных записей и подлинности документов, предусматриваются условия приемлемости электронной подписи в юридических и коммерческих целях, Закон выражает поддержку возможности использования компьютерных свидетельств и доказательств при рассмотрении дел в судебных или арбитражных слушаниях. Типовой закон может использоваться государствами для разработки внутреннего законодательства, призванного содействовать устранению юридических препятствии, усложняющих электронную коммерцию и неопределенностей, возникающих в связи с ее применением.

Со стороны отдельных стран Европейского сообщества и международных организации также предпринимались некоторые попытки разрешения юридических проблем, связанных с применением электронной коммерции. Сюда относятся; взаимный обмен контрактами и соглашениями между партнерами в торговле, которые касаются вопросов EDI (обмен электронной информацией).

1. *Угроза общественной морали и безопасности.* Контролировать все, что можно найти в Интернете, практически невозможно. Тем не менее, существуют возможности по предотвращению доступа к нежелательной информации путем установки индивидуальных программных фильтров на персональных компьютерах, или в более широком масштабе, предоставление такой услуги силами провайдеров услуг Интернета. Рост использования Интернета и других электронных средств в международной торговле товарами и услугами заставил государства-члены ВТО принять на Женевской Конференции министров (состоявшейся в мае 1998 г.) Декларацию о мировой электронной коммерции .

Для того, чтобы обеспечить свое участие в такой торговле, странам предстоит укрепить свои возможности, чтобы быть в состоянии осуществлять ее в качестве приоритетного направления. Однако нельзя недооценивать сложность осуществления такой задачи. Странам придется вкладывать средства как в развитие физической, так и человеческой инфраструктуры, в специальное образованна и обучение и создавать соответствующую юридическую базу, позволяющую осуществлять торговлю с использованием электронных средств.Следует учитывать и вышеупомянутую проблему коммерческой безопасности, весьма существенный ущерб мировой экономите могут наносить деструктивные действия различных лиц.

Список литературы:

1. Соловей М. В., Кривонос Д. А. Роль электронной коммерции в международной торговле // Вопросы экономики и управления. - 2016.- №3.1, с.47-55

2. Электронная коммерция в международной торговле: [Электронный ресурс]: Режим доступа:https://iccwbo.ru/blog/2016/elektronnaya-kommertsiya/
3. China Ecommerce 2019, eMarketer («Интернет-коммерцияв Китае — 2019 г.»)
4. История и перспективы электронной коммерции Китая: [Электронный ресурс]: http://b2b.toocle.com/detail-6170951.html.

ӘӨЖ 338.433.4:338.

Муханова А.Е. э.ғ.к, аға оқытушы,
Қайратова Э. магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа: Персоналды басқару тиімділігі - еңбекті ынталандыру, мамандандырудың ролі, кадрларды іріктеу, орналастырумен тікелей байланысты. Осыған орай, мақалада еңбек ресурстарын тиімді пайдалану әдістерін қолдану, еңбек ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру шаралары қарастырылған. Персоналды бағалау - ағымдағы жоспарлау,кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, еңбек нәтижелерін бағалау ережелерін жасау, персоналға жұмсалатын шығындарды бақылау, персоналды басқару тиімділігін бағалау жатады.Қазіргі жағдайда персоналды басқару кәсіпкерлік, инновациялық және ақпараттық-коммуникациялық сипатқа тән екендігі анықталды.

Кілт сөздер: персоналды басқару, еңбек ресурстарының бәсекеге қабілеттілігі, еңбек тиімділігі, еңбек нормасы, кадрларды іріктеу.

Персоналды басқаруды жетілдіру тәжірибесінде басты тиімділікті нормативті әдіс иеленеді. Ол персоналды басқару, функциясы бойынша жұмысшылар саны, ұйымдық құрылым, жалпы кәсіпорынның басқару аппаратын құру және адам ресурстарын басқару жүйесін, ұйым персоналын басқару жетекшілері мен мамандарының еңбегін кооперациялау және бөлу бойынша қызметтердің құрамын және мазмұнын анықтайды.

Параметрлік әдіс жиі пайдаланылады. Бұл әдістің міндеті:

- сәйкестік дәрежесін анықтау үшін адам ресурстарын басқару жүйесі мен өндірістік жүйе параметрлері арасында функционалдық тәуелділікті орнату.

Адам ресуртарын басқару жүйесін жетілдіру барысында жақсы нәтижені қызметтік-құндық талдау береді. Ол адам ресурстарын басқару жүйесінің немесе адам ресурстарын басқарудың құзіретінің аз шығынды талапететін және соңғы нәтиже бойыеша тиімді болып табылатын нұсқасын таңдауға мүмкіндік береді. әдіс артық немесе көшірмелі қызметтерді алып тастауға мүмкіндік береді.

Персоналды басқарудың қазіргі замандағы тұжырымдамасы әлеуметтік-экономикалық жүйе ретінде кәсіпорынның іс -әрекеті негізінде нақты адамды қояды және қызметкерді кәсіпорынның ұйымдық-экономикалық механизмінің шешуші элементі ретінде қарастырады.

Персоналды басқару – іс-әрекеттің функционалды ортасы, оның мәселесі – кәсіпорынды керек уақытта, қажетті мөлшерде және талап етілетін сапада кадрлармен қамтамасыз ету, оларды дұрыс орналастыру және ынталандыру. Персоналды басқару мақсаты жалпы ұйымның игілігі мен жұмыскерлердің жеке мүдделерін ескере отырып, әрекет ететін еңбекке қабілетті ұжымды .қалыптастыру болып табылады[1].

Кәсіпорын персоналды бір мезетте басқарудың объектісі де, субъектісі де бола алады. Кәсіпорын қызметкерлерінің объект болуының себебі: олар өндірістік процестің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан, өндірісте адам ресурстарын жоспарлау, қалыптастыру, қайта бөлу және тиімді пайдалану персоналдарды басқарудың негізгі мәні болып табылады және осы тұрғыдан қарағанда өндірістің материалдық-заттай элементтерін басқаруға ұқсас келеді.

Еңбек ресурстарын басқарудың екі бағыты бар. Бірінші бағыты бойынша бизнестің стратегиялары шеңберінде ұйым мен жұмыскерлер арасындағы қарым-қатынастарды реттеу негізінде ұйымның бәсекеге қабілеттілік жағдайлары мен ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Екінші бағыты бойынша ағымдағы персоналдық жұмыстар жүргізіледі: персонал қажеттілігінің қазіргі жағдайы мен жоспарлауы, штаттық кестелерді жасау; персоналды бағалау және іріктеу, таяудағы кадрлық ауысымдарды, жұмыстан босатуды жоспарлау; біліктілігін жоғарылату және қайта даярлау және т.б.

Жалпы алғанда персоналды басқару – ұйымды қажетті өндірістік тәртіпті сақтайтын, өндірістік функцияларды қызыға орындайтын жұмыскерлердің қажетті санымен қамтамасыз ету болып табылады. Еңбек ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін төмендегі деңгейлерге бөлінеді:


- Жеке деңгей(жұмысшының жеке деңгейі);
- Микродеңгейі (шаруашылық деңгейі);
- Мезодеңгей(аймақтық, территориялық);
- Макродеңгей(мемлекеттік деңгейі);
- Халықаралық деңгей(мемлекеттік деңгей)[2].

Жұмысшының бәсекеге қабілеттілігі – бұл еңбек қызметіндегі жеке адамның қабілеттілігі, белгілі бір мақсатқа жетудегі мүмкіндігі. Жұмысшының бәсекеге қабілеттілігі жұмыс күші сапасымен анықталады. Еңбек ресурстарының бесекеге қабілеттілігін кешенді жіктеу келесі кестеде көрсетілген.

Персоналды басқару мақсаттары. Персоналды басқару келесі мақсаттарды көздейді:

1) Жалпы мақсаттарға жетуде кәсіпорынға көмек көрсету;
2) Жұмыскерлердің шеберлігі мен мүмкіндіктерін тиімді пайдалану;
3) Кәсіпорынды біліктілігі жоғары және қызығушылық танытатын қызметкерлермен қамтамасыз ету;
4) Жұмыскерлердің өз жұмыстарына барынша толық қанағаттануына, олардың өздерін толық көрсете алуына ұмтылу, ал бұл өз алдына әрбір жұмыскердің осы кәсіпорында жұмыс істеу тілегін жоғарылатады;
5) Жеке адамның потенциалын тиімді пайдалану қағидасына сәйкес адамның еңбек (жеке басты, психофизиологиялық) іс-әрекетін басқару механизмін меңгеру.

Ең жоғарғы мақсат – персоналды басқару жүйесіндегі кәсіпорынның таза табысы адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін өндірісте қанағаттандыру болып табылады. Басқару кадрларын іріктеу оларды өзгерту мен алмастыруға, техникалық прогрестен туындайтын адамдардың жаңа қызмет түрлерінің пайда болуына байланысты. Көпшілік басшы қызметкерлер, кадрларды іріктеу кәсіпорын үшін ең қиын әрі ең жауапты іс деп саналады.



Сурет 1 - Еңбек ресурстарының бәсекеге қабілеттілігін басқаруды бағалау жүйесі

Ескертпе - [3] дереккөз бойынша құрастырылған

Кадрларды іріктеудің мынадай қағидалары бар:

- қабілетті адамдарды батыл шешіммен емес, ойластырып таңдаған жөн;
- беделін түсірген қызметкерді басқадай басшылық қызметке орналастырмау;
- басшылық қызметке өзіне үміткерлер болмаған жағдайда ғана басқа кәсіпорыннан алу;

- босаған орын болмаған кезде ешкімді де қызметін жоғарылатуға үміттендірмеу қажет;
- екі үміткер де бірдей дәрежеде болған жағдайда едәуір жасырағын алу;

Кадр қызметшілерін білікті мамандармен толықтыруға ерекше көңіл бөлінеді. Кадр қызметінің басшылығына ұсынылатын кандидаттар есептеулер техникасының арнайы даярлықтан өтуі, шет тілдерін білуі тиіс[3].

Еңбек ресурстарын басқару тиімділігін екіге бөліп қарастырып отырмыз. Себебі бәсекеге қабілеттілігін басқару тиімділігі сыртқы ортаның әсерін анықтау арқылы көрсету тиімділігін арттырады.

Осылайша, экономиканың даму жағдайында еңбекті ғылыми ұйымдастыру негіздерін, оның меншік формасына және басқару құрылымына қарамастан нақты мекеменің жағдйаына қатыстынегізгі бағыттарын жаңғырту және дамыту қажеттілігі артады. Кәсіпорынның ресурстарын тиімді пайдалануға бағытталған, ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді пайдалана отырып, кәсіпорынның жұмысын басқару, жұмысшыларға жедел және стратегиялық әсер етуді білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ладанов ИД. Практический менеджмент. Психотеника управления и самотренировки. - М.: Издательство «Корпоративные стратегии», 2004, - 496 с.

2. Производственный менеджмент: Учебник для вузов. 4-е изд. /. Р. А. Фатхутдинов. — СПб.: Питер, 2003. — 491 с:

3. Карташова Л.В., Никонова Т.В., Соломанидина Т.О. Организационное поведение: Учебник. — М.: ИНФРА-М, 2001. — 220 с.

ӘӨЖ 330.012

Муханова А.Е. э.ғ.к, аға оқытушы,
Нұрлан М. магистрант,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда қ.,Қазақстан Республикасы

АЙМАҚТАҒЫ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа: Ауыл шаруашылығын дамыту арқылы жалпы халықтың өмір сүру сапасын арттыру мүмкіндігіне ие боламыз. Ауыл шаруашылық өнім өндірушілеріне мемлекеттік қолдау көрсету нәтижесінде өндіріс деңгейінің дамуы байқалады. Мақалада Қызылорда облысы ауыл шаруашылығының даму деңгейі мен қарқынына талдау жасай отырып, шаруашылық құрылымдарының негізгі көрсеткіштері сарапталды. Ауыл шаруашылығы жалпы өнім өндіру көлемі, егістік жер, өнімділік деңгейі эскпорт көлеміне талдау жасалды. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын дамытудағы цифрландыру бағыттары ұсынылып отыр.

Кілт сөздер: Ауыл шаруашылығы, мемлекеттік қолдау, субсидиялау, цифрлық трансформация, несие, тауар өндірушілер.

Ауыл шаруашылығының қалыпты дамуы өндіруші мен тұтынушы арасындағы аралық байланысқа, яғни инфрақұрылымға: жолдарға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, өткізу және сақтау бөлімдеріне, зерттеу орталықтарына тікелей байланысты.

Ауылшаруашылық өндірушілерін тікелей қолдау көбінесе тұқым, химиялық заттар сатып алу, өтемақы мөлшерлемесі, мемлекеттік қызметтер көрсету, фитосанитарии, ғылым мен білімді қолдау және т.б. сияқты субсидиялар арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік қолдау көрсетуде «Бәйтерек» холдингі маңызды рөл атқарады, оның құрамына бұрынғы «Қазагро» еншілес ұйымдары (Аграрлық несие корпорациясы, Қазагроқаржы және ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры) өтті. «Аграрлық несие корпорациясы» ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, сақтауды және қайта өңдеуді, сондай-ақ көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын ұйымдастыру үшін қарыз береді. «ҚазАгроҚаржы» фермерлерге ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке береді: субсидиялауды есепке алғанда сыйақы мөлшерлемесі 7%-ға дейін, лизинг мерзімі – 10 жылға дейін[1].

«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микронесие беру бойынша негізгі оператор болып табылады және шағын несиелерді ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге, ауылдық жерлердегі шағын бизнеске 6,5 жылға дейінгі мерзімге 6%-дан аспайтын мөлшерлемемен береді. Бұл көптеген ауыл тұрғындарына өз бизнесін нөлден бастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қор өз қаражаты есебінен ауыл шаруашылығындағы шағын бизнес жобаларын 10 жылға дейінгі мерзімге қаржыландырады[2].

Осы орайда, Қызылорда облысында биыл барлығы 184 739 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілген. Оның ішінде дәнді дақылдар 99 248 гектарды, майлы дақылдар 5 631 гектарды, мал азықтық дақылдар 62 335 гектарды, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 17 525 гектарды құрап отыр.

«Өткен жылмен салыстырғанда дәнді дақылдар 1 736 гектарға, мал азықтық дақылдар 2 094 гектарға, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 79 гектарға артса, ал майлы дақылдар көлемі 2 242 гектарға азайды. Сонымен қатар, егісті әртараптандыру бағытында облыста алғаш рет перспективалы дақылдар қант құмайы 80 гектарға, соя 170 гектарға, жүгері дақылы 1 507 гектарға дейін жеткізіліп, ылғал сақтағыш аквагельдерді пайдалану арқылы 80 гектар богарлы жерлерге күздік бидай дақылы егілді. Облыс бойынша өсірілген 74,0 мың га күріш дақылы уақтылы жиналып, барлығы 360,8 мың. тонна күріш салысы қамбаға құйылды. Орта өнімі гектарына 48,8 центнерден келді. Бұл тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш.

2019 жылы ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында облысқа республикалық және жергілікті бюджеттерден 5,5 млрд. теңге бөлініп, 2018 жылмен салыстырғанда 44,7 пайызға артты.

Облыста күріш кластерін дамыту мақсатында, яғни облыста өндірілетін күріштің бәсекелестігін арттыру бағытында биылғы жылы концорциум құрылды.

Облыс бойынша 2019 жылы 371 ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері 73,0 мың гектар күріш өсіруді межелеп отыр. Осы шаруашылықтарға көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге барлығы 7,4 млрд. теңге қаржы қажет.

Осыдан 19,8 мың гектар күріш егетін 15 шаруашылық «Агрохолдинг» Байқоңыр» жауапкершілігі серіктестігінен 1,9 млрд. теңге, 18,8 мың гектар күріш егетін 135 шаруашылық аудандарда құрылған несие серіктестерінен 1,9 млрд. теңге, 3,5 мың гектар күріш егетін 6 шаруашылық селолық тұтыну кооперативтерінен 353,2 млн. теңге несиелік қаржы алуды жоспарлап отыр. Ал 30,8 мың гектар күріш егетін 230 шаруашылық өз қаржысы (3,2 млрд. теңге) есебінен қаржыланатын болып отыр [3]

Қызылорда облысына инвестициялар тарту тетігін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары іске асырылды, ол инвестиция тарту жөніндегі жұмысты жандандыруға ықпал етті. Іс-шаралар шеңберінде Өңірлік инвестициялық кеңестің 3 отырысы өткізіліп, онда 2 инвестициялық жобаны іске асыру барысы және 6 жаңа инвестициялық жобаның тұсаукесері, сондай-ақ өңірдің қаржы институттарының атқарған жұмысы туралы есеп және 2021 жылға арналған жоспарлар қаралды.Көрсетілген мемлекеттік қолдаудың арқасында облыстың агроөнеркәсіптік кешенінде өсудің оң серпіні бар.

2020 жылы облыстың ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерін *мемлекеттік қолдауға 14,8 млрд. теңге бөлінді, бұл 2019 жылмен салыстырғанда 5,0%-ға артық, оның ішінде:*

- 3,9 млрд. теңгесі егін шаруашылығын қолдауға;

- 3,4 млрд. теңгесі мал шаруашылығын қолдауға;

- 7,5 млрд. теңгесі сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау, инвестициялық субсидиялауға, балық өсіру мен сапасын арттыруға және т.б.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында облыстың ауыл, орман және балық шаруашылығының жалпы шығарылымы 142,6 млрд. теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 1,9%-ға артты. Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы инвестиция көлемі 13,6 млрд. теңгені немесе 206,8% - ды құрады. 2020 жылы 184,2 мың га ауыл шаруашылық дақылдары орналастырылды. Оның ішінде дәнді дақылдар - 99,6 мың га, майлы дақылдар - 5,7 мың га, мал азықтық дақылдар - 61,0 мың га, картоп, көкөніс, бақша дақылдары - 17,6 мың га.

Ауыл шаруашылығы саласын дамытудың қазіргі жағдайында өндіріс шығындарын азайту мақсатында жаңа технологияларды қолдану, нарық қажеттіліктеріне, стандарттардың және көп-

теген нормативтік құжаттардың тез өзгеретін талаптарына сәйкес келуі қажет, бұл ақпарат көлемі өндіріс көлемінен тезірек өсетін жағдайда цифрлық технологияларды пайдаланбаса мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы салаларын цифрлық трансформациялау арқылы мынадай міндеттердің жиынтығын кешенді шешу көзделеді:

- еңбек өнімділігін арттыру;
- экспорттық түсімді ұлғайту;
- сала кәсіпорындарының құнын барынша ұлғайту;
- салалар өсуінің экономикалық қарқынын ұлғайту;
- өндірушіден тұтынушыға дейін тиімді өткізу тізбегін құру;
- цифрлық экономиканың аралас салаларына кірігу;
- ауыл шаруашылығындағы жұмыстың тартымдылығын арттыру және ауыл шаруашылығы өндірушілері табысының өсуі.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес автоматтандырумен мынадай үдерістер қамтылатын болады:

1) субсидиялау және мемлекеттік қолдаудың басқа да шаралары;
2) мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің бақылануы;
3) Агроөнеркәсіптік кешендегі (АӨК) сауда;
4) ауыл шаруашылығы техникасын есепке алу;
5) жер ресурстарының мониторингі және есепке алу;
6) астық қолхаттарын есепке алу;
7) ауыл шаруашылық тауар өндірушілерге несие беру;
8) ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін сақтандыру [4].

Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінде цифрлық технологияларды қолдану енді ғана қарқын алып келеді. Бұл технологияларды қолдану арқылы ауыл шаруашылығы саласының, кәсіпорындарының және өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігінің арттырудың экономикалық тетіктерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығын цифрландыру мемлекеттік қолдаудың барлық шаралары, мамандардың онлайн консультациялары туралы ақпаратты онлайн алу мүмкіндігінен басталуы тиіс.

Аграрлық бизнесті табысты жүргізу тек жоғары өнім алумен және өнімділікті жоғарылатумен ғана емес, өндірілген өнімді табысты жүзеге асырумен де байланысты.

Нарықта көптеген делдалдардың (көтерме саудадан ұсақ көтерме сауда сатушыларға дейін) болуы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өндіретін өнім бағасының негізсіз өсуіне алып келеді, мұнда көбінесе пайданың негізгі үлесі делдалдарда қалады.

Қалыптасқан жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерінің неғұрлым ашық саудасын жасау, өндірушілерден тікелей тұтынушыларға азық-түлік тауарларын сатуды қамтамасыз ету қажеттілігі туындайды, осылайша делдалдардың санын барынша азайту.Осындай құралдардың бірі электрондық сауданы ұйымдастыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020-2024жылдарға арналған стратегиялық жоспары//http://extwprlegs1.fao.org/docs/pdf/kaz201683. (жүгіну күні 04.03.2021)

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы- «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2017 жылдың 12 желтоқсаны, №827 бекітілген// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (жүгіну күні 12.11.2021)

3. Дрокин Вениамин Васильевич, Журавлев Алексей Серафимович Основные факторы, влияющие на конкурентоспособность аграрного сектора региона // Экономика региона. 2005. №2. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-faktory-vliyayuschie-na-konkurentosposobnost-agrarnogo-sektora-regiona (жүгіну күні: 22.01.2022).

4. Ауыл шаруашылығы саласында инвестиция көлемі 40% артты Источник: https://24.kz/kz/zha-aly-tar/ekonomika-zhnalyktary/item/516155-auyl-sharuashyly-y-salasynda-investitsiya-k-lemi-40-artty.
Қолданылған материалдарға міндетті түрде www.24.kz сайтына гиперсілтеме берілуі тиіс / Любое использование материалов допускается только при наличии гиперссылки на www.24.kz (жүгіну күні 12.11.2021)

ӘОЖ 338.46

Мұхаметқали З.Н., 2 курс магистранты «Маркетинг» мамандығы.
Ғылымижетекшісі: **Тұрсымбаева М.Ж.** э. ғ. к., доцент,
Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕСІНДЕ МАРКЕТИНГ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. Қазіргі уақытта білім беру қызметтерінің маркетингі өте маңызды. Бұл білім беру қызметтеріне сұранысты қалыптастыруға және дамытуға көмектеседі.Қызметті тиімді басқару стратегияларын жасауға және іске асыруға септігін тигізеді. Мекеменің бәсекеге қабілетті және тұрақты болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан білім беру мекемесінде маркетинг қызметін стратегиялы түрде дұрыс ұйымдастыру жолдары қарастыралады. Сонымен қатар,бұл мақалада білім беру қызметтері маркетингінің шетелдік тәжірибесін зерттей отырып, оның жеке элементтерін Қазақстан нарығында тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: білім беру мекемесі, маркетинг қызметі, шетелдік тәжірибе, маркетинг стратегиясы, маркетинг қызметін басқару, бәсекеге қабілеттілік, білім беру жүйесі.

Қазіргі кезде білім беру қызметі нарығында бәсекелестіктің жоғарылау жағдайына байланысты білім беру мекемелері қызметінде маркетингтік қызмет бірінші орынға шығады. Жалпы маркетингтік стратегия төңірегінде мекеменің тұтынушылар арасында өз қызметтерін жылжытуы ең маңызды мәнге ие. Бұл ретте табысты шешім қабылдай алу білім беру мекемесінің тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудегі басты факторлардың бірі болып табылады. Кез келген өнім немесе қызмет нарығының өз ерекшеліктері бар, бірақ олар бәсекенің мәнін өзгертпейді. Құбылыс ретінде ол тым жаңа емес, бірақ та оның көріністерінің әртүрлілігі динамикасын немесе қарқындылығын бағалауды қоса алғанда, тұрақты зерттеуді талап етеді. Бәсекелестіктің әртүрлі әдістері мен формаларына қарамастан, әрбір білім беру қызметі нарығында қызмет атқаратын мекеме табысқа жету үшін өзінің бәсекелестік стратегиясын жасап, маркетингтік қызметін жақсартуға тырысады. Халықаралық тәжірибеде білім беру саласында маркетинг қызметі Қазақстанға қарағанда әлдеқайда кең таралған. Батыстағы көптеген білім беру мекемелері ұзақ уақыттан бері өз қызметінің тиімділігін арттыру үшін маркетингті қолданып келеді. Мысалы, АҚШ-та білім беру маркетингі идеясы өткен ғасырдың екінші жартысында дамыды, ал Германияда алғашқы кешенді тұжырымдаманы 1980 жылы ғалымдар В. Заргес пен Ф. Хеберлин қалыптастырды[1].

"Коммерциялық емес ұйымдардың маркетингі" кітабында М. Киннел мен Д. Макдугалл бұл туралы былай айтады: "...негізінен қолданыстағы дәстүрлерге және тұрақты мемлекеттік қаржыландыруға негізделгенұйымдар қазіргі жағдайда қоршаған ортадағы өзгерістерді ескермейтін болса, банкротқа ұшырауы мүмкін кәсіпорындарға ұқсауға мәжбүр".

Американдық маркетинг қауымдастығы жыл сайын жоғары білім маркетингіне арналған симпозиумдар өткізеді. 14 жыл бұрын өткен кезекті симпозиумда талқыланған мәселелер арасында маркетингтік жоспар әзірлеу, білім беру мекемесінің жарнамасы,маркетингтік күш-жігерінің тиімділігін өлшеу әдістері, мақсатты тұтынушылар тобына барынша лайықты білім беру мекемесі туралы ақпарат ұсыну және т. б. сияқты іс жүзінде маңызды мәселелер қаралды.

Шетелдік әдебиеттерде білім беру саласындағы маркетингті қолданудың талданған мәселелерінің ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- мекемені қаржыландыру және оның бюджетпен қарым-қатынасы;
- білім беру мекемелерінің өнеркәсіппен байланыс тетігі;
- оқу үдерісін жоспарлаудың заманауи әдістері;
- ғылыми әзірлемелер нарығының интернационалдық сипаты;
- білім беру саласындағы қызмет алмасуды басқару жүйесі;
- білім беру мекемелерінің имиджін қалыптастыру;
- білім беру жүйесіндегі халықаралық ұйымдар және т. б.

Білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында негізгі бәсекелестік Батыс Еуропа, Солтүстік Америка, Австралия және Жапония арасында жүреді, онда барлық шетелдік студенттердің 80% - дан астамы оқиды. Білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында танымал және тұрақты көшбасшы АҚШ болып табылады. Американдық Жоғары мектеп шетелдік студенттерге АҚШ үкіметі жұмсағаннан 15 есе көп ақша табады [2].

Білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында өсіп келе жатқан бәсекелестікке алаңдаған Еуропалық Одақ Еуропалық жоғары білімнің бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың арнайы бағдарламаларын әзірлеуде. Еуропаның жетістіктерінің оң мысалы - Ұлыбританияның тәжірибесі. Ол білім беру сатылымы бойынша әлемде екінші орында (АҚШ-тан кейін). Соңғы онжылдықта ел шетелдік студенттерді қабылдауды үш есеге арттырды. Британдық білім беру төрт қағидатқа негізделген: ашықтық, бизнеспен тығыз байланыс, икемді білім беру схемалары және сапаны тұрақты бақылау.

Шетелдік білім беру мекемелерінің қызметіндегі маркетингтің жандануына әлемдік білім беру процесінің үрдістері мен проблемалары айтарлықтай әсер етті. Білім беру қызметтерінің халықаралық нарығында болып жатқан өзгерістер білім беруді интернационалдандыру білімнің ажырамас элементіне айналатынын көрсетеді. Экономикалық интеграция білім беру қызметінің нәтижелерін белгілі бір стандарттауды қажет етеді.Оқытудың мазмұны мен форматын елдің нақты жағдайларына бейімдеу, жергілікті оқытушыларды іріктеу және бақылау, жергілікті билік пен жергілікті білім беру мекемелерімен қарым – қатынас, мұндай бағдарламалардың бағасы, олардың сапасын басқару-бұл трансұлттық білім берумен айналысатын білім беру мекемелерінің алдында тұрған мәселелердің толық емес тізімі.

Білім беру қызметтері маркетингінің шетелдік тәжірибесін зерттей отырып, оның жеке элементтері әртүрлі елдерде әрқалай тиімді екенін ескеру қажет. Осылайша, американдықтардың көзқарасы өз өнімін жарнамалауға негізделген (әлемдегі жарнама шығындарының 57%-ы АҚШ-қа тиесілі). Еуропалық тәсіл қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге көбірек бағытталған, жапондар білім беруде ғылыми-техникалық жетістіктерді енгізуді және т. б. көздейді.

Білім беруді экспорттау саласындағы мемлекеттік саясат ұлттық білім беру жүйесінің барлық сегменттерін (деңгейлерін) және оқытудың барлық бағдарламаларын қамтитын іс-шаралар жиынтығын қамтиды. Білім беру қызметтерінің әлемдік нарығының көлемі бүгінде шамамен 40-45 млрд долларды құрайды. Шетелдіктерге білім беру қызметтерінің ең көп көлемін жоғары мектеп көрсетеді. АҚШ (шетелдік студенттерге берілетін субсидияларды есептемегенде шамамен 25 млрд доллар), Ұлыбритания (10 млрд доллардан астам) күндізгі оқу мен шетелдік студенттердің тұруынан айтарлықтай табыс алады. АҚШ долл.), Австралия (шамамен 14 млрд.), сондай-ақ Франция, Германия және басқа да елдер. Бұл елдердің үлесіне күндізгі оқу нысанындағы шетелдік студенттердің әлемдік контингентінің шамамен 60% - ы тиесілі. Сондықтан АҚШ – та жоғары білім экспорты (үшінші деңгейлі бағдарламалар бойынша) экспорттық қызметтердің маңыздылығы бойынша бесінші, ал Австралияда төртінші экспорттық сала болып саналады. Қазақстан экспорттаушы ретінде нарықтың тек 0,5% - ын бақылайды және бұл жағдай жақын арада өзгеруі екіталай[3].

Сонымен қатар, XX ғасырдың ортасына қарай әлемнің озық елдерінде білім берудің жаңа технологиясының – аудиовизуалды құралдарды, теледидарды, бейнетехниканы, интернет-ресурстарды және т.б. пайдалануды көздейтін қашықтықтан оқыту жүйесінің пайда болуы үшін бар жағдайлар жасалды. АҚШ пен Англияда қашықтықтан білім беру көбінесе "ашық білім беру мекемелері" жүйесінде жүзеге асырылады. Қашықтықтан білім берудің ерекше тартымды қасиеті-тұлғаның үздіксіз білім беру идеясын жүзеге асыру мүмкіндігі. Қашықтықтан білім беру [4]:

- халықтың білім беру қызметтеріне қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- қоғамның білім деңгейін арттыру;
- тұлғаға бағытталған білім беру;
- халықтың әлеуметтік және кәсіби ұтқырлығын, оның әлеуметтік белсенділігі мен өзін-өзі тану деңгейін арттыру;
- қоғамдық қатынастарды жетілдіру;
- отандық білім беру қызметтері жүйесінде жинақталған білімді тіркеу және сақтау;
- бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту;

• отандық білімнің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциясы.

Соңғы жылдары Қазақстандық білімнің халықаралық бәсекеге қабілеттілігі төмендеді. Мамандардың пікірінше, Қазақстанның өсіп келе жатқан технологиялық артта қалуы және оның экономикасының шикізаттық "біржақтылығы" табиғи түрде отандық жоғары мектепте білім беру сапасының нашарлауына және оның қазіргі ғылыми-техникалық прогреске сәйкестік деңгейінің төмендеуіне әкелді.

Көптеген Қазақстандық білім беру мекемелерінің проблемалары: халықаралық қызметті жүзеге асыруда жеткілікті тәжірибенің болмауы және халықаралық маркетингті ұйымдастыру тәжірибесінің болмауы. Сонымен қатар осы жұмысты ұйымдастыруға қажетті қаражаттың жеткіліксіздігіболып табылады. Қазақстандық білім беру мекемелерінде әртүрлі елдерден келген жастардың белгілі бір мамандықтар мен оқу бағдарламаларына сұранысы туралы ақпарат қажет, бірақ халықаралық маркетинг саласындағы келесі міндеттер әлі де шешілмеген: білім беру қызметтерінің бірыңғай жарнама саясатының тұжырымдамасы әзірленбеген; білім беру қызметінің төмендігі мен заманауи талаптарға сәйкес білім бере алатын кадрлардың жетіспеушілігі; білім беру мекемесінің мүддесі үшін халықаралық білім беру нарығында кең ауқымды маркетингтік зерттеулер жүргізілмейді және көптеген мекемелерде мұндай маркетингтік зерттеулер жүргізуге мүмкіндік жоқ және т. б.

Қазақстандықбілім беру мекемелері үшін Қытайдың білім беру қызметтерін экспорттау саласындағы тәжірибесі маңызды болып табылады. Қытай шетелдік студенттерді оқытудың айқын артықшылықтарын ұсынады: оқу ақысының салыстырмалы түрде төмен болуы; шетелдік студенттерге арналған қаржылық көмек; білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасы, бірқатар мекемелерде оқыту үрдісінің ағылшын тілінде өтуі;жоғары білікті оқытушылар құрамы және т. б.

Қорыта айтқанда, жоғарыда айтылған шетелдік тәжірибені негізге ала отырып Қазақтандық білім беру мекемелерінде маркетингтік қызметті жақсартуға, бәсекеге қабілетті мекемелер құруға және тұрақтылыққа қол жеткізуге болатыны мәлім болды.

Әдебиеттер тізімі:

1. ПанкрухинА.П. Жоғары және қосымша білім берудегі білім беру қызметінің маркетингі: Оқу құралы — М.: Интерпракс, 2015. — 240 б.
2. ФурсикС.Н. Білім беру қызметтерінің маркетингі білім сапасын арттыру және университеттің бәсекеге қабілетсіздігі тәуекелін төмендету факторы ретінде // Заманауи ғылыми зерттеулер және инновациялар. 2015. № 6. [Электронды ресурс]. URL: https://web.snauka.ru/issues/2015/06/53339
3. Литвинова Н.П., ШереметоваВ.В., Пилипенко В.И., Андреев В.И. Білім беру қызметіндегі маркетинг - Санкт-Петербург, 2015.-108 б.
4. Лишманова Н. А., Пимичева М. А. Қашықтықтан оқыту және оның қазіргі әлемдегі рөлі // Ғылыми-әдістемелік электронды журнал «Концепт». – 2016. – Т. 11. – б. 2216–2220. – URL: http://e-koncept.ru/2016/86472.htm.

УДК 330.322.3

Мылтыкбаева Л.А. докторант PhD
Директор Департамента информационно-аналитических
работ АО «Фонд науки»
г.Нур-Султан, Республика Казахстан
Доскалиева Б.Б. д.э.н., профессор
Карагандинский университет Казпотребсоюза
г.Караганда, Республика Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИННОВАЦИОННОГО ПРОЦЕССА В СОВРЕМЕННЫХ ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМАХ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

Аннотация. В статье раскрывается сущность категории «человеческий капитал». Приведены высказывания известных мировых ученых, таких как Т.Шульца, Эдварда Денисона, К.Хенинга, М.Портера

и др. об эффективной реализации человеческого капитала в условиях глобализации. В статье рассмотрены, что источником развития современных конкурентоспособных стран является наличие инновационных систем и человеческого потенциала, способного эти системы поддерживать и развивать. Авторы изучили связь между уровнем образования, здоровья и мобильности человеческого ресурса и уровнем конкурентоспособности национальной экономики. Также показаны, что совершенствование человеческого потенциала страны происходит в социальной сфере, за функционирование которой в полной мере несет ответственность государство.

Ключевые слова: глобализация, инновационные процессы, инвестиционные потоки, человеческий капитал, конкурентоспособность, национальная экономика, инновационная система

В условиях глобализации, ужесточившей конкуренцию на мировых рынках актуализирующей проблему конкуренции новизны и качества, инновации превратились в главный вектор экономического развития. [1]

Инновационный тип развития изменил характер протекания производственных процессов. Основная часть инновационных сдвигов генерируется в процессах деятельности людей, за пределами сферы массового производства, либо в сфере разработки идеи товара и услуги, либо в сфере реализации продукта на рынке. Процессы массового производства становятся всё более прозрачными, оптимизированными, доступными для копирования. Учеными и практиками уже осознано, что роль материальных факторов становится всё более опосредованной, зависимой от органически включенного в народнохозяйственную структуру созидания человеком новых идей организационного, научного, технического характера.

Впервые идею о новой роли человека в экономическом развитии высказал Т.Шульц [2], опираясь на исследования Э.Денисона [3]. Последний доказал на большом статистическом массиве данных, что только половина прироста валового национального продукта, полученного США в XX веке была произведена за счет технических нововведений и производственного оборудования. Осмысление мировым научным сообществом новой роли человека в производственном процессе и теоретическое обобщение этой новой социально-экономической формы реализации способностей человека к труду ввело в мировую науку категорию «человеческий капитал». .

Эдвард Денисон предполагал, что говорить о техническом прогрессе, воплощенном в физическом капитале, значит просто учитывать изменения в качестве основных фондов. Инвестиции в основной капитал увеличивают его производительность. Такая аналогия вполне применима и к человеческим существам. Мастерство и приобретенные способности человека увеличивают их качество как производительных единиц (на что указывал еще К.Маркс). следовательно, мастерство и способности человека являются неотъемлемыми качествами работника и вряд ли целесообразно говорить о них отдельно от индивида. [2]

Нужно отметить, что в конце 20 века группа специалистов Всемирного банка обосновала *расширительную концепцию национального богатства,* выделив в нем три основные составляющие: человеческий капитал; природный капитал; воспроизводимый капитал (основные производственные и непроизводственные фонды, оборотный капитал, домашнее имущество). [4]

Эта концепция методологически опирается на теорию Т.Шульца о человеческом капитале, как о накопленных в стране затратах на воспроизводство рабочей силы независимо от источника их покрытия (семейные бюджеты, текущие издержки производства, государственные расходы на социальные нужды). Результатами таких инвестиций являются: накопление способности человека к труду, его созидательная деятельность в обществе, поддержание самой жизни и здоровья людей.[2]

Он также обосновал необходимость расширительной трактовки ряда категорий воспроизводства, особенно накопления. (В текущей системе СНС большая часть затрат на воспроизводство человеческого фактора отражается в составе показателей текущего потребления, таких как фактическое конечное потребление, трансферты государства и корпораций в денежной форме, натуральные трансферты государства и т.д.) Т.Щульц предположил, что из производимого в обществе продукта на накопление человеческого капитала используется уже не ¼, как считали ученые в начале 20 века, а ¾ от общей его величины.

Такие результаты анализа национального богатства, основанные на теоретических изысканиях и открытиях Т.Шульца, Э.Дэнисона и других, отразили процесс, который идет в эконо-

мических системах с середины 20 века - становление новой роли человеческого капитала в современной экономике. Возрастание роли человеческого капитала явилось реакцией на изменения в технологических процессах, которые стали обновляться не раз в 35-40 лет, как ранее, в среднем через 10-8 лет.

В начале 21 века средний период обновления технологий и техники сократился до 4-5 лет, а в наиболее развитых отраслях до 2-3 лет. Это естественно отразилось на требованиях к работнику. Если в 19-начале 20 века от подавляющего числа профессионалов требовалось усвоить определенный круг знаний, навыков и умений и исполнять свои обязанности в соответствии с раз навсегда определенным порядком, то во второй половине 20 века требования стали другими. Сегодня от работника требуется творческий подход к своим профессиональным знаниям и обязанностям, умение усваивать новые методы профессиональной деятельности

По выражению К.Хенинга, исследователя «новой экономики», в такой экономической системе, тесно связанной с информационной революцией, происходит резкое изменение соотношения между физическим и человеческим капиталом. «Решающим фактором стал человеческий капитал, вернее его способность превращать информацию в знания. Физический капитал не исчез, но потерял свою доминирующую позицию». [5]

Инновационный тип развития обусловил особенности формирования и функционирования человеческого ресурса в современной экономике:

- Непрерывная связь образования с производственной деятельностью на протяжении всей трудовой жизни – непрерывное переобучение;
- Значительный творческий элемент в процессах труда, т.е. не просто накопление новых знаний и навыков в процессе трудовой деятельности, но и умение их творчески применять, т.к. вырабатывать новые методы и приемы в повседневной работе;
- Требование непрерывного образования и активизации творческих возможностей относится не только к отдельным работникам, но и коллективу в целом. То есть речь идет о формировании интеллектуального капитала фирмы, как части её неосязаемых активов. (Такие активы включают две структурные части: совокупность знаний и умений работников вкупе с их творческими способностями и культурой фирмы и структурный капитал фирмы: её информационные базы, организационная система, принадлежащие ей патенты и торговые марки.)
- Базовым принципом управления инновационным процессом, как на уровне фирмы, так и на уровне государства становится принцип синергетики, который реализуется в управлении знаниями (knowledge management): управлении потоком информации технологического, патентного, рыночного характера, что предъявляет специфически требования и к работникам и к менеджерам.

Интеллектуальный капитал фирмы и страны в целом становится необходимой предпосылкой для включения фирм и стран в мировое экономическое пространство с наибольшей выгодой для страны и уровня жизни её граждан. В числе четырех основных детерминант, включенных М.Портером в «национальный ромб» конкурентоспособности, фактор человеческого капитала является обязательной его частью, определяющей конкурентоспособность страны в мировой экономической системе.

Полноценное и продуктивное участие страны в новой экономике, которая растет в мировых масштабах, невозможно без современного качества человеческого капитала. Эффективная реализация человеческого капитала в условиях глобализации экономической жизни немыслима без включения в инновационные сети, которые являются особенностью глобальной системы разделения труда. Для современной экономики явление выделяют четыре основных вида труда:

- Производство высокостоимостной продукции, связанной с высокими технологиями;
- Выпуск массовой продукции, конкурентоспособность которой на мировом рынке определяется низкими издержками на рабочую силу;
- Производство сырья;
- Невостребованный в современных условиях труд.
- Стремительные темпы производства высокотехнологичных товаров (ВТТ) и рост занятости в этих секторах экономики говорят о возрастании интеллектуального капитала в мировой экономике.

Производительный потенциал новейших технологий зависит от качества систем подготовки кадров от уровня квалификации, который они обеспечивают. Фактически овладение высококачественными профессиональными навыками и компетенциями и креативное их совершенствование становится необходимой реакцией на изменения технологии производства, динамично меняющегося требования к качеству и производительности труда.

Особенности организации инновационного процесса в современных экономических системах в условиях глобализации научных контрактов, финансовых потоков, производственных и маркетинговых сетей создают своеобразные центры притяжения инновационной деятельности, стягивая к себе человеческий и вещественный капитал.

Как обобщают эксперты ООН, усиление конкуренции заставляет фирмы специализироваться в основной сфере своей компетенции и полагаться больше, чем ранее, на кооперацию с внешними партнерами (поставщиками, покупателями и даже конкурентами). Возможности сетевых связей побуждают ТНК проводить операции в рамках кластеров фирм.

Кластеры – это сосредоточение фирм одной или нескольких отраслей, в которых используется эффект синергии, возникающий в результате взаимодействия конкурентов, поставщиков и потребителей в рамках сети.

При этом значимость сложившихся в стране системы образования, научной базы, информационных сетей, институтов и культуры резко возрастает. М.Портер пишет об этом явлении так: «Глобализация ведет к парадоксу. Велик соблазн предположить, что страна базирования уже не играет роли в обеспечении международного успеха её фирм.

На первый взгляд фирмы стали важнее страны. Но на самом деле конкурентоспособность передовых отраслей всё больше определяется особыми знаниями, навыками и уровнем инноваций, которые всё больше воплощаются в квалифицированной рабочей силе и организационных механизмах.

Процессы подготовки квалифицированных трудовых ресурсов, как и некоторые важные факторы, влияющие на темпы инноваций, детерминированы местным происхождением. Парадоксально, но более открытая глобальная конкуренция увеличивает значимость местной базы» [6].

Саморазвивающаяся инновационная система в современной экономике основана на расширении и укреплении не только связей внутри кластерных групп, но и между другими субъектами экономики, между ними и обществом, между обществом и государством [7].

В связи с этим, серьезные обязанности возникают у государства в связи с обеспечением экономики и конкурентоспособных кластеров человеческими ресурсами соответствующего качества. Становление высокотехнологичных отраслей и современного уровня сервиса диктует высокий уровень образования, профессионального мастерства, знаний и культуры, умения обращаться с современной техникой.

Высокий уровень образования и формирование умения развивать свой потенциал является необходимой предпосылкой адаптации работника к перманентному процессу совершенствования процессов производства.

Для того, чтобы осуществлять такую сложную деятельность, человеку нужно не только креативное образование, но и качественное здравоохранение, возможность мобильности рабочей силы, наличие информационных полей и умение с ними работать и другие условия. Поэтому образование, здравоохранение, профессиональная подготовка, поиск экономически значимой информации, мобильность рабочей силы, воспитание и уход за детьми относятся западными экономистами к основным направлениям «инвестиций в человеческий капитал».

Инвестиционные потоки государства в человеческий капитал проходят через социальную сферу, значение которой в связи с этим, во-первых, возросло, а во-вторых, приобрело новое содержание. Ранее социальную сферу рассматривали скорее как необходимость государственного патернализма для социально-уязвимых членов общества, поскольку все остальные его слои могут воспользоваться частным образованием, здравоохранением и т.д.

На современном же этапе необходимо обеспечить высокий уровень социальной инфраструктуры для всех, сделать её доступной для каждого члена общества, чтобы обеспечить высокое качество человеческого потенциала для нации в целом, а не только для её отдельных групп.Обобщая всё изложенное, можно сделать следующие выводы. Стержнем развития со-

временных конкурентоспособных стран является наличие инновационных систем и человеческого потенциала, способного эти системы поддерживать и развивать.

Несмотря на концептуальную незавершенность теории человеческого капитала, причинно-следственная связь между уровнем образования, здоровья и мобильности человеческого ресурса и уровнем конкурентоспособности национальной экономики научно обоснована и признана мировым сообществом. Соответственно непреложным остается тот факт, что совершенствование человеческого потенциала страны происходит в социальной сфере, за функционирование которой в полной мере несет ответственность государство.

Список литературы:

1. Н.Иванов. Человеческий капитал и глобализация. // МЭ и МО, № 9, С.19-31.
2. Schulz Th.W. Investment in Human Capital. The Role of Education and Reserarch. The Free Press. – N.Y, 1971, - p.272.
3. Дэнисон Э. Исследование различий в темпах экономического роста. – М., Прогресс, 1971. – 654с.
4. Kunte A., Hamilton K., Dixon J., Clements M. Estimating National Wealth. Methodology and Results. Oct. 1998.
5. Henning K. The Essence of the New Economy. Kiel.2001.P.4.
6. М.Портер. Конкуренция. – С-Пб. :Издательский дом «Вильямс», 2002. – 495с.
7. А.А.Алимбаев, Т.П.Притворова, А.А.Таубаев. Формирование и развитие кластеров в условиях индустриально-инновационного развития Республики Казахстан. Караганда, 2005. – с.212.

ӘОЖ: 336

Наурызбеков С.К. э.ғ.к. доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

АДАМИ КАПИТАЛ - ТЕОРИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТЫҢ ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі заманғы экономист ғалымдардың «адами капитал» ұғымының мазмұнына көзқарастары қарастырылған. Адам өзінің білімімен, біліктілігімен және тәжірибесімен өте маңызды. Адами капитал экономикалық өсімді еңбек өнімділігінің есебінен ғана емес, сонымен қатар жаңа идеялар мен инновацияларды шоғырландыру арқылы қаматамассыз ете алады.

Кілт сөздер: капитал, адами капитал, интеллектуалды капитал, инвестиция, қаржы ресурстары, білім, экономика.

Жер бетіндегі тіршілік иелерінің ішіндегі ең саналысы адам екендігі ешқашан күман тудырмайтын тұжырым. Санасының үздіксіз дамуы арқасында адам жасампаз күш-қуатқа ие болды. Нәтижесінде адам табиғаттың жаратылысы бола отырып, оның билеушісіне, өзгертушісіне айналды. Қазіргі заманғы адам табиғаттан тәуелділігін айтарлықтай жұмсартып өзі әлі де болса сол табиғаттың ажырамас бір бөлігі екендігіне қарамастан, ол табиғатты өзгерте алатындай дәрежеге жетті. Сондай күш-қуат адамда қайдан және қалай пайда болды деген сұраққа бір ғана жауап бар-ол білім алу арқасындағы адамның еңбегінің нәтижесі.


Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына адамның рөлін зерттеу және бұл құбылысты бұдан шамамен төрт онжылдық бұрын пайда болған «адам капиталын инвестициялау» тұжырымы қалыптастырған еді. Адам капиталын экономикалық категория ретінде алғаш рет қарастыру 1960 жылдардың басында атақты Чикаго экономисі Т. Щульцтан бастау алады. Сол кезден бастап, бұл бағыт экономикалық ғылымның қарқынды дамып жатқан саласына айналды.

Т. Шульцтің баяндамасында Э. Денисонның жұмысына байланысты пікірталас негіз болды, онда үлкен статистикалық мағлұматтар мен техникалық жаңартулар, еңбек пен өндіріс жабдықтарын қолдану көлемін кеңейту XX ғасырда АҚШ-та нақты алынған жалпы ұлттық өнімнің тек жартысын ғана қамтамасыз еткендігі дәлелденді[1, 127 бет].

Бұл тұжырым, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының басқа да тиімді факторына тәуелді екенін айқындап көрсетіп тұрды. Кері жағдайда неоклассикалық теорияның барлық экономикалық факторлардың алмасу баланстығы туралы постулаты күмән туғызуы мүмкін еді, яғни ештеңе жойылмайды және ештеңеден ештеңеден пайда болмайды.

Мұндай фактор ретінде кейбір зерттеушілер өндірісті ұйымдастыруды жақсартуға, екіншілері – еңбекті, ғылыми-техникалық жетістіктерді қарқындатуға мән беру керек десе, Т. Щульц білім саласына беруді атап көрсетті. Оның пікірінше, жұмысшы күшінің сапасы – білім алу саласына қосымша қаржы құюдың нәтижесінде еді.

Адам капиталы теориясын жасау мен оның қолдану аясын кеңейтуге үлкен үлес қосқан тағы бір чикаго экономисі, осы сала бойынша зерттеулері үшін 1992 ж. Нобель сыйлығының иегері – Г. Беккер болатын. Ол адам капиталына инвестицияларының құрамына тек жалпы және кәсіби білім беру саласына кететін шығындар ғана емес, денсаулық сақтау, ақпарат іздеу, жұмыс ауысымы, балаларды тәрбиелеу және адамның өндірістік күшінің өсіміне әсер ететін басқа да факторлар шығындарын кіргізді.



1сурет - Адами капиталдың қорлану көздері
Ескертпе - [2] дереккөз бойынша құрастырылған

Осылайша, адами капитал деп отырғанымыз, бұл жұмысшылардың әлеуметтік және экономикалық салаларда белсенді іс-әрекет жасауға мүмкіндік беретін, олардың өз қабілеттері мен денсаулығы. Бұл қасиеттер, ең алдымен, білім потенциалымен және ұлттық білім беру дәрежесімен анықталады [2, 3 бет].

Г. Беккер мектебінің жақтаушылары жалақы мен еңбек өнімділігіне білім, оқу мерзімі, өндірістік тәжірибе, жеке қабілеттер сияқты көрсеткіштердің ықпал етуін анықтау үшін регрессиондық талдаудың тәсілдерін қолданды. Адам капиталына қаражат құю көлемі – нысандары мен отбасы көлемі, өну деңгейі, қылмыс динамикасы арасындағы өзара байланыстар бекітілді.

Айта кететін бір жайт, зерттелетін өзара байланыстарды нақты санды тұрғыда бағалау және білім беру табыстылығына қатысты бірыңғай қорытынды жасау әлі мүмкін болған жоқ. Адам капиталына инвестицияның экономикалық тиімділігін анықтау - өте күрделі процесс. Мұнда сан алуан әлеуметтік топтардың мүдделерін бейнелейтін құбылыстар мен заңдылықтарды ескеру қажет. Жалпыға бірдей «адам капиталы» термині белгілі бір мөлшерде шектеулі де, шартты.

Бүгінгі таңда ары қарай дами отырып, адам капиталы теориясы - бұл тек жаңа мектеп емес, зерттеулердің жаңа бағыты, жаңаша мәселе, яғни жұмысшы күшін қайта өндіру, оның қалыптасуы мен пайдаланылуы.

Адам капиталына инвестициялардың жалпы экономикалық сипаты бойынша олардың тиімділігі физикалық капиталына салынатын қаражаттың табыстылығынан асып түседі. Бұл қорытындылар дамыған капиталистік елдерде ағарту және мамандар даярлау саласының теңдессіз дамуына теориялық негіз болды. Шығыс Азияда жүргізілген зерттеулер бойынша шамамен 1960 жылдан бастап Гонконг, Оңтүстік Корея, Сингапур, Тайвань мен кірістері төмен деңгейлі мемлекеттірдің көпшілігі арасындағы негізгі айырмашылық адам ресурстарының білімділігіне байланысты. Мысалы, білім беру саласында Шығыс Азия елдері дамушы басқа елдердің орта көрсеткіштерінен бірнеше есе асып түсті [3, 91 бет].

- Различные исследования показали, что приятные запахи из окружающей среды оказывают положительное влияние на поведение людей. По полученным сведениям, покупатели охотнее помогали незнакомцам возле пекарни, чем в магазине одежды. Кроме того, было установлено, что люди чаще приходили на помощь другим, когда находились в присутствии приятных ароматов, таких как жареный кофе или сдобная выпечка.
- Исследователи из Университета Нортумбрии обнаружили, что специалисты, выполняющие различные задачи по обработке информации, делали расчеты быстрее и эффективнее, в случае обработки их рабочего места эфирным маслом розмарина.
- Эксперимент, проведенный с волонтерами, решающими задачи и головоломки, показал, что воздействие цветочных композиций ароматов ускоряет процесс на 17%.

- Согласно другому исследованию, было установлено, что через 12 месяцев люди могут вспомни ть запах и связанные с ним воспоминания с точностью до 65%, в то время как спустя всего 4 месяца визуальное воспоминание было точным только на 50%.
- Благодаря испытанию проведенному с пациентами перед процедурой МРТ обнаружено, что 63% людей, которые вдыхали аромат ванили, сообщили о снижении беспокойства перед процедурой, по сравнению с 4% пациентов, которые этого не сделали [4].

Список литературы:

1. Статья: «Аромамаркетинг: атмосферные ароматы прибыли невидимых сенсорных технологий» Официальный сайт компании AROMA XXI. Режим доступа: https://aromaxxi.ru/news/aromamarketing-atmosfernye-aromaty-pribyli/ (Дата обращения: 25.01.2022)

2. Морозова Я. «Аромамаркетинг: как ароматы помогают продавать». URL:https://www.retail.ru/articles/aromamarketing-kak-aromaty-pomogayut-prodavat/ (Дата обращения: 09.10.2017)

3. Статья «Аромамаркетинг: как с помощью запахов заставить клиентов покупать» Режим доступа: https://spark.ru/startup/biznes-ru/blog/18403/aromamarketing-kak-s-pomoschiu-zapahov-zastavit-klientov-pokupat (Дата обращения: 09.11.2016)

4. Официальный сайт компании AROMA XXI Статья: Аромамаркетинг - примеры эффективных композиций ароматов в бизнесе. URL: https://aromaxxi.ru/klientam/aromamarketing-primery/ (дата обращения: 25.01.2022)

ӘОЖ 330.322.1

Талапбаева Г.Е. э.ғ.к., аға оқытушы
Сынасапова М.Т. магистрант
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қ.Қазақстан Республикасы

АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ ЖӘНЕ БӨЛУ ҮДЕРІСІНДЕ МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа. Өңірлік инвестициялық стратегия облыстың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы тиіс, яғни, өз кезегінде, кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігі, өнім сапасын арттыру және өндіріс шығындарын азайту негізінде қалыптастырылады. Осыған байланысты өңірде маркетингтік зерттеулер мен инновациялардың өңірлік орталығын құру өзекті болып табылады. Орталықтың мақсаты-ақпараттық қажеттіліктерді қанағаттандыру арқылы Қызылорда өңірінің индустриялық-инновациялық дамуына жәрдемдесу. Аймақтық маркетингтік ақпараттық жүйе – тиімді инвестициялық шешімдерді (біздің жағдайымызда) қабылдау үшін пайдалану мақсатында көкейтесті ақпаратты жинақтау, сыныптау, талдау, бағалау және бөлу үшін тұрақты жұмыс істейтін қабылдаулар мен ресурстардың жиынтығы. «Маркетингтік ақпараттық жүйе пайдаланушылардың ақпараттық қабілеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет.

Кілт сөздер: аймақ, инвестиция, инвестициялық тартымдылық, стратегия, маркетинг, маркетингтік зерттеулер, иновация, кластер, аумақтық саясат.

Қазақстандық экономикалық қызметке маркетинг енгізу – басқару әдістері ғана емес, нақты қызметі де жаңа болған кездегі «таза» басқару және әлеуметтік инновация үлгісі (бұрынырақ белгіленген кластерлер бойынша инновацияларды бөлу, маркетингті инвестицияның құйылуын қамтамасыз ететін қосымша фактор ретінде бөлу). Бүгінгі таңда макро деңгейде еліміздің тұрақты экономикалық даму мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған маркетингтік-талдамалық зерттеулер жүргізіледі. Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы – Қазақстан Республикасының Индустриалды-инновациялық даму стратегиясының міндеттерін шешуге бағытталған сервистік институт. Қазіргі уақытта Орталық төмендегі салаларға зерттеу жүргізуде: машина жасау, кремний өнеркәсібі, мұнай химия өнеркәсібі, құрылыс материалдары, биотехнология, азық-түлік өнеркәсібі, ядро технологиясы, көмір өнеркәсібінде темір жол тасымалына тариф қалыптастыру [1].

Біздің көзқарасымыз бойынша Қазақстанда осындай орталық құруды серпінді оқиға деп бағалауға болады. Бірақ, бір Орталық барлық проблемаларды шеше алмайды. Қазақстан – үлкен (аумағы, экономикалық климаты, әлеуеті) мемлекет. Осыған байланысты, әрбір аймақтың өзінің айрықша ерекшелігі бар: ауа-райы, табиғи ресурстарының болуы, адами капитал, экономиканың сол немесе басқа салаларының даму деңгейі, инвестициялық ахуал. осы айырмашылықтардың барлығын бір Орталық шеңберінде зерттеу мүмкін емес және айтарлықтай оңай емес. Сондықтан аумақтық экономикалық саясатты, соның ішінде инвестициялық саясат проблемаларын шешуге бағытталған бірыңғай маркетингтік жүйе қалыптастыра алатын аумақтық маркетингтік-талдамалық зерттеу орталықтарын құру қажеттілігі көкейтесті мәселе. Аймақтық инвестициялық стратегия облыстың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы тиіс, яғни өз кезегінде кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінен, өнім сапасын арттыру және өндіріс шығынын төмендету негізінде қалыптасады. Осыған байланысты аймақта Аймақтық маркетингтік зерттеулер мен инновациялар орталығын құру көкейтесті. Орталық мақсаты ақпараттық қажеттілікті қанағаттандыру жолымен Қызылорда аймағының индустриалды-инновациялық дамуын іске асыруға көмектесу болмақ. Аумақтық маркетингтік зерттеулер мен инновациялар орталығының құрылымына төмендегі бағыттарды енгізу мақсатқа сай:

- кластерлік талдау;
- аумақтық саясатты талдау;
- индустриалдық талдау;
- инжинирингтік қызмет көрсету және трансферттік технологияларды жүзеге асыру [2].

Кластерлік талдау бөлімінің негізгі міндеттері ретінде төмендегілерді бөлуге болады:

- бірыңғай маркетингтік ақпараттық жүйе құру;
- сұраныс және ұсыныс көлемдерін бағалау, олардың өткен шақта және келешекте әлемдік, аумақтық және ұлттық деңгейде қозғалыс күшін талдау, қосылған құн тізбектемесін талдау, бәсекелік артықшылықтарын талдау (өндіріс факторлары шегінде), экономикаға сала салымын бағалауды қоса алғанда аумақ салаларын зерттеу;
- халықаралық бәсекелікті және халықаралық бәсекеге қабілеттілікті, оның ішінде өндірістік шығындар құрылымын, өнімділікті, өндірістің негізгі факторларына бағаны салыстырмалы талдау, экспорт пайдалылығын талдау;
- басымдылық салаларын және әлемдік нарықта өзінің күші мен бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеуге қабілетті іскерлік белсенділік орталықтарын бөлу (келешек кластерлерін таңдау);
- кластерлерді дамыту стратегиясын әзірлеуге ықпал ету мақсатында кластерлік кездесулерді ұйымдастыру;
- бизнес-ортаны бағалау, жалпы жүйелік проблемаларды шешу және Үкіметтің – жергілікті басқару органдарының – Бизнестің сындарлы диалогын жөнге келтіру. Аймақтық саясат бөлімінің негізгі міндеттері саласына: аумақтың реттеу проблемаларын зерделеу, оның ішінде әлемдік тәжірибені және оның жергілікті жағдайда бейімделу мүмкіндігін зерделеу;
- аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы ақпараттық-талдамалық материалдар дайындау.

Индустриалды талдау бөлімінің қызметі өндіріс жоқ салалардың, тауарлық нарықтың және нарықтық инфрақұрылымдардың жай-күйі мен келешегін зерттеумен қорытындыланады [3].

Инжинирингтік қызмет көрсету және технологиялар трансфертін жүзеге асыру бөлімі қызметінің негізгі түрлері төмендегілер болып табылады:

- инжинирингтік қызмет көрсету;
- озық шетелдік технологиялар, өзге де инновациялық өнімдер трансферті және оларды аумақта енгізуге тапсыру;
- технологиялар трансфертінде кеңестік, ақпараттық, заңгерлік және өзге де қызметтер көрсету;
- сыртқы және ішкі технологиялар нарығының маркетингі және осы салада әлемдік даму тенденцияларын талдау;
- инновациялық, инвестициялық және коммерциялық жобаларға технологиялық сараптама жүргізу;
- шетелде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында (технологиялар трансферті) енгізу үшін патенттер, лицензиялар, ноу-хау және басқа да инновациялық өнімдерді іздестіру,

сатып алу және тапсыру (оның ішінде халықаралық зияткерлік меншік биржаларына мүшелікке ену жолымен);

- кәсіпорынның, салалар мен аумақтардың технологиялық жай-күйін және отандық және шетелдік технология нарығының даму келешегін бағалау мақсатында зерттеулер жүргізу:

- инжинирингтік қызмет және технологиялар трансферттерін көрсету мақсатында отандық және шетелдік мамандарды іздестіру және тарту, олар бойынша деректер базасын құру және қолдау;

- отандық және шетелдік патенттер, лицензиялар, технологиялар, ноу-хау және басқа да инновациялық өнімдердің деректер базасын құру және қолдау;

- инжинирингтік қызмет және технологиялар трансферті саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

- инжинирингтік қызмет және технологиялар трансферті саласында әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық әдебиеттер шығару;

- инжиниринг және технологиялар трансферті саласында біліктілігі жоғары кадрларды даярлау және қайта даярлау;

- бағдарламалық өнімдерді әзірлеу;

- экономика салалары бойынша бағдарламалық өнімдерді және ақпаратты тарату.

Аймақтық маркетингтік ақпараттық жүйені толығымен сызбанұсқа түрінде ұсынуға болады (1 сурет) [4].



Сурет 1- Аймақтық маркетингтік ақпараттық жүйе механизмі

Ескерту – құрастырған автор

Аймақтық маркетингтік ақпараттық жүйе – тиімді инвестициялық шешімдерді (біздің жағдайымызда) қабылдау үшін пайдалану мақсатында көкейтесті ақпаратты жинақтау, сыныптау, талдау, бағалау және бөлу үшін тұрақты жұмыс істейтін қабылдаулар мен ресурстардың жиынтығы.

«Маркетингтік ақпараттық жүйе пайдаланушылардың ақпараттық қабілеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін жүйеде төмендегі міндеттер шешілуі тиіс:

- ақпаратты пайдаланушылар ортасы белгіленді (қандай басқару жүйесінің субъектісі және ақпарат қандай деңгейде ұсынылатын болады);

- ақпаратты пайдаланушылардың ақпараттық қажеттіліктері белгіленді, яғни шешілуі үшін ақпаратты қажетсінетін проблемалар анықталды, көрсеткіштер, оларды жаңарту кезеңділігі, бөлшектеу дәрежесі, ұсыну нысаны белгіленді;

- ақпарат көздері іріктелді;

- деректер базасының құрылымы және оның жұмыс істеуінің негізгі процестері (жаңару кезеңділігі, пайдалану қарапайымдылығы, сұраныс. бірнеше базалы жұмыстар бойынша ақпаратты іздеу мүмкіндіктері, тұтынушылардың қажеттілігіне байланысты деректерді қайта топтау);

- ақпаратты ұсыну тәртібі белгіленді» [5, 41-47 б.].

Бірыңғай аумақтық маркетингтік жүйенің негізгі құрамдас бөлігі ретінде маркетингтік зерттеулер мен инновациялардың аумақтық орталығын құру және жұмыс істеу механизмін ашу қажеттілігін дәлелдеуге тырыстық. Сонымен қатар фирманың жемісті инвестициялық науқан факторларының бірі ретінде микро деңгейде маркетингтік зерттеулерді жүзеге асыру қажеттілігі туралы мәселе көкейтесті мәселе болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Региональная структурно-инвестиционная политика: монография; под ред. В.Ю. Наливайского / В.Ю. Наливайский, С.В. Брюховецкая, С.В. Феслер, Е.А. Червоный – Ростов-на-Дону: Изд-во РГЭУ «РИНХ», 2002. С. 86-97.

2. Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы //Қызылорда облысының статистика департаменті. – Қызылорда, 2020-180 б.

3. Кәсіпорынның инновациялық қызметі және ақпараттық технологияларды қолдану туралы // Қызылорда облысының статистика департаменті. – Қызылорда, 2020– 64 б.

4. Ултургашева О.Г., Лавренко А.В., Профатилов Д.А. Экономическая сущность и структура инвестиционного потенциала региона / Проблемы современной экономики. № 1 (37). – 2011. С. 25-32

5. Крамин Т.В., Леонов В.А. Развитие методики управления инвестиционной привлекательностью регионов / Вестник АГТУ. Сер. Экономика. – 2012. –№1.–С.41-47.

ӘОЖ 656.02

Талапбаева Г.Е. э.ғ.к., аға оқытушы
Тұрсын Б.Қ.Мемлекеттік және жергілікті ББҚ 2 курс магистранты
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Қызылорда қ.Қазақстан Республикасы

КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа. Жүргізілген зерттеулермен көлік логистикасының тауар қозғалысының негізгі элементтерінің бірі болып табылатыны анықталды, оған оның экспедициялау, тасымалдау, қоймаға жинау, жүкөңдеу, сақтандыру, кедендік өңдеу және басқалар қосылатын логистикалық функциялар кешенінен тұратын, логистикалық тізбектегі көлік құралдарымен жүзеге асырылатын, материалдық ресурстарды, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді орнынан жылжытумен байланысты, жүйенің «жабдықтау – өндіру – бөлу – тұтыну» элементтері арасындағы байланыстыратын бөліктегі басты ролі ықпал етеді.

Интеграцияланған көлік – логистикалық жүйені қалыптастыру клиентураны көлік-экспедициялық, ақпараттық, консалтингті-аналитикалық, сервистік және коммерциялық жағынан іскери қызметтер кешенінің кепілдендірілген қамтамасыз етілуінен, тораптарда көпмақсатты бағыттағы мультимодальды терминальдық кешендердің көлік желісін құрудан, дамыған көліктік инфрақұрылымды қамтамасыз етуден тұратын мақсатты міндеттерді кезең-кезең бойынша шешуді талап етеді.

Кілт сөздер: логистика, жабдықтау логистикасы, көлік логистикасы, тарату, қойма, маркетингтік логистика, өңірлік логистика.

Логистикада, ғылыми пәндегі сияқты мынадай тарауларды ажырату қабылданған: жабдықтау логистикасы (сатып алу логистикасы); өткізу логистикасы (таратудың немесе дистрибьюцияның); қойма логистикасы; өндірістік және көлік логистикасы. Соңғы жылдарда дәстүрлілерге, ақпараттың логистика, сервистік логистика, қаржы және логистиканы мамандармен қамтамасыз ету, функциональды логистикалық менеджмент, коммерциялық логистика, әкімшілік логистикасы, маркетингтік логистика, бизнес – логистика, өңірлік логистика сияқты жаңа тараулар қосылды. Тауар қозғалысына шығынның жартысынан көбі тасымал операцияларына келеді, бұл көліктік – логистикалық жүйелерді ұйымдастыру қажеттілігіне назарды аударады [1].

Көлікті логистиканы қолданудың дербес саласына бөлуге мына негізгі факторлар ықпал етеді:

1) көліктің логистиканың негізгі идеясы - «жабдықтау – өндіріс - тарату – тұтыну» сенімді, тұрақты және оңтайлы жұмыс істейтін жүйесін құруды іске асыру қабылеттілігі;

2) логистикалық жүйе шеңберінде шикізатты, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді тарату каналдарын таңдау кезіндегі күрделі көліктік мәселердің бірқатарын шешудің болмай қалмайтындығы;

3) шикізаттың алғашқы көзінен дайын өнімді ақырғы тұтынушыға дейін тауарды жылжытуға жалпы логистикалық шығындарда ең көп шамасы 50% дейін жететін, көлік шығындарының жоғарғы үлесі;

4) тауарлардың сыртқы сауда бағасында көліктік құрамдастың жоғарғы үлесі (әсіресе тасымалдың үлкен қашықтығымен елдер үшін);

5) ішкі тасымалдардағы сияқты, халықаралық қатынастарда да тауарларды оңтайлы жеткізуді ұйымдастыруда үлкен роль атқаратын көлік-экспедициялық кәсіпорындардың үлкен санының барлығы [2].

Көліктік логистика мынадай міндеттерді шешеді:

– көлік жүйелерінің жаңасын құру және жұмыс істеп тұғанын жетілдіру;
– көліктің әр алуан түрлерінде көлік үдерістерін бірлесіп жоспарлау (аралас тасымалдар жағдайында);
– көлік-қойма үдерісінің технологиялық бірлігін қамтамасыз ету;
– тасымалдау тәсілі мен көлік құралын таңдау;
– жеткізудің ұтымды маршруттарын анықтау.

Өзінің мәні бойынша көліктік логистика, ұтымды жүк ағындарын оңтайландыру және ұйымдастырудың, оларды мамандандырылған логистикалық орталықтарда өңдеудің жаңа әдістемесі ретінде осындай ағындардың тиімділігін арттыруды, өндірістік емес шығындар мен жұмсалған қаражатты төмендетуді, көлік қызметкерлеріне – өте талап қойғыш клиенттер мен нарықтың сұраныстарына мейлінше сәйкес келуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Көліктік-логистикадық жүйелердің қалыптасуына ұмтылыс әлемдік сауда және көлік салаларында соңғы жиырма жылда анықталды.

Бұл үдерістің белсендігінің артуының басты себебі тауардың бағасында үнемдеу мүмкішілігі болды. Өнімдерді, өнідістік үдерістерді, технологияларды бірыңғайлау мен стандарттау есебінен тұтыну көлемінің тез өсуі мен тұтыну нарығын алуан түрлі тауарлармен толықтыру кезінде өндірілетін өнімнің өзіндік құнының мейлінше аз мәніне қол жеткізілді. Өнідістік шығындардың одан әрі төмендеуі негізінен мүмкін болмай қалды. Бұл жағдайларда тауарлар бағасы төмендеуінің басты көзі тек көлікке жұмсалған қаражаттар бола алады.

Осылайша, зерттеулермен көлік логистикасының тауар қозғалысының негізгі элементтерінің бірі болып табылатыны анықталды, оған оның экспедициялау, тасымалдау, қоймаға жинау, жүкөңдеу, сақтандыру, кедендік өңдеу және басқалар қосылатын логистикалық функциялар кешенінен тұратын, логистикалық тізбектегі көлік құралдарымен жүзеге асырылатын, материалдық ресурстарды, жартылай фабрикаттарды және дайын өнімді орнынан жылжытумен байланысты, жүйенің «жабдықтау – өндіру – бөлу – тұтыну» элементтері арасындағы байланыстыратын бөліктегі басты ролі ықпал етеді [3].

Егер де логистика тауарматериалдық және оларға ілесетін ағындарды уақыт пен кеңістікте орналастыруды оңтайландырумен айналысады дегеннен шығатын болсақ, онда өте жалпы түрде мынадай түрде мынадай анықтаманы тұжырымдауға болады: «тұтынушылардың тауарлар мен қызметтерге сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында, жұмыс істеуі тауар-материалдық және ілесетін ағындарды уақыт пен кеңістікте орналастыруды ұтымды етуге бағытталған, материалдық ағынмен және бизнестің тұтас жүйеде жүргізілуінің жалпы мақсаттарымен интеграцияланған, өзара байланысты жүйетүзетін элементтер мен қамтамасыз ететін кіші жүйелердің ұйымдық жағынан рәсімделген жыйынтығы көлік логистикалық жүйе болып саналады.

Ірі жалпыжелілік көлік тораптарында көліклогистикалық жүйелерді құру мәселелері торапта жұмыс істейтін көліктің алуан түрлерінің үйлесімі мен өзара іс-қимылын қамтамасыз етумен байланысты, таза көлік мәселелерінің шеңберінен шығады және өте ауқымды спектр мәселелерін қозғайды.

Интеграцияланған көлік – логистикалық жүйені қалыптастыру клиентураны көлік-экспедициялық, ақпараттық, консалтингті-аналитикалық, сервистік және коммерциялық жағынан іскери қызметтер кешенінің кепілдендірілген қамтамасыз етілуінен, тораптарда көпмақсатты бағыттағы мультимодальды терминальдық кешендердің көлік желісін құрудан, дамыған көліктік инфрақұрылымды қамтамасыз етуден тұратын мақсатты міндеттерді кезең-кезең бойынша шешуді талап етеді. Технологиялық құралдардың технологиясы мен пайдалануын, теміржол станциялары мен терминалдардағы бастапқы – соңғы операциялардың орындалу, жүк ағындарының тұрақты емес өлшемдері жағдайында осы өндірістік нысандардың өзгеруі ерекшеліктерін ескере отырып түбегейлі жаңа әдістерді пайдаланумен міндеттер кешенін шешуді талап етеді. Жаңа әдістер деп жаңадан құрылатын интеграцияланған басқарудың логистикалық органдары (көлік-логистикалық орталықтар (КЛО), көлік-логистикалық кешендер (КЛК) және басқ.) шеңберінде іске асырылуы мүмкіндерін айтады. Атауларына қарамастан жаңа басқару құрылымдарына бірқатар функциялар тән болуы тиіс. Атап айтқанда, КЛО негізгі функцияларына логистикалық үйлестіру мен интеграцияны; стратегиялық және оперативтік бақылауды; реинжиниринг негізіндегі өздігінен дамуды; терминалдық технология негізінде логистикалық көлік тізбектерінің жұмыс істеуін оңтайландыру; жаңа логистикалық технологияларды енгізумен байланысты және жұмыстардың сапасы мен тиімділігін арттыру үшін техникалық жабдықтау мен ақпараттық технологиялардың ұтымды үйлесімін қамтамасыз ететін инновацияларды енгізуді жүзеге асыруды жатқызу керек [4].

Көлік кәсіпорнын басқаруға логистикалық көзқарастың негізгі жаңалығы, оның макро және микродеңгейде логистикалық жүйе ретінде қарастырылатындығы. Макродеңгейде көлік кәсіпорындары макрологистикалық жүйелердің элементі ретінде алға шығады. Олар логистикалық тізбек бөліктері арасындағы байланысты қамтамасыз етеді (материалдық ағындарды жылжыту), материалдық қызмет – көліктік қызметтердің көздері болып табылады. Микро-деңгейде көлік кәсіпорындары өндірісішілік логистикалық жүйелер ретінде белгілі тұтастықты, бірлікті түзетін бір-бірімен байланысты кіші жүйелер қатары болып саналады. Бұл кіші жүйелер материалдық ағынның (отын, қосалқы бөлшектер, агрегаттар және т.б.) жүйеге кіруін, оның ішінде өтуін және жүйеден материалдық-көліктік қызметтер түрінде шығуын қамтамасыз етеді. Көліктік кәсіпорындардың бұл екіжақты ролі көліктік логистика бойынша жұмыстарда ескерілмейді. Осыған сәйкес Қазақстандағы көліктік-логистикалық жүйелердің қалыптасуының объективтік экономикалық алғышарттарын макро және микроэкономикалық ұстанымдардан жіктеуге болады.

1. Макроэкономикалық аспект.

а) Интеграция. Әлемдік экономиканың жаһандануы және халықаралық серіктестіктің кеңеюі, көлік қатынастарының, ақпараттық және коммуникациялық қамтамасыз ету жүйелерінің дамуы ірі транс ұлттық корпорциялардың қалыптасуына ықпал етті, бұл кезде экономикалық өсудің маңызды факторы көлік ағындарын ұйымдастыру мен басқаруға логистикалық көзқарасты іске асыру негізіндегі интеграция болып шығады.

Халықаралық көлік дәліздерін ұйымдастыру шығыс пен Батыстың көліктік жүйелерін үйлесімді етуді, ұлттық заңдылықтарды бірыңғайлауды, халықаралық көліктік инфрақұрылым құруды мақсат етіп қояды, бұл жерде ұлттық көліктік жүйелердің әлемдік көліктік жүйеге кіруі мен ғаламдық логистикалық жүйелерді құрудың негізгі ретінде тасымалдардың бірыңғай технологияларын пайдалануды қамтамасыз ететін бірыңғай техникалық параметрлері болуы тиіс.

Көлік саласындағы Қазақстанның халықаралық интеграциясының негізгі бағыттары:

– қазақстандық көліктің европалық көлік жүйесі мен Азия-Тынық мұхиттық өңіріне интеграциясы;

– ТМД Елдері бойынша ортақ көліктік кеңістікті қалыптастыру және дамыту;

– өңірлік серіктестік шеңберінде өзара іс-қимылды дамыту болып табылады [5].

Әдебиеттер тізімі:

1. Мельников В.П. Логистика / В.П. Мельников, А.Г. Схирладзе, А.К. Антонюк. - М.: Юрайт, 2014. - 288 с.

2. Моисеева Н. К. Экономические основы логистики: – Москва: Инфра-М, 2010. – 527 с.

3. Неруш Ю.М. Логистика: учебник / Ю. М. Неруш. – Москва: Проспект: Велби, 2008. – 517 с.

4. Николайчук В.Е. Логистический менеджмент: учебник / В. Е. Николайчук. – Москва: Дашков и К°, 2012. – 978 с.

5. Общий курс транспортной логистики: учебное пособие по дисциплине специализации специальности "Менеджмент организации" / Л. С. Фёдоров, В. А.Персианов И. Б. Мухаметдинов. – Москва: КноРус, 2011. – 309 с.



ӘОЖ 336.748.12

Тұрғанбаев Қ.Д. магистр, аға оқытушы,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕКТОРҒА ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ

Аңдатпа. Экономикасы қарқынды дамығын мемлекеттің инфляциялық көрсеткіші тез өзгеріп отыратыны анық. Инфляцияның баяу болғаны бәсекелестікті арттырып, ақша айналымының қалыпты болуына әсер етері сөзсіз. Бұл өз кезегінде елдегі ішкі өнім көрсеткішін көтеріп, бюджет көлемін арттырады. Тауар айналымы жиілеп, экономикалық өсім байқалады. Инфляцияның баяу болғаны мемлекет үшін тиімді болып табылады.

Кілт сөздер: Инфляциялық өсім, азық-түлік, фармацевтика, импорт, электр энергиясы, коммуналдық қызметтер.

Нарықтық экономиканы құрудың бүкіл кезеңінде инфляция тұрақтандыру үдерісіне анықтаушы ықпал ететін шешуші факторлардың бірі болып қала береді. Дамушы нарығы бар экономикаларда инфляцияның өзіндік ішкі ерекшелігі бар.

Экономикасы өтпелі елдерде өтпелі кезеңнің тез өзгеретін жағдайлары, ерекшеліктері және қарама-қайшылықтарымен белгіленетін инфляцияның ерекше түрі туралы сөз қозғау керек.

Бұл елдердегі инфляцияның негізінде бірнеше өзара байланысты себептер жатады. Ұсыныс жиынтығының көлемінен қысқа мерзімді сұраныстың асып кетуі байқалған жағдайда, ол сұраныс жағынан пайда болуы мүмкін (сұраныстың инфляциялануы). Ол өндіріс факторларының кенеттен қымбаттауы салдарынан жиынтық ұсыныс қысқарған кезде, өнімді шығару шығындары инфляциясынан пайда болуы мүмкін.

Инфляция қарқыны жұмыссыздық деңгейіне тәуелді болады. Инфляция қарқынының өсуі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді және керісінше.

Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі (стагнация) мен бағалардың жалпы деңгейінің жоғары өсімділігінің бір сәттегі үйлесімі инфляцияға тән болады.

Ақшалай салымдардың есебінен жұмыссыздықтың қысқаруын ынталандыратын мемлекет саясаты инфляцияның деңгейін күткен деңгейден де жоғарыға көтереді.

Берілген мәселелерді зерттеудің дер кезінде орындалуы және өзектілігі, қазіргі жағдайда әлемдік экономикада болып жатқан жағымды өзгерістермен байланысты. Әлемдік экономика тек ұлттық экономиканың жиынтығы ғана болып қоймай, сонымен бірге өзара байланысты жүйеге – жаһандық әлемдік шаруашылыққа айналып бара жатыр. Жаһандану халықаралық сауданың ырықтандырылуында, кәсіпкерлік капиталдың ұтқырлығында, ұлттық нарықтардың ашықтығында көрініс тапты. Осының бәрі әр түрлі ұлттық экономикаларда инфляциялану жағдайларының қалыптасуына әсер етпей қоймады.

Инфляцияның кең таралуы және тұрақтылығы оны қазіргі заманғы нарықтық шаруашылықтың табиғи және қажетті бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, оған қатысты «күрес» емес, «реттеу» терминін қолданған орынды. Реттеудегі басты мәселе – инфляцияны белгілі шекте ұстап тұру, яғни осы шектеулердегі инфляция экономикалық дамуға, жұмыспастылыққа және төлем балансының тепе-теңдігіне зиян келтірмейтін болады.

Осы орайда инфляцияны қазіргі заманғы өндірістің даму факторы немесе осы дамудың міндетті төлемі ретінде түсіндіруге болады. Бірақ оны «бақылаусыз қалдыруға» болмайды, оның реттелуі үздіксіз және тиімді болуы тиіс.

Соңғы жылдары ТМД елдерінің инфляцияға қарсы саясатта қол жеткізген елеулі жетістіктеріне қарамастан, инфляцияның жаңа айналымының қаупі бұрынғыдай сақталып келеді. Бағалардың үйлеспеуіне және өндірістік қуаттарды қолданудың төмен тиімділігіне байланысты инфляцияның әлеуеті де едәуір болып отыр. Осының барлығы осы елдердегі, соның ішінде Қазақстандағы инфляция мен қаржылық тұрақтылық мәселелерін маңызды етеді.

Аталған мәселелердің өзектілігі қазіргі жағдайда инфляцияның мәнін, түпкілікті себептерін және даму тетіктерін анықтау қажеттілігімен, Қазақстандағы инфляция үдерісінің табиғатымен және ерекшеліктерімен, инфляцияны реттеудің қаржылық құралдарын жетілдірумен және шетел тәжірибесін қолдану негізінде мемлекетте инфляцияға қарсы саясаттың негізгі бағыттарын көрсетумен анықталады.


Осының барлығы диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болды және динамикалық үдеріс ретінде инфляциялану феноменін зерттеу, инфляцияны реттеу құралдарын қалыптастыру және тиімді деңгейде оны ұстап тұру бойынша сәйкес ұсыныстарды зерттеп дайындау қажеттілігін анықтады.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша Қазақстандағы жылдық инфляция 2020 жылдың қорытындысы бойынша 7,5% (2019 жылы 5,4%) болды. 2020 жылғы наурыздан бастап инфляция 4-6% нысаналы дәліздің жоғары қалыптасты. Базалық инфляция бір жыл бойы жалпы инфляциядан жоғары деңгейде сақталып, 2020 жылғы желтоқсанда жылдық көрсетуде 7,7%-ға дейін өсті (1-сурет).

Инфляция құрылымында азық-түлік тауарлары 11,3%-ға (2019 жылы – 9,6%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар – 5,5%-ға (5,0%-ға), ақылы қызметтер – 4,2%-ға (0,7%-ға) қымбаттады. Азық-түлік инфляциясының жеделдеуі жекелеген тауарларға сұраныстың артуымен, сол сияқты төтенше жағдай режимі мен карантин шаралары жағдайында шикізат пен өнімді жеткізу кезеңдерін бұзу нәтижесіндегі шектеулі ұсыныспен байланысты болды. Жылдың соңына таман ұсыныстың шектелуі мен импорттық сұраныстың артуы әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның өсуіне алып келді.

Базалық инфляция, инфляция және оның құрамдас бөліктерінің серпіні

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



Ескертпе: [1] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Азық-түлік инфляциясына ет және ет өнімдері (8,7%), нан-тоқаш өнімдері мен жармалар (10,4%), жемістер мен көкөністер (14,1%), жұмыртқа (20%), майлар мен тоң майлар (21,6%), қант (32,8%) бағасының жылдық өсуі елеулі үлес қосты. Сонымен қатар, өндірушілер бағалары өсуінің баяулауы және тірі малды әкетуге салынған тыйымның сақталуы жағдайында ет өнімдері бағасының өсу үлесі төмендеді; нан-тоқаш өнімдері мен жармаларға бағаның өсуі егін жинау науқанының аяқталуы және астық қорларын толықтыру нәтижесінде өткен жылға қарағанда төмендеді. Бағаның жедел өсуіне жекелеген азық-түлік өнімдерінің нарықтарындағы теңгерімсіздіктің күшеюі (құс тұмауының өршуі, Ресейдегі қант пен өсімдік майының күрт қымбаттауы) және иммундықстимуляторлық өнімдерге (жемістер, көкөністер) сұраныстың артуы ықпал етті. Қысқа мерзімде пайдаланылатын тауарларға (дәрі-дәрмектерге, жуу құрал-

дарына) сұраныстың артуы эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы кезеңінде импорттың қымбаттауы аясында азық-түлікке жатпайтын инфляцияға оң үлес қосты. Атап айтқанда, фармацевтикалық өнім бағасының жылдық өсуі 9,7%-ды, жуу және тазалау құралдары бағасының жылдық өсуі 10,2%-ды құрады. Бұдан басқа, жыл басында акциздің артуы бензин бағасының өсуін жеделдетуге әсер етті, ол кейіннен сұраныстың төмендеуімен шектелді. Жыл қорытындысы бойынша бензин бағасының өсуі 2,5%-ды құрады. 2019 жылы реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге тарифтерді төмендету әсерінің сарқылуы көрсетілетін қызметтердің инфляциясына жоғары әсер етті. 2020 жылы реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуі 1,6%-ды құрады (2019 жылы 6,9%-ға төмендеді), бұл ретте өсім қолдау шаралары ретінде (наурыз-сәуір) төтенше жағдай кезінде тарифтердің уақытша төмендеуімен және уақытша өтелетін тарифтерді енгізумен шектелді. Тарифтердің өсуіне 2020 жылғы 1 шілдеден бастап электр өндіруші ұйымдарға арналған шекті тарифтердің өсуіне байланысты электр энергиясының 6,5%-ға қымбаттауы негізгі үлес қосты. Реттелмейтін қызметтер бөлігінде туристік қызметтерді қоспағанда, қызметтердің барлық түрлері қымбаттады. Сауда және сервис объектілерінің қызметіне карантиндік шектеулер, сондай-ақ жұмыс пен оқытудың қашықтан жүргізілетін форматын сақтау жағдайларында төмендей түскен тұтынушылық сұраныс инфляцияны тежеуші фактор болды[2].

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылғы Жылдық Есебі» www.nationalbank.kz Жарияланған күні: 17.05.2021

2. «Қаржы» С.Құлпыбаев , С.Ж.Ынтықбаев, В.Д. Мельников , 2013ж -112 б.

ОӘЖ 338.001.36

Тұрғанбаев Қ.Д. магистр, **Айнабекова И.Т.** магистр,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТКЕН ФАКТОРЛАР


Аңдатпа. Мемлекеттің дамуын экономикалық саланы сараптау негізінде көруге болады. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес секторының даму көрсеткіштері, елдегі нормативтік-құқықтық механизмің ықпал етуімен көрініс табады. Жүйелі механизм экономикалық сектордың дамуына әсер етіп қана қоймай, мемлекеттің өсу тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бұл өз деңгейінде бәсекелестікті арттырады. ІЖӨ көрсеткіші жоғары мемлекеттің әлеуеті жоғары болмақ.

Кілт сөздер: экономикалық өсу, экспорт, мұнай өнімдері, стратегиялық жоспарлау, инвестиция.

2020 жылы Қазақстан экономикасының дамуы COVID-19 коронавирус пандемиясының таралуына қарсы күрес шараларының, сондай-ақ мұнайдың әлемдік бағасының құлдырау әсерінен қалыптасты. Бұл факторлар Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің айтарлықтай төмендеуіне алып келді. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының жедел деректері бойынша 2020 жылы Қазақстанның ІЖӨ 2019 жылмен салыстырғанда нақты көрсетуде 2,6%-ға қысқарды (1-сурет).

Нақты ІЖӨ өсуіне экономика салаларының үлесі

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



Ескертпе: [1] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Карантин шараларының қолданылуы аясында сыртқы, сол сияқты ішкі сұраныстың әлсіреуі нәтижесінде сауда, көлік қызметтері, жылжымайтын мүлікпен операциялар және әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызметтер көлемі төмендеді.

2020 жылы тау-кен өндіру өнеркәсібінің жылдық көрсетуде 3,7%-ға төмендеуі есебінен өнеркәсіп 0,4%-ға қысқарды. Тау-кен өнеркәсібіндегі өндірістің құлдырауы ОПЕК+ келісімін орындау шеңберінде шикі мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің 5,0%-ға қысқаруына байланысты болды. Сонымен қатар, металл кендерін (0,1%-ға төмендеу), атап айтқанда темір кенін (0,2%-ға) және түсті металл кендерін (0,1%-ға) өндіру көлемінің төмендеуі осы салаға теріс әсер етті[1].

2020 жылдың қорытындысы бойынша көтерме және бөлшек сауда көлемі жылдық көрсетуде 7,3%-ға қысқарды. Саланың қысқаруы көтерме және бөлшек саудадағы сату көлемінің тиісінше 7,4%-ға және 4,1%-ға төмендеуіне байланысты болды. Көтерме сауданың қысқаруы негізгі тұтынушылар тарапынан отандық экспорттық позицияларға сұраныстың төмендеуіне және ОПЕК+ шеңберінде келісімнің орындалуына (шикі мұнай мен металдар) байланысты орын алды. Бөлшек сауда айналымының қысқаруы халықтың нақты ақшалай кірістерінің төмендеуі салдарынан тұтынушылық сұраныстың баяулауына байланысты болды. Сауда көлемінің қысқаруымен қатар 2020 жылы көлік және қоймаға сақтау қызметтерінің жылдық көрсетуде 17,2%-ға дейін төмендеуі байқалды. Саланың қысқаруына автомобиль және құбыр жүргізу көлігінің жүк айналымы көлемінің төмендеуі негізгі үлес қосты.

Сонымен қатар, бірқатар салалар ІЖӨ серпініне оң үлес қосты. Өңдеу өнеркәсібінде металлургия өнеркәсібі өндірісінің 2,6%-ға, тамақ өнімдері өндірісінің 4,0%-ға, машина жасау өндірісінің 16,3%-ға және фармацевтика өнімінің 47,0%-ға ұлғаюына байланысты 3,9%-ға өсу тіркелді. Сонымен бірге, 2020 жылы тұтынушылық сұраныстың төмендеуі және өндірістің уақытша жабылуы аясында жекелеген салаларда өндірістің қысқаруы байқалды. Мәселен, мұнай өнімдерін өндіру 4,0%-ға және жиһаз өндіру 11,0%-ға қысқарды.

2020 жылдың наурыз-сәуір айларында төтенше жағдай мен карантиннің қолданылуы жағдайында құрылыс жұмыстарының уақытша тоқтатылуына қарамастан, жыл қорытындысы бойынша құрылыс саласының өсуі 11,2%-ды құрады. Жоғары өсу мемлекеттік бағдарламалар мен инфрақұрылымдық жобаларды іске асырудың жалғасуына, атап айтқанда «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы», «7-20-25», «5-20-25», «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде қолжетімді тұрғын үй құрылысының жалғасуына байланысты орын алды. Сондай-ақ «Нұрлы Жол» бағдарламасын іске асыру еліміздің көлік-логистикалық инфрақұрылымын салуда (автомагистральдар, жолдар, теміржолдар, көпірлер мен тоннельдер құрылысы) өсу қарқынын ұстап тұруға мүмкіндік берді.

2020 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы 5,6%-ға ұлғайды, бұл мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өнімінің тиісінше 3,0%-ға және 7,8%-ға өсуіне байланысты болды.

Қашықтан жұмыс жүргізу және онлайн-оқытуды енгізу аясында байланыс қызметтері оң серпінді көрсетті, өсу 8,6%-ды құрады. Интернет желісі қызметтерінің, мобильді байланыс пен

телекоммуникациялық желілер бойынша деректерді беру қызметтерінің ұлғаюы есебінен саланың өсуіне негізгі үлес қамтамасыз етілді[1].

Өз кезегінде, үй шаруашылығын тұтыну және экономикадағы инвестициялық белсенділік COVID-19 пандемиясының таралуына қарсы шектеу шараларын енгізу аясында теріс факторлардың әсерінен айтарлықтай қысқаруды көрсетті. Мемлекеттік саясаттың контрциклдік бағыты жағдайында мемлекеттік басқару органдарының шығыстары ғана оң өсу қарқынын сақтап қалды.


2020 жылғы I тоқсанда үй шаруашылықтарына нақты сұраныс оң серпінді сақтап қалды. Алайда төтенше жағдай режимін енгізу, сауда нүктелерінің жұмысына шектеу қою, уақытша жұмыспен қамтылмағандар санының өсуі және халықтың кірістерін жоғалтуы 2020 жылғы II тоқсанда тұтынушылық сұраныстың екі таңбалы төмендеуіне (17,6%-ға) алып келді. Бірақ 2020 жылғы III тоқсанда карантин шараларының біртіндеп жеңілдеуі және кейінге қалдырылған сұранысты іске асыру жағдайында үй шаруашылықтарының сұранысын қалпына келтіру (2,5%-ға өсу) байқалды, бұл жекелеген айларда бөлшек тауар айналымы көрсеткіштерінің жақсаруымен расталады.

Халықтың нақты кірістерінің қысқаруы сұраныстың неғұрлым тез өсуін шектейтін фактор болды. Кірістер құрылымында жалдамалы қызметкерлердің нақты жалақысының қысқаруы нәтижесінде өз бетінше жұмыспен қамтудан және жалдау жұмысынанан түсетін кірістер төмендеді (2020 жылғы III тоқсанда – 0,1%). Кірістер арасында мемлекеттік саясаттың әлеуметтік бағытын сақтау жағдайында зейнетақы төлемдерінен түскен табыстар бойынша өсу байқалды[1].

Бұдан бөлек, COVID-19 пандемиясы әлемнің түрлі елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да халықтың тұтынушылық қалауы мен шығыстарына елеулі өзгерістер енгізді. Мәселен, ақылы қызметтерге жұмсалатын шығыстар үлесінің қысқаруы және үй шаруашылықтарының азық-түлікке жұмсалатын шығыстар үлесінің едәуір ұлғаюы орын алды. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша үй шаруашылықтарының тұтыну шығыстары құрылымында 2020 жылы халық үшін ақылы қызметтерге арналған шығыстар үлесі 16,9%-ға (21,6%) дейін бір мезгілде төмендей отырып, азық-түлік тауарларына жұмсалатын шығыстар үлесі 58%-ға дейін (2019 жылы – 53,7%) ұлғайды. Азықтүлікке жатпайтын тауарларға жұмсалатын шығыстардың үлесі айтарлықтай өзгерген жоқ (24,7%-ға қарсы 25,1%), бұл осы топтың құрылымындағы тауарларға сұраныстың көп бағытты үрдістерінен туындады.

Экономика салаларының негізгі капиталға салған инвестициялардың өсуіне қосқан үлесі

өткен жылдың тиісті кезеңіне %-бен



Ескертпе: [1] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

2020 жылы экономикадағы инвестициялық белсенділік жылдық көрсетуде 3,4%-ға қысқарды. Экономикадағы инвестициялардың құлдырауы «Болашақ кеңейту жобасы» бойынша ең ірі «Теңіз Шевройл» кен орнындағы құрылыс жұмыстарын уақытша тоқтата тұру аясында тау-кен өндіру саласындағы инвестициялардың қысқаруына тікелей байланысты болды. Негізгі капиталға салынған инвестициялардың қысқаруы саудада, құрылыста және қаржылық және сақтандыру қызметінде де байқалды. Жалпы, басқа салалардағы инвестициялар оң серпінді

көрсетті. Жекелеген секторларда инвестициялық белсенділіктің жеделдеуі байқалды: 2020 жылы жылдық көрсетуде денсаулық сақтау саласында 1,4 есе, өнер мен ойын-сауық саласында 1,2 есе, ақпарат пен байланыс саласында 35,5%-ға өсті. Осыған орай, тау-кен өндіру саласын қоспағанда, экономикадағы инвестициялар 14,8%-ға ұлғайды (2-сурет).

Импортты алмастыру бойынша мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру өңдеу өнеркәсібіндегі инвестицияларға оң әсер етті, олар 2020 жылдың қорытындысы бойынша 3%-ға өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар құрылымында ғимараттар мен құрылыстарды салу және күрделі жөндеу жұмыстарына жұмсалатын шығындардың жоғары өсуі (10,7%-ға) және машиналар мен жабдықтарға салынған инвестициялардың және басқа да шығыстардың айтарлықтай төмендеуі байқалды.

Негізгі капиталға инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзі бұрынғысынша кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып табылады, инвестициялардың жалпы көлеміндегі олардың үлесі 2020 жылы 78,8%-ды құрады[2].

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2020 жылғы Жылдық Есебі» www.nationalbank.kz Жарияланған күні: 17.05.2021

2. Оралбаева Ж.З., Арыстамбаева А.З. «Экономикалық талдау негіздері», оқу құралы - Алматы: Қазақ университеті 2014ж-100 б.

ӘӨЖ332.142

Умирзакова Н.Т. магистр, аға оқытушы,
Онласынова А.А. магистр, аға оқытушы,
Халықаралық Тараз Инновациялық Институт,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Әлемде инновациялық қызмет бәсекеге қабілеттілік пен экономикалық өсуді қамтамасыз ететін маңызды фактор болып саналады. Индустриалды дамыған елдерде инновациялық қызметтің өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Сондай-ақ технологияларды дамытуда, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруда мемлекеттік және жеке ғылыми-зерттеу ұйымдары мен компанияларының ынтымақтастығы мен өсуіне үлкен мән беріледі. Мақалада инновациялық даму жолын таңдаудың негізгі себептері көрсетілген. Қазақстанның әлемдегі ең дамыған отыз елдің қатарына кіруі инновациялық идеяларға негізделе отырып жоспарланып отыр. Осыған байланысты индустриялық саясаттың осы сегменті өндірістің тиімділігін арттыру және басым секторлардағы инновациялық белсенділікті арттыру жөніндегі шаралар кешенінен тұратын болады.

Кілт сөздер: фактор,инновация, бәсекеге қабілеттілік, инновациялық саясат, идея, жаһандану, ДСҰ.

Қазақстанның әлемдік көшбасшылар қатарынан көрінуі мен еліміз экономикасының бәсекеге қабілеттілік деңгейінің артуы өнеркәсіптің инновациялық даму тиімділігімен анықталады. Бұл өз кезегінде озық білім мен жаңа технологияларды өмірге әкелетін ғылыммен және өндіріспен жүйелі байланыстағы жоғары техникалық білім саласын жаңғыртуға байланысты. Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының әлеуеті білім беру қызметінің сапасымен ғана емес, еңбек адамын қалыптастыруға бағытталған «Білім – ғылым – инновация» интеграциясының дамуымен де анықталады. Қазіргі әлем – шапшаң даму, жылдам өзгерістер үстінде. Осынау ғаламдық даму көшіне ілесу үшін қай елдің де бәсекеге қабілетті болуы шарт. Бұл, әрине, бірінші кезекте қоғамдық дамудың қозғаушы күші – ғылымның алға басуы мен мамандардың біліктілігіне байланысты. Яғни еліміздің бәсекеқабілеттілігін көтеруде жоғары мектепке жүктелер міндет салмақты. Еліміздегі үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының табысты жүзеге асырылуы ғылым мен өндірістің байланысы қамтамасыз етілуіне тікелей тәуелді

деуге болады. Әлемде инновациялық қызмет бәсекеге қабілетті және экономикалық өсуді қамтамасыз ететін ең маңызды фактор болып саналады. Өнеркәсібі дамыған елдерде инновациялық қызметтердің өсуі үшін ұлттық ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолайлы жағдайлар жасалған, сонымен қатар технологияларды дамытуда, ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыруда мемлекеттік және жеке ғылыми-зерттеу ұйымдары мен компаниялардың ынтымақтастық құрып, өсуіне үлкен мән берілген. Жаңалық пен ғылымды, технологияны, техниканы өндіріспен тығыз байланыстыру мақсатында елімізде индустриалды-инновациялық даму бағыты көзделген. Қазақстан үлкен мүмкіндіктері бар ел ғана емес, сол мүмкіндіктерді нақты жүзеге асырып отырған алып мемлекетке айналуда. Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін көрсететін басты көрсеткіш – оның экономикасы болып табылады. Экономиканың бәсекеге қабілетті болуының басты бағыты – индустриалды-инновациялық экономика құру және шикізаттық емес секторды дамыта отырып, инновациялық үдерістерге бет бұру[1].

Ғылыми экономика құру – ең алдымен Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру. Бұл бағыт бойынша венчурлік қаржыландыру, зияткерлік меншікті қорғау, зерттеулер мен инновацияларды қолдау, сондай-ақ ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру қажет.

Ғылымды қаржыландыру көлемін біртіндеп арттырып, оны дамыған елдердің көрсеткіштеріне жеткізу жөнінде нақты жоспар қажет. Әлемдік экономиканың жаһандануы жағдайында отандық компаниялардың ел ішіндегі және шетелдегі тауарлар мен капитал нарықтарындағы бәсекеге қабілеттілігі өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі таңда кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, өндірістің инновациялық дамуына байланысты. Қазіргі кезеңде кәсіпкерлікті дамытудың әлсіз жақтары оны жетілдірудің нарықтық механизмдерінің инновациялық түрлерін одан ары жақсартуды қажет етіп отыр.Қазіргі жағдайдағы ұйымның инновациялық дамуы — оның негізгі қызметінің ажырамас бөлігі, өйткені өнімнің және жалпы ұйымның бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыруға ықпал етеді. Соңғысы, өз кезегінде, пайда мен өндіріс тиімділігінің көрсеткіштерінде көрінеді. Алайда, Ресей экономикасы жоспарлы-әкімшілік экономиканың мұрасын көтереді, онда инновацияларды енгізудің маңызды рөлі тек перспективалы салаларда ғана берілген [2].

Көптеген кәсіпорындардың, ұйымдар мен фирмалардың басшылары әлі күнге дейін өз объектілерінің ғылыми-техникалық дамуының бірінші кезеңділігін ұғынбайды және пайданы барынша арттыру тәсілі ретінде шығындарды үнемдеуді қалай отырып, өнімдер мен қызметтердің сапасын арттыруға үлкен мән бермейді. Бұл ұйымдардың сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімділігін бірден төмендетеді және оларды орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдерде бәсекеге қабілетсіз етеді.Өнеркәсіптік дамыған елдердің тәжірибесі экономикадағы инновациялардың рөлі зор екенін көрсетеді. Олар көрінісі ретінде тауарлар мен қызметтерді ғана емес, ұйымдарды басқару жүйесін қазіргі заманғы ортаның талаптарына сәйкестендіріп өзгертуге және жетілдіруге көмектеседі. Осылайша, ұйымдағы инновациялар микродеңгейдегі ғылыми-техникалық прогрестің көрінісі болып табылады. Инновациялық қызмет, перспективалыққа қарамастан, ұйым құрылымындағы инновациялық бөлімнің жұмысы өзі болған және оның күш-жігері өзінің жеке мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған жағдайда да теріс рөл атқара алады. Нәтижесінде инновацияларға едәуір инвестициялар "босқа" жұмыс істейді, яғни ұйымның басты мақсатына қол жеткізуге бағытталмаған [3]. Еліміздегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігі оның бәсекеге қабілеттілігінің стратегиялық маңызды факторларының бірі болып табылады. Әлемдік нарықта күн өткен сайын бәсекелестік ұлғайып келе жатқаны ақиқат. Алпауыт компаниялар инновациялық саясатты жүргізуде жаңа инновациялық технологияларды зерттеу мен қолдану мәселесін күн тәртібіне қойды. Осы тұрғыдан алғанда елімізде де аталған бағыттарда көптеген жұмыстар атқарылуда. Осылардың негізінде отандық инновациялық әзірлемелерді қолдау мен оны өндіріске ендіруге, сонымен бірге Қазақстан Республикасын болашағы зор шетелдік технологияларды трансферттеу алаңы ретінде дамытуға бағытталған инфрақұрылым жүйесін құру үрдісі жүзеге асырылуда. Таяудағы онжылдықта тұрлаулы да теңдестірілген даму жедел әртараптандыру және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Еңбек өнімділігінің кешенді артуы аса маңызды міндет болып табылады. Инновациялық саясаттың

басты мақсаты – отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, осы арқылы еліміздің әл-ауқатын көтеру және қоғамның экономикалық дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сондықтан да жаһандық үдеріс туғызған инновациялық қызмет кез келген мемлекеттің даму тарихында ерекше орынға ие. Еліміздегі ішкі және сыртқы геосаяси және экономикалық жағдайдың тұрақтануы мен инновациялық қызметтің, ғылыми-техникалық саясаттың даму қарқыны да өзгеруде. Осы орайда жоғарыда айтылған Қазақстан Республикасының «Инновациялық қызмет туралы» қабылданған заңының саяси-әлеуметтік маңызы өте зор, себебі әрбір елдің экономикасы мен интеллектуалдық әлеуеті жоғары деңгейде көрінуінде ғылым мен техника басты өзек болуы тиіс. Еліміздің басты бағыттарындағы негізгі ядро болып отырған инновациялық қызметті қабылдау мен оны енгізу – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. Инновациялық қызмет – жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнім түрлерін жасауға және өндірістің түрлі салалары мен қоғамды басқару саласына енгізуге бағытталған қызмет, оның нәтижелері экономикалық өсу және бәсекеге қабілеттілік үшін пайдаланылады [4].

Мемлекеттік инновациялық қызметтің стратегиялық мақсатының өзі өндірістің барлық саласында жаңа ғылыми жетістіктердің енгізілуі болып табылады. Оның жетістіктері экономикалық өркендеу мен бәсекеге қабілеттілікке пайдаланы-лады. Инновациялық қызметті жетілдірудің ең оңтайлы тәсілі – ғылым мен техника, өндіріс бірлестігінің ұштастырылуында. Қазақстандық кәсіпорындардағы инновациялық белсенділікті арттырудағы олардың артықшылықтары деп келесілерді атап өтуге болады: республикада мол табиғи ресурстардың болуы; университеттер, академиялық институттар мен басқа да ғылыми мекемелердің дамыған желісі; инновация саласындағы белсенді мемлекеттік қолдау сая-саты; шикізат ресурстарына қолы жетімсіз бизнес-элитаның күшеюі.

Ал кемшіліктері ретінде: әлсіз инновациялық тәуекел-менеджменттегі, маркетингтегі жоғары тәуекел деңгейі; инновациялық қызметпен айналысатын мамандардың төмен үлес салмағы; шағын венчурлық бизнестің дамымағандығы; отандық өндірушілердің төмен инновациялық қабылдағыштығы; отандық ғылыми жасаулардың төмен бәсекеге қабілеттілігі мен шетелдік ескі технологиялар мен жабдықтарды сатып алуы; шектеулі қаржылық және материалдық мүмкіндіктер.

Инновациялық белсенділікті арттырудағы мүмкіндіктер: өңдеуші сала кәсіпорындарының жоғары ғылыми сыйымдылықпен дамуы;

- университеттер айналасында «инновациялық белдеулерді» қалыптастыру;
- жергілікті кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталан-дыру;
- жоғары технологиялық салаларға қаржылық және менед-жерлік ресурстардың ағымы мен қызығушылығының жоғарылауы.
- Инновациялық белсенділікті арттыруға кедергі келтіретін қауіптер: кәсіпорынның сапалы инновациялық дамуының «тоқтауы»;
- инновациялық үдерісті тиімсіз ұйымдастыру;
- жаңа идеялардың, технологиялардың шетелге «кетуі» және қазақстандық ғалымдардың шетел мемлекеттері үшін интеллектуалды донорларға айналуы; жаһандану жағдайында ел экономикасы салаларының бәсекеге қабілеттілік мәселелерінің тереңдеуі.

Бүкіл әлемде инновациялық даму кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілікті тұрақты түрде ұстап тұру мен жоғарылату қажеттілігімен байланысты. Сонымен бірге инновацияларды қолдану кәсіпорындарға нарықта тиімді бәсекеге түсуге, жаңа тұтынушыларды тартуға, қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі едәуір көлемде кәсіпорынның технологиялық деңгейіне тәуелді. Елімізде жүргізіліп отырған инновациялық саясатта тең бәсе-келестік жағдайларды және салауатты бәсекелестік ортаны қалыптастыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ индустриалды саясаттың бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыруға бағытталуы қағидалары жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік инновациялық саясатның ең басты қағидалары ғылыми және ғылыми-техникалық шығармашылық еркіндігі, интеллектуалдық меншікті құқықтық қорғау; ғылыми, ғылыми-техникалық іс-әрекет пен білім берудің интеграциясы, ғылым мен техника салаларындағы бәсекені қолдау, ресурстарды ғылыми дамудың басты бағыттарына

шоғырландыру; ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық іс-әрекеттегі іскерлік белсенділікті ынталандыру, халықаралық қызметтесуді дамыту болып табылады.

- Үлесті компания менеджерлеріне сатыңыз.

Инвестициядан түсетін табыс салығы - бұл белгілі бір құралдарды-акцияларды сату, банктік депозит, жылжымайтын мүлікті жалға беру арқылы алынған таза кірісті азайтатын қаржылық көрсеткіш. Көптеген инвестициялардан түсетін табысқа жеке табыс салығы салынады, бірақ бұл төлеуге тура келетіндердің тізіміндегі соңғысы емес.

Қытайдағы инвестициялар салығы пайда мөлшеріне байланысты 3-тен 40% - ға дейін. Бірақ кооператив салығы кәсіпорындарға 25% түседі. АҚШ-та инвестицияға салынатын салық бар, ол табыс салығымен бірдей және алынған сомаға байланысты 10-дан 39,9% -ке дейін өзгереді. Сонымен қатар, төлемдердің жалпы сомасына белгілі бір штаттардың салығын қосқан жөн. Басқа елдердегі тарифтерге назар аударсақ, ол келесідей болады (Кесте 2).

Кесте 2 - Шет мемлекеттердегі инвестициялық табыс салығының ставкасы

Мемлекет	Пайыз
Белоруссия	15%
Украина	18%
Литва	15%
Қазақстан	10%
Сауд Аравиясы	2.5%
Швеция	61,85% - ға дейін(егер жылына 2,2 мың кроннан төмен болса, салық төленбейді)
Жапония	55.95%
Ескерту – автор құрастырылған	

Тікелей инвестициялардың көптеген түрлері бар. Салымдардың объектісіне байланысты:

- Нақты инвестициялар. Жабдықты, жерді, жылжымайтын мүлікті және басқа өндіріс факторларын сатып алуды қамтиды.
- Зияткерлік инвестиция. Бизнес тиімділігінінің тікелей немесе жанама түрде көбейтетін ғылыми жұмыстар мен зерттеулер жатады.
- Қаржылық. Акцияларды, басқа да бағалы қағаздарды немесе жарғылық капиталдағы үлесті сатып алу.
- Қаржылық емес. Материалдық емес активтерге инвестициялар: патенттер, авторлық құқықтар және брендтер жатады.

Мерізіне байланысты:

- Қысқа мерзімді (1 жылға дейін). Олар сирек кездеседі, өйткені бірнеше кәсіпорын бір жылда инвестордың инвестицияларын қайтара алады.
- Орта мерзімді (1 жылдан 3 жылға дейін).
- Ұзақ мерзімді (3 жылдан 10 жылға дейін) [2].

Ресми түрде инвестор салықты өз қызметін заң шығару саласында жүргізгені үшін төлейді. Сол себепті мемлекет тікелей инвестицияға салынатын салықты барынша оңтайлы жоспарлауымен қатар бірнеше мәселерді шешуі тиіс. Мемлекет тарапынан тікелей инвесторлардың қызметін бақылау ұлттық және халықаралық құқықты пайдалануға негізделген. Бірінші жағдайда, дәстүрлі заңнамадан басқа, көптеген елдер қабылданған және бекітілген халықаралық стандарттарға сәйкес келетін өздерінің инвестициялық кодекстері мен заңдарын жасадыСалықтар - кәсіпорындардың да, тұтастай алғанда мемлекеттің де экономикалық даму деңгейін арттыру мақсатында мемлекеттің жұмыс істеуінің қажетті құралы.Мемлекеттік бюджетті толықтырудың маңызды көзі бола отырып, салық түсімдері мемлекетке өз функцияларын орындауға және қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамда салық функциясынан басқа, салықтар экономиканың жекелеген секторларының дамуын ынталандыратын және кірістерді қоғамның барлық

мүшелері арасында қайта бөлетін реттеуші функцияны орындайды.Коммерциялық ұйымдар негізгі салық төлеушілердің бірі болып табылады. Кәсіпорындар төлейтін салықтар қаржылық нәтижелерге әр түрлі дәрежеде және бірдей емес әсер етеді.

Біздің елде, басқа мемлекеттердегідей, пропорционалды салық салу ережесі қолданылады-пайда неғұрлым жоғары болса, салық шығындарының мөлшері соғұрлым көп болады, бірақ белгіленген пайыз жағдайында.

Салық ставкаларының мөлшері кәсіпорындар қызметінің түпкілікті нәтижесіне және мемлекеттік бюджетті толтыруға айтарлықтай әсер етеді.Жоғары ставкалар, олар бюджетке салық түсімдерінің мөлшерін көбейтуі керек болса да, іс жүзінде кері әсер етуі мүмкін, ал төмен ставкалар, керісінше, салық ағынын арттыруы мүмкін. Салық ставкалары мен салық түсімдерін байланыстыратын Лаффер қисығы бұл қатынастарды жақсы көрсетеді. Артур Лаффердің айтуынша, салық төлемдерінің мөлшерін барынша арттыратын оңтайлы салық ставкасы бар[3]

Егер салық ставкалары оңтайлы деңгейден төмен болса, кейбір ықтимал салық түсімдерін мемлекеттік бюджет қабылдамайды, бұл кәсіпорынның қосымша пайдасы болып табылады.

Қазіргі уақытта біздің елімізде жеке және білікті инвесторлар үшін салықтар бөлінуде. Іс жүзінде әртүрлі көздерден алынған пайдаға жеке табыс салығы салынады – 10%. Резидент еместер үшін ставка жоғары және пайда табу әдісіне байланысты 15-тен 30% -ке дейін.

Инвестициялық қызметке салық салу жүйесі әлеуметтік-экономикалық процестерге айтарлықтай әсер етеді.Бұл тікелей де, делдалдық та болуы мүмкін. Кез-келген салық салу жүйесі, оның ішінде инвестициялық қызметке салық салу жүйесі салықтық қатынастардың нысаны болып табылады, онда жүйеге салықтық қатынастардың қатысушылары болып табылатын екі компонент, яғни жүйенің субъектілері кіреді. Бұл мемлекет және инвестициялық қызметке қатысушылар [4].

Бұл субъектілер арасында салық төлемдерінің қозғалысы жүреді және олардың мүдделері сәйкес келмейді. Салық салу жүйесі инвесторлар, құрылысшылар, тапсырыс берушілер, құрылыс салушылар, жобалаушылар өндірген және (немесе) алған кірістің бір бөлігін мәжбүрлеп алып қою принципіне негізделген мемлекет пен инвестициялық қызметке қатысушылар арасындағы қайшылықты көрсетеді, бұл олардың қаржылық және материалдық жағдайының нашарлауына әкеледі және әртүрлі топтардың салықтық теңсіздігін тудырады. Жүйенің өзегі инвестициялық қызметке қатысушылар қолдануы мүмкін режимдердің тізімін, жалпы және арнайы салық режимдерінде төленетін салықтардың құрамын және инвестициялық климатты жақсартуға бағытталған салықтық жеңілдіктерді анықтайды. Бұған мемлекет инвестициялық процесті жандандыру үшін пайдалана алатын экономикалық тұтқалар да кіреді: амортизацияны есептеу әдістерін белгілеу, мемлекеттің бір инвестор ретінде қатысуы, субсидиялар мен дотациялар және басқалар. [3, 6б.]

Салық салудың кез-келген жүйесінің жұмыс істеуі мемлекет үшін де, инвестициялық қызметке қатысушылар үшін де оның тиімділігін бағалауды талап етеді.Сондықтан екі компонент аналитикалық сипатқа ие және салық төлеушілердің салық ауыртпалығын және оның мақсатына жетуді бағалау үшін жүйенің тиімділігін бағалау үшін қажет.

Барлық компоненттер бір-бірімен құрылымдық тұрғыдан қолданыстағы нормативтік-құқықтық базамен байланысты.Заңдық базаға енгізілген өзгерістер әр компонентті өзгертеді.

Салық ауыртпалығының экономикалық даму қарқынына әсерін анықтау, оның деңгейін өлшеу, салықтан босатудың оңтайлы мөлшерін белгілеу және салық ауыртпалығын төмендетудің орындылығын негіздеу мәселелері салық салу теориясында маңызды орын алады және маңызды болып табылады іскерлік тәжірибе үшін маңызды[5]

Салық төлеушінің салық жүктемесін бағалау және талдау үшін жалпылау көрсеткішінен және үш блоктан тұратын көрсеткіштер жүйесін қолдану ұсынылады; оларға: объектінің инвестициялық құнын салық төлемінің мөлшері мен құрылымының көрсеткіштері, сондай-ақ нақты және стандартты салық сомасы арасындағы ауытқу жатады.

Жүйенің жалпылама көрсеткіші бюджетке төленген салықтар сомасының объектінің инвестициялық құнына қатынасы ретінде анықталатын салық коэффициенті болып табылады:

$$K = \frac{S}{V} (1)$$

Бұл жерде: K = салықтық коэфицент;

S = бюджетке төленген салық сомасы;

V = обьектінің инвестициялық бағасы.

Салық коэффициенті мемлекет салық төлемдері түрінде объектіні құруға қанша инвестиция салатынын анықтауға мүмкіндік береді.Бұл көрсеткіштің алымында инвестициялық қызметке қатысушылардың зерттеліп отырған кезеңге нақты төлеген салықтарының сомасын қамтиды. Ал бөлгіште-қосылған құннан және жаңадан құрылған құннан айырмашылығы инвестициялық процеске тікелей байланысты және кез келген салық үшін төлем көзі бола алатын көрсеткіш жатады.

Салық ауыртпалығын бағалау және талдау кезінде жалпылау көрсеткіші нақтыланған және ашылған, үш жүктеме көрсеткіштерімен толықтырылған, олар салық ауыртпалығын кешенді бағалауды қамтамасыз етеді және оның өзгеруіне әсер еткен факторларды анықтайды.

Бірінші блокқа салық төлемінің мөлшері мен құрылымын көрсететін индикаторлар кіреді: олар мемлекет салық салудан алған әсерді және осыған байланысты инвестициялық процеске қатысушылар шеккен нақты шығындарды өлшеуге мүмкіндік береді.

Екінші блоктың көрсеткіштері объектінің инвестициялық құнының салықтық құрылымын көрсетеді.

Соңғы блок инвестициялық қызметке қатысушылардың салық төлеу қабілетін сипаттайтын көрсеткіштерді қамтиды.

Ұсынылған индикаторлар жиынтығы инвестициялық қызметке қатысушы жеке тұлға үшін де, олардың тобы үшін де салық ауыртпалығын бағалау және талдау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бірақ соңғы жағдайда талдау жүргізу үшін жүйеге кірмеген және әртүрлі топтарды жүргізуге негіз болатын көрсеткіштер қажет, бұл төлеушілер жиынтығын әртүрлі сипаттамаларға сәйкес құрылған жеке біртекті топтарға бөлу арқылы талдауды тереңдетуге мүмкіндік береді.Бұл белгілерге: қызмет түрі, меншік нысаны, салық режимі және т.б. жатады.

Инвестициялық процеске қатысушылардың салық ауыртпалығын бағалаудың ақпараттық базасы бухгалтерлік және салықтық есепке алу деректері негізінде құрылуы мүмкін, бірақ қазіргі кезде мұндай жұмыстар жүргізілмейді.

Әдебиеттер тізімі:

1.Бекболсынова А.С. Налоги и Налооблажение. Уч пособие. – Астана, Фолиант, 2014.

2.Төребеков С.М. «Бюджет жүйесін жетілдіре берсек» Қаржы-Қаражат, №2, 2018 жыл.

3.Пушкарева В.М. История финансовой мысли и налогов.– М.:ИНФРА, 1996 – 235 с.

4.Шувалов А.Е. Налогообложение инвестиционной деятельности на современном этапе развития российской экономики. - Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук. - Москва, 2010. https://static.freereferats.ru/_avtoreferats/01002870432.pdf

5.Искакова Ж.Д. Модернизация налоговой системы в условиях интеграции Казахстана в мировое рыночное хозяйство. – Алматы, 2010 – 351 с.

ӘӨЖ 336.012.23

Молдабекова А.Ш. э.ғ.к.,доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ.Қазақстан Республикасы

БАНКТІҢ НЕСИЕЛІК ПОРТФЕЛІН БАСҚАРУ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Банк жүйесінде маңызды рөлді –несие алады. Ол арқылы шаруашылық жүргізуші субьектілердің, ұйымдарды мен халықтың ақшалай есеп айырысулары мен төлемдері жүргізіледі.Банктің несиелік портфелінің шамасына ақшалай - чектік эмиссиямен толтырылған қаржы ресурстардың көлемі ғана емес, заңды және жеке тұлғалардың, мемлекеттік мекемелер тарапынан қарыз қаражаттарына деген сұраныс әсер етеді.

Кілт сөздер: Банк, несие, тұтыну несиесі, овердрафт несиесі, онкольдық несие, ломбардтық несие, есеп айырысу және т.б.

Банктің несиелік портфелі төмендегідей белгілері бойынша жіктелінеді. Банктік неселердің мерзімі, несиелік туекелділік пен банктің өтімділігіне әсер етеді. Банктен алынған несиелердің ұзартылуы тәуекелділіктің өсуіне әкеледі. Сондықтан да коммерциялық банктердің міндеті – несиелерді беру мерзімі бойынша жүйелі жиынтық құру. Қазіргі уақытта ұзақ мерзімгн несие алу тәжірибеде дамып отырған жоқ. Оның себептері келесілер болып саналады:[1].

- банктің несиелеу кезіндегі қаржы ресурстарының жоқтығы;
- банктегі несие тәуекелінің жоғарлылығы;
- банкте несиелеу қағидаларының сақталмауы;
- қарыз алушылардың несиені өтеу көздерінің дұрыс таңдалмауы;
- банкте несиелеу мханизмінің жетілмеуі.

Банктен қарыз алушылардың түрлері келесілер: шаруашылық жүргізуші субьектілер мен ұйымдарды несиелендіру; жеке және заңды тұлғаларды несиелендіру; банкаралық несиелендіру кіреді.

Банктен экономика саласын несиелендіру обьектілері: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, көлік, байланыс салаларын несиелендіру.

Несиелендіруді тағайындалу және пайдалану сипатына қарай: негізгі қорлар мен айналым қаражаттарына жұмсалатын несиелер.

Несиелендіруді қамтамасыз ету дәрежесіне байланысты:кепілхатпен; кепілдememен; кепілдікпен.

Несиелендірудің қайтарылу дәрежесіне қарай:[2].

- банкттің стандартты несиесі – несиенің қайтарылу уақыты келмеген, банкке қайтуында ешқандай күмән жоқ несиелер.
- банктің күмәнді несиесі – банкке қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған, банк үшін тәуекел туғызатын несиелер.
- банктің үмітсіз несиесі – банкке қайтару уақыты кешіктірілген, мерзімі өткен несиелер жатады.

Несиенің валютамен берілуіне қарай: ұлттық және шеттелдік валютамен беріледі.

Несиенің берілу шарттарына қарай төмендегідей түрлері бар:

- банктің тұтыну несиесі – жеке тұлғаларға тұрмыстық қызметтері мен тұтыну тауарларын сатып алу үшін берілетін несие. Тұтыну несиесін тек жеке тұлғалармен жүргізеді. Тұтыну несиесін пайдаланудың төмендегідей екі түрі бар:
- тұтыну несиесі – халыққа ең жоғарғы деңгейде материалдық игіліктерге қол жеткізуге болады;
- қоғамның дамуының басты экономикалық әселесі дайын өтімді өткізу болса, тұтыну несиесі осы аталған мәселені шешеді.

Банктің ипотекалық несиесі – бұл қозғалмайтын мүліктерді, оның ішінде тұрғын үйді, өндіріс ғимараттарын, жерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие.

Банктің ипотекалық несиелеудің басты артықшылығы – бұл кезде адамдар тұрғын үйлерін бірден ала –алады.

Банктің овердрафт несиесі – қысқа мерзімді несиенің формасы, мұнда клиенттің шотынан қаражаттарды шегеру, дебеттік қалдық бойынша.

Банктің овердравт несиесінің мақсаты – шаруашылық жүргізуші субьектінің пайда болған төлем қабілетсіздігін жоюға арналған.

Банктің овернайт несиесі – банкаралық несиенің түрі, ол өтімділікті қолдану мақсатында бір түнге берілетін несие. Мұны банктер көбінесе қаржылық қиындық туындаған кезде алады.

Банктің онкольдық несиесі – қысқа мерзімді, ол кредиторлардың алғашқы талабы бойынша беріледі. Мұнда банк бағалы қағаздарды, тауарлық –материалдық құндылықтарды кепілге ала отырып, қарыз алушға банк анрайы ағымдағы шот ашады. Банктің алғашқы талабы бойынша несиені өтеу, қарыз алушының қаражатынан төленеді. Онкольдық несиенің пайыздық мөлшері төмен, мерзімді несиеге қарағанда.

Банкаралық несиенің рөлі оның атқаратын қызметтеріне байланысты:[3].

- банктің ағымдағы шоттарына мерзімді салымарға қаржы қаражат тарту;
- несиенің төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық қағидасына байланысты, қаражаттары ссудаларға беру;
- банктердің есеп айырысуларын жүргізу.

Банктің ломбардтық несиесі – коммерциялық банктерге қысқа мерзімді өтімділікті қолдау жолында, мемлекеттің бағалы қағаздарын кепілге ала отырып, Ұлттық банк беретін несие. Бұл Ұлттық банктің ақша –несие саясатын жүзеге асырудың маңызды құралы. Ломбарттық несиені коммерциялық банктерге 28 күнге ғана беріледі. Бұл несиені Ұлттық банктен банктік операцияларды жүргізуге алған рұқсат қағазы бар, актив бабыптарында мемлекеттік бағалы қағазы бар кез келген резидент банктерге береді.

Банктің лизингтік несиесі – жалға құрал –жабықты алуға байланысты берілген несие.

Банктің рамбурстық несиесі – шикізаттарды алып кіру, жартылай фабрикат пен дайын өнімді сыртқа шығаруға байланысты несие.

Банктің сенім несиесі – төлем қабілеті жоғары клиенттерге берілген несие, себебі олар банктің сеніміне кірген.

Банктің маусымдық несиесі – қарыз алушының қаржыландыру уақыты, түсімді алу мерзіміне байланысты алынатын несие.

Банктің консорциалдық несиесі – банктермен өзара қосылып, ірі жобаларды қаржыландыруға байланысты несие.

Коммерциялық банктердің несиелік портфелі – белгілі бір күнге банктің балансы бойынша несиелік берешектің қалдығын білдіреді. Несиелік портфель – белгілі бір өлшемдер негізінде жіктелген және банктің қойған талаптар жиынтығының негізінде анықталынады. Несиелік портфель өлшемі – несиелік тәуекел деңгейі болып саналады. Осы арқылы несие порфелінің спасы анықталынады. Несие портфелінің сапасын бағалау және талдау жүргізуде банк менеджеті несиелік операцияларды басқарады.

Банктің несиелік портфелін несиелік сипаттаманың мәмілесі арқылы жасалынған өзара шарт жиынтығымен анықталынады. Бұған ссуда, факторингтік операциялар, лизинг, берілген банктік кепілдеме және кепілгерлік бойынша міндеттерді орындаулар жатады.

Банктің неселік портфелі – берілген несиелердің сапасы мен құрылымының сипаттамсына және белгілі бір өлшеммен жіктеуді айтамыз [4].

Сондай –ақ, несиелік порфель – банк қызметінің нәтижесі, несиені ұсынуы боынша, яғни белгілі уақыт аралығындағы барлық несиелердің жиынтығы.

Коммерциялық несиеге қарағанда банктік несиені қолдану аясы кең.

Банктік несие қоғамның барлық саласына қатысп ақшалай табыстарынан және жинақтарын капиталға айналдыра отырып, капиталдың қорлануына қызмет етсе, коммерциялық несие тек тауар айналысында қызмет етеді.

Коммерцииялық банктің несиесі әмбебап болып келеді, себебі ол қарыз капиталды экономиканың барлық саласында қолданыс табады. Коммерциялық банк жедел даму қызметін атқарады.

Коммерциялық банктің несиесі өзінің маңызды ерекшеліктерін сақтап, ол санылық және сапалық өзгерістерге ұшырайды. Біріншіден, ол қарыз келісімінің қатысушыларына байланысты. Екіншіден, қарыз алушылардың құрамы өзгереді. Олар несиелік- қаржылық мекемелер, тұрғындар, үкімет, жергілікті органдар болып табылады.

Коммерциялық банктің несиесі – қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несие.

Коммерциялық банктік несие – бұл экономикалық салада кең тараған несие түрі. Бұлардың құрамына несиелік шарт пен несиелік келісім жатады.

Коммерциялық банкте несие беруші: қаржы мекемелері мен банк болса, ал қарыз алушылар кәсіпкерлікпен және бизнеспен айналысатын қаржы ресурстарына қажеттілігі бар заңды ұйым.

Коммерциялық банктің несиелік портфелі сапасын бағалау өлшемдері несиелік тәуекел, табыстылық және өтімділігі арқылы бағаланады.

Несиелік тәуекел – банктен алған несиені, қарыз алушылар оған есептелген сыйақыны өз уақытында қайтара алмауынан банк зиян нмесе шығын алумен сипатталадлы.

Коммерциялық банктің несие тәуекелі – банктің қаржылық нәтижесінің нашарлауына, қарыз алушылардың келісім – шартта көрсетілген немесе күтілетін қаржылық міндеттерін орындамау.

Несиелік тәуекел – қарыз алушылардың банк алдындағы өз міндетімен мақсаттарының орындалу жүйесі.

Коммерциялық банктер несиелік тәуекелділікті азайтудың келесідегідей әдістері бар: қарыз алушылардың несиелік қабілетін бағалау және талдау; бір қарыз алушыға келетін тәуекелділіктің жоғарғы мөлшерін анықтау мен банктен несиені беруде материалдық қамтамасыз ету; банктен дисконттық мөлшерде несие беру мен өзгермелі пайыздық мөлшерде несие беру; банкте резервтер құру.

Коммерциялық банектер күмәнде несиелермен жұмыс істеу үшін келесідегідей мәселелерді болдырмаудың шараларын жүргізеді:[5].

- қарыз алушылардың ағымдағы қаржылық жағдайына бақылау жүргізу;
- қарыз алушылардың несиені жұмсалынатын мақсатын тексеріп отыру;
- қарыз алушылардың ағымдағы есеп беру мәліметтерін талап ету;
- банккке қойған кепілдің сапасын қайта бағалау;
- қарыз алушының іскерлік репуациясын талдау;
- қарыз алушының несиелік шарттағы өзара міндеттемелерді қайта қарап, қайта жасау.

Коммерциялық банктердегі несиелік портфелдің күмәнді несиелерінің пайда болу факторлары келесілер:

- банкте несиелік үрдісті ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер;
- қарыз алушының іскерлік репутациясының төмендеуі;
- сыбайластық кездей соқтықтар, экономикалық және өндірістік оқиғалар;
- қарыз алушылардың банкротқа ұшырауы.

Коммерциялық банктердің несиелік портфелінің сапасын анықтау үшін, бір жыл ішіндегі несиелік портфелдің жіктелуі, жіктелген несиелердің өсуі, несиелер сомасының несиелік активтердің қалдығына қатынасы, күмәнді несиелердің қалдығы мен берілген несиелердің тәуекел дәрежесі арқылы есептелінеді.

Коммерциялық банктер несиелік қатынастарды ұйымдастырудың төмендегідей екі топқа бөлінетін қағиданы пайдаланады.

- жалпы экономикалық тәртіптегі қағидаларға: несиенің мақсаттылығы мен несиенің дифференциялдығы.
- несиенің мәнін бейнелейтін қағидаларға: мерзімділігі, қайтарымдылығы, төлемділігі, қамтамсыз етілу қағидалары кіреді.

Несиенің мерзімдік қағидасы - несие уақытында қайтара алатын шаруашылық оргадарға беріледі. Несие берушінің қарыз алушыға берілген қаражаты, белгілі бір уақыт ішінде келісілген келісім шартқа байланысты қайтарылуға тиісті сома.

Несиенің төлемділігі – несие беруші мен қарыз алушының арасында қаражатты қайтару барысында бастапқы сомадан өсіп қайтарылатындығын білдіреді.

Несиенің қамтамсыз ету – қарыз берушіге қарыз берген сомасын қайтара алмаған жағдайда материалдық тұрғысынан қамтамсыз ету. Сондай –ақ несиенің қамтамсыз етудің келесі жолы – несиелерді сақтандыру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Бекболатұлы. «Қазақстанның банк жүйесі» оқу құралы, Алматы 2009 -127 б.
2. Молдабекова А.Ш. «Қаржы және несие»: Оқу құралы.-Тараз, 2011.-333 б
3. Молдабекова А.Ш. «Қаржы ақша айналымы және несие»: Оқу құралы, -Алматы: «Үш қиян» 2012-560 б.
4. Мақыш С.Б. «Ақша айналысы және несие» оқу құралы. Алматы. 2009ж.-325 б.
5. Мақыш С.Б. «Коммерциялық банктер операциялары» оқу құралы, Алматы. 2009 – 287 б.

ӘОЖ: 336.71

Муратова Д.Б. э.ғ.к., доцент,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ.,Қазақстан Республикасы.

ҚАЗАҚСТАНДА БАНКТІК КАРТАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Соңғы жылдары несиелік карточкаларды шығаруда әртүрлі мемлекеттердің ұлттық компаниялар кең халықаралық торының бөлігіне айналды. Солай етіп, пластикалық карточкаларының көпшілігі кеңінен тек қана ішкі емес, сонымен бірге халықаралық есеп-айырысумен төлем операцияларында қолданылуға болады. Кәзірігі таңда коммерциялық банктер клиенттерге ұсынған карталардың жаңашылдығын шығару және пластикалық карточкалардың қолданудың ыңғайлығы өте тиімді және дамуда. Тек қана пластикалық карточкалар электрондық банкілік және халықаралық төлем жүйесінің кілттік элементін атқарады. Олар чек пен чектік кітапшаларды ақырындап ығыстыра отырып, индустриалды дамыған Батыс елінде ақша айналым ұйымының алдыңғы позициясына шықты.

Кілт сөздер: банк, несие, несиелік карточкалар, пластикалық карточкалар, электрондық банк, қолма-қол ақшасыз, кредиттік лимит.

Бүгінгі күнде әлемде 200-ден астам елдерінде пластикалық карточканы төлем айналымында қолданады, жер бетіндегі миллиондаған тұрғындар пластикалық карточкаларды әртүрлі тауарларды сатып алу үшін пайдалынады, көптеген банктер Visa International, MasterCard/Europay International, American Express, Diners Club, JSB сияқты халықаралық ассоциацияларының мүшесі болу үшін күреседі. Бұл фактілер пластикалық карточкалар «технологиялық революция» деп аталатын банк ісі мен халықаралық есептің маңызды элементі болып табылады.

Барлық пластикалық карточкалар, олардың жетілдіру дәрежесінен тәуелсіз маңызды ерекшелігі, оларда әртүрлі қолданбалы бағдарламаларда пайдаланатын белгілі бір ақпарат жиынтығы сақталынады. Карточка ғимаратқа жіберілу қызметін атқара алады, компьютерге ену құралы қызметін атқара алады, жүргізуші куәлігі қызметін атқарады, телефондық қызметімен пайдалынған үшін төлем ретінде және тағы басқа жағдайда пайданылады. Ақша айналым сферасында пластикалық карталар қолма-қол ақшасыз есеп-айырысу ұйымдастырушының прогрессивті құралының бірі болып табылады.

Елімізде банктік жүйе дамуында коммерциялық банктердің алдында шығындарды азайту статьясын мәселесі, пайда бөлігін халықаралық стандарт деңгейінеде неғұрлым кең қызмет спектріне жеткізу жолымен көбейту мәселесі тұр. Ұқсас қызметтерді жеткізудің бір жаңа түрі пластикалық карточкаларды сауда және сервис саласында қолдану, қолма-қол ақшаны банкомат арқылы және қолма-қол ақшаны беретін пунктерден алу. Төлем карточкасы қаржы құралы ретінде барлық уақытта дамып отырады, оны қолдану ортасы ұлғаюда, оны қолдану арқылы көрсетілетін қызмет комплексі кеңеюде. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесінде

олар дебеттік сияқты, несиелік құралдар қасиетін ие бола алатын төлем қаруының ерекше тобын құрайды. Қолма-қол ақшамен есеп айырысуда пайдалану, мемлекеттік және коммерциялық қаржы құрылымдарына шектен тыс қымбатқа түседі. Айналымға жаңа банкноттардың шығарылуы, ескілерді айырбастау, қызмет етуші персоналдардың көп бөлігін ұстап тұру, қатардағы клиенттердің көп уақытын жұмсалуы, ыңғайсыздық - бұның барлығы мемлекет экономикасына ауырлық салмағымен жатады. Қолма-қол ақша айналымы мәселесінің бірден-бір мүмкінболатын ең перспективті тәсілінің шешімі – бұл қолма-қол ақшасыз есеп-айырысудың тиімдісі автоматталған жүйесін құру. Эксперттік баға бойынша, ондай жүйе қолма-қол ақша айналымының бірден үш бөлігіне дейін қысқартуын қамтамасыз етуі мүмкін.

Пластикалық карточка – бұл ақпараттың қазіргі жоғары технологиялық алып жүрушісі. Мамандардың айтуы бойынша, пластикалық карточка – бұл Қазақстанның төлем жүйесінің болашағы. Пластикалық карточка жақында тек қана қолма – қол ақшаларды емес, құжаттарды да ауыстырады (жеке куәлік немесе төл құжат орнына – карта суретімен). Барлық әлемде 2,5 миллиардтан астам адам тауарлар мен қызметтерге төлем жасау, жалақы алудың құралы және есептеудің тағы басқа түрлері ретінде пластикалық карточкаларды таңдады. Ендеше, пластикалық карточка қолма – қол ақшалармен еспетеуге қарағанда, қолайлы, әрі сенімді болып табылады.

Төлем карточкасы - электронды терминалдар немесе өзге құрылғылар арқылы ақшаға қол жеткізу құралы, онда мұндай карточканы ұстаушыға төлемдерді жүзеге асыруға, қолма-қол ақша алуға, валюта айырбастауға және төлем карточкасының эмитенті белгілеген әрі соның шарттары бойынша басқа операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат болады.Пластикалық карточкалар банк ісіндегі «технологиялық» революцияның маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Төлем карточкасын беру кезінде шарт жасалады, онда мынадай міндетті шарттар болуы тиіс:

- төлем карточкасын беру талаптары;
- төлем карточкаларын пайдалана отырып төлемдерді жүзеге асыру талаптары;
- қосымша картокалар берілетін адамдардың тізімі немесе адамдардың тізіміне сілтеме (төлем карточкаларын беру туралы шарт негізінде түрлі ұстаушыларға бір неше төлем карточкаларын беру кезінде);
- төлем карточкасыналутастау және оқшаулау талаптары;
- төлем карточкасының және/немесе төлем карточкаларын беру туралы шарттың қолданылу мерзімі;
- тараптардың құқықтары мен міндеттері;
- тараптардың жауапкершілігі.

Бірінші көпшілік төлем карточкаларын пайда болу тарихы жарты ғасырдан астам болып саналады. Қазақстанның тұрғындары олардың күнделікті өміріне сеніммен кірген төлемқұралының осы түрінің ыңғайлы екендігін өткен он жылдың ортасында ғана бағалайалды.

Әлемдік карточка индустриясын дамытудағы маңызды кезең 2000 жылдардың бірінші жартысы - чиппен жабдықталған төлем карточкаларын тарату уақыты болды. Уақыт көшіне ілесе отырып, Қазақстандық банктер 2005 жылы магниттік жолағы бар карталарды біртіндеп ауыстыра отырып, «чиптік» карталар шығаруға кірісті.

Қазіргі уақытта төлем карточкаларының нарығында қызмет көрсетудің үлкен ассортименті көрсетілді және түрлі карточкалық бағдарламалардың елеулі саны ұсынылады. Мәселен, төлем карточкасының көмегімен дүкендер мен мейрамханаларда тауарлар мен қызмет көрсетулер үшін төлем жасауға, коммуналдық қызмет көрсетулерді, байланыс қызметін, салық және кеден төлемдерін төлеуге, кредиттерді өтеуге, карточкадан карточкаға ақша аударуға, Интернет немесе телефонды пайдалану арқылы тауарларға және қызмет көрсетуге тапсырыс беруге болады.

1-кесте . Өңірлер бойынша банктердің төлем карталарының жағдайы

Көрсеткіштер	2020 жыл			
	POS – терминалдар саны (дана)	**Банкоматтар саны (дана)**	**Саудакәсіпорындарының саны (бірлік)**	**Төлемтерминалдары мен банк киоскілерінің саны (дана)**
Барлығы, оның ішінде	**160 679**	**11 609**	**89 764**	**16 304**
Ақмолаоблысы	3 457	352	2 220	575
Ақтөбеоблысы	7 953	544	4 614	917
Алматы облысы	3 565	560	1 766	529
Атырау облысы	4 984	594	2 524	720
Шығыс Қазақстан облысы	9 174	890	4 586	1 520
Жамбыл облысы	3 165	454	1 328	656
БатысҚазақстаноблысы	5 193	418	2 730	684
Қарағандыоблысы	12 454	949	6 832	1 686
Қостанайоблысы	9 187	456	5 877	910
Қызылордаоблысы	2 339	398	961	537
Маңғыстауоблысы	4 689	593	2 485	455
Павлодар облысы	8 370	605	4 719	876
Солтүстік Қазақстан облысы	3 410	317	1 636	682
Түркістаноблысы мен Шымкент қаласы	6 907	938	3 224	1 225
Алматы қаласы	46 482	2 180	26 617	2 921
Нұр-Сұлтан қаласы	29 350	1 361	17 645	1 411

2020 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша банктердің айналымдағы карточкаларының саны 30,6 млн. жетіп, карточкаларды ұстаушылардың саны – 27,2 млн. болды (2019 жылғы осындай күнгі жағдаймен салыстырғанда – тиісінше 43,4% және 55,4% өсім байқалады). Кеңінен таралған карточкалар түрі - дебеттік карточкалар, үлесі 79,0%. Екінші орындағы кредиттік карточкалардың үлесі – 17,8%. Кредиттік лимиті бар дебеттік карточкалар мен алдын ала ақысы төленген карточкалардың үлесіне сәйкесінше 1,7% және 1,5% тиеді. Келесі кестеде Қазақстанда төлем карточкаларының қазіргі жағдайы көрсетілген.

Қазақстан аумағында қолма-қол жасалмайтын операциялардың негізгі үлесі POS-терминалдар (қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы саны, көлемінен сәйкесінше (50,5% және 30,0%) және интернет/мобильді банкинг (тиісінше 48,8% және 68,3%) арқылы жүргізілді. Қолма-қол ақшаны беру операциялары негізінен банкоматтар арқылы жүзеге асырылған (қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялардың жалпы саны мен көлемінен сәйкесінше 91,7% және 84,5% үлес алады).

Келесі кестеде Қазақстан Республикасы аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттердің шығарған төлем карточкаларының орта тілігінде өткізілген операциялары көрсетілген.

2 кесте - Қазақстан Республикасы аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттердің шығарған төлем карточкаларының орта тілігінде өткізілген операциялар

Көрсеткіштер	2020 жыл			
	Қолма-қол ақшасыз операциялар		**Қолма-қол ақша алуға байланысты операциялар**	
	Саны (мыңтранз.)	Сомасы (млн. теңге)	Саны (мыңтранз.)	Сомасы (млн. теңге)
1	2	3	4	5
Барлығы, оның ішінде:	**750 969,2**	**8 326 544,7**	**258 327,9**	**11 685 140,5**

1	2	3	4	5
POS - терминал	379 358,7	2 501 378,3	21 499,4	1 809 734,7
банкомат	5 165,1	139 789,7	236 828,5	9 875 405,8
интернет пен ұялы телефон	366 440,2	5 685 090,6	-	-
банк киоскі	5,2	286,1	-	

Қазақстан Республикасы аумағында қазақстандық және шетелдік эмитенттердің шығарған төлем карточкаларының аймақтар бойынша қолданылуы (қазақстандық банктер тарататын American Express International, Visa International және Master Card World wide карточкалары бойынша айналымдарды есепке ала отырып). Сонымен қатар POS – терминал, банкоматтар, интернет пен ұялы телефон, банк киоскісі операциялары да берілген.

Қазақстандық кейбір мерзімді баспасөзде Қазақстандағы пластикалық карточка клиенттерінің аталған жүйеде немесе банкоматта жиі қайталанатын кідірістер, сатушылардың тауарға немесе қызметке пластикалық карточкамен төлеудегі бас тартушылық, пластикалық карточкалармен операцияларды халықаралық төлем жүйелерімен, әлемдік экономикалық дағдарысқа орай эмитенттелген банктермен блоктау тәрізді проблемалармен ұшырасып отырғандығы жазылуда, бірақта әлемдегі ең басты проблема пластикалық карточкалармен алаяқтық жасау болып табылады.

Мәселен, пластикалық карточкаларды қолдан жасауға байланысты банктердің жоғалтқандары соңғы жылда 25 есе артып кетті.Осыған байланысты Қазақстанның банк жүйесі алдында проблеманы тек техникалық тұрғыдан шешу ғана емес, сонымен бірге оны құқықтық әдістермен, яғни пластикалық карточкамен алаяқтық кезінде тараптардың материалдық жауапкершілігінің өзара қарым-қатынасын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу міндеті тұр, сондай-ақ банктердің, құқық қорғау органдары мен банк клиенттерінің пластикалық карточкамен алаяқтықтың (кардерлер – пластикалық карточкалармен алаяқтық жасаушылар) себептері мен салдарын жою жөніндегі өзара бірлескен іс-қимылы қажет.Бірақта пластикалық карталар жаңадан бір проблемаларды алға тартады, бұл өзінің дамуы барысында Қазақстан Республикасының бұрын-сонды белгілі бір уақытқа дейін кездеспеген пластикалық карточкалармен алаяқтық жасау болып табылады, ондай жағдаймен бетпе-бет келу Қазақстандағы банк қызметінің дамуы барысында кездесіп отыр.Қазақстан Республикасында қылмыскерлер халықаралық және мемлекеттік пайдаланудағы төлем карточкаларын қолдан жасау арқылы бірқатар банктерге шабуыл жасады, ақшаны алу мақсатымен банк жүйесіне санкцияландырылмаған 23 оқиға тіркелген, бұл орайда ондай қылмыс санының өсе түсуі байқалады.Микропроцессорлық карточкалар негізінде төлем карточкаларының ұлттық банкаралық жүйесін ендіру үшін мынадай іс-шараларды дәйекті түрде іске асыру қажет:

– жүйені құруға байланысты құқықтық қатынастарды қалыптастыру;- тұтынушылардың сұранымын, сауда (қызмет көрсету) ұйымдарының төлеуге төлем карточкаларын қабылдауға дайындығын анықтау;

– төлем карточкаларын пайдаланумен әлеуетті қылмыстарды болдырмау әдістерін, сондай-ақ төлем карточкаларын ұстаушылар үшін салдарлар мен әлеуетті тәуекелдерді анықтау.

Әдебиеттер тізімі:

1. Андреев А.А., Морозов А.Г. Пластиковые карточки: Руководство для пользователей. Концерн Банковский Деловой Центр. М., 2011 жыл. – 44б.

2. В. Платонов.,М. Хигинс. Банковское дело: стратегическое руководство. - М.: АҚ Консалтбанкир баспасы, 2000 жыл. – 432б.

3.Мақыш С.Б. «Ақша айналысы және несие», Алматы: Қазақ университеті, 2013 ж.- 58б.

4. www.kase.kz сайты

ӘОЖ: 336.225.6

Муратова Д.Б. э.ғ.к., доцент,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ.,Қазақстан Республикасы.

БЮДЖЕТ ЖҮЙЕСІНІҢ КІРІСТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ САЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Өтпелі кезеңде мемлекеттің салық жүйесі экономиканы мемлекеттің қаржы-несие механизмін реттеудің маңызды тетігі. Мемлекет салық саясатын нарықтың теріс көріністерін жоятын әсерін азайтатын реттегіш механизм ретінде қолданады. Салықтар және салық жүйесі экономиканы нарық жағдайында басқарудың бірден-бір тиімді құралы. Бүкіл халық шаруашылығының қалыпты жұмыс істеуі салық жүйесінің дұрыс ұйымдастырылуына байланысты. Бюджеттің кірістері мен шығындарыньң теңгерушілік принципі бюджетті қалыптастыруда баланстық әдісті пайдалану негізі арқылы қамтамасыз етіледі. Мына осыған орай бюджет жүйесінің кірістерін қалыптастырудағы салықтардың рөлі өте маңызды.

Кілт сөздер: салықтар, бюджет, бюджет кірістері, жергілікті бюджет, қаржыландыру, салықтық жеңілдіктер, салық саясаты.

Қазақстан Республикасы егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғанына да, міне, отыз жыл болды. Осы кезең аралығында салық жүйесіне көптеген өзгерістер енгізілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 35-бабында «Заңды түрде белгіленген салықтарды, алымдарды және өзге де міндетті төлемдерді төлеу әркімнің борышы әрі міндеті болып табылады деп атап көрсетілген [1].

Салықтар мемлекеттің саяси және экономикалық қызметтерін қаржыландырудың негізгі көзі болып табылады. Сонымен, мемлекеттің нарықтық экономикаға ықпал ететін экономикалық рычагтарының арасында салықтың орны ерекше.

Алдыңғы қатарлы дамыған батыс елдерінде салықтарды жоспарлау мемлекеттік деңгейде де, компаниялар деңгейінде де айналысады. Әрине, мемлекет салықтық түсімдерді көбірек жинағысы келеді, ал кәсіпкерлер соғұрлым аз төлемдер төлеуге ұмтылатыны түсінікті. Бірақ мемлекет салықтық түсімдерді жоспарлағанда қандай да бір шектеулерге сүйенеді. Егер салық мөлшерлемесі жоғары болса бұл компаниялардың банкроттыққа ұшырауынан бастап, олардың салық төлеуден жалтаруына сөйтіп «жасырын экономикаға ауысуына ықпал етеді. Екінші жағынан салықтық жеңілдіктерді қолдану кәсіпкерлерді қосымша инвестициялар жасау арқылы олардың өндірістік күштерін ұлғайтуға мүмкіндік беруі мүмкін, ал бұл болашақтамемлекет үшін салық салу базасының ұлғаюына алып келеді.

Салықтарды қолдану арқылы мемлекет әртүрлі мүдделері бар экономикалық субъектілерді ортақ мақсатта жұмыс істеуге ұмтылдырып, осы мақсатқа жету үшін оларды ынталандырып, қызығушылықтарын арттыру қажет. Салықтар көмегімен ішкі экономикалық көрсеткіштер реттелуімен қатар сыртқы байланыстар салаларында да біраз қызмет түрлерін жүргізіп оларды бақылауға мүмкіндік береді. Салық және салық салуды жетілдіру арқылы, мысалы, сыртқы инвестиция тарту механизмдерін жетілдіруге болады. Салықтардың көмегімен мемлекет өзінің ең басты қоғамдық функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті ресурстарды жинақтауға мүмкіндік алады. Салықтар мен алымдар көмегімен мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру шығындары қамтамасыз етіледі, яғни табыстар қайта бөлініске ұшырайды. Салық жүйесі халық арасындағы табыстарды бөлудің соңғы сатысы болады. Басқарудың әкімшілік-директивалық әдістерінен экономикалық реттеу әдістеріне өту кезеңінде салықтардың маңызы арта түсті. Салықтарды салық механизмі арқылы реттеп отыру көмегімен мемлекет экономикалық дамытылуы қажет салаларға еркін салық саясатын, ал қаржы-шаруашылығы нәтижелері тиімсіз кәсіпорындарды жою саясатын жүргізу арқылы экономиканы реттеуші баланстық механизм қызметін қатар атқарады[2].

Дәйектемелік принцип бюджет жобасына осы немесе басқа түсімдер не шығышдарды енгізу қажеттілігін анықтайтын нормативті құқықтық актілер негізі арқылы бюджет жоспарлаумен қамтамасыз етіледі.

Бюджеттің теңгерушілігінің қажеттілігі қайбір деңгейдегі бюджетті атқару мақсатымен дәлелденеді және ол немесе жоғары бюджеттен субвенция беру арқылы немесе бюджет шығындарын қысқарту арқылы немесе мемлекеттік берешекті қалыптастыру арқылы не болмаса басқа да заңнамалармен қарастырылған әдістер арқылы қамтамасыз етіледі.

Бюджетті жоспарлағанда аймақтар арасындағы табиғатты-климаттық және әлеуметті-экономикалық ерекшеліктерді есепке алу қажет, себебі олар әр аймақ тұрғындары жағдайларының негізгі және анықтаушы факторлары. Сондықтан бюджетті жоспарлауда нормалар мен нормативтер пайдаланады. Салықтық кодекске сәйкес натуралды нормативтер - ол бюджетті жоспарлау мен атқаруда міндетті түрде пайдаланатын материалды немесе материалды емес қажетті байлықты тұтынудың натуралды көрсеткіштері. Олар Үкіметпен жасалады және бекітіледі [3].


Жергілікті бюджеттерде қолданатын кірістерді бөлісу нормативтер - ол әр деңгейдегі бюджеттер арасындағы кірістердің пайыздық арасалмағы. Бұл нормативтердің тұрақты сипаты бар, себебі олар орта мерзімді фискалдық саясаттың негізінде анықталады және оларды пайдалану бюджет жүйесі бойынша шығындық өкілеттілікті шектеуге байланысты.

Жамбыл облысы мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша мемлекеттік бюджетке түсетін салықтардың қозғалысын талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдердің 2018 жылдың нақты түсімін жоспармен салыстырғанда 6 пайызға артқан, себебі ол республикалық бюджеттің 2,1 пайызға; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдардың 0,4 пайызға; сондай-ақ, жергілікті бюджеттің 8,4 пайызға; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдардың 4 пайызға артуларына байланысты болған.

Ал 2019 жылы мемлекеттік бюжет 7,3 пайызға артқан, себебі ол республикалық бюджеттің 8,3 пайызға; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдардың 4,8 пайызға; сондай-ақ, жергілікті бюджеттің 6,8 пайызға; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдардың 4,6 пайызға артуларына байланысты болған.

2020 жылы мемлекеттік бюджет 9 пайызға артқан, себебі ол республикалыық бюджеттің 7,6 пайызға; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдардың 9,5 пайызға; сондай-ақ, жергілікті бюджеттің 9,6 пайызға; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдардың 5,5 пайызға артуларына байланысты болған.

Жамбыл облысы кірістер басқармасы бойынша мемлекеттік бюджетке түскен түсімдер қозғалысын келесі 1-суретте қарастырамыз.



1-сурет. Жамбыл облысы мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша мемлекеттік бюджеттің құрамының қозғалысы

Берілген мәліметтер негізі бойынша 2018-2020 жылдар аралығында мемлекеттік бюджет төмендегідей пайызды құраған:

а) республикалық бюджет 34,3 пайызды құраса; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдар 31,7 пайызды ,ал жеке табыс салығы 13,8 пайызды құраған.


б) жерілікті бюджет 65,7 пайызды құраса; оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдар 54,8 пайызды,

в) облыстық бюджет 34,4 пайызды құраса, оның ішінде салықтық түсімдер мен алымдар 33,2 пайызды,

г) қалалық бюджет 31,3 пайызды құраса, оның ішінде салықтық түсімдермен алымдар 21,6 пайызды құраған.

Жалпы қорыта айтсақ 2018-2020 жылдар аралығындағы жергілікті бюджет өскен, себебі ол салықтық түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімнің өсулеріне байланысты болған.

Осы мәліметтерге сүйене отырып, жергілікті бюджет кірісінің құрамының қозғалысын келесі 2-суретте қарастырамыз.



2-сурет. Жамбыл облысы мемлекеттік кірістер басқармасы бойынша жергілікті бюджет кірісіне түсетін түсімдер қозғалысы

Қазақстан Республикасындағы салық саясатын жетілдіру мақсаттары қандай? Бұл өте маңызды сұрақтардың бірі болып табылады. Орта мерзімді дамуда – бұл экономикадағы салық жүктемесін төмендету, мемлекеттік міндеттемелерді реттеу, басымдылық міндеттерді шешуде қаржы ресурстарын шоғырландыру, бюджеттік кірістердің әлемдік бағалар коньюнктурасынан тәуелділігін төмендету, мемлекеттік қаржыларды басқаруды құру және бюджетаралық қатынастардың тиімді жүйесін қалыптастыру болып табылады[4].

Салық реформасы салық төлеушілерге салық ауыртпашылығын төмендетуге, салық жүйесін жеңілдетуге, салық салу шарттарын реттеуге және салық әкімшілігінің сапасын жоғарлатуға бағытталған. Салық төлеушілер тиімді сот механизмдерінің көмегімен салық және кеден инспекторларының озбырлығынан қорғануы тиіс. Сонымен қатар салық төлеушілер салықтарды уақытында төлемегенде, жауапкершілігі қатаң түрде болуы керек.

Жалпы алғанда еліміздің салық жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары болып мыналар табылады:

- салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- салық жүйесін максималды түрде ықшамдау;
- салық ставкаларын төмендету мақсатында, салық прессингін әзірлеу;
- салық прессингін әлсіздендіру;
- салықтарды алудың парасатты деңгейін қамтамасыз ету;
- тікелей және жанама салықтарды оңтайлы түрде байланыстыру;

Қазақстанда мемлекеттіміздің экономикасын өркендетіп, шаруашылықты дамытатын салық жүйесі керек. Солардың бірі – салық жүйесінің тұрақтылығы.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі. Қазақстан Республикасының Парламентінің Жаршысы, № 8-9, сәуір, 2009 жыл

2.Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV ҚР Заңы (Салық кодексі) (ҚР Заңы2013.26.12. № 61-V өзгерістер мен толықтырулары) http://online.zakon.kz

3. «2019 - 2020жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» **Қ**азақстан Республикасының Заңы. http://online.zakon.kz

4.Ермекбаева Б.Ж. Бурабаев О.Б. “Салықтаржәнесалық салу” Оқуқұралы – Алматы; Қазақуниверситеті, 2003 жыл.-42б.

УДК 336.7

Мусина А.А., д.э.н., профессор
Казахский университет экономики, финансов и международной торговли
г.Нур-султан, Республика Казахстан

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ НАПРАВЛЕННОСТЬ МОДЕРНИЗАЦИИ ПРОДУКТОВОГО РЯДА БАНКОВ КАЗАХСТАНА

Аннотация. Расширение продаж банковских продуктов является необходимым условием сохранения банком своей конкурентной позиции и ее укрепления. Вместе с тем модернизация продуктового ряда банка не может происходить в отрыве от общих макроэкономических тенденций развития банковского сектора и не отвечать самым актуальным потребностям экономики и общества. Последние события в Казахстане ярко продемонстрировали взаимосвязь и влияние факторов финансового обнищания населения с плачевным состоянием экономики и ее финансового сектора. Статья посвящена вопросу о том, как связаны между собой последние тенденции в развитии отечественного банковского сектора и направления модернизации продуктового ряда, предлагаемого населению.Анализируя условия и динамику продуктового ряда современного банка и возможности его модернизации в ближайшей перспективе, в статье взят ориентир на прогнозы дальнейшего развития банковского бизнесас учетом социально-экономической направленности.

Ключевые слова: банки, банковские продукты, потребительские кредиты, розничные услуги, активы банка

Современное состояние банковского сектора Казахстана является результатом формирования и функционирования экономики рыночного типа за последние 30 лет. Как известно, начиная с 1990-х годов банки на постсоветском пространстве, одними из первых встали на путь рыночного развития, перестроив строго централизованную государственную систему в совершенно принципиально новую двухуровневую банковскую систему. Первые 10 лет становления были периодом освоения банковского бизнеса и внедрения принципов коммерциализации деятельности. С начала 2000-х годов наблюдался значительный крен в деятельности банков в сторону развития розничных услуг, преимущественно в кредитовании и безналичных расчетах. Появились новые виды потребительского кредитования с применением инновационных технологий, а также были внедрены карточные продукты для обслуживания населения. Основным двигающим мотивом и стимулом для банков служил растущий спрос со стороны экономических субъектов, в том числе населения, на дополнительные финансовые ресурсы и получение различных банковских услуг. В данном аспекте вопросы развития банковского дела в современных условиях приобретают особую значимость, поскольку банк призван, в первую очередь, разрешать противоречия между накоплением свободных средств у одних участников экономики и потребностью в дополнительном финансировании других. Особым этапом развития услуг для населения можно считать период последних десяти лет, в ходе которых банки активно внедряли услуги инновационного характера, развивая удаленное обслуживание и интернет-банкинг. При этом важно подчеркнуть, что банки должны быть не просто посредниками, сводящими интересы данных субъектов, и зарабатывать на трудностях клиентов, а становиться институтами доверия, центрами сосредоточения денежных ресурсов, партнерами, которые способны направлять ресурсы в наиболее важные сектора экономики и отвечатьрастущему спросу со стороны населения.

Рассматривая динамику активов банков второго уровня, можно отметить преимущество кредитных вложений, что вполне закономерно и обусловлено традиционностью функции кредитования, присущей банковскому бизнесу, Так, по данным Национального банка доля кредитного портфеля в активах банка за предыдущие годы (2018-2022 годы) составляет от 53 до 56%[1]. Примечательно, что в составе ссудного портфеля за этот период доля кредитов физическим лицам возросла с 31.3% до 49,7%, а доля кредитов юридическим лицам снизилась с 30,9% до 18,4% (таблица 1).

Таблица 1. Отраслевой разрез кредитных вложений БВУ РК

Наименование показателя	01.01.2022		01.01.2020		01.01.2018	
	Млрд тенге	%	Млрд тенге	%	Млрд тенге	%
Ссудный портфель	20 200,4	100	14 743,0	100	13 590,5	100
Займы банкам	114,3	0,6	47,3	0,3	46,3	0,3
Займы юридическим лицам	3 709,6	18,4	4 105,3	27,8	4 195,1	30,9
Займы физическим лицам, в т.ч.	10 038,7	49,7	6 329,5	42,9	4 259,1	31,3
- на строительство и покупку жилья	3 425,4	34,1	1 880,6	29,7	1 215,5	28,5
-потребительские займы	6 063,5	60,4	4 366,5	69,0	2 955,9	69,4
-прочие займы	549,9	16,1	82,4	4,4	87,7	7,2
Займы субъектам МСП (резиденты РК)	5 487,6	27,2	3 962,9	26,9	4 664,5	34,3
Операции «Обратное РЕПО»	850,2	4,2	298,1	2,0	425,5	3,1
Примечание – составлено автором по данным официального сайта НБ РК [1]						

Отраслевой разрез кредитного портфеля подтверждает активное развитие кредитования физических лиц. Суммарный объем таких кредитов вырос с 4 259,1 млрд тенге на начало 2018 года до 10038,7 млрд тенге на начало 2022 года, то есть на 57,6% или более, чем в 1,7 раза. Таким образом, банки активно кредитуют население, и розничное кредитование является одним из конкурентных сегментов рынка банковских услуг. Задолженностьпо кредитам на строитель-

ство и покупку жилья (по ипотечным жилищным кредитам) за указанный период увеличилась на 2 209,9 млрд тенге, или на 64,5%. На долю данных кредитов на 1 января 2022 г. приходилось 34,1% объема задолженности по кредитам, предоставленным населению. При этом преимущественную долю в кредитном розничном портфеле составили потребительские кредиты (более 60%). Приведенные данные свидетельствуют о том, что в кредитной политике банка наметился уклон в сторону розничного кредитования, что само по себе нельзя оценить однозначно, поскольку кредиты населению развиваются под влиянием фактора снижающейся покупательной способности, обусловленной падением платежеспособности и доходов. Таким образом, банки направляют свои кредитные ресурсы не в реальный сектор, а преимущественно на потребительские цели, частично решая социальные проблемы казахстанского общества.

На наш взгляд, дальнейший рост рынка розничного кредитования должен сочетаться с повышением его качества за счет диверсификации структуры активов и доходов. Казахстанским банкам следует активно развивать высокодоходные сегменты (кредиты наличными, кредитные карты, кредиты для МСБ). При этом нельзя быть уверенным в том, что розничное кредитование в одночасье будет прекращено и спрос на кредиты со стороны населения пойдет на спад. Такая ситуация берспективна, поскольку население, даже при сегодняшнем состоянии «перекредитования», не сможет удовлетворить свои потребности без привлечения займов. Более целесообразным представляется решение проблем развития и модернизации продуктового ряда банка. Не следует исключать влияние современных технологий, и прежде всего сети Интернет, на развитие как рынка розничных кредитов, так и рынка электронных денег.

В настоящее время практически все активное население страны является участниками рынка электронных денег, совершающими покупки через Интернет с использованием мобильных приложений. При отсутствии достаточных средств и желании открыть банковский вклад население имеет возможности развивать отношения с банками. При дальнейшем повышении уровня компьютерной грамотности, а также благосостояния населения в перспективеданная категория физических лиц становится потенциальной целевой аудиторией для услуги "интернет-депозит"[2].

На наш взгляд, для совершенствования ассортимента продуктов отечественных банков и существенного расширения рыночных возможностей следует внедрять более широкий круг продуктов розничного банковского бизнеса. Наибольший интерес вызывают смешанные кредитно-депозитные продукты, рассчитанные на разные возрастные категории физических лиц.Помимо этого, банкам необходимо расширять функционал дистанционных каналов обслуживания, включая туда не только стандартизированные варианты вкладов, но и инвестиционные продукты.Модификация и небольшие инновации производятся обычно маркетинговыми и исследовательскими отделами самого коммерческого банка.Модификация выражается в выпуске новой модели с другим дизайном, в основе которой лежит базовая модель. Примерно подсчитано, что среди новых банковских продуктов 70% - модификация, 20% - небольшие инновации и 10% - значительные нововведения <1>[2].

Технология разработки и реализации нового продукта, как известно, включает несколько основных относительно самостоятельных этапов:

- поисковые исследования, выработка идей нового или совершенствование существующего продукта;
- отбор оригинальных идей;
- маркетинговые исследования;
- разработка нового или совершенствование существующего продукта;
- испытание продукта в рыночных условиях и анализ результатов;
- выведение продукта на рынок;
- модернизация продукта или снятие его с рынка.

Также для развития коммуникации с клиентами следует активнее использовать возможности Интернета, а именно возможности социальных сетей. Сегодня всебанки имеютсвои официальные сайты и их сотрудники принимают активное участие в жизни интернет-сообществ от имени банка. Данное явление, на наш взгляд, будет развиваться и далее, что требует взвешенного подхода к имиджу банка, его бренду и организации труда персонала.

Достаточно актуален для дальнейшего развития розничного кредитования вопрос внедрения института банкротства физических лиц в Казахстане. Как известно, президент Казахстана К.Токаев на совещании по вопросам социально-экономической ситуации в стране в январе 2022 года поручил приступить к разработке закона о банкротстве физических лиц. При этом, законопроект уже был подготовлен ранее по инициативе Минфина РК и даже вносился на обсуждение в 2019 году. Одна его отложили до внедрения всеобщего декларирования доходов.

При обсуждении законопроектав правительстве обращали внимание на то, что процедура банкротства не может иметь массовый характер, так как с минимальной или небольшой суммой задолженности или просрочки заемщик не сможет пройти эту процедуру. В настоящее время возобновлен процесс обсуждения и согласования данного законопроекта, от которого отдельные авторы ждут разрешения сложившихся проблем с неплательщиками, а по мнению других авторов, данный закон не решит, а усложнит дальнейшую судьбу банкротов из числа физических лиц. Какой опыт будет взят за основу, покажет время. Механизм банкротства также предстоит отработать в ближайшее время.

Во всяком случае, важно предусмотреть условия, согласно которым были бы исключены случаи лишения жилья по ипотечным займам, что предполагает применение банкротства после применения и урегулирования всех возможных мер к заемщику (должнику). Можно согласиться с мнением, что «банкротство физических лиц в Казахстане — необходимый инструмент, но популярным он не будет» [3].

Это обусловлено тем, что доля «плохих» кредитов с просрочкой платежей свыше 90 дней составляет не столь критическое значение. Так, по данным статистики Нацбанка РК на 1 января 2022 года доля кредитов с просроченной задолженностью свыше 90 дней в общем объеме кредитного портфеля составила 3,3% или 668,8 млрд тенге, снизившись с 6,9% или 1 082,1 млрд тенге на начало 2021 года. В портфеле физических лиц соответственно– 3,5% или 352,6 млрд тенге (на 1 января 2021 года – 5,4% или 386,4 млрд тенге) [4].

Приведенные данные позволяют оптимистично оценить возможности казахстанского населения по погашению кредитов и не прибегать к применению крайних мер в виде инструмента банкротства. На наш взгляд, инструмент банкротства физического лица остается важным и как показывает опыт других стран, достаточно действенным для предотвращения возникновения токсичных кредитов в портфеле банков.

Таким образом, на современном этапе развития экономики все большее значение приобретает необходимость развития банковских продуктов социальной направленности, что требует приоритетности решения задач развития розничных услуг банка инновационного типа при минимальных рисках банков, не ущемляя интересов реального сектора экономики.

Список литературы

1. Сведения о финансовых показателях БВУ// Интернет-ресурс: https://nationalbank.kz/ru/.
2. Тенденции развития банковского сектора и модернизация кредитных продуктов// https://wiseeconomist.ru/poleznoe/83705
3. Банкротство физических лиц // Интернет-ресурс: https://nalogikz.kz/docs/bankrotstvo-fizicheskih-lic.html.
4. О состоянии банковского сектора Казахстана на 1 января 2022 года // Интернет ресурс: https://www.banker.kz/news/o-sostoyanii-bankovskogo-sektora-kazakhstana/

УДК 336.71(574)

Мустафаев Қ.С., э.ғ.к., қауымд профессор
Касымова С.Б., магистр, аға оқытушы,
Қазақ технология және бизнес университеті,
Нұр-Сұлтан қ. Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАНК ЖҮЙЕСІ, ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа. Банк жүйесі несие жүйесінің негізгі буыны, нарықтық экономиканың маңызды құрамдық бөлігі болып табылады. Ол несие және қаржы операцияларының негізгі массасын шоғырландырады. Банктер нарықтық экономикадағы басты қаржы делдалдары болып табылады. Өз қызметі барысында олар ақша нарығындағы тауарға айналатын жаңа талаптар мен міндеттемелерді жасайды.Банктер басқарудың барлық деңгейлерінде халық шаруашылығының жұмыс істеуіне тікелей байланысты.

Кілт сөздер: банк секторы, Ұлттық банк, несие портфелі, активтер қоржыны, тәуекел, есеп айырысу, міндеттемелер.

Банк жүйесі - банк операцияларының бірыңғай ұлттық немесе халықаралық жүйесіне біріктірілген банкілердің жиынтығы, яғни бір-бірімен және сыртқы ортамен тығыз байланыстағы банкілердің жиынтығы.

Бір жүйедегі банкілер несие, есеп айырысу операциялары мен өзгедей операцияларды жүзеге асырады, нормативтік актілермен реттеледі. «Қазақстан Республикасындағы банкілер және банк қызметі туралы»ҚР Заңына сәйкес Қазақстанда Банк жүйесі екі деңгейлі.

Банк жүйесін дамытудың негізгі аспектісі ретінде ЕДБ активтерінің сапасы мәселесі бұрынғысынша өзекті болып қалуда, сондықтан осы сегменттегі одан әрі бірігу процестері әбден күтіледі [1].

2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 22 банк жұмыс істейді, оның ішінде шетелдік қатысумен 14 банк, оның ішінде 11 еншілес банк, 100% мемлекет қатысатын 1 банк.

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2021 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша 36 012,9 млрд. теңге (2021 жылдың басында – 31 171,7 млрд. теңге), 2021 жыл басынан ұлғаю – 15,5% болды.

Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің1 50,9%) 18 337,5 млрд. теңге сомада несие портфелі (негізгі борыш) алады (2021 жылдың басында – 15 792,1 млрд. теңге), 2021 жылдың басынан ұлғаю – 16,1% болды.

Заңды тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 21,1% үлесімен 3863,8 млрд. теңге (2021 жылдың басында – 3838,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 24,3%-ы), 2021 жыл басынан азаю – 0,7% болды.

Кесте 1 - ҚазақстанРеспубликасы банк секторыныңқұрылымы

Банк секторыныңқұрылымы	01.01.2021	01.11.2021
Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	26	22
- жарғылыққапиталдамемлекеттің 100% қатысуы бар банктер	1	1
- шетелдік қатысуы бар екінші деңгейдегі банктер	15	14
- екіншідеңгейдегіеншілесбанктер	12	11
Ескерту – автор құрастырылған		

Жеке тұлғаларға қарыздар несие портфелінің 50,8% үлесімен 9311,6 млрд. теңге (2021 жылдың басында – 7124,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 45,1%-ы), 2021 жыл басынан ұлғаю – 30,7% болды [2].

Тұтынушылық қарыздар несие портфелінің 30,8% үлесімен 5646,4 млрд. теңге (2021 жылдың басында – 4542,7 млрд. теңге немесе несие портфелінің 28,8%-ы), 2021 жыл басынан ұлғаю – 24,3% болды.


ШОБ-қа қарыздар несие портфелінің 25,9% үлесімен 4753,4 млрд. теңге (2021 жылдың басында – 4246,2 млрд. теңге немесе несие портфелінің 26,9%-ы), 2021 жыл басынан ұлғаю – 11,9% болды.

Мерзімі өткен берешегі бар қарыздар 1168,6 млрд. теңге немесе несие портфелінің 6,4% (2021 жылдың басында – 1528,7 млрд. теңге немесе несие портфелінің 9,7%-ы) болды.

NPL - жұмыс істемейтін қарыздар (90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар) 741,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 4,0% (2021 жылдың басында – 1082,1 млрд. теңге немесе несие портфелінің 6,9%- ы) болды. Несие портфелі бойынша провизиялар 1368,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 7,5%-ы мөлшерде (2021 жылдың басында – 1 830,8 млрд. теңге немесе несие портфелінің 11,6%-ы) қалыптасты.

ҚР екінші деңгейдегі банктерінің міндеттемелері 31539,6 млрд. теңге (2021 жылдың басында – 27217,2 млрд. теңге), 2021 жыл басынан ұлғаю – 15,9% болды. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтық міндеттемелеріндегі ең көп үлесті клиенттердің салымдары – 80,4% алады. ҚР екінші деңгейдегі банктерінің ҚР бейрезиденттерің алдындағы міндеттемелері 546,3 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 1,7%- ы болды.

Клиенттердің салымдары 25348,4 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 80,4%-ы (2021 жылдың басында – 21559,2 млрд. теңге немесе жиынтық міндеттемелердің 79,2%-ы), 2021 жыл басынан ұлғаю – 17,6% болды. Заңды тұлғалардың салымдары 12723,2 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 50,2%-ы (2021 жылдың басында – 10616,5 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 49,2%-ы), 2021 жыл басынан ұлғаю – 24,6% болды. Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 38,6%-дан есепті күнгі 40,2% -ға дейін ұлғайды. Жеке тұлғалардың салымдары 12625,2 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 49,8%-ы (2021 жылдың басында – 10942,7 млрд. теңге немесе клиенттер салымдарының 50,8%-ы), 2021 жыл басынан ұлғаю – 15,4% болды. Жеке тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының үлесі жылдың басындағы 38,6%-дан есепті күнгі 34,3% дейін азайды.



Сурет 1 - ҚР банк секторының активтері мен несие портфелінің (негізгі борыш) динамикасы, млрд теңге

Ескерту – автор құрастырылған

2020 жылы Ұлттық Банк Қазақстанның банк жүйесі үшін экономикалық маңыздылығы тұрғысынан таңдап алынған 14 ірі банк активтерінің сапасын бағалауды (AQR) аяқтады. Қарастырылып отырған банктердің репрезентативтілігін қамтамасыз ету үшін банктер тұтастай алғанда бүкіл банк секторының тиісті көрсеткіштеріне қатысты активтерінің жалпы көлемі мен кредит портфелінің көлемі бойынша жіктелді – таңдалған банктердің үлесіне еліміздің банк активтерінің жалпы көлемінің 87%-ы және банктердің жалпы несие портфелінің 90%-ы тиесілі болды [3].

Әлемдік пандемия жағдайында Қазақстанның банк жүйесі өзінің тұрақтылығын көрсетіп отыр. Коммерциялық банктер немесе екінші деңгейлі банктер қаржылық делдалдар деп аталатын іскери кәсіпорындардың ерекше санатына жатады. Олар капиталды, халықтың жинақтарын және экономикалық қызмет процесінен босатылған басқа бос қаражаттарды тартып, оларды қосымша капиталға мұқтаж басқа экономикалық агенттерге уақытша пайдалануға ұсынады.Бүгінгі күні барлық дамыған ұлттық экономикаларда екі сатылы банктік жүйесі жұмыс істейді: Орталық банк эмиссиялық банк болып табылады және басқа да маңызды функцияларды орындайды. Сонымен қатар, коммерциялық банк - бұл жеке және заңды тұлғаларға пайда табу мақсатында банктік және қаржылық қызметтер көрсететін несиелік ұйым. Коммерциялық банктер орталық үкіметке бағынады және тиісінше лицензиясы болуы керек.

Covid-19 пандемиясы Қазақстан экономикасына едәуір әсерін тигізді. Оның салдарынан елімізде мыңдаған кәсіпкерлік субъектісі өз қызметін тоқтатты. Шамамен 1,6 млн адам ақысыз демалысқа жіберілді. 42500 теңге жәрдемақыны 4,5 млн адам алды. Пандемия Қазақстандағы экономикалық үдерістердің қарқынын бәсеңдетті. 2020 жылдың соңғы бес айында мемлекеттік бюджеттің шығындары түсімдерден шамамен екі есе артты. Бұл елдің экономикасында болып жатқан оқиғалардың айқын индикаторы. Бұл тіпті Ұлттық қордан жасалған трансфертті ескермегендегі жағдай. Ал трансферттер де едәуір өскені белгілі. Мұнайдың арзандауы мен пандемия экономика мен қаржы секторына айтарлықтай әсер етпек. Алайда, қазақстандық екінші деңгейлі банктер қиын күнге дайын. Бірен-саран банктер болмаса, көпшілігінің қоры жеткілікті. Елімізде 1 миллион субъект пандемиядан зардап шекті. Банктерден несие алған 14 мың субъект кредитті қайтару мерзімін кейінге шегеруді сұрады. Мемлекетіміз мұндай жағдайда түрлі қолдау шараларын іске асыруда. Бұл шаралар шағын және орта бизнесті несиелендіруге, несиелік төлемдерді тоқтата тұруға, валюталық интервенциялар, агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға, ШОБ салық төлемдерін кейінге қалдыруға бағытталған [4].

Халықаралық рейтингтік агенттіктер банктерге қосымша ауыртпалықтың келетінін болжайды. Мәселен, Moody‘s Investors Service агенттігінің мәліметінше, қазақстандық банк секторы алдағы екі жылда тұрақтылығын жоғалтпайды және қорын жеткілікті деңгейде сақтап қалады. Fitch Ratings агенттігі де несиелендіру көлемінің төмендейтіндігінен банктер капиталдарын сақтай алатынын болжайды. Ал операциялық ортаның әлсіреуі жалпы банк секторының қорына зиян тигізбейтінін айтады. Банктерге жекелей тоқталар болсақ, Standard&Poor‘s агенттігі ЦентрКредит банкінің деңгейін «B/B» «тұрақты» деп көрсетті. Ал Fitch Ratings агенттігінің бағалауынша, Халық банк пен Форте банктің көрсеткіштері төмендеп, тиісінше «BB+» және «B» болды.

Бүгінгі таңда банк жүйесін дамыту шарттары коммерциялық банктерді әмбебаптандыру деңгейінің өсу тенденциясын анықтайды. Банктерді қаржылық және банктік қызметтердің әр түрлі салаларында әртараптандыру, оның ішінде халыққа банктік қызметтерді дамыту, жаңа қызметтерді енгізу арқылы коммерциялық банктерді қаржы нарығының үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына бейімделу, перспективалық нарық тауарлары мен сегменттерін дамыту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру жолдарының бірі болып табылады.

Кез-келген елдің банк жүйесі - бұл жалпы ақша механизмі аясында жұмыс жасайтын ұлттық банктердің, банк мекемелерінің және басқа несиелік ұйымдардың әртүрлі типтерінің жиынтығы. Банкингтің жаһандануы географиялық кеңеюге және жекелеген елдердің шегінен тыс кейбір банк құрылымдарының шоғырлануына әкеледі. Бұл жағдайда трансұлттық банктер ұйымдастырылады. Бұған әлемдік банктік жүйенің дамуындағы келесі үрдістер себеп болады:

- банк қызметтерін ұсыну номенклатурасының кеңеюі мен технологияның күрделенуі
- қаржы институттары арасындағы бәсекелестіктің артуы, оның ішінде бәсекелестікті ынталандыру үрдісін күшейту тенденциясы;
- технологиялық революция, ең алдымен ақпараттық салада;
- жаһандану және банктік шоғырландыру, қаржылық ұйымдардың географиялық кеңеюі;
- қаржылық ресурстар құнының өсуі және банктік өнімдер мен қызметтердің құнын төмендетуге ұмтылу;
- банктік тәуекелдер деңгейінің жалпы өсуі және ұлттық және халықаралық деңгейде банктер мен банк жүйелерінің қызметін реттеу сапасын жоғарылату қажеттілігі.

Жаһанданудың салдары мыналар болып табылады:
- ірі трансұлттық және шағын банктер арасындағы бизнес көлемінің бөлінуі;
- банктік қызметті реттеудегі мемлекеттің рөлін арттыру;
- бірқатар елдердегі банктік және сақтандыру операцияларын кезең-кезеңімен біріктіру;
- бірнеше өнімдер мен қызметтерді біріктіретін синтезделген өнімнің рөлінің артуы;
- автоматтандыру арқылы банк жүйелерін басқарудың тиімділігі мен күрделілігін арттыру;
- қаржылық есеп айырысулардың жылдамдығы мен сапасын арттыру қажеттілігі және т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Обзор финансового сектора Республики Казахстан (2021 г)
2. Как пандемия повлияла на банковский сектор Казахстана?URL: https://liter.kz/68541-2/. (дата обращения 18.01.2021г.)
3. ҚР Ұлттық Банкінің ресми ақпараттық сайты. ҚР Ұлттық Банкінің жылдық есебі.
4. ҚР-ның Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ақпараттық сайты.

ӘӨЖ 336.71

Муханова А.Е. э.ғ.к.,аға оқытушы,
Адайбай Д. магистрант,
Қорқыт- Ата атындағы Қызылода университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА БАНК РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа: Мақалада банк ресурстарына не жататындығын жеке көрсете отырып, банк ресурстарының құрылымы қарастырылған. Банктің қаржы ресурстары ақша қорларының қалыптасуы, меншікті қаражаттарды тиімді пайдалану жолдары көрсетілген. Дағдарыс жағдайындағы Үкімет тарапынан берілген қолдаулар және жауапкершіліктер негізге алынған. Мемлекеттің банктерге қолдау көрсету арқылы, экономиканың шикізаттық емес секторын, шағын және орта бизнесті несиелеуді жүзеге асыру барысында банк қызметінің ролі қарастырылған. Банк ресурстарын тиімді пайдалану сандық және сапалық талдауды қажет етеді.

Кілт сөздер: Банк ресурстары, Меншік қаражаттары, Қаржы ресурстары, Жинақ қоры, Банк ресурстарын тиімді пайдалану.

Банк ресурстары — бұл банктің пассивті операциялары негізінде калыптасқан және барлық активті операциялар бойынша банк өтімділігін камтамасыз ету және пайда табу мақсатында орналастыруға бағытталатын банктің меншікті және тартылған каражаттарының жиынтығы болып табылады[1].

Дағдарыс жағдайында банк ресурстарының құрылымында біршама өзгерістер болуда. Меншікті қаражаттар қатарына, біріншіден, екінші деңгейлі банктің акционерлік капиталы, резервтік қоры, сол сияқты қосымша қорлары кіреді.

Тартылған қаражаттардың жаңа түріне: ұлттық банктен және басқа да несиелік мекемелерден алатын несиелер, басқа банктердің, корреспонденттік шоттағы, депозиттік шоттарындағы қаражаттары, облигацияларды сатудан тұскен қаражаттар, лизингтік операцияларды жүзеге асырғаны үшін алынған тауарлы-материалды құндылықтар жатады.

Екінші деңгейлі банктердің ресурстарының құрылымы олардың мамандануына, әмбебаптығы мен қызметінің ерекшеліктеріне қарай ерекшеленеді[2].

Банктердің меншікті капиталының рөлі мен шамасы, басқа қызметпен айналысатын кәсіпорындар және ұйымдарға қарағанда өзіндік ерекшеліктерге ие.

Банктің ақша қорларының қалыптасуы банк құрылған сәттен басталады. Банк заңға сәйкес өз жарғылық қорын құрады.

Жарғылық қор – банктің алғашқы негізгі өзіндік қаражат көзі б.т. Ол негізгі және айналым капиталдарынан қалыптастырады. Олар өз кезегінде негізгі қорды, материалдық емес активтерді, айналым қорларын иеленуге жұмсалады.

Дағдарыстың салдарынан еліміздегі банк атаулы өздерінің несиелік қызметін біршама тежеуге мәжбүр болды. Аяқ астынан қаражат тапшылығы байқалған тұста олар елімізде несиеге деген сұраныс жоғары бола тұрса да, өздерінің несиелік саясатын айтарлықтай қысқартты. Халыққа беретін несие көлемін азайтып, несие бергеннің өзінде пайыздық үстемені арттыруға тура келді[3.].

Отандық банктерді қиын жағдайда қалдырып, қарап отырмайтындықтарын бұған дейін бірнеше рет мәлім еткен билік өкілдерінің айтқандары нақты іске ұласып та үлгерді. Үкімет банк жүйесін қолдауға арналған бірқатар шараларды жүзеге асыруда. Экономикаға қосымша қаржыны тиімді құя білу үшін нарық талаптарына сай ұтымды, ашық тетіктерді нақ осы банктер қамтамасыз етеді.

Осы тұста мемлекеттің банктерге қолдау көрсету арқылы, оларда қолға алынып отырған басты мәселе - экономиканың шикізаттық емес секторын, шағын және орта бизнесті несиелеуді жүзеге асыру барысында делдал ретінде пайдаланып отырғанын айта кету керек.

Ал банктер мемлекет пен экономиканың арасында делдалдық қызмет атқару арқылы, яғни несие беруден түскен табыс есебінен өздері де пайда табады[4.56.б].

Банк ресурстары нарығының құрылуында көптеген ерекшеліктері бар деуге болады. Екінші деңгейлі банктер қызметінің тұрақтылығы ұшін, ең бастысы, олардың баланстары өтімді болу керек ал оның қамтамасыз етілуі, банктік ресурстар мен несиелік жұмсалымдар арасындағы көлемі және мерзімі бойынша тепе-теңдіктің сақталуын талап етеді.

Банк ресурстары нарығының пайда болуымен қатар бағалы қағаздар нарығы қалыптасады. Сөйтіп банктер жаңа қызмет түрлері ретінде бағалы қағаздармен, факторинг, лизинг және басқа операциялармен тікелей жұмыс жасай бастады. Бұл, яғни банк ресурстарының құрамына тек қана ақшалай қаражаттар емес, сол сияқты тауарлы-материалдық құндылықтар және бағалы қағаздар кіреді дегенді білдіреді. ұлттың (орталық) банкіміз "банктердің банкі" болып табылатындықтан, екінші деңгейлі банктердің ресурстарының бір бөлігі сол банктен алған ресурстардан да құралады.

Демек екінші деңгейлі банктер ерекше бір кәсіпорын ретінде делдалдық қызметке байланысты, банктік ресурстар нарығында ақшалай ресурстарды сатып ала отырып, оны қажет ететін кәсіпорынға, ұйымға және халыққа сатып отырады.

Банк жұмысының тиімділігін (рентабельділігін) оның кірістері мен шығыстарын, несие беру мен инвестициялардан алынған шекті кірістер мен тартылған қаржылар бойынша шектеуге кірмейтін шығындарды, қаржылық нәтижелердің тұрактылығын қамтамасыз етуді, тәуекел шығындарын бақылауды болжайды.

Дағдарыс жағдайларының алғашқы белгілері сыртқы қарыздарға қол жеткізуге шектеулер туындауынан және олардың құнының қымбаттауынан коммерциялық банктер тапшылыққа тап болған кезде туындайды. Бұл ішкі экономиканы несиелеудің қысқаруына және банктердің несие беру шарттарын қатаңдатуға әкеліп соқтыратын негізгі фактор болды. Банктердің несиелік белсенділігінің төмендеуін ең алдымен құрылыс саласы сезінді, ал соңында макроэкономикалық өзара байланыс нәтижесінде жағымсыз салдарлар басқа да салаларға әсерін тигізді.

Банк жұмысының пайдалылығын басқару оның кірісгері мен шығыстарын, тартылған қаражат бойынша шекті шығындарын және несиелеу мен инвестициядан түсетін шекті табысын, каржылық нәтижелер тұрақтылығының қамтамасыз етілуін, ысырап қатерін бақылауды қажет етеді. Банк алатын пайданың шамасына әсерін тигізетін банк қызметіндегі алаяқтық операциялардың арту себебіне, күмәнді және залалды операциялардың талдауына айрықша назар аударылады.

Бүгінгі күні Қазақстандық банктердің ресурстарын басқару жүйесі мынадай элементтер есебінен жетілдіруді қажет етеді: депозиттік операциялармен байланысты тәуекелдің түрлерін бағалауды жетілдіру. Банктің ақпараттық базасына қойылатын талаптарды кушейту, депозиттік операциялар бойынша жүргізілетін депозиттік саясатты оңтайландыру. Коммерциялық банктер

депозиттер бойынша туындайтын тәуекелдерді бағалау барысында сандық және сапалық бағалау әдістерін пайдалануға тиіс.

Әдебиеттер тізімі:

1 Искаков, Ұ. М. Банк ісі : оқулық / Ұ. М. Искаков. - Алматы : Экономика, 2013. – 77б.

2 "Банк ісі " пәнінің оқу-әдістемелік кешені [Text] : 5В050900 "Қаржы" мамандығы үшін. - Петропавл : М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, 2011. - 92 б.

3 Мақыш С.Б. Әлемдік қаржы дағдарысының Қазақстан банктік секторына ықпалы және оған қарсы шаралар. // Тұран университетінің Хабаршысы. №2, 2010 жыл.–бет.57. Gazeta.kz сайты. Источник: http://e-history.kz/kz/contents/view/983 (жүгіну күні 12.11.2021)

4 Деньги. Кредит. Банки. Под ред. профессора О.И. Лаврушина. М.: Финансы и статистика, 2006. – С. 432.

ӘӨЖ 338.4:37+338.4:61

Муханова А.Е.аға оқытушы, э.ғ.к.,
Садық Сұлтан магистрант,
Қорқыт- Ата атындағы Қызылода университеті,
Қызылорда қ. Қазақстан Республикасы

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Аңдатпа: Әлеуметтік саланың ерекшелігі, қоғамдық өмірдің басқа салаларынан айырмашылығы, көбінесе оның функцияларын көрсету арқылы анықталады.Мақалада әлеуметтік салаға жалпы түсінік бере отырып, әлеуметтік саланың негізгі функциялары қарастырылған. Әлеуметтік саланының негізгі функциялары ретінде білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмекті жетілдіру бағыттары бойынша қаржылардың тиімді пайдалану шаралары көрсетілген. Сонымен қатар, Қызылорда облысы бойынша білім беру саласына бөлінген қаражаттардың игерілуіне талдау жасалған. Пандемия кезіндегі мектептердің материалдық базасын жақсартуға бөлінген қаржы деңгейі қарастырылған.

Кілт сөздер: Әеуметтік сала, әлеуметтік сала функциялары, әлеуметтік саланы қаржыландыру, шығыс нормативтері.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында әлеуметтік сала - термині жиі қолданылады. Бұл тұжырымдаманың түсіндірмелері әртүрлі, бірақ оның құрылымында әлеуметтік сала қызмет көрсету саласына қарағанда әлдеқайда кең және күрделі екенін атап өткен жөн.

Әлеуметтік салаға - ең алдымен, қызмет көрсету саласы кіреді (білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, дене шынықтыру, тамақтану, коммуналдық қызмет, жолаушылар көлігі, байланыс)[1, 523 б.].

Әлеуметтік сала адамдардың өмір салтына, деңгейіне және сапасына тікелей байланысты. Әлеуметтік саланың жалпы сипаттамасы құқықтық, экономикалық, әлеуметтік-еңбек және әлеуметтік-мәдени аспектілерді қамтиды.

Әлеуметтік саланың негізгі функциясы - адамның көбеюі. Басқа да қосымша функциялары мысалы, әлеуметтік кепілдіктер мен құқықтарды, әлеуметтік көмекті және қоғамның еңбекке жарамсыз және депривацияланған топтарын қолдауды қамтамасыз ететін әлеуметтік қорғау, халықтың әлеуметтік қорғалу дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер жүйесінде (ең төменгі күнкөріс деңгейі, кедейлік шегінен төмен халық саны және т.б.) көрсетіледі[2, 35 б.].

Әлеуметтік сала - қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік-экономикалық жағдайға ие топтар арасындағы қарым-қатынас саласы, ең алдымен еңбекті қоғамдық ұйымдастырудағы рөлі, өндіріс құралдарына қатынасы, қоғамдық байлықтың алынған үлесінің көздері мен мөлшері.

Әлеуметтік саланың ерекшелігі - қоғамдық өмірдің басқа салаларынан айырмашылығы, көбінесе оның функцияларын көрсету арқылы анықталады.

Әлеуметтік саланың маңызды құрамдас бөлігі - әлеуметтік инфрақұрылым болып табылады. Бұл адам мен қоғамның көбеюі үшін қажеттіліктердің бүкіл кешенін қанағаттандыруға жағдай жасайтын материалдық элементтердің тұрақты жиынтығын білдіреді.

Әлеуметтік саланың даму мәселелеріне де баса маңыз берілді. Тұрғындардың әл-ауқаты мен өмір сүру жағдайын ұдайы жақсарта түсу мемлекетіміздің әлеуметтік экономикалық саясатының басым бағыты.

Әлеуметтік саланы қалпына келтіру және дамыту жұмыстарының негізгі факторы оның әлеуметтік-экономикалық құрылымын жетілдіру болып табылады. Бұл жұмыстың негізгі міндеті- халық мұқтажын қанағаттандыра алатын өндіріс саласындағы меншіктік қатынастардың өзгерісін ескере алатын жаңа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетудің ұйымдық-құқықтық формаларын, сонымен қатар әртүрлі меншік формалары бойынша әлеуметтік саланың қуаттылық құрылымдарын қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік саланың даму мәселелеріне де баса маңыз берілді. Тұрғындардың әл-ауқаты мен өмір сүру жағдайын ұдайы жақсарта түсу мемлекетіміздің әлеуметтік экономикалық саясатының басым бағыты.

Ел тұрғындарының өмір сүру деңгейінің бірден екі есе көтеріліп, халахуалдарының үнемі жақсара түсуі ұлттық экономиканың тұрақтануына, оның сатылап өсуіне тікелей байланысты.

Тұрғындарының жағдайын жақсарту мәселелерін шешуде ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, кәсіби дайындық деңгейін көтеру, экономикалық белсенділігін көтеру механизмін жетілдіру және ауыл тұрғындарының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту басты мәселелердің бірі [3].

Өңірдің экономикалық әлеуетінің жағдайы мен деңгейі қаржылық ресурстарды қалыптастыру мен басқарудың қажетті алғышарты болып табылады. Осы мақсатта, әсіресе, аймақтардың дамуында жергілікті бюджеттердің атқарар рөлі аса маңызды. Өңірлерде қалыптасатын қаржылық қатынастар негізінен жергілікті бюджеттердің қалыптасуы мен орындалуы арқылы жүзеге асырылады. Жеке өңірлер бюджеттеріне қаражаттардың түсу көлемі мен құрылымына елдегі экономикалық жағдай; қаржы-бюджет саясаты, өндіріс дамуының аймақтық деңгейі, оның құрылымы, инфляция қарқыны, бағаның өсуі және т.б. сан алуан факторлар әсер етеді.

Өткен онжылдық барлық көздерден әлеуметтік шығыстарды қаржыландырудың едәуір ұлғаюымен сипатталды. Әлеуметтік саланы қаржыландырудың негізгі сипаттамасы оның жалпы ішкі өнімдегі үлесі, басқаша айтқанда, халықтың жалпы экономикалық байлығындағы үлесі болып табылады, бұл соңғысының белгілі бір салаларға назар аудару дәрежесін бағалауға, олардың маңыздылығын бір-бірімен салыстыруға, сондай-ақ халықаралық салыстырулар жасауға мүмкіндік береді.

Қаржылық қамтамасыз ету әлеуметтік дамудың өте маңызды факторы. Білім беру, денсаулық сақтау және мәдениетке бөлінетін қаражаттың едәуір артуы әлеуметтік саясаттың басым міндеті болып табылады.

Қосымша салымдардың басты көзі – бюджет саясатының басымдықтарын қайта қарау және үстеме кірістерге прогрессивті салық салу есебінен мемлекет қаражаты қалыптасады.

Әлеуметтік-экономикалық ахуалды пәрменді жақсарту үшін мемлекеттік саясат шаралары ғана жеткіліксіз, бірақ барлық мүдделі тараптардың күш-жігерін біріктіру талап етіледі.

Жан басына шаққандағы норматив-бұл қалалық және ауылдық жерлерде орналасқан мекемелер үшін бөлек айқындалатын, жылына бір білім алушыға шаққандағы жалпы білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес осы өңірдің мекемелерінде білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті қаржы қаражатының ең аз жол берілетін көлемі. Бюджеттік қаржыландыру нормативтерін қолдану қаржы ресурстарын бөлудің объективті және ашық тәсіліне мүмкіндік туғызады, бұл ретте барлық мекемелер ең алдымен білім алушылар санына байланысты тең жағдайға қойылған.

Бір білім алушыға есептегенде жалпы білім берудің мемлекеттік стандартын іске асыруға арналған шығыстар нормативі:

— педагогикалық қызметтің стандартты (базалық) құны;

— нормативті есептеу әдістемесімен айқындалған педагог қызметкерлер мен әкімшілік-басқару, оқу-көмекші және қызмет көрсетуші персоналдың жалақы мөлшерлемелерінің нормативтік арақатынасы (70 % — мұғалімдер,

30 % - Әкімшілік-шаруашылық және кіші қызмет көрсетуші персонал);

— еңбекке ақы төлеу қорын (ЕТҚ) қалыптастыру тәртібі;

— педагогикалық қызмет құнының қымбаттау коэффициенттері негізінде айқындалады;

- оқу процесін қамтамасыз етуге шығындар: оқулықтар мен оқу құралдарына, техникалық оқыту құралдарына, материалдарға[4].

Әлеуметтік саланы дамытудың басты көрсеткіші білім беру саласы.

Қызылорда облысы бойынша 2020 жылы білім беру саласына 161,8 млрд. теңге бөлінді, өткен жылмен салыстырғанда 62%-ке артты. Облыстағы 665 мектепке дейінгі білім беру ұйымында (161 мемлекеттік, 414 жеке, 90 шағын орталық) 55 065 бала тәрбиеленуде. 1 мен 6 жас аралығындағы балалардың мектепке дейінгі ұйымдарға қамтылуы 84,9 процент, 3 пен 6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы 100 процент құрады (1 мен 3 жас – 24,1%).

Әлемдік пандемияға байланысты 2020 жылы наурыз айынан бастап, мектептер қашықтан оқыту форматына көшті. Осыған сәйкес, қашықтан оқыту жағдайында балалардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау жұмыстың негізгі басымдығы болды. Осы орайда, оқушылардың электронды құрылғыларымен және отбасы жағдайында интернетпен қамтылуына мониторинг жүргізілді.

Қашықтан оқитын электронды құрылғылары жоқ оқушыларды компьютерлік техникамен қамту жұмыстары ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, мектеп балансынан 14203 компьютер, жергілікті бюджет есебінен 2492 планшет, демеушілер есебінен 1518 ноутбук пен планшеттер сатып алынды. Сондай-ақ, Үкімет резерві есебінен 3,2 млрд. теңгеге 22 870 компьютерлік құрылғы сатып алынды.

Пандемияға қарамастан аймақта апатты және үш ауысымды мектептерді жою мақсатында жаңа білім беру нысандарының құрылыстары жалғасып, жөндеу жұмыстарын жүргізумен қатар мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында жұмыстар атқарылды.

Мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша жұмыстар атқарылуда. 2020 жылы облыстық бюджет есебінен 1,9 млрд. теңгеге 236 жаңа модификациялық пәндік кабинет (физика, химия, биология) сатып алынып, 42 мектеп «3Д модельдеу» жабдықтарымен толықтырылды.

Облыста инклюзивті білім беруді дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған Жол картасын іске асыруға 4 млрд. теңге жоспарланған. Жол картасына сәйкес 2020 жылы 47 балабақша мен 44 мектепте арнайы инклюзивті кабинеттер ашылды. Бұл мақсатқа 505 млн. теңге бөлінді[5].

Қазіргі ақпараттық технологияның мол мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану мен білім беру жүйесін одан әрі дамыту, жастардың жоғары деңгейде білім алуына қажетті барлық жағдайды жасау мақсатында мектептердің техникалық мүмкіндіктерін жасақтау мен сапалы кадр құрамымен толықтыру, құрылымдық өзгерістер жасау арқылы инновациялық негізде білім беретін мектептердің базасын құру өте маңызды болып отыр.

Білім саласын реттеудің нарықтық қатынас жағдайында ұйымдастырушылық-құқықтық реттеудің маңыздылығы білім сапасын арттырудағы шараларды жүзеге асыру болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1 Искаков Н.А. Социальная сфера Казахстана: состояние и перспективы развития - Алматы: Институт развития Казахстана, 2001 — 94с. http://www.rusnauka.com › Economics › 53871.doc.htm

2 Безуглая, Е. В. Значение социальной инфраструктуры для социально-экономического развития региона // Молодой ученый. — 2013. — №10. — С. 272- 274

3 Антонюк В.С. Социальная инфраструктура в системе региональной инфраструктуры / В.С. Антонюк, А.Ж. Буликеева // Вестник Тюменского государственного университета. – 2013. – №11.стр-56-59

4 Акимат Кызылординской области - GOV.KZ https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda/documents (жүгіну күні 24.01.2022)

5 Қызылорда облысының 2020 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары https://syrboyi.kz/janalyqtar/onir/qyzylorda-oblysynyng-2020-zhylghy-aelewmettik-jekonomikalyq-damw-qorytyndylary-56935/ (жүгіну күні 20.01.2022)

ӘОЖ 336:

Наурызбеков С.К. э.ғ.к. доцент
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Тараз қ.Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МОНЕТАРЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазіргі кезеңдегі монетарлық саясатының теориялық және тәжірбиелік мәселелері баяндалған, сонымен қатар пандемия кезіндегі монетарлық саясатқа әсер ететін негізгі себептер қарастырылған. Ұлттық Банк монетарлық реттеуге деген өзінің көзқарасын өзгертпесе, онда келесі дағдарыстық жағдай туындаған кезде ол жедел реттеу режимінде сыртқы шок факторларының әсерінен сигналдарды баса алмай қалатындығы негізделген.

Кілт сөздер: ақша, несие, пайыз, инфляция, валюта, монетарлық саясат, covid.

Монетарлық саясат мемлекеттің экономикалық саясатының аса маңызды құрамдас бөлігінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасында оны Ұлттық банк жүргізеді. Ұлттық бнк өзінің іс-қимылында экономикалық өсудің тұрақтылығын, жұмыссыздық пен инфляцияның төмен деңгейін қамтамасыз ету мақсатында пайыздық ставканы, валюта бағамын, өтімділікті, төлем қабілеттілігін және т. б. көрсеткіштерді белгілей отырып, банктердің қызметіне ықпал ету арқылы жүзеге асырады. Сонымен бірге, ол ақша жиынын кеңейтуге (несиелік өктемдік) немесе оны қысқартуға (несиелік рестрикция) бағытталуы мүмкін.


Монетарлық саясатын іске асыру үдерісінде экономикалық өсуді ынталандыру және инфляциямен күрес жүргізу арасында тиімді әрекеттер жасау қажеттілігі сөзсіз туындайды. Монетарлық әдістерінің негізінде осы екі міндетті бір уақытта шешу мүмкін емес, өйткені экономикалық өсуді ынталандыру үшін несиелік өктемдік (арзан, қолжетімді несие, төмен пайыздық ставкалар және т. б.), ал инфляцияны тежеу үшін, керісінше, несиелік рестрикция, яғни ақша жиынын жалпы шектеу қажет. Сондықтанда, монетарлық реттеу оралымды бюджеттік және салық саясатымен үйлесуі тиіс.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде монетарлық реттеу сан алуан түрлі қаржы тетіктері арқылы іске асырылады. Қазақстан Республикасында оларға: несиелер бойынша қайта қаржыландыру ставкаларын (есептік ставкалар) белгілеу; банктердің экономикалық нормативтерін белгілеу; ашық нарықта бағалы қағаздармен операциялар жүргізу; міндетті резервтердің нормаларын белгілеу және т. б. жатады[1].

Қазақстан Республикасының осы заманғы әлеуметтік-экономикалық даму кезеңі COVID-19 коронавирус пандемиясының және онымен байланысты шектеу шараларының әсерінен қалыптасуын жалғастыруда. Мұндай жағдайда жаңа ақша-несие жүйесі қалыптасып, қаржы институттарының жаңа түрлері пайда болып жатыр, нарықтық экономикаға тән жүйеге сәйкес банк жүйесінің құрылымы да өзгерді. Еліміздің монетарлық саясаты халықаралық несиелік саясатпен жұмыс істеу принциптеріне көшу барысында Қазақстан Республикасындағы өтпелі кезеңнің ерекшеліктері мен әлемдік банктің цифрлік технологиясын ұштастыра білудің маңызы зор[2].

Ал енді Ұлттық Банктің монетарлық саясатын зерделеу нәтижесіне тоқталайық. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, 2019 жылы Ұлттық Банктің монетарлық саясаты инфляциялық таргеттеу қағидаттарына сәйкес жүргізілді. Негізгі күш-жігер инфляцияны белгіленген нысаналы бағдардың 4-6% шегінде ұстап тұруға бағытталды. 2019 жылғы 26 наурызда халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру деңгейінің өсуін қолдау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банктің тиімді

өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында әзірленген макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы 2019 жылға арналған келісімге қол қойылды.




1-сурет. Базалық мөлшерлеменің бағыты және жылдық инфляцияның деңгейі

Ескерту – автор құрастырған

Инфляция бойынша мақсаттар нақтыланды. 2019-2021 жылдарға инфляция бойынша нысаналы дәліз 2022 жылдан бастап орта мерзімді 4% нысанасына кейіннен ауыса отырып, 4-6% деңгейінде белгіленді. Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені белгілеу арқылы нысаналы бағдарға қол жеткізуді қамтамасыз етті. Базалық мөлшерлеменің пайыздық дәлізі жыл бойы өзгеріссіз қалды және +/- 1 пайыздық тармақты құрады. 2019 жыл ішіндегі инфляция серпіні бірқалыпты қалыптаса алмады, бұл базалық мөлшерлеменің серпіні мен монетарлық саясатының бағытын айқындады.

2019 жылғы 14 қаңтар мен 4 наурызда базалық мөлшерлеме 9,25% деңгейінде сақталды. Қабылданған шешімдер ақша-несие жағдайларының бейтарап сипатын сақтауға ықпал етті және инфляция аясын арттырудың сақталып отырған, оның ішінде инфляцияның құрамдас бөліктері серпінінің теңгерімсіздігіне байланысты тәуекелдерге негізделді. 2019 жылғы сәуірде Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің деңгейін 9,25%-дан 9,00%-ға дейін төмендетті. Бұл шешім нақты инфляцияның бәсеңдеуіне, инфляциялық күтулердің тұрақты деңгейіне, негізгі сауда әріптес елдерінде инфляцияның бәсеңдеуін күтуге және әлемдік шикізат нарықтарындағы оң үрдістерге байланысты болды. 2019 жылғы II тоқсаннан бастап елеулі фискалдық қарқыннан, азық түлікке әлемдік бағалардың көтерілуінен, іскерлік белсенділіктің өсуінен және төлем балансының ағымдағы шотының нашарлауынан туындаған проинфляциялық қысым күшейе түсті. Нәтижесінде 2019 жылғы 9 қыркүйекте базалық мөлшерлеме 9,25%-ға дейін көтерілді.



3-сурет Ұлттық Банктің монетарлық саясатының операциялары

Ескерту – автор құрастырған

Ұлттық Банк инфляциялық тәуекелдердің ықтимал іске асырылуын шектеу үшін шамадан тыс өтімділікті байланыстыру бойынша операциялар жүргізді. Монетарлық саясатты іске асыру мақсатында ашық нарық пен тұрақты қолжеткізу операциялары құралдарының жиынтығы қолданылды. Депозиттік операциялар, Қазақстан қор биржасы алаңындағы валюталық своп және репо операциялары, депозиттік аукцион және Ұлттық Банктің қысқа мерзімді ноттарын орналастыру аукционы сияқты монетарлық саясаттың құралдары пайдаланылды. Ұлттық Банк артық өтімділіктің негізгі көлемін айналыс мерзімі 28 күн болатын қысқа мерзімді ноттар мен мерзімі 7 күн болатын депозиттік аукциондар көмегімен алып тастады. Айналыс мерзімі 3, 6 және 12 ай болатын қысқа мерзімді ноттардың шығарылымы қаржы нарығында кірістіліктің қисығын құруға бағытталды. Ұлттық Банк жүргізіліп отырған саясаттың тиімділігін арттыру мақсатында 2019 жылғы 18 ақпаннан бастап мерзімі 7 күн болатын қысқа мерзімді ноттар аукционын ауыстырған депозиттік аукциондарды өткізуді бастады. Тұрақты қолжетімді 7 күндік депозиттерді тарту тоқтатылды. Бұл өзгерістер Ұлттық Банктің монетарлық саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасының тиімділігін арттыруға бағытталды. 2019 жылғы маусымнан бастап Ұлттық Банк ақша нарығындағы мөлшерлемелерді басқару жөніндегі проактивті саясатты жүргізе бастады. 2019 жылғы маусымның ортасынан бастап қысқа мерзімді ноттардың кірістілігі базалық мөлшерлемеден жоғары деңгейге дейін көтерілді. Кірістілік қисығының барлық қысқа мерзімді секторы бойына пайыздық мөлшерлемелердің тиісті дифференциалын сақтай отырып кірістілікті арттыру TONIA ақша нарығының нысаналы мөлшерлемесін базалық мөлшерлеме деңгейіне жуық қалыптастыруға әкелді.

Нәтижесінде, қысқа мерзімді ноттардан айналыстағы барынша ұзақ мерзімді ноттарға қаражаттың ауысуы байқалды. 6-12 айлық айналыс мерзімі бар ноттардың үлесі мамырдағы 43%-дан желтоқсанда 56%-ға дейін өсті, бұл теңге өтімділігінің валюта нарығына жылдам ауысу әлеуетін шектейді. 2019 жылғы тамыздан бастап монетарлық саясатының құралдарын жетілдіру шеңберінде ең төменгі резервтік талаптар тетіктеріне өзгерістер енгізілді. Резервтік активтердің құрылымы өзгертілді – талап ету көлемінің 50%-нан аспайтын көлемде талаптарды орындау үшін қолма-қол ақшаны пайдалану шектелді (бұрын кассаны пайдалануға шектеулер болмаған). Бұдан басқа, өзгерістер банктер міндеттемелерінің құрылымына және нормативтердің мәніне әсер етті. Ең төменгі резервтік талаптарды есептеу үшін қабылданған

банктер міндеттемелерінің құрылымы валюта мен мерзімдері бойынша бөлінген және міндеттемелер мен мынадай нормативтердің 4 түрінен тұрады:

-ұлттық валютадағы қысқа мерзімді міндеттемелер – 2%;

-ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді міндеттемелер – 0%;

-шетел валютасындағы қысқа мерзімді міндеттемелер – 3%;

-шетел валютасындағы ұзақ мерзімді міндеттемелер – 1%.

Қысқа мерзімді өтімділікті реттеу мүмкіндігін кеңейту жөніндегі шаралар жалғасты. 2019 жылғы 15 қазанда Қазақстан қор биржасында Ұлттық Банктің своп және репо операциялары арқылы ұлттық валютадағы өтімділікті ұсыну және алу бойынша қосымша терезе іске қосылды. Операцияларды Ұлттық Банк банктердің бастамасы бойынша күнделікті негізде сағат 17:00-ден 17:30-ға дейін жүргізіледі[4].

Аталған шаралар жиынтығында монетарлық саясатының трансмиссиялық тетігін күшейтуге және инфляцияны нысаналы деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді.

2020 жылы Ұлттық Банктың монетарлық саясаты COVID-19 коронавирус пандемиясының және онымен байланысты шектеу шараларының әсерінен қалыптасты. 2020 жылғы екінші тоқсандағы қатты құлдыраудан кейін әлемнің көптеген елдерінде қалпына келтіру үрдістері байқалды. Сонымен бірге, 2020 жылғы қазанда коронавирустың қайта таралуынан туындаған шектеу шаралары әлемдік экономиканың, оның ішінде ЕО мен Ресей экономикаларының қалпына келу қарқынына теріс әсер етеді. Сонымен қатар, карантиндік шаралардың әсері денсаулық сақтау жүйесінің барынша дайын болуына және мектептердің, өнеркәсіп және құрылыс секторларының қызметінің толық шектелуіне байланысты көктемгідегі теріс әсерге қарағанда аз болады деп күтілді Соның нәтижесінде, Ұлттық Банк 2020 жылғы 20 шілдеде пайыздық дәлізді +/-1,5 п. т. дейін тарылтып, базалық мөлшерлемені 9,0%-ға дейін төмендетті. Шешім проинфляциялық тәуекелдер азаюына және экономикалық белсенділік күтілгеннен де жоғары қысқаруына негізделді. Кейіннен, 2020 жылғы қыркүйек пен қазанда Ұлттық Банк мөлшерлемені бұрынғы деңгейде екі рет сақтады. 2020 жылғы 7 қыркүйектегі базалық мөлшерлемені сақтау туралы шешім қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада инфляция тәуекелдері теңгерімін ескере отырып, қабылданды. Аздап реттелген инфляциялық күтулер, Ресейге қатысты санкциялық риториканың өсуі аясында қаржы нарықтарында құбылмалылықтың артуы, мұнайға сұраныстың неғұрлым баяу қалпына келуін күту және фискалдық және квазифискалдық шаралармен экономикалық белсенділікті одан әрі ынталандыру мүмкіндігі проинфляциялық тәуекелдер болды. Сонымен бірге экономикалық белсенділіктің төмендеуіне, тұтынушылық сұранысының баяулауымен және әлемдік нарықтарда азық-түлік тауарлары бағасының күтілген төмендеуімен байланысты дезинфекциялық факторлардың әсері жалғасты[5].

Ұлттық Банктің инфляцияны таргеттеу режимін қолдану саласындағы зерттеулері мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

-Қазақстандағы инфляция көбінесе монетарлық емес сипатқа ие;

-орта мерзімді болашақта (3 жыл) инфляцияны нысаналы деңгейге жақын ұстау, яғни– 4 % , Ұлттық Банктің ақша–несие саясатының аралық мақсаты болып табылады.Ұлттық банк алдағы үш жылда өз мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз ету көп жағдайда сыртқы саяси жағдайға байланысты болады;

-инфляция реттеу мақсатына жүргізген Ұлттық банктің пайыздық саясаты іс жүзінде сәтсіз болды – бұл дегеніміз, дағдарыс жағдайында (пандемия кезінде) Ұлттық банк қолданатын қаржы құралдары бағаның өсуін тежей алмады.

Ұлттық Банктің монетарлық реттеуге байланысты жүргізген іс-шаралардың қолдану тәжірибесін ескере отырып мынадай қорытындыға келуге болады. Егер, Ұлттық Банк жақын арада монетарлық реттеуге деген өзінің көзқарасын өзгертпесе, онда келесі дағдарыстық жағдай туындаған кезде ол жедел реттеу режимінде сыртқы шок факторларының әсерінен сигналдарды тағы да баса алмай қалады. Бұл дегеніміз, халық пен бизнестің Ұлттық Банкке деген сеніміне нұқсан келуі мүмкін,- деп айтуға болады.

Әдебиеттер тізімі:

1.Картаев Ф.С. Выбор режима монетарной политики и экономический рост: Монография.-М.: Экономический факультет МГУ имени М.В.Ломоносова, 2017.-232с.

2.Как будет меняться финансовый сектор Казахстана после пандемии https://kursiv.kz/news/finansy/2020-11/kak-budet-menyatsya-finansovyy-sektor-kazakhstana-posle-pandemii

3.Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің 2019 жылғы есебі

4.Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің статистикалық бюллетені, №12, 2019ж.

5. Ұлттық банк. Ақша-несие саясаты туралы баяндама: Нұр Сұлтан, 2020-52 бет.

УДК 338.46

Нурбаева А.Т. ст. преподаватель
Казахский университет экономики, финансов и международной торговли
г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ ГРУЗОВЫХ ПЕРЕВОЗОК НА ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ ТРАНСПОРТЕ

Аннотация. Эффективное функционирование железнодорожного транспорта играет исключительную роль в создании условий для модернизации, развития и устойчивого роста национальной экономики. Железные дороги органично интегрированы в единую транспортную систему страны. Во взаимодействии с другими видами транспорта они удовлетворяют потребности населения, экономики и государства в перевозках. С учетом значимости железнодорожного транспорта на рынке транспортных услуг, он должен отвечать самым высоким требованиям опережающего развития на инновационной основе.

Ключевые слова: транзитные перевозки, инновационный потенциал, трансформация бизнеса, мультимодальные перевозки, грузооборот, логистика.

Успешное внедрение инноваций и обеспечение эффективного инновационного развития требует прорывных улучшений в сфере создания новых транспортных продуктов, совершенствования процессов управления, направленных на открытие новых возможностей для роста эффективности Казахстанских железных дорог. Железнодорожный транспорт нашей страны сегодня находится в стадии осуществления технического перевооружения и масштабного обновления подвижного состава, внедрения наукоемких ресурсосберегающих технологий, модернизации и развития инфраструктуры. Все инновационные решения в сфере железнодорожного транспорта соответствуют главным направлениям - снижению себестоимости и росту скорости перевозок [1].

С одной стороны, транспортная система обеспечивает территориальную целостность и предоставляет регионам возможности для развития. С другой стороны, в Казахстане в силу исторических причин именно железнодорожный транспорт играет ключевую роль в экономике, что также является следствием географических особенностей страны.

В ближайшие десятилетия в отрасли железных дорог необходимо осуществить кардинальные изменения во всех основных технологических и бизнес-процессах, которые базируются на внедрении нового подвижного состава, эффективных объектов технологической инфраструктуры, интеллектуальных систем управления перевозочным процессом и других технологических и организационных инноваций. Цель указанных изменений заключается в обеспечении конкурентоспособности предприятий отрасли, роста эффективности их функционирования и повышении инвестиционной привлекательности. Тем не менее, сохраняются проблемы, затрудняющие осуществление инноваций на предприятиях железнодорожного транспорта: политическая нестабильность, препятствующая реализации планов по расширению международного транзита грузов и пассажиров по трансконтинентальным транспортным коридорам «Восток – Запад»; ограничение возможностей бюджетного финансирования модернизации инфраструктуры железнодорожного транспорта вследствие экономического кризиса; сокращение собственных средств в условиях падения спроса на перевозки и др. [2].

Внутренние ограничения инновационного развития на предприятиях железнодорожного транспорта, в первую очередь, обусловлены структурными преобразованиями, связанными с усилением централизации, выделением бизнес-блоков по основным видам деятельности и консолидацией функций управления на общекорпоративном уровне. Повышение специализации структурных подразделений порождает межфункциональные конфликты и вызывает противопоставление интересов инженерных и экономических служб в процессе инновационной деятельности.

Процесс современной глобализации усиливает конкуренцию на мировом и внутреннем рынках, возрастают требования к качеству продукции и предоставлению услуги, произведенных или разработанных с учетом новейших достижений научно-технического прогресса, удовлетворяющих высокий спрос со стороны отечественных и зарубежных потребителей товаров и услуг. В этих условиях встает вопрос о необходимости изучения сущности и содержательных аспектов инновационного процесса и инновационной деятельности, а также определения направлений усиления ее развития на предприятиях с учетом отраслевых особенностей.

Инновационный процесс – это процесс преобразования научного знания в инновацию, который можно представить как последовательную цепь событий, в ходе которой инновация вызревает от идеи до конкретного продукта, технологии или услуги и распространяется при практическом использовании и коммерциализации (рис. 1.) [3].

Инновационный процесс целесообразно рассматривать с различных точек зрения, сформулированных в отечественной и зарубежной литературе [4]:

- параллельное ведение научной и исследовательской, научно-технической, апробационной и внедренческой деятельности на производстве;
- последовательность сменяющих друг друга этапов жизненного цикла инноваций;
- инвестиционный проект, как частный случай инновационного проекта, включающий процесс финансирования разработок и распространения инновационных продуктов.

Таким образом, подразумевая, что конкретный инновационный процесс происходит в течение возможно и длительного, но конечного, промежутка времени, это может быть степень распространения инновации, комплексный эффект от ее использования, степень удовлетворения конкретной потребности.




Рисунок 1 – Модель управления инновационным процессом

Примечание – составлено автором на основе источника [3]

В 2020 году объем грузовых перевозок АО «НК «Қазақстан темір жолы» железнодорожным транспортом по территории Республики Казахстан составил 20,6 млн. тонн увеличившись на 17% по отношению к 2019 году.

Контейнерные перевозки увеличились на 37% в 2020 году по отношению к 2019 году.

АО «НК «Қазақстан темір жолы» сотрудничает с порядка 350 транспортно-экспедиторскими компаниями по организации транзитных перевозок грузов по территории Республики Казахстан.

В целях эффективного использования транзитного потенциала АО «НК «Қазақстан темір жолы» осуществляются следующие мероприятия:

- Проведение гибкой тарифной политики на перевозки грузов транзитом по территории Республики Казахстан, направленной на привлечение дополнительных объемов транзитных грузов, формирование конкурентоспособных тарифных условий в условиях острой конкуренции с альтернативными маршрутами и видами транспорта и привлечение дополнительных объемов транзитных грузов.

1С:Бухгалтерия 8 бағдарламасының жүйелі болжамы бірнеше тұтынушылардың базамен бір уақытта жұмыс жасауына мүмкіндік береді және онда басқарудың дамыған құралдары бар, мәліметтерді сақтау мүмкіндігін жоғарылатуға және олардың жоғалып кетуі мен зақымдану қаупін минимумға келтіруге мүмкіндік береді.

1С:Бухгалтерия 8 бағдарламасы бухгалтерлік есептің кез келген бөлімін жүргізе алады. 1С:Бухгалтерия 8 бағдарламасы мыналарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді:

- көп дәрежелі шот бойынша синтетикалық есеп;
- шоттың бірнеше жоспары бойынша есеп;
- валюталық есеп және валютаны жабу есебі;
- көп өлшемді аналитикалық есеп;
- әр бір өлшем бойынша көп дәрежелі аналитикалық есеп;
- бір ақпараттық базада бірнеше кәсіпорындар бойынша сандық есеп.

Бухгалтерия қызметкері 1С:Бухгалтерия 8. бағдарламасына ақпараттық өзіне барынша ыңғайлы режимде енгізе алады. Ақпаратты мынадай режимде енгізуге мүмкіндік бар:

- операцияны қолмен енгізу;
- типтік операциялар;
- құжаттар бойынша операцияларды жедел түрде қалыптастыру.

Бухгалтерлік есепті 1С:Бухгалтерия 8. бағдарламасында жүргізу шот жоспарына негізделеді, бірақ онда шот жоспарын құрастырудың кең мүмкіндігі жүзеге асады. 1С:Бухгалтерия 8. бағдарламасында аналитикалық есеп мүмкіндіктері кеңейтілген.

1С:Бухгалтерия бағдарламасымен әдеттегідей жұмыс жасауға кіріспес бұрын, алдымен күйге келтіру жұмыстарын жүргізу қажет. Ең алдымен өзіңіздің ұйымыңыз жайлы мәлімет енгізіңіз, қабылданған есеп саясатына сәйкес шот жоспарын күйге келтіріңіз, сонымен қатар есепті автоматтандыру кезінде бағдарламада қолданылатын әр түрлі анықтамалықтарды толтырыңыз. Ары қарай қалған ақпараттарды енгізіп, бәрін тексеру қажет.

1С: Бухгалтерия бағдарламасында бухгалтерлік есепке арналған қолмен енгізудің көптеген әдіс тәсілдері бар, алайда кез келген операцияны қолмен енгізген тиімді. Кез келген тарауды қолмен енгізуге болады, тіпті алғашқы қолданған құжаттармен қолдан жасалған операцияларды қатар қолдануға болады. Өкінішке қарай қолданбалы операцияларды түгелімен жойып жіберу сирек кездеседі, өйткені автоматтандырылған жұмыс шаруашылық операциялармен байланысты барлық құжаттарды жоюға ешқандай мүмкіндік бермейді. Көп жағдайда қолдан енгізу бұрын енгізілген мәліметтер жолымен бухгалтерлік салықтық есептерді түзету үшін пайдаланады. Жоғарыда көрсетілгендей қолдан енгізілген бухгалтерлік және салықтық сеспті тізімі терезені ашу үшін, келесі команда менюін таңдау керек Праводки-Операция (бухгалтерлік және салықтық есеп) [4].

«Қазақстанға арналған 1С Бухгалтерия 8» көмегімен бірнеше ұйымдардың шаруашылық қызметінің бухгалтерлік және салықтық есебін жүргізуге болады. Сонымен бірге жалпыға бірдей ақпараттық базаны бірнеше ұйымдардың, заңды тұлға, сондай-ақ жеке кәсіпкерлерге бухгалтерлік және салықтық есебін жүргізу үшін «Қазақстанға арналған 1С Бухгалтерия 8» қолдануға мүмкіндік береді. Егер олардың шаруашылық қызметі өзара берік байланысқан болса, онда ол өте ыңғайлы: жалпыға бірдей тауар тізімдерін, контрагенттерді (іскерлік серіктестер), жұмыскерлерді, қоймаларды (сақтау орындарын) және т.б қолдануға болады, ал міндетті есептілікті бөлек қалыптастыру керек. «Қазақстанға арналған 1С Бухгалтерия 8» үшін салықтың әр түріне байланысты салық төлеушілерді анықтауға жұмыс істеу мүмкіншілігі бар.

«1С: Бухгалтерия» комплекстік бағдарламасына ұйым және сауда кәсіпорындары үшін, қаржылық жоспарлау, бухгалтерлік есеп, жалақыны және қаржылық есепті есептеу үшін мақсатты шешу, сонымен қатар нақты ұйымдар үшін өңделген мамандырылған және сомалық шешімдер кіреді. «1С: Бухгалтерия», бағдарламасының жүйесін құру үшін негіз немесе фундаменті ортақ технологиялық платформа болып табылады. Бұл жеке қосымша шешімдерді құруды жеңілдетеді, барлық өңдеулер стандартталады. Мәселен топталу және барлық қосымша

шешімдерде жаңа технологияларды енгізуді қамтамасыз етеді. Сондықтан кәсіби біліммен қамтамасыз етілген теориялық және тәжірибелік бағыттары бар мамандар компьютерлік жүйеде «1С бухгалтерия» бағдарламасын білуі тиіс. Ол қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сұлтанбекова А.О. Бизнестегі қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар: Оқу құралы. – Алматы: «Экономика», 2009. – 304б.
2. Информационные технологии бухгалтерского учета – СПб, 2009 – 688 с.
3. Конфигурация Бухгалтерия для Казахстана 1С Предприятие 8.1, Фирма 1С, Москва
4. Руководство пользователя 1С Предприятие 8.1, Фирма 1С, Москва

УДК 657.6

Барышева С.К. э.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Тұран университеті ,
Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Султанбеков Ғ.З.магистр,
М.Х. Дулати атындағыТараз өңірлік университеті,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы.

БАСҚАРУ ШЕШІМДЕРІН ҚАБЫЛДАУДА ЕСЕП МӘЛІМЕТТЕРІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі басқару есебі күрделі математикалық әдістерді және әртүрлі қолданбалы бағдарламалық жасақтаманы кеңінен қолданады. Бүгінгі таңда басқару есебінің әдістері мен тәсілдері өте терең дамыған және бухгалтерлік есептің өзі басқарудың ең аз қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі болып табылады. Қазіргі менеджерлер бухгалтерлік құралдардың кең спектрін зерттейді және оларды шығармашылықпен қолданады, осылайша басқару ғылымын дамытады.Соңғы онжылдықта (әсіресе нарықтық экономикаға көшу кезінде) көптеген қазақстандық кәсіпорындар өндірістік салаларда да, қызмет көрсету саласында да өз бизнестерін жүргізген жағдайлардың түбегейлі өзгеруіне тап болды. Бұл кезең, бір жағынан, экономиканы мемлекеттік реттеу көлемінің төмендеуімен және компанияларды жекешелендірумен, екінші жағынан, шетелдік компаниялар тарапынан бәсекелестіктің дамуымен сипатталды.

Кілт сөздер: басқару есебі, қаржылық есеп, есеп объектілері, жедел ақпарат, болжау, ішкі бухгалтерлік есеп, басқару шешім.

Басқару есебі-бұл басқару шешімдерін қабылдауға қажетті ұйымның және оның ішкі құрылымдық бөлімшелерінің экономикалық қызметі туралы ақпаратты жинау, тіркеу, жалпылау және ұсынудың реттелген жүйесі.

Қаржылық есеп компанияның шығыстары мен кірістері, қаржылық инвестициялар, берешек, қаржыландыру көздері туралы деректерді тіркейді. Бұл жағдайда бухгалтерия кәсіпорынның қаржылық қызметі туралы сенімді деректерді қалыптастыруды мақсат етеді және нақты деректерді пайдаланады. [1]

Егер қаржылық есепті сыртқы бухгалтерлік есеп деп атауға болатын болса, онда басқару – бұл ішкі бухгалтерлік есеп. Нақты деректермен қатар, ол аналитиканы, сондай-ақ жоспарлау және бюджеттеу операциялары нәтижесінде алынған деректерді пайдаланады. Басқару есебі компанияны басқарудың барлық деңгейлеріндегі жұмыс туралы мәліметтерді ұсынады, қай бағыттың тиімдірек және тиімді екенін көрсетіп қана қоймай, оның себебін түсіндіреді.

ҚР-сының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептеме»заңнамасы басқару есебін жүргізуді реттемейтіндіктен, кәсіпорын басшылығы ішкі есептілікті қалыптастыру және ұсыну тәртібін дербес реттейді. Бұл ақпарат коммерциялық құпия болып табылады, оны ашық ресурстарда жариялауға тыйым салынады.

Басқарушылық есепте бухгалтерлік есеп элементтерінің едәуір саны бар, ал кейбір болжамдар бухгалтерия ұсынған мәліметтер негізінде жасалады. Алайда, тұтастай алғанда, ол әлдеқайда кең бағытқа ие.

Ең алдымен, басқару есебін жүргізу қажеттілігі бухгалтерлік есептіліктің деректері кәсіпорын басшылығы мен негізгі қызметкерлерге жағдайды толық бағалауға және дұрыс қорытынды жасауға мүмкіндік бермейтіндігімен анықталады.

Мәселен, мысалы, қаржылық есептілік тек жеке кәсіпорын шегінде ғана жүзеге асырылады және оның қызметінің көптеген салаларында басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты егжей-тегжейлі қамтымайды. Сонымен қатар, бухгалтерлік деректерді ұсыну мерзімдері қатаң реттеледі, сондықтан әрдайым өзекті ақпарат өз уақытында алынбайды. Өйткені, белгіленген есеп беру мерзімдері әрдайым кәсіпорынның өмірлік циклдеріне сәйкес келмейді. [2]

Басқарушылық есеп қаржылық есептілік деректерін айтарлықтай дәрежеде толықтырады. Бұл компаниядағы жағдайды сауатты және толық талдауға мүмкіндік береді және келесі артықшылықтарды береді:

1. Шығыстардың барлық баптарын жедел тиімді бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ компанияның қолда бар және болжанатын кірістерін бағалауға мүмкіндік береді. Басқарушылық есеп қаржы ағындарын тиімді басқаруды жолға қоюға мүмкіндік береді, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлауды жүргізуге, мәмілелер жасасудың, келісімшарттарға қол қоюдың және т. б. салдарын болжауға көмектеседі.

2. Компанияның жағдайына, оның әлеуетті мүмкіндіктеріне дұрыс баға беруге, жұмыстағы оң және теріс жақтарды, оның қызмет саласындағы күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат басшылыққа белгілі бір көрсеткіштерді уақтылы түзетуге, бизнес-процестерді оңтайландыруға мүмкіндік береді.

3. Егер компанияда бірнеше заңды тұлға болса, қаржылық есептілік бірыңғай көріністі көрсете алмайды. Міне, тағы да басқарушылық есеп деректері көмекке келеді, бұл сізге ақпаратты жинауға және оны қажетті форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

4. Ақпарат мүдделі тұлғаларға бухгалтерлік есеп үшін заңнамада белгіленген кезеңділікпен емес, шынымен қажет болған кезде ұсынылады (мысалы, тоқсанына бір рет).

5. Басқарушылық есепте ұсынылған ақпарат толығырақ және ұйым алдында тұрған нақты мәселелерді шешу үшін барлық қажетті ақпаратты қамтиды [1].

Енді төмендегі 1 кесте бойынша басқару және қаржылық есептің ерекшеліктерін қарастырайық.

1-кесте Басқарушылық және қаржылық есепті пайдаланудағы айырмашылықтар

Көрсеткіштер	Пайдалану ерекшеліктері	
	Басқару есебі	Қаржылық есеп
Ақпаратты кім пайдаланады	Ақпаратты кім пайдаланады	басшы қызметкерлер және кәсіпорын иелері (ұйым шеңберінде пайдалану); компания бөлімдерінің қызметкерлері (өзінің лауазымдық функциялары шеңберінде)
Ақпаратты көрсету дәрежесі	Ақпаратты көрсету дәрежесі	есепке алу объектілерін егжей-тегжейлі көрсету, олардың өзіне тән белгілері мен ерекшеліктерін бөліп көрсету
Операцияларды көрсету әдісі	Операцияларды көрсету әдісі	әдістеме Заңмен реттелмеген.
Процестің міндеттілігі	Процестің міндеттілігі	осы процестің маңыздылығы мен маңыздылығын түсіну негізінде ерікті негізде жүзеге асырылады
Кезеңділік	Кезеңділік	ұйымның қажеттілігіне байланысты деректер бұрын болған немесе ағымдағы жағдайды көрсетуі немесе болжамды бағалауды білдіруі мүмкін
Ескерту: [1] әдебиет негізінде автормен құрастырылды		

Басқарушылық есептің 5 негізгі артықшылығын атап көрсетуге болады:

1. Жеделдік.

Басқарушылық есепте берілген көрсеткіштер бойынша жоспарлы есептер қажеттілікке сәйкес және бұл ретте барынша жедел, оның ішінде Бизнестің берілген өлшемшарттары мен

ерекшелігіне сәйкес автоматты режимде жасалады, өйткені олар қандай да бір мерзімдерге заңнамалық тұрғыдан байланбаған. Компания басшылығының өзі қандай ақпаратты және қандай мерзімде қарау керектігін шешуге құқылы. Өзекті және уақтылы ақпарат көбінесе стратегиялық маңызды шешімдер қабылдау кезінде ғана емес, сонымен қатар кәсіпорынның қазіргі қызметінде де табысты анықтайды.

2. Практикалық құндылық.

Мүмкін, бұл басқару есебінің басты айырмашылығы. Егер қаржылық есеп бірінші кезекте бақылаушы органдарға арналған болса, онда басқару есебінің деректері тікелей практикалық қолдануға арналған. Бұл ретте Бухгалтерия ұсынған мәліметтер ұйымда болып жатқан және басқару шешімдерін қабылдау кезінде маңызы бар барлық процестер туралы барынша нақтыланған деректермен толықтырылады[2].

3. Жеке көзқарас.

Қаржылық және басқарушылық есеп арасындағы тағы бір айырмашылық, соңғысында ұсынылған барлық ақпарат тікелей компанияның өзінде пайдалануға арналған (бақылауды жүзеге асыру, тәуекелдерді басқару, ұзақ мерзімді болжау және т.б.). Тиісінше, ақпаратты көрсету көлемі мен ерекшеліктері, талданатын көрсеткіштердің саны, құжаттарды ресімдеу түрлері мен тәсілдері және т.б. заңнамамен регламенттелмейді. Басқару есебінің деректері бизнестің өзі белгілеген нысанда және бизнесмендердің өздері компания алдында тұрған міндеттерге сүйене отырып анықтайтын қажетті көлемде ұсынылуы мүмкін.

4. Ақпарат түрлері және оны нақтылау.

Бұл тармақ осы есеп түрлерінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын қарастыруға мүмкіндік береді. Бір жағынан, басқарушылық есеп өзінің қаржылық бөлігінде белгілі бір дәрежеде бухгалтерлік мәліметтерге негізделген. Екінші жағынан, Басқару есебі тек бухгалтерлік есепті ғана емес, сонымен қатар бірқатар басқа көрсеткіштерді де қажет етеді. Сонымен қатар, ақпараттың барлық түрлері, соның ішінде қаржылық, басқарушылық есепте мүмкіндігінше егжей-тегжейлі ұсынылған, сондықтан тіпті бухгалтерлік деректерді нақтылау қажет. Жеке құрылымдық бөлімшелерге немесе тіпті нақты қызметкерлерге қатысты көрсеткіштер немесе тауарлардың жекелеген топтары, көрсетілетін қызметтердің түрлері туралы ақпарат қажет болуы мүмкін.

5. Болжау.

Бухгалтерлік есеп компанияның ағымдағы немесе өткен кезеңдегі қаржылық жағдайын көрсетуге мүмкіндік береді, ал басқару есебі тек қазіргі жағдайды ғана емес, сонымен бірге даму перспективалары мен мүмкіндіктерін де бағалауға мүмкіндік береді. Басқарушылық талдау сыртқы факторлардың (мысалы, маусымдық) ұйымның қызметіне әсерін анықтауға және белгілі бір кезеңдерге алдын-ала болжам жасауға мүмкіндік береді. Бұл бизнеске дұрыс басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік береді[3].

Басқару есебін қолданудың негізгі бағыттары, ең алдымен, келесі шешім қабылдаумен байланысты:

– Ағымдағы және стратегиялық жоспарлау.

– Жоспарлар мен бюджеттердің атқарылуын бақылау.

– Ұзақ мерзімді инвестициялар.

– Шығындарды азайту және пайданы өлшеу.

– Шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану.

– Өнім сапасын басқару.

– Жинақтаушы бұйымдарды және басқа да тауар-материалдық қорларды өндіру немесе сатып алу.

– Оның ішінде трансферттік баға белгілеу.

– Үзіліссіз және мақсатты пайда алу үшін өндірілетін және сатылатын өнімдердің ассортименті мен көлемін таңдау.

– Қоймада сақталатын тауарлық-материалдық қорлардың деңгейі.

– Жеке бөлімшелер мен менеджерлердің қызметін бағалау.

–Жекелеген қызмет түрлерін тоқтатудың немесе жекелеген бөлімшелерді жабудың орындылығы.

–Белгісіздік жағдайында тәуекелдерді басқару.

Қазіргі уақытта нарықта басқару есебін жүргізу үшін веб-қызметтерден бастап ERP класының бағдарламалық өнімдеріне дейін көптеген жүйелер бар. Алайда, көбінесе басқарушылық есеп ең көп таралған 1С жүйесінде – "1С Кәсіпорын бухгалтериясында 8" жүргізіледі.

Осылайша, басқарушылық есеп қазіргі жағдайды бақылауға, кәсіпорынның толық дамуын жүзеге асыруға, мүмкін проблемалардың уақтылы алдын алуға және, тиісінше, компания жұмысында жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және оның алдында тұрған міндеттерді оңай шешуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кошелева Т., аудитор РК, CIPA, DipIFR-рус (ACCA) курс лекции «Что такое управленческий учет: 7 методов и 5 этапов создания» Учебный центр «Бизнесцентр «Виктория плаза», 21.06.2019 г.

2. Друри К. Управленческий и производственный учет : Книга / Друри К. — Москва : ЮНИТИ-ДАНА, 2018 — 1423 с.

3. Зелинская, М. В. Управленческий учет : учебное пособие для бакалавров, обучающихся по направлениям подготовки «Менеджмент», «Экономика» / М. В. Зелинская, О. В. Медведева. — Краснодар, Саратов : Южный институт менеджмента, Ай Пи Эр Медиа, 2017. — 118 с.

ӘОЖ 347.7

Бекболсынова А.С. магистр, аға оқытушы, **Нұржан Л. Н.**студент,
Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.,Қазақстан Республикасы.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты квазимемлекеттік сектор субъектісі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мысалында аудит жүргізу болып табылады. Мақалада «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері талданды. Зерттеу барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ жалпы сипаттама беріліп, компанияның ұйымдық құрылымы мен директорлар кеңесі қаралды. Сонымен қатар, соңғы 3 жылғы, яғни 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштер зерттелді. Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар ұсынылды.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, қаржылық есептілік, акция, жарғылық капитал, дебиторлық және кредиторлық берешек, күрделі салымдар.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – көлік логистикалық холдинг, ҚР магистральдық теміржол желісінің операторы, Ұлттық теміржол жүк жолаушыларды тасымалдаушы. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк айналымының көлемі және кірісі бойынша дүниежүзінің 15 ірі теміржол компанияларының қатарына кіреді. Жолтабанының ені 1520 мм болатын темір жолдарының ұзындығы бойынша ТМД және Балтық елдері арасында 3-орында тұр.

Компания қызметінің бағыттары: магистральдық теміржол желісінің қызметтері, теміржол көлігімен жүк тасымалдау, теміржол көлігімен жолаушы тасымалдау, көлік-логистикалық қызметтер, жүк вагондарымен операциялар жүргізу.ҚР Үкіметі құрылтайшысы және жалғыз акционері болып табылатын «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ-ның Жалғыз акционері.2006 жылдан бастап Deloitte («Делойт») ЖШС «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның аудиторы болып табылады.

Жоғары органы болып Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ табылады. Компанияда корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және құрметтеу принциптеріне негізделген.




Сурет - 1- «ҚТЖ» ҰК» АҚ ұйымдық құрылымы

Ескерту - «ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды, дамудың басым бағыттарын айқындайды және Компания қызметінің ұзақ мерзімді перспективаға негізгі бағдарларды белгілейді, қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажетті қаржылық және адами ресурстардың болуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2019 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 9 адам болып белгіленді.

Кесте 1 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы, млн. теңге

	2018	2019	2020	Ауытқу		Өсу қарқыны		Өсім қарқыны	
				2018/ 2019	2019/ 2020	2018/ 2019	2019/ 2020	2018/ 2019	2019/ 2020
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жарғылық капитал	1062 635	1082 299	1082 299	19 664	0	101.85	100	1.85	0
Ескерту - [1] деректері негізінде автормен құрастырылған									




Сурет - 2 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ жарғылық капиталы

Ескерту - «ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Кесте 1 және Сурет 2 көріп отырғанымыздай, «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2018-2020 жылдар аралығындағы жарғылық капиталы және олардың динамикасы көрсетілген. 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда, 19 664 млн. теңгеге немесе 1,85%-ға артты.

Кесте 2 - «ҚТЖ» ҰК» АҚдебиторлық және кредиторлық берешегі, млн. тг

Атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу 2018/2019		Ауытқу 2019/2020	
				+/-	%	+/-	%
1	2	3	4	5	6	7	8
Дебиторлық берешек	21 639	13 244	11 317	-8 395	-38,8%	-1 927	-14,5%
Кредиторлық берешек	140 222	116 912	85 056	-23 310	-16,6%	-31 856	-27,3%
Деб. және кред. берешек арақатынасының коэффициенті	0,15	0,11	0,13				
Ескерту - [2] деректері негізінде автормен құрастырылған							



Сурет - 3- «ҚТЖ» ҰК» АҚдебиторлық және кредиторлық берешегі


Ескерту - «ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Кесте 2 және Сурет 3«ҚТЖ» ҰК» АҚдебиторлық және кредиторлық берешегі берілген. Дебиторлық және кредиторлық берешек арақатынасының коэффициентін есептей келе мынадай қорытындығы келуге болады – компания айтарлықтай қарыз ресурстарын тартты, бірақ қазіргі уақытта оларды қазіргі қызметінде тиімсіз пайдаланады.

Инвестицияларды қаржыландырудың негізгі көзінегізінен теміржол инфрақұрылымын жаңартуға және жаңғыртуға, сонымен қатар тарту-жылжымалы құрамды сатып алуға бағытталған компанияның меншікті қаражаты. Әлеуметтік жобаларды іске асыру мемлекет тарапынан қаржыландыру жағдайында ғана жүзеге асырылады.

Кесте 3 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ2018-2020 жылдар кезеңіндегі күрделі салымдары, млрд. теңге

Атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу 2018/2019		Ауытқу 2019/2020	
				+/-	%	+/-	%
1	2	3	4	5	6	7	8
Күрделі салымдар	256	150	160	-106	-41,4%	10	6,7%
Ескерту - [3] деректері негізінде автормен құрастырылған							



Сурет – 4 - «ҚТЖ» ҰК» АҚкүрделі салымдарды қаржыландыру құрылымы, %
Ескерту - «ҚТЖ» ҰК» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Сурет 4 көріп отырғанымыздай, «ҚТЖ» ҰК» АҚ күрделі салымдарды меншікті қаражат, республикалық бюджет қаражаты және қарыз қаражаты есебінен қаржыландырады. Көп үлесін компания меншік қаражаты есебінен қаржыландыратынын байқауға болады.

Кесте 4 - «ҚТЖ» ҰК» АҚ2018-2020 жылдар кезеңіндегі ақша қаражаты мен оның баламалары, млн. теңге

Атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Ауытқу 2018/2019		Ауытқу 2019/2020	
				+/-	%	+/-	%
1	2	3	4	5	6	7	8
Ақша қаражаты мен баламалары	68 223	151 867	155 407	83 644	122,6%	3 540	2,3%
Ескерту - [4] деректері негізінде автормен құрастырылған							

2020 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардағы ақша қаражаты бойынша орташа өлшемді пайыздық мөлшерлеме теңгемен 0,19% және басқа валюталарды 0,93% құрады.

Теңгедегі және валютадағы қысқа мерзімді банктік депозиттер Топтың ақша қаражатына қажеттілігіне байланысты 3 айға және одан аз мерзімге әртүрлі мерзімге орналастырылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ пен оның еншілес ұйымдарының Қазақстан Республикасының бюджетіне 2020 жылы төлеген салықтары мен басқа да міндетті төлемдерінің сомасы **108 629 млн. теңге** құрады

Кесте 5 - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ ҚР бюджетіне 2020 жылы төлеген салықтары мен басқа да міндетті төлемдері[5]

Болған өңірлер	**Жиынтығы, мың теңге**	**Үлесі, %**
1	2	3
ЖИЫНТЫҒЫ	**108 628 988**	**100**
Нұр-Сұлтан қ.	57 356 298	52,8
Алматы қ.	3 814 974	3,51
Шымкент қ.	1 787 512	1,65
Ақмола облысы	4 737 213	4,36
Ақтөбе облысы	6 305 264	5,8
Алматы облысы	3 736 587	3,44
Қарағанды облысы	7 468 962	6,88
Жамбыл облысы	3 468 886	3,19
Батыс Қазақстан облысы	189 617	0,17
Шығыс Қазақстан облысы	2 881 826	2,65
Солтүстік Қазақстан облысы	201 633	0,19
Атырау облысы	2 362 439	2,17

1	2	3
Павлодар облысы	3 268 893	3,01
Қызылорда облысы	2 501 381	2,3
Түркістан облысы	633 955	0,58
Маңғыстау облысы	4 823 359	4,44
Қостанай облысы	3 090 189	2,84
Ескерту - «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған		

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы қызметінің тиімділігін арттыру бойынша«Ақылды вокзал» жобасы және бірнеше ұсыныстар бар. «Ақылды вокзал» – бұл барлық техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық процестер адамның ең аз қатысуымен іске асырылатын вокзал инфрақұрылымы мен техникалық құралдарының жұмыс істеу тиімділігін барынша арттыруға мүмкіндік беретін жүйелер кешені.

Сатылымның өсуі. Инновациялық және сапалы өнімдер, мақсатты маркетинг және клиенттерге жоғары қызмет көрсету – бұл жоғары сатылымға дәйекті түрде қол жеткізудің және нарықта бәсекелестік артықшы-лыққа ие болудың кейбір жолдары.

Дебиторлық және кредиторлық берешекті басқару. Әрбір дебитор мен кредитор бойынша дебиторлық және кредиторлық берешекті тұрақты бақылау жүйесін ұйымдастыру; мақсаты осы міндеттемелердің дұрыстығын, мақсаттылығын және пайдалану тиімділігін тексеру болып табылатын дебиторлық және кредиторлық берешекке қаржылық-шаруашылық бақылауды жүйелі түрде жүргізу.

Шығындарды бақылау.Шығындарды бақылау қолма-қол ақша деңгейін арттырады. Сатылымның өсуі ақша қаражаттарын көбейту үшін маңызды, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылады. Бизнес-процестерді оңтайландыру, іс сапарларды қысқарту және мердігерлерді толық уақытты қызметкерлердің орнына пайдалану-бұл шығындарды азайтудың бірнеше әдісі.

Қаржыландыру және инвестициялық қызмет. Компаниялар қаржыландыру және инвестициялау арқылы ақша деңгейін арттыра алады. Қаржылық қызмет банктік несиелерден және инвесторлар үшін акциялар немесе облигациялар шығарудан түсетін түсімдерді қамтиды. Акциялар мен облигацияларға салынған инвестициялардың дивидендтері мен пайызын төлеу ақша қаражатының деңгейін арттырады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ресми сайты [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - https://www.railways.kz/(өтініш берілген күн: 20.01.2022 ж.)
2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылдық есептері [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - https://www.railways.kz/(өтініш берілген күн: 19.01.2022 ж.)
3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жарғысы[Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - https://www.railways.kz/ (өтініш берілген күн: 20.01.2022 ж.)
4. Теміржол көлігі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 266 Заңы. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000266 (өтініш берілген күн: 19.01.2022 ж.)
5. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіруhttps://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234 (өтініш берілген күн: 18.01.2022 ж.)

ӘОЖ 347.7

Бекболсынова А.С. магистр,аға оқытушы,
Дагылова А.Е. студент,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан қ.,Қазақстан Республикасы.

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты«Қазақтелеком» акционерлік қоғамының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелерін талдау.Мақалада мемлекеттік аудиторлардың аудиторлық қорытындыларын зерделеп,акционерлік қоғамының қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебі талданды. Зерттеу барысындаесеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын «Қазақтелеком» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне байланысты талдау жүргізілді.Сонымен қатар, соңғы 3 жылғы, яғни 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштер зерттелді.Зерттеу нәтижесінде мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар ұсынылды.

Кілт сөздер: мемлекеттік аудит, аудиторлық қорытынды, жарғылық капитал, ішкі аудит қызметі, комплаенс қызметі, салық, мәңділік деңгейі.

«Қазақтелеком» АҚ – еліміздің телекоммуникациялық нарығын дамыту саясатын іске асыратын, операторлар үшін әлемдік стандарттарға жауап беретін жоғары технологиялық инфрақұрылым құратын және клиенттерді өмір сүру сапасын арттыратын инновациялық өнімдер мен қызметтерді пайдалануға ынталандыратын технологиялық компания (төлемдер, e-commerce, IoT). «Қазақтелеком» АҚ - Қазақстанның ең ірі телекоммуникациялық компаниясы, ұлттық байланыс операторы мәртебесіне ие. «Қазақтелеком» АҚ 1994 жылдың 17 маусымында құрылды.[1]

Басқарма 7 (жеті) мүшеден – Басқарма Төрағасынан және Қоғамның директорлар Кеңесі сайлаған басқа да тұлғалардан тұрады. (6-тармақтағы "7 (жеті) деген сөз 9 (тоғыз) деген сөзбен ауыстырылсын, ДК ХАТТАМАСЫ 02.05.2019 № 11)

Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері (Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінен басқа) Басқарма мүшелері бола алады.Басқарушылық (өкімдік) қызметпен айналысуға тыйым салуды немесе материалдық жауапкершілікпен байланысты басшы лауазымдарды атқаруға тыйым салуды белгілей отырып, қандай да бір қылмыс үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы бар адамдар Басқарма мүшелері болып сайлана алмайды.Басқарманың отырыстары тұрақты негізде айына кемінде 1 (бір) рет өткізіледі.

Егер отырысқа басқарманың 7 (жеті) мүшесінің кемінде 5 (бес) мүшесіқатысса, басқарма шешім қабылдауға құқылы. Басқарманың шешімдері жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстартең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.[2]

"Қазақтелеком" АҚ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2014 жылғы 9 қазандағы № 14014826 берген лицензия негізіндеәрекететеді. Лицензияға сәйкес«Қазақтелеком» АҚ байланыссаласында қызмет көрсетуді жүзеге асырады: қалааралық телефон байланысы, халықаралық телефон байланысы.[3]


Мемлекетке ұлттық компаниядағы үлесінің жартысы ғана тиесілі, қалған бөлігі жеке шетелдік компаниялардың (иелерінің) меншігінде болады. "Қазақтелеком" акционерлері-Қазақстанның "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры "АҚ атынан Қазақстан Республикасы — (52,03% жай акциялар); Skyline INVESTMENT COMPANY S. A. (Люксембург) — (24,95% жай акциялар); ADR the Bank of New York (номиналды ұстаушы) — (9,81% жай акциялар); "бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ (номиналды ұстаушы) - (9,35% жай акциялар) болды.

Кесте 1- «Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі акционерлерінің құрылымы[4]

негізгі акционерлерінің тізімі	құрылымы , %
1	2
"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ " АҚ	51,00%
Skyline Investment Company S. A.	24,46%
BNY Mellon (номиналдыұстаушы)	9,17%
Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ мәліметтері негізінде дайындалған [4]	

Кесте 2 - «Қазақтелеком» АҚ-ның жарғылық капиталдың жиынының құрылымы, мың. тг және % [4]

Мерзімі дейін:	**31.12.2017**	**31.12.2018**	**31.12.2019**	**31.12.2020**
1	2	3	4	5
Жарғылық капиталдың жиыны	359107,94	380906,79	427358,02	482880,99
Жайакциялар	12136,53	10922,88	10922,88	10922,88
Акционерлерден сатыпалынған меншікті акциялар	-6464,37	-6464,37	-7065,61	-7065,61
Айналыстағыжай акциялар, барлығы	10,71	10,71	10,71	10,71
Айналыстағы артықшылықты акциялар, барлығы	0,32	0,32	0,3	0,3
Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ мәліметтері негізінде дайындалған [4]				



Сурет - 1- «Қазақтелеком» АҚ-ның жарғылық капиталдың жиынының құрылымы, мың. тг

Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Кесте 2 көріп отырғанымыздай, «Қазақтелеком» АҚ 2018-2020 жылдар аралығындағы инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақшаағындары және олардың ауытқу деңгейлерікөрсетілген.

«Қазақтелеком» АҚ Ішкі аудит қызметі. ІАҚ қызметі Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және "Қазақтелеком" АҚ Аудит жоспарларына сәйкес жүзеге асырылады. Қызметтің қызметіне жетекшілікті Қоғамның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті жүзеге асырады.

Кесте 3 - «Қазақтелеком» АҚ-ның қауымдасқан ұйымдарға инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары

	2018 жыл	**2019 жыл**	**2020 жыл**	**Ауытқу (2018/2019)**	**Ауытқу (2019/2020)**
1	2	3	4	5	6
Инвестициялық қызметте пайда-ланылған таза ақша ағындары	120 млрд тг	252 млрд тг	119 млрд тг	132 млрд тг	- 133 млрд тг
Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ мәліметтері негізінде дайындалған [5]					


Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі өз міндеттерін орындау үшін Директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасына қажетті көмек көрсету болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесіне Қоғамдағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

Кесте 4- «Қазақтелеком» АҚ-ның дебиторлық және кредиторлық берешегі, мың. тг

Атауы	**2018 жыл**	**2019 жыл**	**2020 жыл**
1	2	3	4
Дебиторлықберешек	52 173 348	37 255 772	34 711 705
Кредиторлықберешек	42 147 405	59 397 839	54 866 134
Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ мәліметтері негізінде дайындалған [5]			

Кесте 4 және Сурет 2 «Қазақтелеком» АҚ-ның дебиторлық және кредиторлық берешегі берілген. Дебиторлық және кредиторлық берешек арақатынасының мөлшерін есептей келе, компанияның дебиторлық берешегі жыл сайын төмендеп жатса, ал кредиторлық берешек жыл сайын артып жатыр. Дебиторлық берешек 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 71% төмендеген, ал кредиторлық берешек 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 71% өскен.



Сурет - 2 - «Қазақтелеком» АҚ-ның дебиторлық және кредиторлық берешегі, %

Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Бұл дегеніміз, қарыздар компанияның қаржылық мүмкіндіктерінен асып кеткенін білдіреді. Кредиторлық берешектің дебиторлық берешектен қаншалықты асып кетуіне байланысты компанияның әл-ауқаты туралы қорытынды жасалады. Егер қарыз көп болса, мүмкін банкроттық қаупі артады.

Кесте 4- «Қазақтелеком» АҚ-ның 2018-2020 жылғы 31 желтоқсанда ақша қаражаты мен оның баламалары , мың. тг

	2018 жылы	**2019 жылы**	**2020 жылы**	**Ауытқу (2018/2019)**	**Ауытқу (2019/2020)**
1	2	3	4	5	6
Ақша қаражатының және олардың бала-маларының жиыны	45 350 092	71 637 378	94 709 166	26 287 286	23 071 788
Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ мәліметтері негізінде дайындалған [4]					



Ескерту - «Қазақтелеком» АҚ деректері негізінде автормен құрастырылған

Ernst & Young 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын «Қазақтелеком» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізді. 20.09.2018 жылы «Қазақтелеком» АҚ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына және компаниялар тобының ашықтық, адалдық, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа "нөлдік төзімділік" таныту сияқты бизнес жүргізу қағидаттарын сақтауға бағытталған стратегиясына сәйкес комплаенс қызметі құрылды. Комплаенс функциясын енгізу материалдық және материалдық емес залалдың алдын алу, бизнес-серіктестер мен шетелдік реттеуші органдардың талаптарын қанағаттандыру және акционерлердің, қызметкерлер мен бизнес-серіктестердің сенімін арттыру үшін маңызды. Комплаенс қызметінің басшысы болып бұрын мемлекеттік органдарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде жұмыс істеген Тілек Исақов тағайындалды.[1]

«Қазақтелеком» акционерлік қоғамы қызметін талдай келе, тиімділігін арттыру бойынша бірнеше ұсыныстар бар.

1. Ұялы байланыс операторлары ұялы байланыс нарығындағы тарифтік саясаттың кейбір аспектілерін талқылауда келісімге келуі керек.
2. Қазақстан Республикасындағы аудандар, кенттер және ауылдық округтердегі филиалдарын көбейтіп, интернет желісін арттыру керек.
3. Карантин кезінде мерзімді сәтсіздіктер мен мемлекеттік және басқа сайттарға кіру проблемалары жиілеп кетті. Осы мәселеге қайта келмес үшін, оныңалдыналу қажет.
4. Интернет-провайдерлер көптеген пайдаланушылар интернеттен деректерді жүктеуде елеулі ауытқуларды байқамауы үшін сыртқы арналардың көлемін қарқынды түрде кеңейтуі керек.
5. Ақша қаражатын ұлғайтуға төрт қадам ұсынамын.

Компанияға келетін және одан шығатын ақшаны бақылауға көмек теседі:

1. Ақша ағынын өлшеу
2. Дебиторлық берешекті жақсарту
3. Кредиторлық берешекті басқару
4. Ақша қаражатының тапшылығы жағдайында қалыпты жағдайды ұстап қалу.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Қазақтелеком» АҚ-ның ресми сайты. [Ғаламтор ресурс]№ Сайтқа кіру-https://telecom.kz/ru/news/view/32512(өтініш берілген күн: 20.01.2022 ж.)

2.«Қазақтелеком» АҚ-ның негізгі акционерлердің құрылымы.[Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру-https://telecom.kz/kk/pages/11893/172452(өтініш берілген күн: 19.01.2022 ж.)

3.Қазақстан Республикасының 12.11.2015ж №392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы.[Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру-http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392(өтініш берілген күн: 20.01.2022 ж.)

4.«Қазақтелеком» АҚ-ның аудиттелген нығайтылған қаржылық есебі. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру-https://telecom.kz/kk/pages/11897/171801(өтініш берілген күн: 18.01.2022 ж.)
5.«Қазақтелеком» АҚ-ның жарғысы.[Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру-https://telecom.kz/kk/pages/11893/172451.(өтініш берілген күн: 19.01.2022 ж.)

УДК:330-01

Даутова Зубида Ясынджановна, преподаватель
Шыгаева Турсункуль Конокбаевна, ст. преподаватель
Эркимбаев МаксатТоктобекович, к.э.н, доцент
Иссык-Кульский государственный университет им. К.Тыныстанова,
г. Каракол, Кыргызская Республика.

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ

Аннотация. Изобретение технологии блокчейн можно приравнять к изобретению письменной или интернет-сети, учитывая их основную роль в общении между физическими и юридическими лицами, в том, что касается передачи информации, денежных переводов и т.д. Рассмотрены изменения, происходящие в бухгалтерском учете в условиях развития цифровых технологий, обоснована необходимость поиска хозяйствующими субъектам новых управленческих технологий, нацеленных на формирование конкурентных преимуществ. Предлагается внедрение облачных и блокчейн-технологий в сферу бухгалтерского учета для повышения его эффективности и предотвращения ошибок. Описывается структура этих технологий, основные принципы работы, а также анализируются преимущества и недостатки.

Ключевые слова: цифровая экономика, цифровизация, бухгалтерский учет, облачные технологии, блокчейн, база данных, информационные технологии.

В настоящее время все более важным становится вопрос использования передовых информационных технологий в различных сферах деятельности, в частности, в бухгалтерском учете, который является центральным компонентом системы управления любым объектом[1]. Развитие цифровой экономики требует совершенствования современных информационно-телекоммуникационных технологий, что предоставляет новые возможности для ведения бухгалтерского учета[2]. Использование информационных технологий способствует повышению конкурентоспособности организаций за счет сокращения расходов, снижения влияния человеческого фактора и ускорения работы [3].

Автоматизация бухгалтерского учета. Статьей 1 Закона КР «О бухгалтерском учете в Кыргызской Республике» дается определение бухгалтерскому учету: «Бухгалтерский учет представляет собой систему сбора, измерения путем регистрации данных, обработки и передачи информации об активах, обязательствах, собственном капитале, доходах и расходах субъекта (юридическое лицо) посредством финансовых отчетов об определенном субъекте для принятия обоснованных решений».

Автоматизация бухгалтерского учета основывается на едином взаимосвязанном технологическом процессе обработки документации по всем разделам учета с формированием финансовой отчетности, в соответствии с утвержденным Планом счетов КР..

В условиях комплексной автоматизации бухгалтерского учета, исполнения сметы расходов бюджетного учреждения данные синтетического и аналитического учета формируются в базах данных используемого программного комплекса и ежемесячно выводятся на бумажные носители - выходные формы документов (мемориальные ордера, карточки, ведомости, главная книга, отчет и т.п.). При этом содержание показателей в выходных формах документов должно соответствовать требованиям, предусмотренным нормативными документами для регистров бухгалтерского учета.

Цифровые технологии являются наиболее важными составляющими процесса использования информационных ресурсов в бухгалтерском учете и представлении отчетности [6 –10].

В современном обществе основным техническим средством технологии переработки информации служит персональный компьютер [1]. Бухгалтерский учет в большинствеорганизаций ведется с использованием специальных программных продуктов, предназначенных для удобного хранения данных, создания документов и отчетности, анализа бухгалтерской информации [11]. Они дают возможность бухгалтерам вести взаимосвязанные участки учета, а руководящемуперсоналу - иметь доступ к актуальной информации и принимать управленческие решения. Автоматизация бухгалтерского учета значительно облегчает работу бухгалтеров и, в сравнении с ручной обработкой информации, дает следующие преимущества:

- Автоматическое заполнение реквизитов в первичных документах;
- Быстрая обработка больших массивов информации;
- представление аналитических данных в виде, удобном для восприятия (диаграммы, графики, таблицы);
- формирование отчетных регистров (расчетно-платежных ведомостей, оборотно-сальдовых ведомостей, кассовой книги);
- уменьшение количества бумажных носителей;
- мгновенный обмен информацией между руководством и подчинёнными, подразделениями организации;
- исключение арифметических ошибок;
- общение онлайн с контролирующими государственными органамии банками;
- возможность быстрого реагирования на изменение законодательства.

В настоящее время существует множество программных продуктов для обработки бухгалтерской информации. Критерии, по которым можно оценить бухгалтерскую программу в соответствии с желаемыми предпочтениями:

1. Функциональная полнота.
2. Комплексное обслуживание, которое представляет собой своевременное обновление программных продуктов, в зависимости от изменений нормативных актов, форм отчетности, правил расчета и т.д.
3. Удобство в работе системы. Особое внимание следует уделить интуитивно понятному интерфейсу программы, возможностям быстрого запуска и самостоятельному освоению программы.
4. Техническая поддержка.
5. Профессионализм поставщика.
6. Возможность удаленной работы, что позволяет работать в нескольких локальных сетях одновременно с одной базой с последующей синхронизацией данных.
7. Главной задачей автоматизации является однократный ввод данных в систему, поэтому критерием отбора программы является наличие обмена данных и синхронизации.
8. Возможность приспосабливаться к развитию бизнеса и внедрению новых учетных систем.
9. Защита информации.
10. Способность адаптироваться к расширению предъявляемых учетных требований и увеличению объемов решаемых задач.
11. Стоимостьпрограммного продукта.

Лидером в поставке бухгалтерских программ является компания 1С. 1С: Бухгалтерия позволяет настраивать параметры учетной политики с учетом специфики деятельности организации, создавать первичные документы, формировать отчетность, настраивать справочники в соответствии с требованиями ведения учета в организациях [6].

Применение облачных технологий в бухгалтерском учете. Одними из самых популярных цифровых технологий на сегодняшний момент являются облачные технологии. Облачные технологии подразумевают предоставление компьютерных ресурсов, таких как память или вычислительные мощности в качестве Интернет-сервиса. Особенностью использования данной технологии является то, что организации нет необходимости приобретать дорогостоящую технику, нанимать специалистов для ее обслуживания или

устанавливать специализированное программное обеспечение. Для использования облачных сервисов достаточно иметь доступ в Интернет. Простейшим примером облачных технологий является виртуальная память, например, Яндекс-Диск, Drop-Box, Google-drive.

Облаком является цифровое пространство или вычислительные мощности, предоставляемые в аренду, которые обладают следующими характеристиками:

- возможностью самостоятельно выбирать необходимые на данный момент пользователю функции (скорость соединения, объем памяти, вычислительные мощности, а также время, на которое он арендует облако).
- Доступностью использования облачных технологий с помощью любых устройств.
- отсутствиемвзаимодействияспоставщиком.
- Регулируемостью-пользователь платит только за тот набор услуг, которыми пользуется.

При помощи облачных технологий можно реализовать все традиционные задачи бухгалтерского учета:

- вести в электронном виде финансовый, управленческий, налоговый учет и составлять статистическую отчетность;
- формировать первичную учетную документацию;
- осуществлять расчеты налогов и страховых взносов.

Фирма 1С предоставляет четыре возможных способа использования облачных технологий:

- облако для работы непосредственно внутри организации;
- облако для холдинга;
- облако для взаимодействия с клиентом
- технология 1CFresh для работы через Интернет безустановки программного обеспечения.

Преимуществами использования «облака»вбухгалтерскомучете являются следующие:

- снижение издержек;
- возможность удаленного доступа;
- надежность(минимизируютсярискитехнических сбоев);
- возможность работать в системе в любое время.

Однако следует выделить недостатки использования облачных технологий:

- необходимость предоставления информации внутреннего пользования третьим лицам, поэтому возможна утечка данных;
- большинство электронных бухгалтерий предлагают пользователям стандартный набор настроек;
- риск отсутствия Интернет-соединения,что может помешать работе в сервисе[2,3**]**.

Использование технологии блокчейн в бухгалтерском учете. Большим потенциалом для бухгалтерского учета обладает технология блокчейн, которая представляет собой цепочку «блоков», выстроенных по определенным правилам. Это единая база данных без централизованного управления, которая распределена по множеству компьютеров. Блокчейнчасто называют «распределенной базой данных».

Преимущества блокчейн-технологиидлябухгалтерскогоучета

1. Информации, созданной в блокчейне, можно доверять даже если отсутствует доверие к контрагенту, поскольку транзакция осуществляется только в том случае, если она одобренаобеими сторонами. Впоследствии эта информация защищена от изменений.

2. При внедрении технологии блокчейн в учет организации устраняется необходимость проведения инвентаризации с контрагентами, поскольку формирование и списание дебиторских и кредиторских задолженностей будет происходить одновременно в одинаковой оценке в момент транзакции. Роль бухгалтера будет заключаться в правильной классификации приобретенных или переданных активов и фиксации соответствующего при этом дохода или расхода.

3. Имеется возможность создания блокчейн-технологии внутри организаций. Врезультате отпуск товарно-материальных ценностей из мест хранения автоматически отражается уполучателя и списывается у отправителя.

4. Оперативный учет в режиме реального времени, отсутствие первичных документов.
5. Блокчейн позволяет эффективно бороться с мошенничеством. Уклонение от уплаты налогов становится невозможным, так как все транзакции будут оцифрованы.

Недостаткиблокчейн-технологии

1. Эффект замедленной работы при увеличении пользователей.
2. Отсутствие законодательного регулирования.
3. Высокое потребление электроэнергии.
4. Отсутствие специалистов необходимого уровня[6,12–14].

Заключение. Эффективность **у**спешного и поэтапного внедрение цифровых технологий в сфере бухгалтерского учета во многом зависит от взаимного сотрудничества государственных органов, бизнес-субъектови научно-исследовательских организаций. Цифровая экономика расширяет возможности современного бухгалтера, повышает качество и оперативность учета, формирует современные инновационные подходы к интегрированию различных видов учета. Замена бумажной работы автоматизированным учетом с помощью персональных компьютеров и специальных программ по бухгалтерскому учету позволила освободить бухгалтера от рутинной работы и улучшила результаты их труда. В настоящее время в бухгалтерии появились специальные интернет-сервисы, позволяющие производить все бухгалтерские операции онлайн, банки и портфели информационных технологий, внедряемые в повседневную работу бухгалтера. Облачные технологии представляют собой услугу аренды пространства в сети Интернет по хранениюи обработке информации. У облачных технологий имеется достаточно преимуществ для использования в целях ведения бухгалтерского учета, но также присутствуют недостатки, главным из которых является бесперебойное Интернет-соединение.

Интересным в условиях цифровой экономики является применении блокчейн технологии в бухгалтерском учете. Распределительный характер базы блокчейн позволяет осуществлять операции без посредников и надзора финансовых регуляторов. Информацию, записанную в блокчейн, невозможно изменить.

Изменения в технологиях привели к изменению парадигмы бухгалтерского учета, что требует от ученых и практиков дальнейшей совместной работы по формированию модели основных понятий, разработке законодательства, нормативных документов, инструкций и положений по учету в новой цифровой экономике.

Список литературы:

1. Коржова О.В. Реализация в бухгалтерском учете информационных технологий в сфере цифровой экономики /О.В.Коржова, Л. В.Маркова // Научное обозрение. Педагогические науки.-2019.-№4-4. -С. 49-52.

2. Шамина Е.В. Перспективы внедрения автоматизированных технологий в бухгалтерский учет /Е.В.Шамина, А.А.Филимонов // Актуальные направления научных исследований XXI века: теория и практика. -2018. -№ 2 (38). -С. 129–132.

3. Сокерин П.О. Применение облачных технологий в бухгалтерском учете /П.О.Сокерин// Научные стремления.-2019.-№.25.-С. 72-74.

4. Пайтаева К.Т. Роль и значение экономического анализа в условиях цифровой экономики /К.Т.Пайтаева//Развитие региональной экономики в условиях цифровизации. -2018.-С.575-579.

5. Бухгалтерский учет в эпоху цифровых технологий: гармонизация и тенденции развития / Т.С.Бобрешова и др.//Новый виток развития учетно-контрольных и аналитических процессов в цифровой экономике. Мат-лы науч.-исслед. Работы препод. истуд. Финансового университета при Правительстве Российской Федерации. Под редакцией М. М.Басовой.-Москва.-2019.-С. 31-35.

6. Бочкова, С.В. Исследование применимости цифровых информационных технологии в сфере бухгалтерского учета / С.В. Бочкова // Развитие цифровой экономики в условиях деглобализации и рецессии. -2019.- С. 634-656.

7. Корабельщиков, И.Б. Проблемы и перспективы развития бухгалтерского учета с использованием современных цифровых технологий / И.Б.Корабельщиков // Центральный научный вестник.- 2018. -№ 22S (63S).- С. 26–27.

8. Сейдахметова,Ф.С.Отдельные вопросы подготовки бухгалтеров и аудиторов в условиях развития цифровых технологий /Ф. С.Седахметова, В.Л.Назарова, Ш.У.Ниязбекова// Потенциал роста современной экономики: возможности, риски, стратегии. -2018.-С. 1071-1078.

9. Одинцова, Т.М. Основные направления трансформации бухгалтерского учетав условиях цифровой экономики и информационного общества / Т М.Одинцова, О.В.Рура // Цифровая экономика и Индустрия 4.0 : новые вызовы. -2018.- С. 371-374.

10. Голубниченко, М.В. Бухгалтерский учет вусловиях развития цифровой экономики/ М.В.Голубниченко // Взаимодействие власти, бизнеса и общества в развитии цифровойэкономики: матлы XIмеждунар. науч.-практ. конф.-2018.- С. 36-37.

11. Миронова,Н.А. О перспективах технологии блокчейн /Н.А.Миронова, В. К. Мукминов // Сб. статей XVI междунар. науч.-практ. конф.: в 2 ч.-2018.- С. 136-139.

УДК 657. 61

Ержанов М.С., д.э.н., аудитор РК, профессиональный бухгалтер РК,
научный руководитель кафедр «Учет и аудит» и «Финансы»,
профессор университета «Туран», г.Алматы, Республика Казахстан
Ержанова А.М., PhD доктор по экономике Турции, д.э.н. по учету и аудиту, налоговый
консультант, ассоциированный профессор университета «Туран»
г.Алматы, Республика Казахстан

О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ ЦЕНООБРАЗОВАНИЯ АУДИТОРСКИХ УСЛУГ

3. Айқын қаржылық мақсаттар қояды және оларға сәтті жетеді. Біздің қайсымыз қымбат спорт машинасы, теңіз үйі, яхта немесе қаржылық тәуелсіздік туралы армандағанды ұнатпайды. Мақсат арманнан ерекшеленеді, өйткені оның нақты белгіленген мерзімі, құны, басымдығы және басқа да параметрлері бар. Мысалы," мен теңіз жағасында үй алғым келеді "— бұл арман, ал" 150 шаршы метрлік екі қабатты үй сатып алу.гараж мен бассейні бар, Испанияның оңтүстік жағалауындағы теңізден екі блок, 15 жылдан кейін 250 мың еуро тұрады " — бұл нақты қаржылық мақсат.

Егер біз дәл қазір ай сайын қор нарығындағы сенімді құралдарды жылына 10% орташа орташа кірістілікпен 598 евродан жинап, инвестициялай бастасақ, дәл 15 жылдан кейін біз мақсатымызға жетіп, 250 мың еуроға үй сатып аламыз. 4. Өзінің болашағын 10-20-50 жылға алдын ала жоспарлайды және өзінің жеке қаржылық жоспарын ұстанады. Егер сізде бай болудың жоспары болмаса, онда сіз кедей болуды жоспарлап отырсыз. Сіз бұл туралы болжай алмайсыз"[5].

Жеке қаржылық жоспар (LFP) - бұл сіздің қаржылық мақсаттарыңызды жүзеге асырудағы ең жақсы досыңыз және көмекшіңіз. Жеке қаржылық жоспарды ұстанатын адамдарға қаржылық әл-ауқатқа кепілдік беріледі. ЕДШ-мен жұмыс бірнеше сатыда жүргізіледі:

* Ағымдағы жағдайды талдау және бағалау: кірістер мен шығыстар, активтер мен пассивтер.
* Мақсат қою және оларды жүзеге асыру үшін нақты әрекеттерді анықтау.
* Әр мақсат үшін дұрыс қаржы құралдарын таңдау
* Жоспарды іске асыру.
* Мақсатқа қарай қозғалысты жыл сайын талдау және жоспарды түзету.

5. Әртүрлі мақсаттарға қол жеткізу үшін әртүрлі қаржы құралдарын пайдаланады. Қазіргі уақытта көптеген адамдарға қол жетімді жүздеген түрлі қаржы құралдары бар. олардың барлығы кірістілік, сенімділік, тұрақтылық, өтімділік, инвестицияның ұсынылатын мерзімі, кіру шегі және т. б. сияқты әртүрлі қасиеттер мен параметрлерге ие.

Ұзақ мерзімді құралдарды қолдана отырып, қысқа мерзімді қаржылық мәселелерді шешу нәтиже бермейтіні анық – мысалы, егер сіз 3 ай ішінде ақша қажет екенін білсеңіз, қазір пәтер сатып алуға немесе оны белгілі бір науқанның акцияларына салуға жүгірмеуіңіз керек – қысқа мерзімді инвестициялау үшін банктік салымдарды қолданған дұрыс, өйткені олар максималды өтімділікке ие.

6. Бірнеше табыс көзі бар. Қазіргі уақытта бір ғана табыс көзіне ие болу өте қауіпті, әсіресе егер сіз бұл көзге ғана емес, жақындарыңызға да тәуелді болсаңыз. Бұл жағдайда сіз өзіңізді және отбасыңызды тым көп тәуекелге душар етесіз. Адамның бірнеше түрлі табыс көзі болған кезде, ол әлдеқайда ыңғайлы өмір сүреді. Отбасының болашағына деген тұрақтылық, қауіпсіздік және сенімділік сезімі баға жетпес.

Жаңа табыс көздерін құрудың пайдасы әр түрлі көздер санының өсуімен және Сізге үнемі келіп түсетін қаражат көлемінің артуымен, демек өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатының артуымен дәлелденеді. Қаржылық сауатты адамдар жыл сайын 1 жаңа табыс көзін құруға тырысады. Енді сіз қаржылық сауатты адамдардың барлық 6 құпия дағдыларын білесіз, демек сіз оларды өз өміріңізге енгізіп, қаржылық сауаттылығыңызды тез арттыра аласыз. Әрбір тұлға қаражатқа сауатты болғаны дұрыс.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аксенов, А. П. Гид по финансовой грамотности / А. П. Аксенов и др. - М.: КНОРУС: ЦИПСиР, 2015. - 456 б

2. Алымов, Ю., Кисель, С. Финансовая грамотность как управленческая система / Ю. Алымов, С. Кисель // Банковский вестник. - 2017. б. 53-59.

3. Анализ мировой практики развития финансового образования и повышения финансовой грамотности населения / А. А. Столярова, Г. Э. Шахназарян // Финансы и кредит. - 2016. Б 72-78

4. Белехова, Г.В. Оценка финансовой грамотности населения и пути её повышения / Г.В. Белехова // Проблемы развития территории. - 2017. - № 4 (60). - б. 96-109.

5. Гасанов, К. К. Международное право: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» / К. К. Гасанов и др.; под ред. К. К. Гасанова, Д. Д. Шалягина. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ЮНИТИ-ДАНА : Закон и право, 2017. - 479 б.

УДК: 331.108.2: 108.3 (108.5)

Ускенбаев Т.К. магистрант
Научный руководитель: Мухамбетова Л.К. к.э.н., доцент
Казахский университет экономики, финансов и международной торговли
г. Нур-Султан, Республика Казахстан

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ НА ПРЕДПРИЯТИИ

Аннотация. В статье обоснована важность для современных организаций работы с персоналом. Показано, что эффективность системы управления персоналом напрямую связана с организационным совершенством. Рассмотрены наиболее важные элементы, на которые должна опираться система управления персоналом. Проанализирована таблица измерения потенциала сотрудников, позволяющая рационально использовать их человеческий капитал. Показано, что таблица измерения потенциала работников может способствовать повышению эффективности системы управления персоналом на предприятии.

Ключевые слова: управление персоналом, обучение и развитие, организация, эффективность труда, измерение потенциала работников, организационное совершенство, потенциал роста, профессионализм

Сегодня принято считать, что главный актив любой организации – это люди. Качество, производительность, прибыльность, удовлетворенность клиентов и имидж компании во многом зависят от обучения, слаженности и мотивации ее персонала. Чтобы компания функционировала должным образом, необходимо, чтобы лица, входящие в ее состав, знали, хотели и могли работать должным образом [1].

Должны ли мы отказаться от управления персоналом (HR)? В последние годы ряд людей, которые изучают и пишут о бизнесе, а также многие, кто занимается бизнесом, обсуждают этот вопрос. Дебаты возникают из-за серьезных и широко распространенных сомнений относительно вклада HR в эффективность организации.

Но, правда заключается в том, что HR как никогда необходим. Конкурентные силы, с которыми менеджеры сталкиваются сегодня и будут продолжать сталкиваться в будущем, требуют организационного совершенства. Усилия по достижению такого совершенства — за счет сосредоточения внимания на обучении, качестве, командной работе и реинжиниринге — зависят от того, как организации добиваются результатов и как они относятся к своим людям. Это фундаментальные вопросы управления персоналом. Проще говоря: достижение организационного совершенства должно быть работой HR [2].

Вне зависимости от отрасли, размера или местонахождения, компании сегодня сталкиваются с пятью критически важными бизнес-задачами. В совокупности эти проблемы требуют от организаций создания новых возможностей. Кто в настоящее время отвечает за развитие этих возможностей? Все — и никто. Этот вакуум дает HR возможность играть ведущую роль, помогая организациям решать следующие конкурентные задачи: Глобализация, прибыль через рост, интеллектуальный капитал, технологии.

Когда мы говорим об HR, несколько элементов считаются краеугольными камнями эффективной политики управления человеческими ресурсами. Этими краеугольными камнями являются:

1. Набор и отбор
2. Управление производительностью

3. Обучение и развитие
4. Успешное планирование
5. Компенсации и льготы
6. Информационные системы управления персоналом
7. HR-данные и аналитика

Из всех пунктов хотелось бы выделить направление – «Обучение и развитие».

Люди являются продуктом жизненного опыта, страны и эпохи, в которой они выросли, а также целого ряда культурных влияний. В HR обучение и развитие гарантируют, что сотрудники адаптируются к изменениям в процессах, технологиях, социальных или правовых изменениях.

Обучение и развитие помогают сотрудникам переквалифицироваться и повысить свою квалификацию. Обучением и развитием (learning and development) руководит HR, и хорошая политика может быть очень полезна для продвижения организации к ее долгосрочным целям.

Многие организации имеют заранее определенные бюджеты для усилий по обучению и развитию. Затем этот бюджет распределяется между сотрудниками, при этом стажеры, будущие лидеры и другие люди с высоким потенциалом часто получают больше возможностей для обучения, чем другие. Люди могут прийти в компанию с совершенно разными знаниями и опытом. L&D предоставляет сотрудникам возможность заполнить пробелы в навыках и стать лидерами.

Дана таблица измерения потенциала, в которой сотрудники делятся на девять групп в зависимости от их производительности и потенциала. Оценивая эффективность работы сотрудников, менеджеры часто обращают внимание на две вещи. Во-первых, насколько хорошо они работают сегодня, а во-вторых, насколько хорошо они могут работать в будущем (т.е. их потенциал роста).

Стрелка слева показывает – потенциал, а стрелка снизу – производительность.

В левом нижнем углу таблицы (1) сотрудники с низкой производительностью и низким потенциалом. Если эти кадры останутся слишком долго, они превратятся в людей угрожающие успеху вашей организации. Это связано с тем, что инвестиции в этих сотрудников отнимают время, деньги и другие ресурсы у сотрудников с большим потенциалом роста.

5) неблагополучные гении	6) высокий потенциал	9) звезды
3) средняя производительность	7) основные игроки	8) лучшие исполнители
1) низкая производительность	2) средний потенциал	4) профессионалы

Рисунок 1 – Таблица измерения потенциала сотрудников организации

Примечание: составлен на основе источника [3]

Следующая категория в таблице — это категория 2 и 3. К ним относятся работники со средней производительностью и с низким потенциалом и работники со средним потенциалом и с низкой производительностью.

Следующая категория 4 и 5 профессионалы и неблагополучные гении. Профессионалы имеют высокую производительность, но низкий потенциал роста. Это те, о ком вы должны заботиться в своей организации. Они хорошо работают и имеют хороший рабочий менталитет. Однако у них нет большого потенциала для роста.

Трудность с профессионалами заключается в том, что в современном мире их работа в какой-то момент неизбежно изменится, и они могут быть не в состоянии расти вместе со своей ролью. Представьте себе человека из 90-х, который отлично справлялся со своей работой, но не хотел учиться работать на компьютере.

Неблагополучные гении, которых также называют загадками или необработанными алмазами, находятся на другом конце спектра. У них высокий потенциал, но низкая производительность. Примером может быть стажер по менеджменту из престижного университета. Они еще не изучили веревки, но они хотят учиться. Здесь важно постоянно отслеживать их производительность — они должны быстро расти и повышать свою производительность.

Следующая категория 6, 7 и 8 это высокий потенциал, основные игроки и лучшие исполнители.

Ваши сотрудники с высоким потенциалом получают высокие оценки по потенциалу и средние показатели по производительности. Часто это происходит потому, что у них еще не было времени полностью вжиться в роль. Приоритет здесь состоит в том, чтобы направить их потенциал в правильное русло.

Ваши основные игроки — это те, кто надежно выполняет свою работу и имеет потенциал для дальнейшего роста на своих нынешних должностях. Ваш главный приоритет в управлении эффективностью — привести этих людей в категорию звезды.

Ваши лучшие исполнители уже на хорошем счету. Они вносят свой вклад в вашу организацию, поэтому ключевая стратегия здесь состоит в том, чтобы сделать их счастливыми и заинтересованными, гарантируя, что они будут готовы к работе не только сейчас, но и на долгие годы. Если высокоэффективный работник амбициозен и хочет продвинуться вверх по карьерной лестнице в организации, вы захотите улучшить его потенциал с помощью различных вмешательств.

И последние в таблице Звезды. Звезды, которых также называют будущими лидерами, — это ваши успешные сотрудники, способные взять на себя новые роли. Это ваши лучшие игроки и самые ценные сотрудники.

Дайте своим звездам сложные задания — они, скорее всего, из всех ваших сотрудников справятся с этим лучше всего. Регулярно связывайтесь с ними и оценивайте, довольны ли они своей нынешней ролью. Убедитесь, что вы замечаете первые признаки неудовлетворенности. Создавайте сетевые возможности с другими звездами и старшими членами организации. Эти возможности помогают создать сеть между вашими лучшими исполнителями и вашим высшим руководством [4].

Данная таблица может быть полезным инструментом для управления сотрудниками с разным уровнем производительности и потенциала в вашей организации. Таким образом, организации могут использовать его для управления производительностью, управления талантами и планирования преемственности. Имейте в виду, что истинная ценность таблицы не в том, чтобы навешивать на ваших сотрудников определенные ярлыки. А именно во время процесса оценки и обсуждений, которые у вас будут после этого, вы получите возможность оценить успехи сотрудников и убедиться, что ваша организация инвестирует в правильные стратегии развития. Таким образом, не забудьте четко сообщить о методах управления талантами и производительностью, которые вы используете в процессе.

Список литературы:

1 Ицхак А.К. Развитие лидеров: Как понять свой стиль управления и эффективно общаться с носителями иных стилей // Управление. – 2014. - № 2. – С. 35-48

2 Батлер И., HR: Как сделать вашу компанию мечтой всех кандидатов // Современные научные исследования и инновации. – 2021. - № 12. – С. 35-42

3 Джонсон У. Команда А: Модель обучения и мотивации для профессионального роста ваших сотрудников // Управление. – 2020. - № 1. – С. 60-69

4 Селентьева Д.О., Зиганшина Д.Г. Совершенствование системы управления персоналом // Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2018. - № 3. – С. 112-118

Секция № 6

ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ, ОҚУ ҮРДІСІНІҢ САПАСЫН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРЕПОДАВАНИЯ КАК ИНСТРУМЕНТ УПРАВЛЕНИЯ КАЧЕСТВОМ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА

MODERN TEACHING TECHNOLOGIES AS A TOOL FOR EDUCATION PROCESS QUALITY MANAGEMENT

ӘОЖ 372.816:373.29

Абдрахманова А.Н., Анигам М.Н.
№ 8 Жалпы орта білім беретін мектеп (ЖОББМ)
Семей қ.,Қазақстан Республикасы

ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі таңда пән оқытушысы ғана болу аз, оқытушы - ұстаз, инноватор, иннотехник болуы тиіс. Мақалада оқытушы білім алушының қабілетін, жас ерекшелігін ескеру. Оқытудың инновациялық технологиялаын тиімді пайдалану туралы айтылады. Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.Осы арқылы оқушыны мұғалімнің басшылығымен орындалған жұмысының нәтижесінде өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамыту мәселесі айтылады.

Кілт сөздер: оқытушы**,** оқытудың инновациялық технологиялары, элементтері, ұстаз, инноватор, иннотехник, сапа менеджементі жүйесі.

Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесіндегі ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне көшу арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу.Қазіргі заман талабына сай пән оқытушысы ғана болу аз,оқытушы - ұстаз,инноватор,иннотехник болуы тиіс.Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек,содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді.Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді,мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды.Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек [1].

Оқытудың жаңа ақпараттық- коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік,

қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған. [1]

Қазіргі білім жүйесінің ерекшілігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру. Білім беру саласында инновациялық үрдісті жүзеге асыру мұғалімдерден өз мінез – құлықтарын, ұстанымдарын, мүмкіндіктерін түрлендіруді талап етеді.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары.Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады [2].

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс - әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы
- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;
- оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Білім берудің негізгі мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық инновация қажеттілігі мына себептерге байланысты өте қажет – ақ:

1. Сапа менеджементі жүйесі терең,тиянақты білім беруді талап етуіне орай озық технологияларды пайдалану;

2. Қазіргі заманғы педагогикалық қызметті ұйымдастыру-инновациялық үрдістерге себеп болады және сапалы жаңа білімді қалыптастыруға ықпал жасайды;

3. Инновациялық қызмет педогогтың кәсіби өсуін,тұрақты өзін – өзі жетілдіруін, озық тәжірибелерді зерделеп игеруін қамтамасыз етіп,шығармашылық жауапкершілік сезімін арттырады.

4. Инновациялық білім – педагогикалық әлемде жаңа құндылықтарды қалыптастырып, қарым – қатынастың жаңа жетілдірілген мәдениетін игерді;

5. Инновациялық үрдістер – педагогикалық сапалылық пен белсенділікті қалыптастырып,кәсіби шеберлігін шығармашылықпен үйлестіру арқылы талаптар деңгейінде еңбек етуге жеткізеді [5].

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы -педагогикалық қарым - қатынас пен қарым - қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру–педагогтар қауымының басты міндеті.

Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ)–деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым - қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс - әрекетін оқу - ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

Интерактивті әдістерге мыналар жатады:

- ♦ миға шабуыл әдісі;
- ♦ топпен жұмыс;
- ♦ проблемалық шығарма әдістері;
- ♦ рөлдік ойындар;
- ♦ зерттеулер;
- ♦ іскерлік ойындар;
- ♦ сын тұрғысынан ойлау әдісі;
- ♦ пікірталастар және т. б.

Оқытудың интерактивтік моделінің негізгі шарттары:

1. Емін - еркін пікірталасқа түсу мүмкіндігі
2. Белгілі бір материалды емін - еркін баяндау.
3. Семинар сабақтарының көп болуы, оқушылардың инициативасының жетекшілігі.

4. Топтық тапсырмалардың қолданылуы және сол арқылы ұжымдық іс - әрекеттерді дамыту.

5. Жазбаша жұмыстарды орындау [6].

Бүгінгі сабақтарда топқа бөліп оқыту, рольдік ойын элементтеріне, пікір – сайыс және басқа дәстүрлі емес түрлері,т.б. оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге көптеп ене бастады.

Сонымен қатар оқушылардың ақпараттық құзырлылығы мен ақпараттық мәдениетін қалыпастыру қазіргі таңда үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесіндегі ең көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Сабақтарда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысы;
- аз уақыттакөпбілімалып, уақытты үнемдеу;
- білім-білікдағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылдықажететететінпәндер мен тапсырмалардыоқыпүйрену;
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестері менәр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінумүмкіндігі;
- оқушының ой-өрісін дүние танымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Ақпараттық - коммуникациялық технологияны пайдалану оқытудың тиімді әдістерінің бірі деп ойлаймыз.

Процестер мен құбылыстарды модельдеу оқу процесін дамыту мен жетілдірудің болашағы болып табылады, әсіресе оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруда, зерттеу жұмыстарын дамытудағы ролі ерекше.

Электрондық оқулықтың тиімділігі зор. Электрондық оқу құралы – бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, карталар, атластар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық және дипломдық жобаларға нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын мемлекеттік органдар тағайындаған арнайы статусы бар берілген түрдегі баспаларды қамтитын электрондық оқу басылымы.

Оқытушы үшін электрондық оқулық – бұл күнбе – күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Электрондық оқулық арқылы үй тапсырмасын, жаңа сабақты түсіндіруге және тест тапсырмаларын орындауға болады.

Мектепте дәстүрлі емес төмендегідей технологиялық сабақтарды өткізудеміз:

- пәнаралық байланыс негізінде біріктірілген сабақтар;

- жарыс және ойын түрінде өтетін сабақтар:байқау,жарыс,рольдік және іскерлік ойында, сөзжұмбақ.

- белгілі қоғамдық жұмыс түрлеріне, әдістеріне негізделген сабақтар: зерттеу, басылымдарды талдау, интервью т.б.

- көпшілікпен қарым – қатынас түрін қайталау сабақтары: ақпарат – конференция, аукцион, бенефис, шеру.

- Қиял – ертегілерді қолдану сабақтары: ертегі сабағы, сиқырлы, басқа планетедан келушілер т.б.

- Дәстүрлі кластан тыс жұмыстар сабағы: КВН, «Не қайда? Қашан?», «Алтын орындық», «Дебат» клубы, «Білгірлер» клубы ,»Білім биігіне саяхат» т.б..

Жаңа педагогикалық технологиялардың, ғылыми – теориялық мазмұны оқушылардың білімдерін жетілдіріп қана қоймайды, ол кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың жетекші құралы болып табылады, өйткені: ол оқу – тәрбие үрдісінің тиімділігін арттырып, білікті, шығармашыл , белсенді оқытушыларды жетілдіруге септігін тигізеді.

Сөзімізді қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын:

- кәсіптік білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық

құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

- кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру ;

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мен ақпараттық – коммуникациялық технологияны оқу – тәрбие үрдісінде пайдалану оқушының өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда қоғамның даму жолдарын анықтайтыны сөзсіз.

Қорытындылай келе, инновациялық технологияларды қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жетеріміз анық.Оқушыларға инновациялық технологияны меңгерту таңғажайып әлемнің есігін ашып берумен пара- пар емес пе? Өмірдегі шынайы, ғажап адамзатқа маңызды ашылулардың бәрі ізденімпаз ұстаздардың қолында[6].

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. –44-81 бет
2. А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ, 2014
3. Муштавинская, И.В. Развитие критического мышления на уроке: Пособие для учителя. – М.: Просвещение, 2004 – 175с.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2013 ж. – 48-78 бет
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. –78-88 бет
6. Лепасева С. Шығармашылық қабілетті дамыту – мұғалім міндеті. // Қазақстан мектебі 2008 №8 20б

ӘОЖ 378

Адамова Арай Канатовна, Бастауыш сынып мұғалім.
Мағжан Жұмабев атындағы гимназия”КММ
Абеува Гульмира Халеловна, Бастауыш сынып мұғалім.
«Әлімхан Ермеков атындағы мектеп лицейі»
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ

Аңдатпа. Автор мақалада функционалдық сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарымқатынас жасай алу

деңгейінің көрсеткіші екенің анық көрсетеді. Функционалдық сауаттылық *бұл* адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына , жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруыдеп тұжырымдайды. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, тәжірбие, үдеріс, инновациялық технологиялар, интерактивті білім беру, әдіс, иновация.

Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшінеңбек ететін, шетелдермен еркін ғылымим және мәдени қарымқатынастар жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау – бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты. Сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады. Әсіресе, бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады, яғни үшінші сынып білім алушысы ешқашан кітапқанаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымаса, тағы бір ертеңгі сауатсыздықтың дүниеге келгені.

Ресми деректерге сүйенсек, мектеп жасындағы білім алушылардың 40% әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Олар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті, олар әртүрлі жағдайда кездескен іс-қағаздарды (бланкіні) толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Жалпы барлық зерттеушілердің болжамы бойынша, адамдардың сауаттылық деңгейінің төмендеуі оларға дұрыс білім беріп, тиянақты оқытпаудан, оқырман болуға үйретпеуден болған көрінеді. Ендеше, бүгінгі күні функционалдық сауатсыздықпен күресу – тіл мамандарына жүктелген міндеттің бірі. Елбасы сөзімен айтар болсақ, “білім беру тек оқытумен ғана шектелмей, оны керісінше, әлеуметтік адаптация процесіне бейімдеу қажет”.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуда.

Сонымен*Функционалдық сауаттылық*дегеніміз- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Яғни, оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

-белсенділік

-шығармашылық тұрғыда ойлау

-шешім қабылдай алу

-өз кәсібін дұрыс таңдай алу

-өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарғаарналған мемлекеттік бағдарламасында нақты көрсетілген. Осыған орай оқушылардыңфункционалдық сауаттылығын дамыту жөнінде ұлттық жоспар қабылданды. Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларыныңфункционалдық сауаттылығын дамыту мақсатындабілім беру мазмұны жаңарып, стандарттар, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары, оқулықтар өзгерді. Озық технологиялар зерделеніп,

тәжірибегеене бастады. Бұл ғасыр талабына сай болу дегенді білдіреді. Осының нәтижесінде фунционалдық сауаттылықты қалыптастыру басты міндеткеайналды [1].

Қазіргі таңда білім беру саласында басты бағыт болып саналатын оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру бастапқы деңгейде болып отыр. Бұған дәлел болған PISA-2009 нәтижелері және қазір қолданылып жүрген қазақстандық оқулықтардың талдау нәтижелері. ҚР БжҒМ бекіткен 1-11 сыныптарға арналған оқулықтарының таңдап талдауы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі пәндік білім мен білікке бағытталғанын көрсетті.Білімге құзыреттілік тұрғыдан қарауға негізделген оқушылардың функционалдық сауаттылығын жеткілікті деңгейге көтеру үшін, әр пәннің мазмұнына түрлі өмірлік жағдайда әмбебап біліктер мен дағдыларға бағытталған кілтті құзыреттерді қалыптастыру компонентін енгізу қажеттілігі туындады

Функционалдық сауаттылық-адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсеалу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделеалуы мен қарымқатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын жәнеоның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады[2]. Ал кең мағынасындаол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғанаемес, ол–ұлттың, елдің немесе жекеадамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жекеадамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққаадам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілдіоқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесінеендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі. Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы[3].

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздеріне келер болсақ, бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріескерілуі керек. Оқу, жазу сауаттылықтарын қалыптастыруда, ең алдымен, кіші мектеп жасындағы балалардың ойлау мен сөйлеуі маңызды орын алады. Бұл орайда Ж.Аймауытов, Б.В.Беляев, Е.И.Пассов, Н.И.Жинкиндердің ойлау мен сөйлеу секілді күрделі психикалық құбылыстар туралы ой-пікірлері талданады. Ой ұйымдасқан сөйлесім үдерісінеайналуы үшін адам өзіне қажетті үлгіні, ойды дәл бейнелейтін сөзді таңдап алатын іштей сөйлеудің кезеңдерінен өтуі тиіс. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудаіштей сөйлеу мен сөйлесімнің мәнін назарғаалуолар орындайтын жаттығулар мен тапсырмаларды іріктеуде маңызды рөл атқарады. Оқыту үдерісінің нәтижелілігі бастауыш сынып оқушысының физиологиялық, психологиялық негіздерін терең білу мен барлық оқу әрекетін соған негіздеуге байланысты болады[4]. М.Жұмабаев:«Сыртқы дүниемен, адамзат тұрмысымен жаңа таныс болып келе жатқан адам бар нәрсені білуге, бар білгенін есте ұстауға ұмтылады. Естің қатынасуын қатты керек қылатын 11 ғылымдарды үйретуге қолайлы шақ осы. Бұл жаста баланың міндетіой жүгіртіп білімдіискеасыруемес, білімді молайта беру; даярлай беру, бар нәрсеніескеала беру»,- деп, балаларда жасынан білуге, тануғаерекше талпыныс пайда болатынына тоқталады.

Оқыту үдерісінде пәндік білім, білік, дағдыларды, яғни құзыреттіліктерді меңгертуде балалардың жас кезеңдеріне сәйкес пайда болатын жетекші әрекеттерге назар аударылды. Бастауыш сыныптан мектептің орта сатысына өту кезеңінде балалардың өзін қоршаған адамдармен қарым-қатынасы жаңаарнаға түседі: даралық сезімдері бас көтеріп, өзін-өзі тани бастайды. Білім беруде бұл мәселелер ескеріліп отыруы тиіс. Бастауыш мектеп

кезеңіоқушылардың оқу, қарым-қатынас, еңбек секілді жетекші әрекеттер негізінде жалпы жәнеерекше қабілеттерінің дамуымен сипатталады. Оқу әрекетіндеолардың жалпы интеллектуалдық қабілеттері қалыптаса бастайды. Олардың оқу әрекетінің өзіндік ерекшеліктері жөнінде Л.В.Выготский: «Бұл әрекеттің басты мақсаты мен нәтижесі, яғни, баланың үлкендермен, сондай-ақ, өзінің құрдастарымен әлеуметтік қатынасын қалыптастыру, әрі бұл уақытта өзіне дейінгінің тәжірибелерін, оның ішінде әлеуметтік қатынастың құралы болып саналатын сөйлеу тәжірибесін де меңгеруі қатар жүреді»,-деп тұжырымдайды[4].

Қортындылай келе, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз етеді

Әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарғаарналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

2. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты» Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдау

3. 2012 жылғы 5 қыркүйекте Назарбаев Университетіндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың интерактивті дәрісі.

4. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М.-«Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - б. 42-47.

ӘОЖ 372.716:473.27

Арынова Д.Қ., Елеусізова Ж.Ж.
№ 8 Жалпы орта білім беретін мектеп (ЖОББМ)
Семей қ.,Қазақстан Республикасы

ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа.Бүгінгі таңдағы оқыту үдірісі жаңа әдіс – тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс – тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалануға ықпал жасау.Оқушыларға сабақтың сапалы әрі қызықты өтуін қамтамасыз ету.

Кілтсөздер: әдіс – тәсіл, оқыту үдірісі, білім**,** инновация, технология,сын тұрғысынан ойлау,интерактивтік әдіс.

Бәрімізді бүгінгі таңда алаңдататын мәселе – жас ұрпақтың сапалы білімді игеруі. Ұлтымыздың тірегіне айналаруұрпаққа деген көзқарас Елбасымыздың білім саласына ерекше назар аударуымен айқындалып отыр.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс – тәсілдерінүнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушыларинновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықтыөтуіне ықпалын тигізуде. Өзекті мәселе – жас ұрпақтың керуенге кідіріссіз ілесуі. Ілесе алмаса– бізге сын. Халқымыздың тағдыры, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында[1,43 б.].

Бүгінгі таңдағы оқыту үдірісі жаңа әдіс – тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс– тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріпотыруы қажет.

Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарынеркін және ерікті түрде білдірсе екен деп ойлаймыз. Тек білдіру емес, сонымен бірге өз пікірлірін дәлелдей алатынжәне оны іс жүзіне асыра алатын тұлға болып қалыптаса алса, онда мұғалімнің биік мақсатқа қол жеткізгені болмақ.

«Мұғалімге арналған нұсқаулықтан» білім берудегі Кембридждік әдістің теориялық негізін оқып, таныса отырып, оқытудың жаңаша әдіс – тәсілдері – 7 модульді практикалық түрде қолдану арқылы оның білім негізін қалыптастырудағыартықшылықтарына көз жеткіздік. Осы орайда 7 модульге қатысты туындаған ұсыныс – пікірлерімді білдіргіміз келеді:

Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын өз сабақтарымда қолданыпжүрміз. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тектыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы, жөн сілтеуші[2,34-45 б.].

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін жәнезерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Басты мақсаты оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыданқарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға үйрету.

Бұл бағдарлама жаңа буын оқулықтарының талаптарын жүзеге асыруда оқушылардың білім деңгейін көтеруде, балаларды шығармашылыққа баулуда, ойларын еркін айтуда тез арада дұрыс шешімдер табуға атсалысатын бірден –бір тиімді бағдарлама деп есептейміз.

Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, белгілі бір әрекетке деген тың ойыңды туғызу, шыңдалған ойлау. Оқушылардыңда бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктергежетері сөзсіз. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отыры, ішінен қажетісін алуға үйретеді. Сын тұрғысынан ойлаубағдарламасы қызығушылығын ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзеледі.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасымен жұмыс жасау кезінде бұл сабақтарбаланың танымдық белсенділігін арттыруға өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. [4,48-65 б.].

Сабақта сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының стратегияларын пайдалана отырып, балалардың ұсыныс – пікірлерінеркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отырдық. Әрбір әдісоқушылардың терең ойлауына шарықтау қиялына негізделіп келеді. Баланың тереңде жатқан ойын дамытып, олардысөйлеуге, дәлелдеуге үйретеді.

Сыни тұрғыдан ойлау әдісі бойынша жоспарланған сабаққа қалған модульдерді еркін енгізуге болады депесептеймін. Оқушылар сабақты қалай оқу керектігін меңгереді және дағдыланады. Яғни метатаным пайда болады. [4,42-55 б.].

Өздері ой қорытады, нәтижеге жетуге ұмтылады. Мұғалім оқушыға қалай оқу керектігін үйретеді. Дәстүрлі оқытуәдісінде мұғалім білімді беруші болған болса, жаңа оқыту әдісінде мұғалім бағыттаушы болып табылады. Сабақтағыбасты тұлға , басты кейіпкер – оқушы. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеугедағдыларын қалыптастыру қажет. Жаңа білімді меңгерту үшін ең тиімді әдіс сұрақ – жауап, әңгімелесу, диалогболып табылады. Әр сабағымызда диалогқа құрылады. Топтық жұмыс арқылы оқушы арасында, оқушы мен мұғалімарасындағы диалогты тиімді, ұйымдастыру арқылы мақсатқа қол жеткізе алдым. Нәтижесі таңғаларлық! Оқушылармен күткеннен де артық әсер алды. Өз ойларын жарыса айтып, қызу пікірталас тудыра алды. Сабақта «үндемейтіноқушылар» «сөйлеп кетті».

Әрбір сабаққа жоспар құрар алдында алдында: «Менің оқушыларым не істей алады?» - деп. Сабақжоспарын оқушылардың өз беттерімен меңгеруіне ыңғайлы етіп және олардың жас

ерекшеліктерін ескере отырыпқұрамын. Бұл оқушылардың жауапкершіліктерін арттырумен қатар, өзін – өзі бағалаулары үшін де тиімді болмақ.

Оқушыларымыз мұғалімнің бағалауына әбден үйреніп қалған. Бағаны не үшін алды, келесіде жақсы баға алу үшін неістеу керек деген талдау жүргізілмегендіктен, оқушылар үнсіз кете беретін. Ал, жаңаша оқыту әдісінде оқушылардыбағалауға көбірек көңіл бөлуге тырыстым. Оқушының өзін – өзі бағалауын ұйымдастырдым. Себебі, бала алдымен өзіне– өзі баға беріп үйрену керек. Алдымен «Өзін – өзі бағалау» тестін жүргіздік. Сыныптағы оқушының біреуі ғана өзін– өзі жоғары бағалайтыны, өзіне сенімді екені анықталды. Оларды психологиялық тұрғыдан дайындадық. Сыныпқакөп уақытымды арнадық. Ал сабақтарда оқушылар өзін – өзі бағалауда қиналғандары байқалды. Біздегі жетістік,олар өздері туралы көп ойланды, өздерінің іс – әрекеттеріне есеп бере алды, яғни бұл жерде өзін – өзі реттеу әрекетіде көрініп жатты. Өзін – өзі реттеу әдісі оқушылардың өздері топтық ереже құрып, оны бұзбауға әрекет еткендерінен,белсенділіктерінен, сабақтан жиі қалатын оқушының сөйлегенінен, топтағы өздерінің рөлдерін жауапкершілікпенорындағанынан көрініп жатты.

Оқушылардың қызығушылықтарын арттырудағы басты құрал болып табылатын ББҮ стратегиясын қолдануды әрсабағымызда ескердік. Алғашқы сабағымды Блум таксономиясына негіздей отырып, презентация түрінде өткіздім. Кейінгісабақтарымда да семантикалық карта толтыру, инсерт, видеоролик қарау, т.б. әдістерін қолдандық. [2,48 б.].

Еліміздің ертеңгі тізгінін қолына алып, елін, жерін көркейте алатын ұрпақ – қазіргі мектеп партасында отырғанқабілеті ерекше, талантты немесе дарынды ұрпақ. Алдымен өткізген сауалнама нәтижесі арқылы, өзге адамдарменсөйлесу арқылы сыныпта шығармашылық қабілеті жоғары оқушылардың бар екендігін анықтап, әр сабағымыздышығармашылық тапсырмалар беруге тырыстық. Мәселен, 5 жолды өлең, реферат жазу, эссе жазу, туған жер туралы4 жол өлең құрастыру, т.б. Шығармашылық тапсырмаларды сыныпқа жаппай беріп отырдық. Әр топтан тек қабілеттіоқушылар орындап отырды. Бұл дарынды оқушыны анықтап алу үшін оңтайлы болды. Тапсырманы жеке орындағаноқушы да өз жұмысын топтың атынан қорғап, өз тобын алға сүйреуге ұмтылғандары. Бұл жерден ынтымақтастықтың,бірліктің белгісін анық байқауға болады. Оқушылар топқа әр түрлі тренингтер арқылы бөлінген кезде ешқандай қарсылықбілдірмей, бірден іске кірісіп кетіп жатты. Бір – біріне деген жанашырлықтары, өзара татулықтары, ұйымшылдықтарыүнемі байқалып тұрды. Сабақ кезеңінде 7 модуль түрін пайдалану – жұмыстың нәтижесін берері сөзсіз.

1) Сабақтағы жаңа тәсілдер.
2) Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3) Оқушы білімін бағалау және оқуды бағалау.
4) Сабақта ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5) Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6) Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тапсырма беру.
7) Сабақ кезеңіндегі оқушылардың өзін-өзі басқаруы [2,43-69 б.].

ББҮ стартегиясы пайдалану үлгісі:

Әр балаға жеке кесте берілген, олар берілген уақытта оны толтырып шығып, топпен бөліседі,бір шешімге келіп, ортаға әр топпен спикер шығады. Оқушыларға мәтін таратылады , солмәтінді оқи отыра жаңа ақпарат алады.

Мәтінді мәнерлеп оқымас бұрын тақырыпты қалай түсінетіндіктерін сұраймыз. Тақырып тақтағабормен жазылады.

Ой қозғау:

- кәсіпті дұрыс таңдау керек;
- жоққа шыдау керек;
- ең қиын мамандық, т.б.

Мәтінді мәнерлеп оқып беру. Ұнаған, ұнамағанынсұрап, өздеріне диалог бойынша рольмен кезекпен оқытамыз. Енді сөздік жұмысын жүргіземіз, V+? – белгілерібойынша.

Топпен жұмыс:

I топтың сұрағы:

II топтың сұрағы:

III топтың сұрағы:
IV топтың сұрағы:
V топтың сұрағы:
VI топтыңсұрағы:
Әртопқа 5 минуттайуақытберіледі.
Ой толғаныс:
(Сабақ сатысының мақсаты: оқушының алған білімі арқылы шешімге келуі, алған білімді дұрыс және толық қабылдануына көз жеткізуі, алған білімін қолдануы).
Тақтағаақ ватман қағазғаортақ ой жазылады.
Бес жолды өлең стратегиясы:
1 – жол Зат есім.
Мысалы:
2 – жол Сын есім
Мысалы:
3 – жол Етістік
Мысалы:
4 – жол 4 сөзден тұратын тұжырымды сөйлем.
Мысалы:
5 – жол бірінші жолдағы сөзге синоним.
Мысалы: Оқушылар өз бетімен жаңа ақпарат алғаннан кейін, оларға мәтін туралы қосымша мәлімет беру. (слайдтардан көрсетіледі).
Бағалау. Үйге тапсырма: Стратегиялар Еркін жазу немесе Sinkuein бойынша бес жолды өлең жазып келу, түсінігін айту.
Қорыта келгенде, сын тұрғысынан ойлаудың негізгі, басты міндеттері мынадай:
- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқада іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалықойлауқабілетіндамыту [1,10-35 б.].
7 модулды қолдана отырып, көптеген қызықты идеяларды жүзеге асыру жөнінде белсенділік артатүсті. Әріптестер жаңалығымызға қызығушылық танытты. Ал, оқушылар мен ата – аналар алғыстарын жаудырып жатты.
Қазақстанның білім беру мазмұны сөзсіз жаңа сатыға көтеріліп, алға қадам бастап келеді. Біліктілік пен шеберлігіміздіұштастырып, жас ұрпақты әлемді мойындататын рухани биікке көтеру біздердің міндетіміз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. –46-61 бет
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық үшінші (базалық) деңгей екінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. – 54 -69 бет
3. Оразахынова Н.А., Әбдіреймова Қ.Ә., Сәрсенбаева А.Қ., Әбітова М.Қ. Сатылай комплексті талдау. –Алматы. 2006 ж. – 10-66 б.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. –34-81 бет
5. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. –Алматы. 2005ж. – 48 б.
6. Мирсеитова С «Мұғалім философиясының қалыптасуы және дамуы» 2011ж. –42-87 бет

ӘОЖ 372.896

Байкеева Л.Т.магистр, аға оқытушы,
Бабакулыева О. 4 курс студенті
М.Х.Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті,
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ БЕЙІНДІК ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Мақаладагеографиялық білім беруде бейіндік оқытудың ерекшелігі мен маңызы анықталған. Бейіндік оқыту жалпы білім беретін мектептің соңғы кезеңінде олардың білім беру процесін жеке дараландыруға бағытталған, нақты қажеттіліктер мен бағыттарды қанағаттандыруға бағытталған, оқушыларға білім беруді саналы түрде таңдауды қамтамасыз етуге қабілетті жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқыту жүйесі саналады.

Кілт сөздер: бейіндік оқыту, өзін-өзі анықтау, білім беру бағдарламасы, элективті курстар, траектория, мамандану, қоршаған орта.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің негізгі ерекшелігі бұл тек білімді біру ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді игеруге, дағдылар мен өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс.

Бейіндік оқыту дегеніміз – бұл жалпы білім беретін орта мектептің жоғары сыныбында білім алу процесін дараландыруға, нақты қажеттіліктер мен бағыттарды қанағаттандыруға бағытталған, студенттерге өз мамандығын саналы түрде таңдауды қамтамасыз етуге бағытталған жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқыту жүйесі болып табылатын әрекеттер. Бейіндік оқыту оқу-тәрбие процесінің құрылымының, мазмұнының және ұйымдастырылуының өзгеруіне байланысты оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктері мен қабілеттерін толық есепке алуға, жоғары мектепті оқытуға жағдай жасауға мүмкіндік беретін білім беруді саралау және даралау құралы саналады.Студенттердің үздіксіз білім алуға қатысты кәсіби қызығушылықтары мен ниеттеріне сәйкес келеді.

Мамандандырылған білім беруге көшу келесі негізгі мақсаттарды көздейді:

ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ-ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛІНІҢ НЕГІЗІ

Аңдатпа. Мақала жоғары оқу орнындағы білім берудің инновациялық тәсілінің бірі қашықтықтан оқыту технологиясы мәселесіне арналған. Мақалада мәселенің өзектілігі айқындалып, практикалық маңыздылығы ашылған. Алдымен қашықтықтан оқыту туралы жалпы түсінік беріліп, одан кейін оның қазіргі таңдағы ұйымдастыру формалары қарастырылған. Атап айтсақ, онлайн, оффлайн оқыту формаларына талдау берілген. Олардың осал тұстары мен артықшылықтары айқындалған. Сондай-ақ білім алушылардан алынған сауалнаманың нәтижесі беріліп,соның негізінде қорытынды жасалған.

Кілт сөздер: қашықтықтан оқыту, онлайн, офлайн, асинхрондық оқыту, синхрондық оқыту, инновациялық тәсіл, технология.

Бүгінгі таңдағы әлемдегі болып жатқан эпидемиологиялық жағдай оқытуды дәстүрлі формадан ешбір дайындықсыз қашықтықтан оқыту жүйесіне бірден ауысуға мәжбірлегені баршамызға мәлім. Әрине, қашықтықтан оқыту жүйесі жаңалық емес. Онымен біз оқытудың жаңа технологияларының бірі ретінде теориялық тұрғыдан жете таныс болғанымыз рас. Алайда теориялық тұрғыдан білу мен тәжірибелік тұрғыдан меңгеру екеуі екі түрлі мәселе екені анық.

Қалай десек те, қашықтықтан оқыту жүйесін тәжірибеде қолдануға сақадай сай емес болғанымызды мойындауға тура келеді. Сондықтан бұл оқыту жүйесі білім берушіге де, білім алушыға да бастапқы кезеңде оңайға тимегені айқын. Бірақ аталмыш мәселе уақыт күтірмейтін

болғандықтан кімге болсын қашықтықтан оқыту жүйесін аз уақыт аралығында тез меңгеріп алуға тура келді.

Қашықтықтан оқытуға қысқа түсініктеме бере кететін болсақ, ол педагог пен білім алушы арасында қашықтықтан ғаламтор ресурстарының көмегі арқылы өтілетін оқытудың формасы, яғни ғаламтор желілерінің көмегімен белгілі бір ара қашықтықта оқыту болып табылады.

Бүгінде қашықтықтан оқытудыұйымдастырудың онлайн және оффлайн формаларықолданылады.Біріншісі онлайн(синхрондық) оқыту. Бұл нақты белгілі бір уақыт режимінде болатын онлайн немесе қашықтықтан оқыту. Синхронды оқытуда оқу бір уақытта жүрсе де, білім алушылар міндетті түрде сол жерде немесе тіпті бір жерде болуы міндетті емес. Синхрондық оқыту білім алушыларға сұрақтар қоюға және сол жерде жауаптар алуға, яғни кері байланыс жасауға мүмкіндік береді. Бұған мысал ретінде оқытуды *ZOOM, Teams, Google Meet, Moodle – дағы вебконференция және т.б. арқылы жүргізу.*

Синхрондық оқытудың артықшылықтары тоқталып өтетін болсақ, білім алушылар оқытушымен және басқа білім алушылармен оңай қарым-қатынас жасай алады, бұл топтық сабақтарға мүмкіндік береді. Синхрондық оқыту нақты уақыт режимінде жүреді, сондықтан білім алушылар тез арада кері байланыс ала алады. Идеялар мен пікірлерді басқа қатысушылармен тез бөлісуге болады. Егер білім алушыларда курсты меңгеру барысында қиындық туындаса, синхронды оқыту оларға сұрақтар қоюға, жедел жауаптар алуға, оқытушының көмегін алуға мүмкіндік береді. Алайда аталған оқу формасының да кемшіліктері жоқ емес. Білім алушылар белгілі бір уақытта онлайн режимінде болуы керек, сондықтан олардың оқуы белгілі бір оқу кестесіне сәйкес келуі керек. Нақты уақыттағы синхронды оқытудың топтық динамикасына байланысты кейбір білім алушылар қажетті жеке көңіл бөлмейтіндіктерін сезінуі мүмкін. Білім алушылар курстың мазмұнын қаншалықты жақсы түсінетіндігінің тиімділігі білім алушылардың өздеріне қарағанда оқытушының сапасына байланысты. Сондықтан педагог толық дайын болуы тиіс.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың екінші формасы оффлайн (асинхрондық) оқыту. Бұл оқытуды ұйымдастыру формасы білім алушыларға көбірек бағытталған. Бұл білім алушыларға белгілі бір уақытта белгілі бір жерде болу қажеттілігімен байланысты шектеусіз білім алуға мүмкіндік береді. Ғаламторға қол жетімді болған кезде білім алушылар курс материалдарын кез-келген уақытта және кез-келген жерден оқи алады. Асинхрондық оқытудың мысалдары ретінде электрондық поштаға оқыту таратылымы, блогтар, алдын-ала жазылған бейне сабақтар немесе вебинарлар, ғаламтор -форумдар және пікірталас клубтарын айтуға болады.

Асинхрондық оқытудың артықшылықтары: ол үлкен икемділікті қамтамасыз етеді. Әдетте белгілі бір мерзім болса да, білім алушылар өз қарқынымен оқи алады және кез-келген уақытта және кез-келген жерден курсқа қол жеткізе алады. Бұл әр түрлі жерлерде тұратын білім алушыларды оқытудың үнемді әдісі. Өйткені, олар уақыт белдеуіне немесе орналасқан жеріне қарамастан курстардан өте алады. Асинхрондық оқыту кезінде білім алушылар оқып жатқан материалды қарастыруға көп уақыт алады, яғни олар оны мұқият игереді.Асинхрондық оқытудың кемшіліктеріне білім алушылароқытушыға қол жеткізе алса да, оқытудың бұл түріндегі байланыс шектеулі болуы мүмкін. Сұрауларға жауаптар бірден берілмеуі мүмкін (мысалы, электрондық поштаның жауабын күту қажет болуы мүмкін). Тікелей қарым-қатынастың болмауы кейбір адамдарды оқшауланған сезінуге мәжбүр етеді. Бұл мотивацияның төмендеуіне және оқуға деген қызығушылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін. Асинхронды оқытудан өткен студенттерге қажетті курсты сәтті аяқтау үшін өзін-өзі тәрбиелеу және зейін қою қажет.

	Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет
Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:	Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет
	Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет
	Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет
	Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру қажет
	Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет
	Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет

1 сурет - Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет

Ескерту – [1] негізінде автормен құрастырылған.

Біздің«Bolashaq» академиямыздың білім алушыларының қашықтықтан оқу жүйесі туралы пікірлерін анықтау мақсатында шағын зерттеу жасалды. Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары (білім алушылардың пікірі бойынша): қашықтықтан оқытудың артықшылықтары жоқ-37%, Кейбір білім алушылармен байланысқа түспеу мүмкіндігі-5%, кейбір оқытушылармен байланысқа түспеу мүмкіндігі-0%, тестілеу негізінде объективті баға алу мүмкіндігі-21%, қашықтықтан үйден оқудың мүмкіндігі-49%, желілік педагогтан жеке кеңес алу мүмкіндігі-4%, компьютерде жұмыс істеуден рахаттану-9%, оқудың жеке қарқыны-41%, пән бойынша материалдың қосымша көлемі-28%.



2 сурет – Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары (білім алушылардың пікірі бойынша)

Ескерту – [1] негізінде автормен құрастырылған.

Қашықтықтан оқытудың басқа оқу формаларына қарағанда ыңғайлылығы мен артықшылықтары бар екеніне көзіміз жетіп отыр. Ең алдымен, қашықтықтан оқыту білім беру

қажеттіліктері мен өзіндік дербес ерекшеліктеріне сүйене отырып, өз қарқынымен оқуға мүмкіндік беретінін атап өткен жөн. Қашықтықтан оқыту процесінде заманауи технологиялар қолданылады, бұл болашақта жұмыста және күнделікті өмірде пайдалы болатын дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Ең маңызды ыңғайлылықтардың бірі оқу кестесін, сабақ кестесін, сондай-ақ оқытылатын пәндер тізімін түзету және құру мүмкіндігі. Тағы бір артықшылықты атап өтпеуге болмайды, ол өнімді оқытуға ықпал ететін ең ыңғайлы және таныс ортада оқыту болып табылады [2].

Қашықтықтан оқытуда педагогқа үлкен жауапкершілік жүктеледі. Педагог курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Әдебиеттер тізімі:

1.«Қашықтан оқыту – заман талабы», Ақшалова Б.Н., Алмабаева Г.Б.ҚазҰУ Хабаршысы, ғаламтордағы сілтемесі: https://articlekz.com/kk/article/23533

2.Субочева А. Д., Субочева О. Н. (2014) Инновационные методы обучения как способы активизации мыслительной деятельности студентов. Международный научно-исследовательский журнал. № 9 (28). 136 –139 с. URL: https://research-journal.org/social/innovacionnye-metody-obucheniya-kak-sposoby-aktivizacii-myslitelnoj-deyatelnosti-studentov/

УДК373.3

Калачева К.Л., обучающийся 3 курса
ОП «Педагогика и методика начального обучения»
Чункурова З.К., магистр, старший преподаватель
Казахстанско-Американский свободный университет,
г. Усть-Каменогорск, Республика Казахстан

ТЕХНОЛОГИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Аннотация: тезис доклада посвящен анализу педагогической технологии критического мышления. В данной работе будут рассмотрены этапы, функции и основные методические приемы развития критического мышления. Также описаны этапы и функции, которые они выполняют в образовательном процессе. Рассмотрено применение технологии критического мышления в работе с младшими школьниками. Влияние данной технологии на мыслительный процесс младших школьников.

Ключевые слова: критическое мышление, прием, технология, стадия, этап, школьники, образовательный процесс, функции, средства.

«Образование должно быть истинным, полным, ясным и прочным»
Я.А. Каменский

В современном мире существует множество различных средств, чтобы добиться такого уровня образования. Одно из таких средств – педагогическая технология. Для начала рассмотрим сам термин педагогическая технология. По мнению М.В. Кларина «Педагогическая технология» означает системную совокупность и порядок функционирования всех личностных, инструментальных и методологических средств, используемых для достижения педагогических целей. Но в настоящее время для достижения педагогических целей используется большое количество педагогических технологий. И каждая из этих технологий привносит что-то новое в

педагогический процесс и делает его более эффективным. В данной работе мы рассмотрим такую технологию как, технология критического мышления.

*1.1*Понятие критического мышления

Что понимается под критическим мышлением?

Это тот тип мышление, при котором ко всему относятся критически и любые утверждения не принимают без доказательства. Но при этом оставаться открытым к новым методам и идеям. Критическое мышление является необходимым условием для свободы выбора, качества прогноза и ответственности за собственные решения.

Также критическое мышление можно описать как: свободное, независимое, рефлексивное, оценочное, аналитическое. Критически мыслить - значит быть любознательным и использовать методы исследования. Критическое мышление характеризуется тем, что:

- ✓ это мышление независимо;
- ✓ это обобщенное мышление;
- ✓ это проблематичное и оценочное мышление;
- ✓ это обоснованное мышление;
- ✓ информация - это отправная точка, а не конечная точка мыслительного процесса;
- ✓ все начинается с того, что вы задаете вопросы и выясняете проблемы, которые необходимо решить.

1.2Цели, фазы и функции технологии критического мышления

Технология развития критического мышления была разработана Чарльзом Темплом, ДжинниСтилом и КуртисомМередитомв США в конце XX века. В ней собраны идеи и методы технологий коллективных и групповых способов обучения, а также сотрудничества и развивающего обучения. В России данная технология появилась в 1997 году.

Целью технологии критического мышления является развитие у учащихся навыков мышления, необходимых как в школе, так и в повседневной жизни: умение принимать обоснованные решения, работать с информацией, анализировать различные аспекты явлений и т.д.

Конструктивную основу технологии критического мышления составляют три фазы организации учебного процесса: фаза вызова, осмысления и размышления [1].

1. *Вызов*

На фазе вызова происходит актуализация имеющихся знаний у обучающихся с целью пробуждения интереса к получению новой информации и определения цели рассмотрения той или иной темы. В процессе повышения внимания к объекту или предмету у обучающихсяповышаются показатели когнитивной деятельности, в основе которой и лежит стремление к познанию. На этом этапе педагог играет пассивную роль, и в то же время значительную, т.к. требуется внимание и наблюдение за поведением учеников.

Функции:

- ✓ Мотивационная (стремление к работе с новой информацией, пробуждение интереса к теме).
- ✓ Информационная.
- ✓ Коммуникационная (бесконфликтный обмен мнениями).

2. *Осмысление*

На фазе осмысления обучающийся начинает знакомство с новой информацией. Происходит ее систематизация и исходя из этого корректировка поставленных целей обучения. Фаза осмысления позволяет применить фильтр к поставленным на фазе вызова вопросам. Большая часть из них отсеивается, а вопросы, которые остались становятся более предметными. Обучающиеся учатся формулировать вопросы по мере соотнесения старой и новой информации в следствии чего происходит формирование собственной позиции. Деятельность педагога направлена на сохранение интереса к теме при непосредственной работе с новой информацией.

Функции:

- ✓ Информационная.
- ✓ Систематизационная (классификация информации по категориям знания).

3. Размышление (рефлексия)

Рефлексия – это фаза обратной связи, на которой учениками анализируется вся информация, происходит обмен мнениями и высказывание своей точки зрения. Этот этап является свя-

зующим для собственного опыта и появившимся в процессе этих трех фаз технологии критического мышления.

Функции:

✓ Коммуникационная (обмен мнениями о полученной, новой информации).

✓ Информационная.

✓ Мотивационная (побуждение к расширению информационного поля).

✓ Оценочная (оценивание процесса, соотнесение новых и имеющихся знаний).

*1.3*Основные методические приемы развития критического мышления

«Инвентаризация» - составление списка известной информации.

Учащиеся записывают информацию, которую они знают по выбранной теме. В дальнейшем соотносят новую информацию с уже имеющейся и дополняют ее.

«Верите ли вы…?» - верные и неверные утверждения

✓ На стадии вызова учащиеся, выбирая «верные утверждения» из предложенных учителем, описывают заданную тему (ситуацию, обстановку, систему правил).

✓ На стадии осмысления и рефлексии, работая с новой информацией, они проверяют правильность первоначального выбора.

Ключевые слова

Учитель называет ключевые слова – учащиеся используют их для определения темы урока (или задачи, или предполагаемого содержания текста и т.д.).

4. «Тонкие» и «толстые» вопросы

Толстые вопросы:

Объясните, почему?

Почему Вы думаете?

В чем различие?

Предположите, что будет, если ...?

Тонкие вопросы:

Кто?Что?Когда?Где? Согласны ли Вы ...?Верно ли ...?

5. Таблица ЗХУ«Знаю – хочу узнать - узнал».

6. Прием «ИНСЕРТ» - маркировка текста значками по мере его чтения

I – interactive- интерактивная

N – noting - размечающая

S – system - система

E – effective - дляэффективного

R - reading and - чтенияи

T - thinking - размышления

Содержание приема:

1. Чтение текста с маркировкой:

«V» - уже знал

«+» - новое

«-» - думаю иначе, не согласен

«?» - не понял, есть вопросы

7. Зигзаг –групповая работа с текстом

Этот метод используется для изучения и систематизации большого объема материала. Суть в том, что текст разделен на небольшие смысловые отрывки и используется для взаимного обучения. Количество выдержек должно соответствовать количеству участников в группе. Каждый студент работает со своим собственным текстом, после чего студенты переходят в другие группы - экспертные группы. Новые группы формируются таким образом, чтобы в каждую группу входили специалисты по одной и той же теме. Эксперты составляют общую схему изложения рассказа по данной теме. Затем студентов переводят в начальные группы, где оказываются специалисты по всем смысловым пассажам. Каждый из них знакомит со своим текстом других членов группы [2]

8. Эффективная лекция

✓ Стадия вызова: заполнение графы «Что мы знаем по данной теме» в таблице перед этим обсудив в парах.

✓ Стадия осмысления (поэтапное прослушивание лекции): на каждом этапе учащиеся индивидуально отмечают в 1 графе таблицы знаками + и – верность предположений и конспективно заполняют 2-ю графу «новая информация».

✓ Стадия рефлексии: учащиеся в парах сопоставляют 1 и 2 графы, обсуждают результаты работы.

Итоговая рефлексия: коллективное обсуждение результатов работы

9. Кластер ("гроздь") - графический метод систематизации материала, выделения смысловых единиц тестов и их графического оформления в определенном порядке в виде связки

10. Синквейн – это стихотворение, представляющее собой синтез информации в сжатой форме. Это позволяет вам отразить или описать суть концепции на основе полученных знаний.

11. РАФТ -идея состоит в том, что писатель или рассказчик выбирает для себя определенную роль, т.е. он не пишет текст от своего имени. Для робких, неуверенных в себе студентов это устраняет страх самовыражения.

Р – роль, от чьего лица составляется текст

А- аудитория кому адресован текст

Ф- форма

Т – тема

*1.4*Применение технологии критического мышления в начальных классах

Являясь будущим педагогом начальных классов, хотела бы рассмотреть использование данной технологии с младшими школьниками. В младшем школьном возрасте детям закладывают базовые знания, фундамент, с которого начинается путь ученика. Именно этот этап является главным в обучении, ведь от него зависит стремление к знаниям и успеваемость ребенка. В начальных классах происходит становление, целостное развитие и выявление способностей ученика, а также формирование умений, мотивов и желания учиться. Для совершенствования системы образования в практику внедряются различные технологии обучения. В данном случае рассмотрим, что дает технология критического мышления младшим школьникам.

Во-первых, благодаря данной технологии у ребенка повышается интерес и мотивация к учебному процессу.

Во-вторых,обучающиеся учатся работать с информацией, сортировать и критически оцениватьее.

В-третьих, у младших школьников формируются коммуникативные навыки и ответственность за полученные знания. Ученики учатся делать выводы исходя из имеющейся информации и отстаивать свою точку зрения.

Обучение по данной технологии является достаточно результативной, т.к. младшим школьникам закладываются очень важные навыки такие как: работа с новой информацией и имеющимися знаниями, коммуникативные навыки (выражение своего мнения и умение отстоять свою точку зрения), анализ информации и подведение итогов.

Таким образом в данной статье мы рассмотрели такую технологию как, технология критического мышления. Также были разобраны понятие критического мышления, основные методические приемы развития критического мышления, модель и функции трех фаз данной технологии.

В ходе работы в рамках данной модели студенты осваивают различные способы интеграции информации, учатся формировать и выражать собственное мнение на основе осмысления различного опыта, идей и представлений, выстраивать выводы и логические цепочки доказательств, выражать свои мысли четко, уверенно и правильно по отношению к другим [3].

Исходя из данной работы можно сделать вывод, что технология развития критического мышления является довольно эффективной и значительно улучшает качество образования и знаний, полученных учениками. Благодаря данной технологии, ученики в дальнейшем не столкнуться с проблемой выражения своего мнения и работы с информацией. Процесс обработки информации будет проходить намного быстрее и проще для них. Также технология критического мышления облегчает обучение тем, что в процессе обсуждения, сортировки информации и выстраивания логических цепочек доказательств материал усваивается намного быстрее и легче.

Список литературы:

1.Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. – М., 1989. – 77 с.

2.Муштавинская И.В. Технология развития критического мышления на уроке и в системе подготовки учителя. – СПб.: СПбАППО, 2009. – 150 с.

3.Технология развития критического мышления: [Электронный ресурс]: URL: https://www.ya-roditel.ru/professionals/pedagogika/tekhnologiya-razvitiya-kriticheskogo-myshleniya/ (дата обращения: 17.04.2018 10:00).

ӘОЖ 372.737:473.32

Карамусова Р.Г., Омирбаев О.М.
№ 8 Жалпы орта білім беретін мектеп (ЖОББМ)
Семей қ.,Қазақстан Республикасы

РЕФЛЕКСИЯ – ШЫҒАРМАШЫЛ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Рефлексия –сабақтың негізгі компоненттерінің бірі . Мақалада рефлексивтік іс-әрекет білім - алушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады.Рефлексивті орталық тұлғаның шығармашылық еркіндігі. Ол – дамытушылық қарым-қатынас жүйесі. Мұндай ортаның барлық қатысушылары ашық бірлескен әрекетті бірлесе талдау арқылы өздерінің ішкі «қорларын» ашуға мүмкіндік. Рефлексия нәтижесі дегеніміз - міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну және алған өзара әрекеттестік өнімділігін бағалау.

Кілт сөздер:рефлексия,білімдік мақсат, әдіс – тәсіл, оқыту үдірісі, нәтижелі сабақ, ой толғаныс, субъектілердің ашықтығы.

Бүгінгі таңда мұғалім қандай болу керек, оның кәсіби біліктілігі қандай жолдармен көрінеді? Мұғалім ең алдымен, бала жанының тамыршысы болуы тиіс. Бала жүрегінің перделерін дәл тауып, оны ойната білу оңайлықпен келмейді. Бұл ұстаздың өз мамандығына деген сенімділігі, бейімділігінен, айқын мақсатынан және бала жүрегіне жол таба білуінен көрінеді. Осы үшеуі мұғалім мейірімділігімен ұштасқанда нағыз тамыршы бола алады. Оқытуға деген ынта, өзіндегі барды асқан мейірімділікпен жеткізе білу ұстаз шеберлігінің бір қыры. Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкірттеріне нұр құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады. Бұл лайықты тұлғаға жету үшін ізденіске жүру қажет деп ойлаймын. Мұғалім ең алдымен өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға, педагогикалық шеберліктің дамуына ат салысу керек. Өйткені, біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін ұрпақ қажет. Яғни, оқушылар мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, осы алған мәліметтері пайдалы болатындай ойланулары керек. Олар жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алулары қажет. Сондықтан сыни тұрғыдан ойлайтын мұғалімдер ғана балалардың сыни тұрғыдан ойлауына, дамуына ықпал ете алады. Бірақ, ең алдымен, біз рефлективті білім беру ұғымын саралап, сыни тұрғыдан ойлаудың білім беру бағдарламасында туындаған қажеттілігін ескеруіміз керек.

Рефлексивті орталық тұлғаның шығармашылық еркіндігі, ол – дамытушылық қарым-қатынас жүйесі. Мұндай ортаның барлық қатысушылары ашық бірлескен әрекетті бірлесе талдау арқылы өздерінің ішкі «қорларын» ашуға мүмкіндік алады. Біліктілікті арттыру жүйесіндегі рефлексиялық орта дамытушылық, дамушылық қарым-қатынастар жүйесі болып табылады. Ол субъектінің ішкі әлеміне қатысты көп деңгейлі және күрделі үрдіс. Мұнда субъектілердің ашықтығын, психологиялық теңдігін сақтау басты шарттардың бірі болып табылады. Мұндай жағдай оқушылардың да, мұғалімдердің де бірін-бірі толықтыра отырып, бірлесе дамуға жетелейді. Рефлексиялық мәдениетті дамытудың қазіргі кездегі мәнінің артуы әр түрлі инновациялық-гуманистік әдістердің пайда болуына әкелді. Қазіргі білімдік

мақсаттарға сай оқушыны рефлексия жасауға дағдыландыру мұғалімдердің басты мақсатының бірі болғандықтан, ол –сабақтың да негізгі компоненттерінің бірі болуы тиіс[2,43-б.].

Рефлексивтік іс-әрекет білім алушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асыруға болады.

Рефлексия нәтижесі дегеніміз - міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну және алған өзара әрекеттестік нәтижесінде өз дамуының өнімділігін бағалау. Білім алушылардың кез келген іс-әрекетінің кез келген кезеңі рефлексиямен аяқталуы керек. Джон Дьюи мен Дональд Шонның кітаптарында «ойлану» түсінігін «іс-әрекеттегі толғаныс» және «іс-әрекеттен кейінгі толғаныс» деп көрсеткендей әр сабақтың соңында мен оқушыларға рефлексиялық талдау жасауды тапсырып отырдық. Алғашында оқушылардың, білім алуындағы, іс-әрекеттегі рефлексиялары, сондай-ақ сабақта қолданылатын сұрақтары, қоятын сұрақтарының деңгейі өте төмен екенін байқалды. Бұл бізге қиындықтар туғызды, себебі біздің білім беру жүйемізде олар назардан тыс қалып жатты. Сұрақтар не үшін қойылды? Нақты тура жауап алу үшін бе? Немесе білім берудегі сұрақтар ма, өз назарын бір нәрсеге аудару үшін қойыла ма, өзінің есіне түсіріп, жауап тауып көру үшін бе? ... Сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып саналады. Себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда ғана оқушылардың сыни сауалдарға сыни тұрғыдан ойлана отырып жауап беру мүмкіндігі туады. Осы арқылы оқушылардың ізденушілік, зерттеушілік қабілеттерін жақсартады. Жоғары дәрежелі сұрақтар балалардан ақпаратты белгілі дәрежеде қолдануды, қайта ұйымдастыруды, дамытуды, бағалауды, талдауды, яғни, ойлау операцияларына дайын болуды талап ететін сұрақтар. Оқыту барысында оқушыларға «өз сабағына» сырттан қарауға, оқытуындағы жақсы жақтарды көре білуіне және өз ойындағыдай болмаса, сұрақ қоя біліуіне, қалай жоспарлағаны туралы ойланып, келесі сабақта не нәрсеге көңіл бөлу керектігін көре білуге, рефлексия жасауға үйретіп, соған дағдыландыруды мақсат етіп қойдық. Оқыту барысында тағы бір байқалған нәрсе, кейбір оқушылардың сабаққа көңіл бөлмеуі, тыныш келіп, тыныш кетуі және кейбіреулерінің өз ойын ашып айта алмауы, қысылуы, өз ойын басқалардың критикаға салуынан қорқуы. Осындай мәселенің алдын алу мақсатында интерактивті әдістерді, дара тұлға ретінде белсенділігі мен сенімдігін қалыптастырып, өз бетінше ізденімпаздығы мен шығармашылық қабілетін дамытуды қамтамасыз ететін қазіргі кезде өзекті болып отырған оқытудағы жаңа тәсілдердің бірі «рефлексияға» баса назар аудардық. Осындағы рефлексияның бір пайдасы, нәтижесінде оқушылардың шынымен сәл де болса басқаша әрекет жасауына, топта төмен белсенділік танытып отыратын оқушылардың өздері ой бөлісіп отырғанын байқадық. Ішкі уәж демекші, яғни оқушылардың өзіндік мотивациялары артты. Енді өзімнің тәжірибелеріме және ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып, тәжірибеде тұлғаның рефлексиялық мәдениетін қалыптастыру дағдыларын дамыту мәселесін қолға алдынды, яғни жоспарланды. Сабақтар топтарға белгілібір мәтін таратып беріп, олар әр сабақтың барысында мәтінге талдаулар жасап, рефлексия ретінде өз ойларын ауызша қорытып, постерға түсіріп немесе эссе түрінде және т.б. тәсілдер арқылы өз ойларын, пікірлерін білдіріп отыруды қадағалауға тырысты. Осы әдістерден де басқа видеофильмер көру, сұхбат, жауап алу, т.б. тәсілдерін қолданылды. Сондай-ақ оқушылар «Менің сыныбымда не болып жатыр?», «Не маңызды?», «Не болып жатқанын қалайша түсіне аламын?», «Осы жағдайға қатысты басқа көзқарас немесе басқа тәсілі бар ма?» деген сұрақтарды қоюды әдетке айналдыруға тырысты. Тәжірибемде оқушылардың кері байланыстарына талдау жасай келе, ондағы проблемаларды анықтап, оған қалай көмектесуге болатындығын , бірге өз оқыту әрекетімді әрі қарай қалай жоспарлау қажеттігін түсіндік. Мүмкіндігінше кері байланыс сұрақтарын оқушы түсінігі мен танымына, олардың даму әрекеттеріне, ойлауына қатысты құрылды. Мысалы, Бұл сабақта мен үшін не қиын болды? Бұл мен үшін неге қиын болды? Бұл қиындықтарды қалай жеңе аламын? Бүгінгі сабақтың соңында қандай сезімде болдым? Сіздің көңіліңіз аз толған нәрсе? Неге? Сізге қолға алуға қажетті қандай қолдау керек…? т.б. сұрақтар арқылы оқыту ортасын бірлесе жасауға еркіндік берілді. Осының нәтижесінде, оқушы әрекеттері мен ойларының, таным түсініктерінің өзгеруіне, түсінуіне әкелді. Кері байланыс – оқушы мен мұғалім арасындағы байланысты дамытушы, туындаған проблеманы бірлесе шешуге бағытталған тәсіл. Оқу әрекетіндегі рефлексия – оқу

әрекетін жүзеге асырып субъекттің ойлау, қабылдау қабілетін жандандырылды. Себебі оқу әрекетіндегі рефлексия арқылы субьект өзінің даралығына, өз ойының дұрыстығына, өзі орындаған тапсырмаларды талдау, бағалау арқылы көз жеткізсе, оқу әрекеті өз пікірін таразылап түсінуге, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік алды. Оқушы рефлексия арқылы өз оқу әрекетінің тәсілін түсініп, білімді саналы меңгере алады, яғни рефлексия – алынған нәтижені талдауға, алдағы жұмыстың мақсатын анықтап, оған жету жолын өңдеуге үйретеді, өзінөзі тексеріп, оқу қызметін бағалауына мүмкіндік береді.[2,48-69 б.].

Сондықтан да рефлексия - өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы. Өкінішке орай менің жүргізген тәжірибемде кейбір оқушылар өтілген тақырыптың мәніне жете көңіл бөлмейтінін, қойылған талаптары, шала түсінетіні, тек нәтижені ғана тексерумен шектелетіндігі, соның нәтижесінде жиі сәтсіздікке ұшырайтындықтары, уақыттан ұтылатындықтары, өздеріне сенімсіздіктері байқалады. Нәтижесі оқушы өз әрекетін талдай, бақылай білмейтіндігін көрсетті. Осындай мәселенің алдын алу мақсатында оқушыларда оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастырудың қажеттігін өз тәжірибемде көз жеткізіп, оқу әрекетіне рефлексивті қатынасты қалыптастыруда қазіргі кезде өзекті болып отырған жаңа тәсілдердің бірі «рефлексияға» баса назар аудардық. Сондықтан оқу әрекетіне байланысты идеялар, тәсілдер мен амалдарды таңдап, қолдандық[1,64-78 б.].

Оқушыларды белсенді өмірге, оқу әрекеттерін жандандыруға жетелейтін кеңес беру сипатындағы өздік жұмыстардың бірі - күнделік жүргізу мен хат жазуға (өзіне арналған) машықтандыру. Бұл әдісті қолдану барысында оқушылар өзін толғандырып жүрген мәселелерді қағаз бетіне түсіру арқылы көптеген психологиялық қиын жағдайлардан шығуға үйренеді. Адам әрқашанда өзі туралы біле бергісі келеді, ал оған мүмкіндік бола бермейді. Ендеше, күнделік осы мақсатқа жетуге көмектесетін бірден-бір психологиялық тамаша құрал болды. Хаттың бірнеше түрлерін қолдандық: «Сен ешқашан алмайтын хат», «Менің бұған дейін айтпай келгендерім», «Өзімнің «Менімнен» хат», т.б. Осы әдісті қолданудағы мақсатымыз - оқушыларға аса қажетті өзін-өзі тану, өзінің даму деңгейін орынды бағалауға дағдыландыру, икемділіктерді (рефлексия, сезімталдық, жауапкершілік, эмпатия) қалыптастыру. Оқушылардың көп нәрсені үйрене бастағанын, өзгеріске дайын екенін, өз әрекетіне сын көзбен қарай бастағаны байқалды. Алғашында ойларын толық айта алмады, қысқаша жауап беріп отырды. Рефлексияның маңыздылығы айтылған соң ғана, оған көңіл аудара бастады, күнделікті сабақ барысында өздері сұрақ құрастырып, оған жауаптарды өздері бірлесе беріп отырды. Сұрақтары күнделікті нені қалай меңгергеніне, үйренгеніне, қалай қабылдағанына байланысты құрылды. Бұл біздің жұмысымыздың мазмұнды, терең, жүйелі құрылуына себебін тигізді. Сонымен қатар оқушылардың ойлау деңгейі мен қабылдауын анықтауға, олардың проблемаларына қарай іс-әрекетті бағыттауға көмектесті. Шындығында бір оқушыға «білімді бол» деп айту үшін біріншіден өзіміздің білімді болуымыз керек емес пе?! Сонда ғана жүректен шыққан сөз жүрекке барып қонады, өзіміз білімді болсақ, оқушыларымыз да білімді болатыны сөзсіз[3,18-26 б.].

Ең тиімді сабақ ол – нәтижелі сабақ. Ал сабақтың нәтижесі оқушылардың іс-әрекетінен көрініс табады. Байқағанымыз әлі де болса оқушыларда еркін ойлау, өз ой қортулары жетіспей жатыр. Менің ойым дұрыс па, бұрыс па деген сенімсіздіктері және үлгі бойынша жұмыс жасау дағдылары әлі де басым. Әрине, бір сарынды жұмыс істеуге қалыптасқан оқушыларды еркін ұстау, оқыту жүйесіне жаңа көзқараспен қарауға, жаңа тәсілдермен оқыту оңай шаруа емес екендігін түсіндім. Көптеген мұғалімдерді оқушылардың негізінде бүгін нені білу керегі емес, өздерінің сабақ жоспары, өз міндеттері мен стратегиялары көп ойландырады. Олар өздерін және стратегияларды ғана көреді, өз дауыстарын естіп, және өздерінің әрекетін бақылап, тіпті кейбіреулері алдарында отырған оқушыларды «аңғармайды». Мұндай жағдайда мұғалімді мазалайтын мына сұрақар болуға тиіс: Осы стратегияны не үшін қолданамыз? Осы стратегияны қалай қолданып, сабақтың мақсатына қалай жетеміз? Біз тапсырмаларды оқушымен қалай орындаймыз? Рефлексия – бұл стратегия емес, бұл – дағды, бірақ ол барлық стратегия мен әдістерді ауыстыра алады. Кез келген жағдайда мұғалім ой толғаныс жасай алса, оның әрекеті аяқ астынан болмайды, мұндай мұғалімдерді тез әрі нақты жауап қызықтырмайды, таным

процесі қызықтырады. Мұғалімдер сабағы жайлы ой толғаныс айтқанда, әдетте олар сынау мен қалай оқыту керегі жайлы кеңесті күтеді. Алайда мен олардың әрекетін сынамаймын және талдамаймын. Сабақ барысы туралы әр түрлі сұрақтар қойып, оған жан-жақты ойлауға үйренуге көмектесіп отырдық. Мүмкіндігінше өз қатесін көруге көмектестік. Жіберілген кейбір сәтсіздіктерді ой толғаныс жасау кезінде, келесі жолы оны басқаша жасауды өзі ойланады.

Қорыта айтқанда, сабақ барысында рефлексия тәсілдері мұғалімдердің өз сабақтарында қолданатын әдістеріне айналуы тиіс. Жұмыс жүрген жерде қателік міндетті түрде болатын үрдіс, осы қателіктерімізді түзету арқылы жетістікке жетеріміз сөзсіз. Бір кісіден жетістікке қалай жеткені туралы сұрағанда «жетістікке дұрыс шешімдер арқылы жеттім, дұрыс шешім қабылдау үшін тәжірибе керек, ал тәжірибені қате шешімдерден жинадым» - деп айтқанындай, жақсы идеялар шығуы үшін тәжірибе жинауы керек, ал тәжірибе жинауы үшін қателесуден қорықпай, нақтырақ айтатын болсақ, жалықпай көп іс-әрекет пен көп ойлануы қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық екінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. –64-81 бет
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық үшінші (базалық) деңгей екінші басылым «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2014 ж. – 48-81 бет
3. Вартанова, И. И. Психологические особенности мотивации и ценностей у старшеклассников разного пола // Психологическая наука и образование. 2017. – Т. 22. – № 3. – с. 63–70.
4. Варшавская, Е. Я. Российская NEET-молодежь: характеристики и типология // Социологические исследования. 2016. – №. 9 (2). – С. 31–39.
5. Тұрғанбекова Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – 18-31 бет 2005ж
6. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерийі (ғылыми-практикалық конференция материалдары). –Алматы. 2008 24-32 бет.

ӘОЖ 372.716:343.21

Карипбаева М.Т., Аскарбаева М. А.
№ 8 Жалпы орта білім беретін мектеп (ЖОББМ)
Семей қ.,Қазақстан Республикасы

PISA ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУГЕ ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық-тұлғаның мектепте алған білімі. Функционалдық сауаттылық-білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында дамуы. Функционалдық сауаттылық-тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда бірден-бір құрал –түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Біз мақалада оқу сауаттылықтарын қалыптастырудағы белсенді оқыту әдістерінің рөлі мен маңызын ашып көрсетпекпіз.

Кілт сөздер: PISA, функционалдық сауаттылық**,** бағдаршам, Insert,тұлға, миссия, шығармашылық топ, зерттеушілік.

Бүгінгі таңда қоғамымыздың жаңа қарқынмен дамуы, ғылыми-техникалық прогрестердің жетістіктері, еліміздің өркениетті елдер қатарынан көрінуі білім беру жүйесіне де ықпал етпей қойған жоқ.

Қазіргі таңда білім берудің жаңа жүйесі, яғни білім беру жүйесін ақпараттандыру ісі қолға алынды.

«Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз» демекші, бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Сондықтан мектептің, мұғалімнің ең басты міндеті-рухани бай, жан-жақты

дамыған дарынды тұлға қалыптастыру. Әр мұғалімнің алдындағы ізгі мұраты-өз пәнінен білім беріп қана қоймай, әр баланың «менін» ашу, сол «менді» шығармашылық тұлғаға жетелеу.

Мақсаты: XXI ғасырда табысты болу үшін бәсекеге қабілетті жаңа буынға сапалы білім мен тәрбие беруде жаңартылған бағдарлама бойынша ағылшын тілі пәнін оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалана отырып, білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту.

Ең бірінші сауаттылықтарға тоқталып өтейін:

Функционалдық сауаттылық ағылшын тілінде - functional literacy) дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны қалыптастыруға, білім алу мен мәдени жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру.

- **Функционалдық сауаттылық,** кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география).
- **Математикалық сауаттылық** – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі

2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес 2015 жылы Қазақстанда үшінші рет оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау үшін PISA халықаралық зерттеулері жүргізілді . Оның ішінде оқу сауаттылық бойынша берілген тапсырмалары да болды. Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі –ағылшын тілінен де оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;
- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі [2,б. 4].

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал –түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Біз бұл жұмысымызда оқушылардың оқу сауаттылықтарын қалыптастырудағы белсенді оқыту әдістерінің рөлі мен маңызын ашып көрсетпекпіз.

«Бірге жиналу – бұл бастама, бірге қалу – бұл алға жылжу, ал бірге жұмыстану – бұл жетістік» деп Генри Форд атап көрсеткендей, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудағы тиімді белсенді оқыту әдістерін анықтау бағытында қазақ, орыс, ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің бірлескен түрде Lesson Study зерттеуін жүргізуге болады.

Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл [1,б. 83].

Алдымен зерттеу тобы құрылып, жоспар жасақталып, сыныпқа психолог көмегімен сауалнама өткізіліп, «Білім беру мен білім алудағы интербелсенді оқыту әдістері арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру» зерттеу тақырыбы анықталып, күтілетін нәтижелер белгіленді.

С деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл сұрақтар құрап ,жауап бере алады.

В деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл және күрделі сұрақтар құрастырып, жауап бере алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, рефлексия жасай алады.

А деңгейі - мәтінді түсінеді, жеңіл және күрделі сұрақтарға жауап бере алады, мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстырады, рефлексия жасап, ой қорытады.

Зерттеудің екінші сатысы үш сабақ циклынан тұрды. Әр сабақты пән иелері бірге жоспарлап, талқылап, тиімді әдістерді анықтап, келесі сабақ жоспарын құруға ұсыныстар беріліп отырды.

Мысалы , алғашқы сабақ ағылшын тілі пәнінен «Education: the purpose of school» тақырыбында болған жағдайда, сабақтың келесідей мақсаты мен міндеттері белгіленді:

- Мектептің оқыту мақсатына тоқтала отырып, ойларын айта білуге жетелеу.
- Мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.
- Мәтінге сұрақ қоя білуге үйрету.
- Берілген жоғары-төмен дәрежелі сұрақтарға жауап беру.
- Мәтіннен негізгі идеяны таба білу.
- Мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыландыру.
- Мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыта білуге дағдыландыру.

Сабақтың пән бойынша мақсаты айқындалғаннан кейін үш деңгейлі оқушыдан күтілетін нәтиже және оқушылар белгіленді.

С деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл сұрақтар құрап , жауап бере алады.

В деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл және күрделі сұрақтар құрастырып, жауап бере алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, рефлексия жасай алады

А деңгейі - мәтінді түсінеді, жеңіл және күрделі сұрақтарға жауап бере алады, мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстырады, рефлексия жасап, ой қорытады

Lesson Study жүргізудің негізгі мақсаты оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру болғандықтан, сабақта негізінен мәтінмен жұмыс жүргізілді. Оқу сауаттылығын интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асыру жоспарланғандықтан, сабақ жоспарында балалардың пән бойынша деңгейлері ескеріліп, тапсырмалар дайындалып, әдістері таңдап алынды.

ББЖӘТ: диалогтік әдіс, жұптық, топтық жұмыстар, сәйкестендіру

СТОҮ: Кластер әдісі, Эссе, «Жуан-жіңішке сұрақтар»;

ДБЖ: А,В,С деңгейлік тапсырмалар.

Осы сабақта байқалғаны, аталған әдіс-тәсілдердің ішінде ой қозғау, оқушылардың ойына түрткі болу мақсатында «Кластер» әдісі, ал мәтінмен жұмыс, мәтіндегі негізгі ойды түсіну деңгейін анықтауда «Жуан-жіңішке сұрақтар» әдісі тиімді болды.

Ал, сабақты қорытындылауда топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы мәтіннен алған түсініктерін ортаға салып талқылау, ойларын қорыту үшін өте тиімді әдіс екені аңғарылды.

Қорытындылай келе, келесі зерттеу сабағына фокус топ мәтінмен жұмыс барысында белсенді оқыту әдістерін түрлендіріп, күрделендіріп беру туралы ұсыныс жасады.

Lesson Study зерттеу жұмысының 2-зерттеу сабағы қазақ тілі немесе орыс тіліпәнінен өткізіледі.

Алдыңғы сабақ нәтижесінде берілген ұсыныстарды ескере отырып, осы сабақтың мақсат-міндеттері белгіленді.

- Мәтіннің мазмұнын меңгерту, идеясын ашу;
- Өзінің ішкі жан дүниесіне үңілту арқылы өмірмен байланыстыра талдату;
- Мәтіннің танымдық сипатын, құрылымдық бөліктерін өздері байқап алатын, түсіне алатын нәтижеге жеткізу ;
- Мәтіннен оқып-түйгендері жайлы ой қорытуға бағыттау;

- Жұпта, топта жұмыстану арқылы жақын арада даму аймағын қалыптастыру;

Күтілетін нәтиже:

С деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл сұрақтар құрап , жауап бере алады.

В деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл және күрделі сұрақтар құрастырып, жауап бере алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, рефлексия жасай алады.

А деңгейі - мәтінді түсінеді, жеңіл және күрделі сұрақтарға жауап бере алады, мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстырады, рефлексия жасап, ой қорытады.

Оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, негізгі проблеманы шешуге бағытталған келесідей әдіс-тәсілдер жоспарланып, тапсырмалар дайындалды:

СТОҮ: Кластер әдісі, «Қар үйіндісі», «Егер, онда, өйткені...», «Фишбоун», Эссе, «Синквейн», «Жуан-жіңішке сұрақтар»;

ДБЖ: А,В,С деңгейлік тапсырмалар

Бұл сабақтың барысында келесі интербелсенді оқыту әдістерінің тиімділігі анықталды. Мәтіннен алған түсінігін жинақтау, өзге оқушылардың пікірін тыңдау және есте сақтау дағдыларын жетілдіруде «Қар кесегі» әдісі өте тиімді болды. Қар кесегі берілген оқушылар қолындағы қар кесегін келесі оқушыға ұсына отырып қара сөз мазмұнын айтуды бір сөйлеммен бастады, екінші оқушы алғашқыны қайталап, өзі бір сөйлеммен жалғады. Осылайша қайталанып, мазмұны қар кесектерінің үйіндісі арқылы құралды. Келесі бір стратегия - «Егер, онда, өйткені» әдісі. Мұндағы мақсат –оқушыларды мәтіндегі негізгі ойды өз пікірімен сабақтастыра алуына, ой қорытуына жағдай жасау.

Сондай-ақ, мәтіннен алған түсінігін қорыту, өмірмен байланыстыру, дәлелдеуді қажет ететін «Фишбоун» әдісімен жұмыстануда оқушылар берілген балық қаңқасына қара сөзден проблеманы , оның туындау себептерін анықтады, дәлелдерін келтірді, қорытынды жасады. Негізгі проблема мен қорытындыны оқушылар топта бірлесіп анықтады. Мысалы, оқушылар мәтіннің бір себебін атап көрсетуде мәтіндегі ойды түсінгендігін көрсете білді. Нәтижесінде , бұл әдісті оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруда, түрлі мәтіндерге талдау жасауда қолданудың тиімді екеніне көз жеткіздік.

Сабақты қорытындылауда, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, мәтіннен алған ақпаратты қорыту мақсатында «Эссе» әдісі қолданылды. Эссе жазу барысында оқушылар мәтіндегі негізгі ойды, идеяны анықтады, сол идеяны өз өмірімен байланыстып, ой қорытуға, салыстырмалы қорытынды жасауға тырысты, өзінің алдағы уақытта негізінен жүрегін тыңдау қажеттігін, адамды оның жүрегі алдамайтындығы туралы ой түйгенін айтты.

Осылайша, зерттеу сабақтарын өткізу барысында мәтінмен жұмыс жасауға, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға тиімді келесідей интербелсенді әдіс-тәсілдерді сабақта түрлендіріп қолдану туралы ұсынымдар берілді:

- Мәтінмен жұмыс барысында белсенді оқыту әдістерін түрлендіріп, күрделендіріп беру;
- Мәтінмен жұмыс барысында оқушыларға дайын сұрақтар беріп қоймай, сұрақтарды оқушылардың өздеріне құрауға мүмкіндік беру.
- Мәтінді мұқият оқу дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды жиірек дайындау;
- Мәтінмен жұмыс барысында келесі интербелсенді әдістерді пайдаланған тиімді:

Мәтін мазмұнымен танысуда:

- «Кластер»
- «Категориялы топтастыру»
- «Болжамды оқу»
- «Инсерт»
- «Тірек жазба»

Мәтінді талдау кезінде:

- «Топтық жоба қорғау»
- «Жуан-жіңішке сұрақтар»
- «Ішке-сыртқа»

- «ТИ»
- «Аквариум»

Мәтінді қорытуда:

- «Фишбоун»
- «Егер, онда, өйткені»
- «Эссе»
- «Қар үйіндісі», т.б.

Қорыта келгенде, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін интербелсенді әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу –әр педагогтың міндеті. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрленідіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады.

«Сабақ беру- үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» дегендей оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы ретте, бастауыш сыныпта сабақты дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. «Қыран-түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талмайтын талап сыйлайды»,-деген даналық сөзіндей, ұстаз қай кезде де мектептің жүрегі, қоғам тірегі. Қоғам тұлғаны қаншылықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Функционалдық сауаттылығын арттыруға арналған 2012-2016 жж.ұлттық іс қимыл жоспары. 25.06.2012. № 832 Үкімет қаулысы
2. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011ж.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012 ж.
4. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тыңдаушының жұмыс дәптері // NIS- PEARSON. 2013 ж. – 48-78 бет
5. Мұғалімге арналған нұсқаулық бірінші (ілгері) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлігі орталығының баспасы, 2013 ж. – 48-78 бет
6. Байғазиева Г. Жаңа педтехнология . // Қазақстан мектебі. № 8. 2005 . 53-54 б.

УДК 378-057.36(575.2)(04)

Кулова Э. У. д.э.н., профессор
Бятова К-Д. В. преподаватель
Кыргызский Национальный университет им.Ж.Баласагына
г.Бишкек, Кыргызстан

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД И СИСТЕМАТИЗАЦИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ЦЕЛЕЙ ПРИ ПОДГОТОВКЕ СЕРТИФИЦИТРОВАННЫХ БУХГАЛТЕРОВ

Аннотация. В настоящее время образование, направленное только на получение знаний, ориентировано на прошлое. В современном динамичном мире система образования должна трансформироваться и модернизироваться с учетом новыхнавыков и более профессиональных компетенций требуемых от бухгалтеров. В данной статье систематизация обучения и усовершенствование способов оценки результатов обучения бухгалтеров, рассматриваются через таксономию. Выделены основные причины применения подхода, основанного на принципах, которое заключается в том, что невозможно определить все этические

дилеммы, с которыми могут столкнуться бухгалтеры, учитывая различные обстоятельства в каждом конкретном случае

Ключевые слова: компетентность, педагогические цели, обучение, профессиональный бухгалтер, навыки.

В образовательной практике в последние годы все шире распространяется мнение, что компетенция является категорией, понятной, прежде всего, работодателю и характеризует профессиональную деятельность выпускника уже после окончания вуза, непосредственно на рабочем месте.

Чтобы сформировать компетентного выпускника во всех потенциально значимых сферах профессионального образования и собственно жизнедеятельности, необходимо применять активные методы обучения, технологии, развивающие, прежде всего, познавательную, коммуникативную и личностную активность нынешних студентов.[1]

Важно оценивать общую способность и готовность личности к деятельности, основанные на знаниях и опыте, которые приобретены благодаря обучению. Ориентированность на самостоятельное участие личности в учебно-познавательном процессе и направление на ее успешную интеграцию в социум и рассматривая компетенцию как способность применять знания, умения и личностные качества для успешной деятельности в определенной области.

Будущий профессионал должен обладать стремлением к самообразованию на протяжении всей жизни, владеть новыми технологиями и понимать возможности их использования, уметь принимать самостоятельные решения, адаптироваться в социальной и будущей профессиональной сфере, разрешать проблемы и работать в команде, быть готовым к перегрузкам, стрессовым ситуациям и уметь быстро из них выходить.[1]

Таблица 1 - Сравнение подходов в обучении.

Устаревающий подход	**Компетентностный подход**
Тестовые задания «Знаете ли Вы как…?»	Тестовые задания «Умеете ли Вы …?»
В центре внимания принципы, концепции, факты или процедуры,которые необходимо усвоить	В центре внимания задачи или конечные результаты, которые необходимо продемонстрировать
Ориентация на теоретические знания и идейные концепции	Ориентация на практическое применение теоретических знаний
Устанавливает минимальные проходные баллыв виде %-й доли от общего объема материала, подлежащего усвоению и отражению в результатах тестирования	Устанавливает минимальные уровни достигнутойи демонстрируемой учащимися квалификации для признания их достаточно компетентными для профессиональной деятельности
Обучение часто рассчитано на зубрежку и хорошую память	Обучение построено на практике и активном взаимодействии
Примечание: составлено автором	

Рассматривая важность компетентностного подхода к обучению при подготовке сертифицированных бухгалтеров нужно учитыватьпрофессиональность и ответственность за обеспечение профессиональной компетентности своих членов в целях:

- защиты общества;
- защиты репутации профессии и сохранения общественного доверия;
- соответствия государственным стандартам и нормативам;
- соответствия международным стандартам и требованиям.

Функции профессионального бухгалтера давно вышли за пределы простого подсчета и анализа.Подготовка и представление качественной финансовой информации, чтоповышает инвестиционный оптимизм за счет принятия более информированных экономических решений,а это, в свою очередь, обеспечивает прочную основу для более интенсивного и устойчивого экономического роста.

Проверка, комментирование и объяснение финансовых и прочих хозяйственно-экономических данныхпользователям финансовой отчетности. Сфера компетенций

профессионального бухгалтера выходит за рамки принятия решений от распределения ресурсов до вопросов стратегического лидерства и риск-менеджмента.

Профессиональные бухгалтеры должны преимущественно предоставлять услуги с применением навыков критического мышления, анализа и оценки, которые позволяют им генерировать тот самый экономический эффект, которого организации и клиенты и, в конечном итоге, общественность ожидают от профессионалов.

Результаты образования (компетенции) выражаются в следующих терминах порогового (минимального, необходимого) уровня, который, как ожидается, должен быть достигнут студентами по завершению изучения дисциплины, где студенты должны демонстрировать; могут применить; обладают умением; могут передавать; выработали навыки.

Для постановки и систематизации педагогических целей можно использовать предложенную в 1956году американским психологом Бенджамином Блумом таксономию.

С помощью таксономии преподаватель выстраивает обучение, а студент не только получает новые знания, но и учится их анализировать, и применять в жизни. Где система целей строится от простого к сложному.

Согласно теории БенжаминаБлума, цели обучения зависят отиерархии мыслительных процессов:

1. запоминание
2. понимание
3. применение
4. анализ
5. синтез
6. оценка

Сертифицированные бухгалтера должны свободным выносить профессиональные суждения, разумно применяя эти принципы в каждой конкретной ситуации. А также выявлять и устранять угрозы, связанные с несоблюдением основополагающих принципов, а не следовать Кодексу, который содержит длинный набор правил, предназначенных для решения любых возможных ситуаций.[2]

Основная причина применения подхода, основанного на принципах, заключается в том, что невозможно определить все этические дилеммы, с которыми могут столкнуться бухгалтеры, учитывая различные обстоятельства в каждом конкретном случае

Программа обучения бухгалтеров обширна и сложна, и большая часть контента, вероятно, устареет через несколько лет. Кроме того, ситуация на рынке так быстро меняется, что выпускникам программ бухгалтерского учета придется иметь дело с новыми типами транзакций, незнакомыми отраслями, а также изменяющимися информационными потребностямиразличных групп пользователей.

Используемый подход к обучению студентов должен учитывать эти факторы. Это означает, что надо обеспечить, чтобы после выпуска студентынаучились применять принципы в незнакомых сценариях, а также действовать в незнакомых ситуациях.

В современных условиях работодателям нужна не квалификация, которая, по их представлению, связана с дроблением производственных функций на ряд задач и видов деятельности, а компетентность как соединение навыков, свойственных каждому индивиду, в котором сочетаются квалификация с социальным поведением, способностью работать в группе, инициативностью, умением принимать решения и отвечать за их последствия.

Список литературы:

1. Данилова, А. С. Основы профессиональной компетенции: учебное пособие / А. С. Данилова, С. В. Здрестова-Захаренкова, О. М. Фёдорова ; Учебное пособие. — Красноярск: Сибирский федеральный университет, — 2016. — 136 с.

2. Handbook of International Education Pronouncements/ International Federation of Accountants, 2019 Edition //Текст Сборникам еждународных положений по образованию на русском языке, издание 2019 года[2021.] IFAC. — 272 с.

ӘОЖ 372:862

Маханов Т.Ж. магистр, **Баймедетов С.Д.** магистр,
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ. Қазақстан Республикасы.

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақаланың мақсаты – білім беру ұйымдарында ақпараттық технологияларды қолдану мәселесін ашу. Білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану оқу-тәрбие үдерісін жетілдірудің заманауи жолдарының бірі болып табылады. Бұл мақалада пәндерді оқытуда стереотиптерді жеңуге, кәсіби жағдаяттарға жаңа көзқарастарды дамытуға, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесетін оқытушылардың оқу процесінде инновациялық әдістерді қолдануы қарастырылады. ЖОО оқытушыларының ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білуі білім сапасын арттырудың негізі болып табылады. Оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді құру үшін ақпараттық коммуникациялық технологиялар құралдарын пайдалану оқу үдерісінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ақпараттық технологиялар, білім беру жүйесі, инновациялық әдіс-тәсілдер, цифрландыру, цифрлық білім беру, бәсекеге қабілеттілік.

Демократиялық қазақстандық қоғам құру және республиканың әлемдік білім кеңістігіне енуі білім беруді дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуді талап етті. Демек, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі, ең алдымен, жастардың білімі мен тәрбиесінің жоғары сапасын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Білім беруді қалыптастырудың сапалы жаңа кезеңін айқындайтын бұл міндеттерді шешу отандық ғылымның бай тәжірибесіне, заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларға негізделуі керек.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңартудың негізгі мақсаты – инновациялық қызметті өз бетінше жүзеге асыруға қабілетті, өзін-өзі дамытатын тұлғаны қалыптастыру. Жаңа ақпараттық технологиялар ұлттық білім беру жүйесінің дамуы жағдайында оқытушылардың педагогикалық, дидактикалық қызметтерін толық ашуға, өзіне тән мүмкіндіктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта білім берудің әлемдік тенденциясы, оның ішінде Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі ақпараттық технологияларды міндетті түрде қолдана отырып, оқыту үдерісін жаңа технологиялық деңгейге көшіруді көздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басым міндеті ретінде «жоғары білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіне жылдам бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» атап көрсетілген. [1]

Бүгінде біз инфрақұрылымы жылдам өзгеретін цифрлық қоғамның даму сатысындамыз. Заманауи студенттер оқу үдерісіне деген көзқарасын түбегейлі өзгертіп жатыр, ал дүние жүзіндегі университеттер білім берудің цифрлық форматына көшуде. Бүгінгі таңда цифрландыру тенденциясы «Қазақстанда отандық IT секторын дамыту және білім сапасын арттыру» бағыты бойынша «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру шеңберінде білім беру үдерісін дамытудың негізгі векторларының бірі болып табылады. Жаңа білім беру ең алдымен ақпаратты талдау дағдыларына және шығармашылық ойлауды дамытуға баса назар аудара отырып, цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне жауап береді. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін білім беру мекемелері мен кәсіпкерлердің өзара іс-қимылын нығайтуға мүмкіндіктер ашылады. Білім беру саласындағы ақпараттық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстарының дамуы білімгерлердің бәсекеге қабілетті, ақпараттық сауатты тұлғасын қалыптастыруға және оқытудың жоғары нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді. Онлайн оқулықтар, бұлтты оқыту жүйесі, виртуалды зертханалар, әрбір студенттің жеке куәлігі, ашық білім беру контенті – мұның барлығы Қазақстан білімін жақын болашақта күтіп тұр. Елімізде қолға алынған цифрландыру – білім беру саласын реформалау үдерісіндегі жетекші үрдістердің бірі болмақ.

Оқыту үрдісінде оқытушылардың инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануы әртүрлі пәндерді оқытудағы стереотиптерді жеңуге, кәсіби жағдаяттарға жаңа көзқарастарды дамытуға,

студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Білім беру үдерісіне инновациялық процестерді енгізу және болашақ мамандардың негізгі кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда мынадай оқытудың әртүрлі белсенді тиімді формалары мен әдістерін атап кетуге болады: жобалар жасау, кәсіби маңызды мәселелерді талқылау, ынтымақтастықта оқыту, проблемалық жағдаяттарды құру, кәсіби оқытуға бағытталған бейнероликтер мен презентациялар және т.б.

Ақпараттық-түсіндірмелі білім беруден инновациялық және тиімділікке көшу оқу процесінде жаңа компьютерлік және әртүрлі ақпараттық технологияларды, электронды оқулықтарды, еркін ізденіс әрекетін қамтамасыз ететін бейнематериалдарды қолданумен байланысты, жеке тұлғаны дамыту мен бағдарлауды көздейді. Осыған сүйене отырып, бүгінгі күні студенттерді оқытудың әртүрлі инновациялық әдістерін атап өтуге болады, атап айтқанда, бұл проблемалық және ойын технологиялары, ұжымдық және топтық іс-әрекеттер технологиялары, белсенді оқытудың имитациялық әдістері, жағдайды талдау әдістері, жобалық әдіс, ынтымақтастықта оқыту, шығармашылық оқыту, инновациялық білім беру жобасы іс-әрекеті, лекция-пресс-конференция, лекция-әңгімелесу, лекция-диспут және т.б. Белсенді оқытудың әртүрлі әдістері мен әдістерін қолдану студенттердің оқу-танымдық әрекетінің өзіне деген қызығушылығын оятады, бұл ынталы, шығармашылық оқу атмосферасын құруға және сонымен бірге оқу, тәрбиелік, дамытушылық міндеттердің тұтас кешенін шешуге мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында инновациялық білім беру технологияларын меңгеру оқытушының жаңа жағдайларға тиімдірек бейімделуіне және білім беру ортасында бәсекеге қабілетті болуына мүмкіндік береді. Экономикалық және ұйымдастырушылық және басқарушылық құзыреттерге қойылатын талаптар:

-экономикалық білім негіздерін меңгеруі, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.б. туралы ғылыми түсініктері болуы;

-экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін білу және түсіну;

-заманауи ақпараттық ағындарда бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы динамикалық өзгеретін құбылыстар мен процестерге бейімделу;

-кәсіби қызметке байланысты әртүрлі жағдайларда икемді және мобильді болуы;

-белгісіздік және тәуекел жағдайында экономикалық және ұйымдастырушылық сипаттағы шешімдерді қабылдау дағдыларын меңгеру.

Ақпараттық коммуникациялық технологиялар көмегімен шешілетін дидактикалық тапсырмалар:

-оқытуды ұйымдастыруды жетілдіру, білім беруді дараландыруды арттыру;

-студенттердің өзіндік дайындығының өнімділігін арттыру;

-мұғалімнің өз жұмысын дараландыру;

-педагогикалық тәжірибенің жетістіктеріне қол жеткізу және қайталауды жеделдету;

-оқуға деген ынтасын күшейту;

-оқыту процесін белсендіру, студенттерді ғылыми-зерттеу әрекетіне тарту мүмкіндігі;

-оқу процесінің икемділігін қамтамасыз ету.

Оқу-тәрбие процесінде заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды оқу процесіне енгізу оқытушыға:

-білімнің тереңдігін пысықтауға, қызметтің әртүрлі салаларындағы дағдыларды бекітуге;

-технологиялық ойлауын, өзін-өзі тәрбиелеу қызметін өз бетінше жоспарлау қабілетін дамытуға;

- оқу сабақтарын ұйымдастыруда технологиялық тәртіп талаптарын қатаң сақтау әдеттерін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту нәтижесінде оқу іс-әрекетінде проблемалық жағдаяттарды құру және оларды шешу үшін білімгерлердің белсенді өз бетінше әрекетін ұйымдастыру, нәтижесінде біліктілік, дағдыны шығармашылықпен меңгеру пайда болады, ақыл-ой қабілеттері дамиды. Көп деңгейлі оқыту нәтижесінде оқытушының әлсізге көмектесу, күштіге көңіл бөлу мүмкіндігі бар, күшті білімгерлердің білім алуда тезірек, тереңірек ілгерілеуге деген ұмтылысы жүзеге асады. Мықты студенттер өз қабілеттерімен расталады, әлсіз студенттер оқуда табысқа

жетуге мүмкіндік алады, оқу мотивациясының деңгейі артады. Жобаны оқыту әдіс бойынша жұмыс студенттердің жеке шығармашылық қабілеттерін дамытуға, кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауға саналы түрде жақындауға мүмкіндік береді. Оқытудағы зерттеу әдістері студенттердің өз бетімен білімін толықтыруға, зерттелетін мәселеге терең бойлап, оны шешу жолдарын ұсынуға мүмкіндік береді, бұл дүниетанымын қалыптастыруда маңызды. Бұл әр студенттің жеке даму траекториясын анықтау үшін маңызды. Оқытуда белсенді әдістерді қолдану технологиясы: рөлдік, іскерлік және басқа да оқу ойындарының түрлері студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, танымдық белсенділігін дамытуға, практикалық іс-әрекетте қажетті белгілі бір іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға, жалпы білім беру іскерліктері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Портфолио инновацияларды бағалау жүйесі жеке тұлғаның жеке даму траекториясын анықтай отырып, әлеуметтік өзін-өзі анықтауды педагогикалық қолдау құралы ретінде білімгер жетістіктерінің дербестендірілген есебін қалыптастырады. [2]

Жаңа технологияларды оқу-тәрбие үрдісіне енгізу тек білімгердің ғана емес, оқытушының да ұстанымын, дағдылы көзқарасын өзгертеді. Қазіргі таңда Қазақстанда әлемдік білім кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Бұл процесс педагогикалық теория мен оқу-тәрбие процесінің тәжірибесіндегі өзгерістермен қатар жүреді. Дегенмен, заманауи білім беру және ақпараттық технологияларды енгізу дәстүрлі оқыту әдістерін толығымен алмастырады дегенді білдірмейді, керісінше оның құрамдас бөлігі болады. Өйткені, педагогикалық технология – оқыту теориясына негізделген және жоспарланған нәтижелерді қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістерінің, әдістемелік тәсілдерінің, формаларының жиынтығы.

Өмірдің әртүрлі салаларына ақпараттық процестердің қарқынды енуі қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар негізінде білім беру жүйесінің жаңа моделін әзірлеуді талап етеді. Қазіргі білім беру жүйесі оқытушыға көптеген инновациялық әдістердің ішінен «өзіндікін» таңдауға, өзінің жұмыс тәжірибесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда заманауи сабақты ойдағыдай өткізу үшін өз ұстанымын қайта қарастыру, не үшін және қандай өзгерістер қажет екенін түсіну, ең алдымен өзін өзгерту қажет.

Әдебиеттер тізімі:

4. Головашкина, Л. Сдвоенный урок как обмен житейским опытом / Л. Головашкина// Педагогическая техника.- 2010.- №1.-С.29-30

5. Головчин, М.А. Образование: региональные проблемы качества управления /М.А. Головчин, Г.В. Леонидова, А.А. Шабунова. - Вологда: ИСЭРТ, 2012. - 197 с.

ӘОЖ 378. 004

Медеубаева К.Т. п.ғ.к., қауымд. проф. м.а.
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ. Қазақстан Республикасы

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа. Цифрлы білім беру ресурстары ретінде электронды оқулықтарды қолдану педагогикалық практикада оқу үдерісін интенсификациялауға, оқытуды дамыту идеяларын жетілдіруді жүзеге асыратын психологиялық-педагогикалық технологиялар жүйесін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі қоғамдық өзгерістердің тез қарқындап дамуы студенттерді жаңа заман талабына сай даярлауды қажет етіп отыр. Осы тұрғыда мақалада жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игерген мамандар даярлауда электронды оқулықтардың заманауи білім беру жүйесіндегі мәні мен маңызы айтылған. Электронды оқулық құрастыру, оны пайдалануда игеретін құзіреттіліктері мен білім-білік дағдылары қарастырылған.

Кілт сөздер: электронды оқулық, ақпараттық технология, мультимедиа, гипермәтін, дербес білім, құзыреттілік, білім беруді ақпараттандыру.

Қазақстан Республикасының «Білім беруді дамытубағдарламасында» қоғам мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратындай болашақ мұғалімдерге үздіксіз білім беру, олардың үйлесімді дамуы мен сапалы білім алуына жағдай жасау, педагог-мамандарды даярлау және олардың кәсіби біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды педагогтардың құзыреттіліктерін қамтамасыз ету үшін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету, электрондық оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру міндеті қойылған [1]. Қазіргі қоғамдық өзгерістердің тез қарқындап дамуы жаңа заман талабына сай мамандар даярлауды қажет етіп отыр. Болашақ мамандар үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық үдерістерді талдай білуге, нарықтық бәсеке жағдайына лайықты шешімдер қабылдап, оларды жүзеге асыра алатындай болуы тиіс.

«Электронды оқулықпен оқыту» термині әдебиеттерде әртүрлі айтылады. В.П.Тихомировтың пікірінше, электронды оқулықпен оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ертерек қолдануға дағдыландырады. Бұл келешекте білімді практикалық пайдалану тиімділігін арттыруды жүзеге асырады. Ол электрондық оқыту технологиясын, білім алудың жаңа стилі және ақпараттық қоғамға лайықты өмір сүру технологиясы, үздіксіз білімді жетілдіру және іскерліктер мен дағдыларды дамытудың технологиясы деп сипаттайды [2].Электронды оқулықты студент дәріс, практикалық, зертханалық сабақтарды, жаңа пәндерді, материалдарды өз бетінше толық оқуға, көмекші-кеңесші, емтихан алушы ретінде қолдануға мүмкіндік алады. Ә.Х.Сарыбаева: «Электронды оқулық – қолданушыға ақпаратты жүйелі ұйымдастырып қолдануға мүмкіндік беретін интерактивті жүйе. ЭО теориялық, анықтамалық-ақпараттық, практикалық материалдар мен тапсырмалардың, білімді меңгеруді бақылау және бағалауды, арнайы бағдарламалардың көмегімен қалыптастырылатын, ақпараттық мәтіндік, графикалық бейнесі және мультимедиялық видео және дыбыстық эффектілермен берілетін ақпарат» [3].К.Ә.Тілегенованың пікірінше, дәстүрлі және электронды оқулық кітаптары төмендегідей функцияларды ойдағыдай орындайды: оқыту, дамыту, тәрбиелеу, сезімді ояту, бақылау-түзету. Арнайы жасалынған бағдарламалық оқулықтарды пайдаланғанда бақылауға, түзетуге, білімге диагноз қоюға, іскерлікке байланысты сұрақтар тиімді түрде шешіледі.Е.С.Полат «Новые педагогические и информационные технологии в системе образования» атты мақаласында электронды оқулықтың құрылымын былайша ұсынады: курс жайлы жалпы мәліметтер, сауалнамалар, тесттер, анықтамалық материалдар, модульдер, тапсырмалар, әдебиеттер, бақылау [4].Жоғарыда аталған ғалым-педагогтердің еңбектерін зерделей отырып, өз анықтамамызды ұсынып көрдік: электронды оқулық – білім алушыға білім мазмұны жинақталған оқулықты электронды нұсқада ұсыну. Оның кәдімгі оқулықтан айырмашылығы электронды оқулықтың аз уақыт ішінде сақтауға, таратуға, көбейтуге, басып шығаруға болатындығы және анимациялардан, бейнематериалдардан, дыбыстық фрагменттерден тұратындығы.

Электронды оқулықтардың қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру үшін маңызы зор. Электронды оқулықтар – өздігінен дербес білім алуға, қандай да бір курстың әдістемелік жасақталған құралы ретінде, дәстүрлі оқулық қалай пайдаланылса, оны да солай пайдалануға болатындығы анықталған оқыту мазмұнын анықтау мен студенттердің оқу-танымдық іс-әркетін тексеру және бағалау құралы. Оқу үдерісіне компьютерді пайдалану жаңа әдістемелік оқу құралдарын дайындауды қажет етеді,себебі дәстүрлі оқыту әдісіне қарағанда ақпараттық технология студенттердің жалпы қызығушылығын тудырады.

Енді ақпараттық технологияны оқу үдерісіне пайдалану мүмкіндіктерін қарастырып көрейік. Ақпараттық технология студенттердің танымдық қызығушылықтары мен кәсіби ой-өрісін дамытуға, сонымен қатар олардың білім сапасын бақылауды өзгертуге мүмкіндік береді. Сондықтан оқу үдерісінің тиімділігін арттыру үшін, қашықтықтан оқыту жүйесінде электронды оқулықтарды қолдану, қазіргі кезеңдегі компакт-дискідегі әртүрлі электронды оқулықтарды жасау және пайдалану тек қана мұғаімдер мен студенттердің ғана қызығушылығын тудырмай, мемлекеттік дәрежеде талқылануда және оны ендіру талап етілуде.

Цифрлы білім беру ресурстарынегізінде студенттер сабақ барысында электронды оқулықта берілген педагогикалық жағдаяттарды көріп, оларға талдау жасап, өз пікірлерін ортаға салу негізінде аудиториядағы қарым-қатынас екіжақты бағытта жүрсе, білім алушының білім алу үдерісі алға жылжиды.

Аудиторияда студенттердің бірлескен сұқбаты пайда болады. Нәтижесінде диалог сабақта студенттердің қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне әсер етеді. Әрбір сабақ соңында студенттер өтілген тақырып бйынша тест тапсырып, білімдерін бағалай алады.Цифрлы білім беру ресурстарынегізінде студенттердің төмендегідей әлеуеттік құзыреттіліктеріне қол жеткізуге болады: меңгеретін білім, білік дағдысы: пән мазмұнына қатысты зерттеулерге талдау жасай отырып, ғалымдарды, ұлы ойшылдарды, олардың құрған мектептерін, оны жалғастырушы шетелдік, ресейлік, отандық ғалымдарды біледі;пәннің ғылыми-әдіснамалық негіздерін,коммуникативтік мәдениетін, ақпараттық технологияларды меңгереді;берілген кестелерді толтыру тапсырмасы бойынша жеке және топтық ізденіс жұмыстарын жасауға дағдыланады;берілген жағдаяттарды талдау арқылы өз шешімін шығарып, оны ғылыми тұрғыда дәлелдей алады;анықтамаларды құрастыра білуге үйренеді;теориялық сөздік қорлары байиды;дәріс мазмұынынан бөлек қосымша ақпараттарды меңгереді.*Дербес құзыреттілігі*:өз қызметіне мақсат қояды,оны іске асыру технологиясын нұсқауға сай жүргізеді; тапсырмаларды шешу қадамдарының логикалық және уақытша бірізділігін сақтайды;алынған өнім сипаттамаларын салыстырады, қорытады, өз қызметіне қызығушылығын көрсетеді; өзіне берілген тапсырманы тәртіппен орындайды; өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсетеді;өзін-өзі бағалайды, сыни көзқарасы қалыптасады, рефлексиялық мәдениеті артады;өзін-өзі бақылауды іске асырады, практикалық кері байланысты қамтамасыз етеді; коррекциялауға үйренеді;түрлі ситуациялардан шығу жолын іздейді, тиімді шешім қабылдауға ізденіс жасайды;түрлі жағдайларда өзі үшін қызмет және мінез-құлық нормаларын таңдай алады.*Ақпараттық құзыреттілік*:ұсынылған ақпараттың белгілісі мен белгісізін бөледі, тапсырмаға сәйкес қажеттісін бөліп алады;тапсырмаларды орындауда қай ақпаратты біледі, қай ақпаратты білмейді соны анықтайды; берілген ақпаратты қарапайым құрылым аясында жүйелендіреді, қорытындысын табады;көрнекілік құралдарға деген мұқтаждықты азаяды;уақытын үнемдейді, оқу материалын іздеп отырмайды; компьютерлік сауаттылығы қалыптасып,компьютермен және оның сыртқы құрылымдарымен жұмыс істей білу қабілеті артады;сыни тұрғыдан ұсынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдай алады;логикалық операцияларды (талдау, жинақтау, жалпылау, құрылымдау, тікелей және жанама дәлелдеу, аналогия бойынша дәлелдеу, моделдеу, ойша эксперименттеу, материалдарды жүйелеу) қолдана отырып, ақпараттарды өңдейді. *Коммуникативтік құзыреттілік*:дәріс мазмұны бойынша берілген тапсырмаларды топпен, жұппендиалогтік қарым-қатынаста орындайды;талдау мен дәлелдеуге берілген сұрақтармен жұмыс жасайды;алынған теориялық білімдерін тәжірибе барысында пайдалана біледі; басқарудағы принциптерді, әдіс-тәсілдерді, т.б. басқарушылық қарым-қатынастарда біртұтас қолдана алады.

Электронды оқулықтарды қашықтықтан білім беру үдерісінде қолдану мынадай *міндеттерді* шешуге көмектеседі:электронды түрде анықтама беруде;оқу материалдарының көрнекілігін жақсартуда;бейімді оқу құралы ретінде;студенттің дүниетанымын кеңейтеді; танымдық мәдениетін қалыптастырады, ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілігін дамытады;пәндік және пәнаралық іскерліктер, кәсібилік машықтарын қалыптастырып, компьютерлік сауаттылығын арттырады;жеке тұлғаны қалыптатыруда ықпалдық күші мол: қисынды ойлауға, ізденіске, интегративті іс-әрекет жасауға, шығармашылыққа үйретеді;өзін-өзі бақылауды іске асырады, практикалық кері байланысты қамтамасыз етеді; коррекциялауға үйренеді; түрлі жағдаяттардан шығу жолын іздейді, тиімді шешім қабылдауға ізденіс жасайды, ойлау қабілеті артады; танымдық процестердің барлық түрі дамиды: ойлау, есте сақтау, қайта жаңғырту, зейінін тұрақтандыру, т.б.Электронды оқулықтарды қашықтықтан білім беру үдерісінде қолдану педагогикалық практикада оқу үдерісін интенсификациялауға, оқытуды дамыту идеяларын жетілдіруді жүзеге асыратын психологиялық-педагогикалық технологиялар жүйесін арттыруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас орната отырып, педагог те, білім алушы да оқытудың жаңа технологиясын, компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік меңгереді.Қазіргі қашықтықтан оқыт процесінде ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды пайдалану студенттердің ғылыми әлеуетін қалыптастыруда ерекше орын алатыны дәлелденіп отыр. Қашықтықтан оқыту процесінде студенттердің ғылыми әлеуетін дамытуда жалпыға қолжетімді ресурстар студенттерден не талап етілетіндігі, неге назар аудару керектігі, қандай білім және практикалық дағдылар тексерілетіні, материалды зерделеу, білім мазмұнын тапсырмалармен, интерактивті модельдермен және өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтармен тікелей байланыстыру нақты көрсетіледі,студенттерге жаңа материалды өздігінен зерттеу міндеттері нақты қойылады.қашықтықтан оқыту жүйесінде қазіргі таңда білім сапасынжақсарту үшін электронды оқулықтар өте өте пайдалы, себебі бұл цифрлы білім беру ресурстары арқылы студенттер әлемдік ақпараттармен байланысуға, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Тихомиров В.П. Качественное образование для всех как основа формирования зананий.// Информационные общество. 2019, №4. –С. 12-14.
3. Сарыбаева Ә.Х. Электронды оқулық –болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын жетілдіру құралы. п.ғ.к. дис..., 13.00.08. Түркістан, –146 б.
4. Новые педагогический и информационные технологии в системе образования. / Под редакцией Е.С.Полат. – М:, «Академия», 2019.-224с.
5. Кадырова А.С. Особенности моделирования электронного учебника в системе профессионально-педагогического образования. дис.к.п.н., 13.00.08, Усть-Каменогорск, 2020. –157 с.
6. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы.

УДК 378

Мерсалимова Акжан Ержановна
Полат Сапи Бақытқызы
СР-20-1К топ студенттері
Қазтұтынуодағы Қарағанды Университеті
Ғылыми жетекші: **Жакишева** Гульбахрам Сериковна

ИНТЕРАКТИВТІК ОҚЫТУ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТІҢ АРНАУЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ФОРМАСЫ РЕТТІНДЕ

Аңдатпа. Автор білім беру технологияларын қолдану білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісті тиімді қолдану мен маңыздылығын зерделенген. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Білім берудегі интерактивті технология сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы. Интерактивті құралдарды пайдаланудың тиімділігі. Қазіргі уақытта заманымызға сай қазіргі қоғамды ақпараттандыруда педагогтардың біліктілігін ақпараттық – коммуникациялық технологияны қолдану саласы бойынша көтеру негізгі міндеттерінің бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады.

Түйін сөздер: тәжірбие, үдеріс, инновациялық технологиялар, интерактивті білім беру, әдіс, иновация.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»,- делінген [1, 16]. Қазіргі кезде үздіксіз білім беру үдерісінде білім беру технологияларын қолдану ең өзекті мәселеге айналды. Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы –ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекеттің арнаулы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын-ала болжауға болатын оқыту түрі. Осындай мақсаттардың бірі оқушы өзінің жетістіктерін, интеллектуалдық белсенділігін сезетіндей, оқу барысында қызығушылықтарын арттыратын оқытудың жинақы шарттарын жасау. Интерактивтік оқытудың тиімділігі сол, сыныптағы барлық оқушы қамтылады, олар өздерінің білетін және ойлайтын нәрселері арқылы түсінуге және қарсы әсер етуге мүмкіндік алады. Оқу материалын игеруде, оқушылардың біріккен әрекеттері мынаны білдіреді; әр оқушы өзіне тән ерекше еңбегін сіңіреді, білім, идея, әрекет ету тәсілдерін алмасу үздіксіз жүреді [2]. Сонымен қатар, мұнда өзара қолдау және бір-біріне деген жанашырлық қалыптасады. Яғни, жаңа білім алып қана қоймайды, танымдық ой-өрістері дамиды, оны әлдеқайда жоғары топтасу мен еңбектесу дәрежесіне көтереді.

Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Интерактив бір көзқарастың немесе бір ғана сөйлеуішінің басым болуы жағдайын болдырмайды [3]. Сұхбаттасып оқыту барасында оқуышылар сыни ойлауды, тиісті ақпарат пен белгілі жағдайды талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, балама көзқарастарды салыстыруды, ақылды шешімдер қабылдауды, пікірталастарға қатысуды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін сабақта жекелей, жұптық және топтық жұмыс ұйымдастырылады, зерттеу жұмыстары, түрлі ойындар қолданылады, құжаттармен және түрлі ақпарат көздерімен жұмыс жасайды, шығармашылық жұмыстар пайдаланылады.

Оқыту барысында кем дегенде мазмұндық (нені оқыту), процесуалдық (қалай оқыту), мотивациялық (оқушылар әрекетін қалай белсенді етуге болады) жәнге ұйымдастыру (оқушы мен мұғалім әрекетіннің құрылымын қалай жасау керек) жағын бөліп қарауға болады.

Мазмұндық жағына – мазмұнды қарам-қатынас, оқу материалын күрделендіру, оқу пәндерін кіріктіру /интеграция/, дидактикалық материалдарды күрделендіру және т.б.

Процесуалдық жағына – бағдарламалау тәсілдері, проблемалық, интерактивтік оқыту т.б.

Мотивациялық – оқу барысында оқушының белсенділігін қамтамасыз ету тәсілдері, танымдық қызығушылықты қалыптастыру т.б.

Ұйымдастыру – мұғалімнің білімділігі, тың идеяларды жеткізуі, оқу пәнін жете меңгеруі.

Осы тәсілдердің бәрі өз кезегінде технологиямен қамтамасыз етіледі. Мысалы, проблемалық оқыту тәсілі: проблемалы-сұхбатасып оқыту, проблемалы-тапсырмалар, проблемалы-алгоритмдік, проблемалы-бағдарламалық, проблемалы-контекстік, проблемалы-модульдік, проблемалық-компьютерлік оқыту [3].

Интерактивтік оқыту технологиясы мен тәсілі интеракция (ағлш. Interaction – өзара әсер, бір-біріне әсер ету) құбылысына негізделген. Оқыту барысынде жеке тұлғалар арасында танымдық қарым-қатынас орнап, оның субъектілерінің бәрі өзара қатынасқа түседі. Әр

оқушының жеке жұмысы мен оның жеке тұлғасын дамыту адамдардың бір-бірімен сөйлесу және өзара пікіралмасу барысында жүзеге асады.

Интерактивтік оқу технологиясын пайдалану әр оқушының іс-әрекетін сабақтастыруға (өзара әсерлесудің бүтіндей жүйесі пайда болады: мұғалім – оқушы, мұғалім – сынып, оқушылар – сынып, оқушылар-оқулықтар, топ – топ, топ – оқушы), оның оқу әрекетін және тұлғалар арасындағы танымдық қатынастарын байланыстыруға мүмкіндік береді [4].

Бағдарламалық – технологиялық кешеннің құрамына кіретін интерактивтік тақтаны оқыту сабақты қызықты және динамикалық түрде мультимедиалық құралдар көмегімен оқушылардың қызығушылықтарын тудыратындай оқуға мүмкіндік беретін визулды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында мұғалім тақта алдында тұрып, бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және Интернет ресурстарын қолдана алады. Бұл кезде мұғалім қосымшаны іске қосу CD-ROM, Web-түйін мазмұнын қарастыру, ақпарат сақтау, белгі жасау тышқанды ауыстыратын арнайы қалам арқылы жазулар жазу және т.б. әрекеттерді жеңіл орындай алады [5].

Қорытындылай келе бүкіл оқыту барысында оның әртүрлі жақтарын қамтамасыз ететіндей бір мезетте бірнеше технология қолдану керектігіне мұғалім назар аударуы қажет. Бұл оқыту тәсілі әртүрлі технологиямен жан-жақты қамтылуды талап етеді, сонда ғана технология педагогикалық тұрғыда әсерлі болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (27.01.2012ж.**).**

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25.06 №832 Қаулысымен бекітілген.

3. Ергешбаева Ш.Н. «Мүдде мен мақсат – жарқын болашақтың кепілі».// Өрлеу – Шымкент №1.-Б. 15-19.

4. «Морева Н. А. Педагогика среднего профессионального образования: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб, заведений. М.: Академия, 2001. -26 с.

ӘОЖ005(075.8):378

Нуркенова Г.К. п.ғ.м., аға оқытушы,
Есмагулова А.А. п.ғ.м., аға оқытушы
«Bolashaq» Академиясы,
Қарағанды қ. Қазақстан Республикасы.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БАСШЫСЫНЫҢ БАСҚАРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Мақала мектепке дейінгі білім беру ұйымының қазіргі басшысының басқару қызметінің технологиясы мәселесіне арналған. Мақалада мәселенің өзектілігі айқындалып, практикалық маңыздылығы ашылған. Алдымен басқарумәселесіне жалпы теориялық тұрғыдан шолу жасалып, мектепке дейінгі ұйымды басқарудағы қазіргі әдістер қарастырылған. Авторлар мектепке дейінгі білім беру мекемесін дамытудың негізгі мақсаттарын анықтай отырып, басқару деңгейлерін жәнемектепке дейінгі мекеме қызметін жаңарту негізінде жатқан негізгі қағидаттарды анықтайды.

Кілт сөздер: басқару, менеджмент, басқару мәдениеті, педагогикалық менеджмент, көшбасшы, қағидаттар, технология.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі жүріп жатқан қарқынды өзгерістер тек педагогтардың ғана емес, сонымен бірге білім беру ұйымдары басшыларының да үздіксіз кәсіби дамуы қажеттігін айқындап отырғаны айтпаса да түсінікті. Мектепке дейінгі білім беру ордаларын басқаратын беделі мен білгірлігі қатар жүретін, көшбасшылығы оза тұратын басшылардың еңбегі орасан зор екенін айтпай кетуге болмайды. Себебі ұжымның табысқа жетуі мен шығармашылық жетілуі тікелей осы ұйым басшысына байланысты болмақ. Ендеше

білім беру ұйымының басшысы – тәрбиелеу мен оқыту сапасы мен мектепке дейінгі ұйым қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз етуші негізгі тұлға болып табылады.

Қазіргі әдебиеттерді зерттей отырып, біз басқаруға берілген көптеген анықтамаларды таба аламыз. Кез-келген ғылым сияқты, басқару да уақыт өте келе дамиды және жетілдіріледі. Көптеген жылдар бойы менеджмент ең аз шығындармен жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін өндіріс процесінде олардың қызметін ұйымдастыру және үйлестіру үшін адамдар тобына әсер етудің үздіксіз және мақсатты процесі ретінде анықталып келді.

Қазіргі зерттеушілердің пікірлеріне жүгінетін болсақ, олар басқаруды келесідей анықтайды:

- бірлескен жұмыс барысында адамдар арасындағы қатынастарды реттеуге және мақсаттарға жетуге бағытталған арнайы қызмет (А. В. Тихонов);

- басқарушылар мен бағынушылар арасындағы күрделі иерархиялық қатынастарды келісу бойынша қызмет (В.Ю. Крачевский).

Қазіргі әлемнің басты ерекшелігі - қарқынды өзгерістер. Осыған орай біздің еліміздің де экономикадағы, саяси және қоғамдық өмірдегі қайта құру бағыты қоғамның барлық басқа институттарында өзгерістерге әкелу үстінде екені баршамызға мәлім.Мұндай жағдайда әлемнің дамыған елдерінің менеджменті - басқару тәжірибесіне ерекше назар аудару қажет. Бірақ басқару модельдерін бір әлеуметтік-мәдени ортадан екіншісіне толығымен беру іс жүзінде мүмкін емес, өйткені менеджмент факторлардың жиынтығына байланысты: мемлекеттік құрылым нысаны, нарықтың даму дәрежесі. Сондықтан біздің елімізде менеджментті біртіндеп енгізу аталған факторлармен жүйелі түрде өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Менеджменттегі кәсіби білім басқарудың үш түбегейлі әр түрлі құралдары туралы білуді қамтиды. Біріншісі - негізгі құрал адамға жоғарыдан әсер ететін ұйым (мотивацияның, жоспарлаудың, ұйымдастырудың және бақылаудың негізгі функцияларын, сондай-ақ материалдық тауарларды бөлуді және т.б. қолдана отыру. Екіншісі-басқару мәдениеті, яғни қоғам, ұйым, адамдар тобы әзірлеген және мойындаған құндылықтар, әлеуметтік нормалар, көзқарастар, мінез-құлық ерекшеліктері. Үшіншісі-қызмет көрсетуші қызметкерлер мен оны қолданушылар (тәрбиешілер мен ата-аналар) мүдделерінің тепе-теңдігіне негізделген.

Менеджментті, әдетте, көшбасшының басқа адамдардың еңбегін, ақыл-ойы мен мінез-құлқының мотивтерін қолдана отырып, мақсаттарға жету қабілеті деп түсінуге болатындығына сүйене отырып, басқаша айтқанда, бұл адамдар мен әлеуметтік процестерді басқарудың ғылымы мен өнерінің қоспасы деп түсініп, оған (менеджментке) келесідей анықтама беруге болады:

- педагогикалық менеджмент-бұл білім беру процесін басқарудың оның тиімділігін арттыруға бағытталған принциптерінің, әдістерінің, ұйымдастырушылық нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені;

- басқарушылық менеджмент-бұл барлық функциялары, әдістері мен құралдары бар басқару процесі.

Менеджмент процесі белгілі бір функцияларды орындауды қамтиды: болжау, жоспарлау, ұйымдық құрылымдарды құру, басқару, үйлестіру, қызметті ынталандыру, бақылау және талдау.

МДҰ басқару толығымен және нақты анықталған және педагогикалық әдебиеттерде сипатталған. Мектепке дейінгі білім жалпы білім беру жүйесінің бастапқы баспалдағы болып табылады, сондықтан басқару ғылымының, педагогикалық менеджменттің барлық негізгі ережелері мектепке дейінгі білім беру ұйымын басқаруда да қолданылады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесін дамытудың негізгі мақсаттарын анықтай отырып, әр көшбасшы педагогикалық ұжыммен бірге бүкіл педагогикалық процесті ұйымдастырады, яғни ол жоспарланған нәтижелермен үнемі салыстырылады. Бұл жағдай бойынша, яғни нақты нәтижелер бойынша жедел шешімдер қабылдауды талап етеді.

Нәтижелерді басқару бастапқыда нақты, мақсатты орындау үшін барлық ресурстармен қамтамасыз етілген ұжым алдына қойылады деп болжайды. Мұндай ресурстарға адамдар, уақыт, қаржы, материалдық-техникалық база, технологиялар, әдістер және т.б. нәтижелерді басқару кезінде педагогикалық процестің әр қатысушысы жалпы іске қатысуын ұжымның басқа мүшелерімен байланыстыра білуі керек. Тиімді ойлау көшбасшы мен бағынушы нәтижені анықтайды, содан кейін орындаушы өзіне қол жеткізу тәсілдерін, яғни уақытты, технологияны және басқа ресурстарды таңдайды.

Нәтижелері бойынша басқару жағдайында бастамашыл және шығармашылық ұжым құнды ресурс болып табылады. Жетекші жұмыс үшін жағдай жасайды, білім беру процесінің әр қатысушысына құрмет, сенім, сәттілік ахуалын жасайды. Алайда, басшының міндеті-ақпараттық қолдау, талдау, мақсат қою, жоспарлау, орындау, бақылау және түзету.

Басшы жағдайды нақты білуі және жаңашыл жетекші болуы керек.Балалармен жұмыс тәрбиешіден күш пен күш-жігерді талап етеді, сондықтан ұжымда педагогикалық процестің барлық қатысушылары арасында ізгілік, әдептілік және құрметпен талап ету өте маңызды. Әр тәрбиешінің жеке басына құрметпен қарайтын, бейімділіктерді, қызығушылықтарды, мүмкіндіктерді ақылға қонымды талаптармен ескере отырып, демократиялық басқару стилін ұстанатын басшы авторитарлық басқару әдістерін қатаң ұстанатын басшыға қарағанда айтарлықтай үлкен нәтижелерге қол жеткізеді. Жұмысқа деген қызығушылықты арттырудың және үйлесімді топ құрудың ең жақсы тәсілдерінің бірі - адамдарға құрмет көрсету және оларға жауапкершілік пен өкілеттік беру екенін естен шығармған жөн.

Жауапкершілік екі шарт орындалған кезде пайда болады: белгілі бір міндеттер мен тапсырмалар. Процестің әр қатысушысына белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін оның миссиясының, ұйымының мағынасын түсіндіру мәжбүрлі әкімшілік емес, саналы шығармашылық еңбекке ие болады. Нәтижелерді басқарудағы маңызды мәселе – «нәтиже» және «қосқан үлес» ұғымдарын ажырату. Нәтиже-іске асырылған мақсат. Бірақ мақсат нақты және мінсіз болуы мүмкін. Бұл жағдайда біз нақты мақсаттарды болжаймыз, яғни орындау үшін барлық ресурстармен қамтамасыз етілген. Осылайша, нәтижелерді басқару-жоспарланған нәтижеге жету үшін басқарушы және басқарылатын ішкі жүйелердің мақсатты ресурстармен қамтамасыз етілген өзара әрекеті[1].

Нәтижелер бойынша басқару деңгейлерін анықтау қажет. Бірінші деңгей басқарушының мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ұзақ мерзімді міндетін көру қабілетімен анықталады. Кез-келген ұйымның әлеуметтік сипаттамалары мақсаттар мен стратегияларды қамтиды. Ұйымның мақсаты-белгілі бір уақытқа дейін ұйым қол жеткізе алатын қалаған (күтілетін) нәтиженің нақты бейнесі.

Ұзақ мерзімді мақсаттарды анықтау кезінде МДҰ келесілерді ескеруі қажет:

- ұзақ мерзімді мақсаттың болашағы. Ұзақ мерзімді мақсаттар болашаққа ұмтылысты білдіреді, күш-жігердің не бағытталатынын және қандай бағыттар басым болатындығын көрсетеді;

- ұзақ мерзімді мақсатты әзірлеудегі жариялылық пен алқалылық. Ресми түрде жарияланған ұзақ мерзімді мақсатты емес, нақты мақсатты дамыту үшін ұжымның пікірін ескеру қажет;

- ұзақ мерзімді мақсаттың нақтылығы. Тұжырымдамалар ұйыммен өзара әрекеттесетін барлық субъектілер үшін нақты, анық, түсінікті болуы керек;

- ұйымның ұзақ мерзімді мақсатының өзгеруі оның «асыра бағалануы» немесе ұйымның маңызды қайта құрылуы себебінен тапсырманы сапалы орындау мүмкін еместігінен туындауы мүмкін.

Екінші деңгей нәтижені қызмет сапасы тұрғысынан қарастыруды ұсынады. Халыққа балабақшаның негізгі қызметі-бұл 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру екенін естен шығармау. Мектепке дейінгі білім беру сапасы - бұл балабақшадағы педагогикалық процесті ұйымдастыру, онда әр баланың тәрбиесі мен даму деңгейі тәрбие мен оқыту процесінде оның жеке, жас және дене ерекшеліктерін ескере отырып артады. Сонымен мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жұмыс сапасы келесілерді қамтуы тиіс:

- тәрбиешінің жұмыс сапасы;

- педагогикалық ұжымда қалыптасқан қатынастар;

- балалармен жұмыс істеудің жаңа әдістерін шығармашылық іздеу үшін көшбасшы жасаған жағдайлар;

- әрбір қызметкердің қызмет нәтижелерін объективті бағалау.

Демек, мекемедегі мектепке дейінгі білім беру сапасы басқарылатын процесс болып табылады. Сондықтан, жоғарыда аталған «сапаның» құрамдас бөліктерінің негізінде сапалы басқарудың екі тәсілін ажыратуға болады: біреуі - бүкіл педагогикалық процесті және оның компоненттерін басқару арқылы, екіншісі - басқару жүйесіндегі жеке субъективті аспектілер арқылы: ұжымды қалыптастыру және ондағы моральдық-психологиялық ахуалды реттеу. Осы,

мүмкін, негізгі ұстанымдарды бөліп көрсете отырып, сапа екі позициямен анықталатын бүкіл ұжымның нәтижесі деп айтуға болады:

- балабақшадағы педагогикалық процесс қалай ұйымдастырылған (режим, бағдарламалар мен технологияларды таңдау, оқу құралдарымен қамтамасыз ету, әдістемелік жұмыстың әртүрлі формалары арқылы тәрбиеші-педагогтардың кәсіби өсуін арттыру жүйесі және т. б.);

- мекемедегі балалардың жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкес дербес даму құқығына қарай жүзеге асыру.

Демек, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің сапасы процесс және нәтиже болып табылады. Нәтижелер бойынша басқарудың үшінші деңгейі нәтижені тұтынушылар тұрғысынан қарастыруды қамтиды. Бұл отбасы, мектеп жасына дейінгі жастағы балалары бар ата-аналар, олар білім беру мекемелері ұсынатын шарттарға мұқтаж. Білім беру: әлеуметтік (математикалық, сөйлеу, танымдық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ырғақтық) қабілеттерді дамыту; мектепке арнайы дайындық, тілді оқыту; дамытушы ойындар; этикет және мінез-құлық, кесте тігу, құрастыру және т. б.

Медициналық-сауықтыру: ритмопластика, релаксация; термотерапия, ароматерапия, тыныс алу және спорттық гимнастика, қозғалтқышты нығайту; массаж және т. б.

Әлеуметтік: музейлік экскурсиялар, филармониядағы музыкалық сағат, қуыршақ театры, ересектер мен балалар мерекелері; туризм, экскурсиялар; заңгерлік кеңестер; мемлекеттік қызметтер.

